



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Жүндібаева Т.Н.

# ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАСЫ



Алматы, 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ЖҮНДІБАЕВА Т.Н.

# ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАСЫ

Оқулық

Алматы, 2014

ӘОЖ 37 (075)  
КБЖ 74.90  
Ж 88

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Пікір жазғандар:

*Әмірова Ә. С. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;  
Наубаева Х. Т. – психология ғылымдарының докторы, профессор;  
Сыдықова Б. Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;  
Базарбекова Р. Ж. – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.*

Ж 88 Жүндібаева Т. Н.

**Отбасы педагогикасы:** Оқулық./ Т. Н. Жүндібаева – Алматы:  
“Экономика” баспасы ЖШС, 2014. – 312 бет.

ISBN 978-601-225-695-6

Бұл оқулық отбасы педагогикасының өзекті мәселелерін көтере отырып, болашақ мамандарға, отбасы тәрбиесі, оның қалыптасу тарихы мен отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлері, отбасы тәрбиесінің негізгі ұстанымдары мен қызметтері және т.б. туралы түсінік бере отырып, алған білімдерін ата-аналармен жұмыс барысында пайдалануға ықпалын тигізеді. Оқулық жоғары оқу орындарының барлық педагогикалық мамандықтарына, сондай-ақ педагогикалық колледждерге, педагог ғалымдар мен зерттеушілерге арналған.

ӘОЖ 37 (075)  
КБЖ 74.90

ISBN 978-601-225-695-6

© Жүндібаева Т.Н., 2014  
© ҚР Жоғары оқу орындарының  
қауымдастығы, 2014

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



– жаңа тақырып



– тақырыпша



– жазып алыңыз



– өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалар



– пайдаланылған әдебиеттер



– қарастырылатын сұрақтар



– тапсырмалар



– глоссарий



– мұғалімдер мен ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге байланысты ұсынылатын материалдар



– тест сұрақтар

## АЛҒЫ СӨЗ

Ұлттық білім беру жүйесін отбасының білім беру үдерісіне белсенді қатысуынсыз жаңғырту мүмкін емес. Бүгінгі таңда жас буынды тәрбиелеуде отбасының әлеуметтік міндеті артып отыр. Себебі отбасы жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттестігінің негізгі құралы болып табылады. Ол – бала тәрбиесіндегі ең алғашқы әрі басты тәрбие субъектісі.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты халыққа Жолдауында: «Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге қазіргі ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтын, әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз» деп қазіргі отбасының әлеуметтік, мәдени, қоғамдық қызметі белсенділігінің маңызын жоғары бағалап, Республикадағы отбасылардың алдына қомақты міндеттер жүктеген.

Отбасына осындай үлкен міндет жүктелудің басты себебі, оның бала тұлғасының дамуы мен қалыптасуында жетекші орын алатындығын ұғынумен байланысты. Отбасы әр баланың өмірінде ерекше орын алады. Отбасы ғасырлар бойы қалыптасқан адам баласының ең жақын топтарының бірлесіп өмір сүретін мекені. Онда адам алғашқы тәрбиені қабылдап, алғаш рет өмір туралы, ұжым туралы ұғым қалыптасады.

Отбасы тәрбиесі – барлық тәрбиенің негізі. Өйткені балалардың туған кезінен бастап, есейгенге дейінгі уақыт аралығында өміріне арқау болатын тәлім-тәрбие отбасы мүшелері (әке, шеше, ата, әже т.б.) арқылы беріледі. Олар баланы ата-бабаның өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекеттің барысында ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінен өнеге алып, оны құрметтеуге, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылуға, қоршаған ортасын танып, онымен қарым-қатынас жасауға және баланы өз бетімен әрекет етуге бейімдеп отырған.

Отбасында адам өмірге келеді, тәй-тәй басады, бірінші қуанышы мен қиындығын кездестіреді, өседі, өнеді, одан үлкен өмірге аттанады.

«Жапырақ тамырдан нәр алады» дейді халқымыз. Сол айтқан-

дай балалар әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, еңбексүйгіштік қасиеттерді өзі өскен отбасынан алады.

Қоғамның бүгінгі жағдайында болашақ тәрбиесін отбасынан бастап қолға алуға мемлекеттік тіпті, әлемдік тұрғыда көңіл бөлінуде. Оған 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған, кейіннен 1995 жылы 5 шілдеде Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы Конвенция» дәлел бола алады. Онда «Бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» делініп, әрбір ата-ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсеткен.

Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу ең алдымен әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталмақ. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алады.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазіргі заман жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы – заман талабы, өйткені, «әр адам – өз заманының баласы, сол себептен адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Сондықтан «Туа жаман жоқ, жүре жаман бар», «Заман түзелсе, қоғам түзеледі», – деп халық педагогикасы тәрбиенің заманға, қоғамға, оның материалдық, рухани байлығына тәуелді екенін дөп басып жеткізген.

Жас адамды есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы. «Ес түзелмей, ел түзелмейді», олай болса, егеменді еліміздің болашағы отбасында, бесіктен басталып, оқу-тәрбие орындарында есті ұрпақты тәрбиелеу ісімен шешілмек.

Сондықтан да отбасы тәрбиесі және отбасының бала тәрбиесіндегі жауапкершілік мәселесі бүгінгі таңда педагогика ғылымындағы өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазіргі таңда отбасы тәрбиесі тек ата-ананың ғана емес бүкіл қоғамның ісі. Себебі қоғамның дамуы оның басына қандай ұрпақ

келуіне тікелей байланысты. Осыған байланысты отбасы тәрбиесі мәселесіне басты көңіл бөлінуі қажет. Бұл жағдайда педагог отбасымен серіктестікке дайын болуы керек.

Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, педагог ата-аналармен жұмыс жүргізу барысында бірқатар қиындықтарға тап болып отыр. Педагогтар өздерінің педагогикалық қызметіндегі ең қиын жұмыстардың бірі ата-анамен жұмыс деп есептейді. Оқытушылар ата-аналармен әрекет етуіндегі негізгі қиыншылықтар ретінде біріншіден, отбасын зерттеу туралы қазіргі заманғы әдістерді білмейтіндігін, екіншіден, ата-аналармен ынтымақтасудың тиімді формаларын, үшіншіден, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін көтерудің әдіс-тәсілдерін білмейтіндігін алдыға тартады.

Қазіргі педагогтардың тұлғаны қалыптастырудағы отбасының рөлі мен оның білім беру үдерісіндегі рөлін жете түсінбейтіндігін айта кеткен жөн. Сондықтан өмірдің өзі педагогикалық жоғары оқу орындарының алдына қазіргі заманғы қазақстандық отбасын зерттеу, Қазақстандағы ұлттық білім беру жүйесін модернизациялаудағы отбасының рөлі мен орнын анықтау, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, болашақ педагогтарды отбасымен жұмыс істеуге даярлау, олардың кәсіби құзыреттілігін көтеру жұмыстарын қолға алыну сияқты өзекті мәселелерді алға тартып отыр.

Жоғары оқу орындарында болашақ педагог кадрларды даярлауда аталған мәселеге қажетті дәрежеде көңіл бөлінбей келеді. Сондықтан да бүгінгі таңда мұғалімдер ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнатуға дайын болмай отыр. Бұл олқылықтың орнын педагогикалық мамандықтардың оқу жоспарына «Отбасы педагогикасы» пәнін енгізу арқылы жоюға болады.

Отбасы педагогикасы ғылым ретінде салыстырмалы тұрғыда кейін пайда болды. Қазіргі таңда отбасы педагогикасы – қарқынды түрде дамып келе жатқан ғылыми білімнің бір саласы.

Болашақ педагог кадрларды кәсіби даярлауда «Отбасы педагогикасы ерекше орын алады. Отбасы тәрбиесінің негіздері туралы білімді меңгермей жақсы педагог болу мүмкін емес.

«Отбасы педагогикасы» курсының мақсаты – болашақ педагогтарға отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері туралы түсінік бере отырып, оларды отбасымен бірлесіп жұмыс жасауға, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге даярлау.

Курстың негізгі міндеттері:

- болашақ педагогтарды отбасы және неке институтының пайда болу тарихымен, отбасы жүйесінің қызмет ету заңдарымен таныстыру;
- отбасы педагогикасының негізгі ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру;
- отбасының құқықтық-нормативтік базасымен таныстыру;
- оларды отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздерімен таныстыру;
- отбасы тәрбиесінің мәні мен маңызы туралы тұрақты көзқарасын қалыптастыру;
- отбасында әр түрлі жастағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктерімен таныстыру;
- отбасында бала тәрбиелеу әдістері мен отбасын зерттеу әдістері, шетелдердің бала тәрбиелеу тәжірибелері туралы білімдермен қаруландыру;
- студенттерді ата-аналар мен педагогтардың арасында серіктестік қарым-қатынас орнатуға қажетті білім, біліктермен қаруландыру.

Отбасы педагогикасы курсы оқу барысында студент:

- отбасы педагогикасының негізгі ұғымдарын;
- отбасы педагогикасының қалыптасуы мен дамуын;
- отбасы педагогикасының әдіснамалық негіздерін;
- отбасы тәрбиесінің қызметтері мен ұстанымдарын;
- отбасының құқықтық-нормативтік базасын;
- отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздерін;
- ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас стилдерін;
- отбасы тәрбиесінің мазмұнын;
- отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мәселесін;
- отбасында баланы мектепке даярлау әдістерін;
- отбасындағы бала тәрбиелеу әдістерін;
- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдарын;
- отбасын зерттеу әдістерін;
- шығыс халықтарының отбасындағы бала тәрбиелеу дәстүрлерін меңгеруі керек.



Отбасы педагогикасы курсын оқу барысында студент:

- отбасы педагогикасы бойынша меңгерген білімдерін тәжірибеде өздігінен қолдана білуі;
- отбасымен серіктестік қарым-қатынас орната білуі;
- отбасымен жұмыс жасаудың әр түрлі формалары мен әдістерін тәжірибеде пайдалана білуі керек.

Отбасы педагогикасы курсын оқу болашақ мамандарға:

- жас ұрпақты тәрбиелеудегі отбасы тәрбиесінің мүмкіндіктерін анықтауға;
- отбасы тәрбиесінің ғылыми негіздерін, отбасы педагогикасының негізгі ұғымдарын және оның құрылымын меңгеруге;
- отбасы жағдайында бала тәрбиелеу заңдылықтарын, қазіргі заманғы қазақстандық отбасының даму тенденциялары мен білім беру мекемелерінің отбасымен бірлесіп әрекет ету амалдарын меңгеруге мүмкіндік береді.

Курсты оқу дәріс, семинар сабақтар, студенттердің оқытушылармен өзіндік жұмысы (СОӨЖ), студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) барысында жүзеге асырылады. Курсты оқу барысында ақпараттық-дамытушылық, проблемалық-зерттеу, репродуктивті, шығармашылық, т.б. әдістер пайдаланылады.

Ақпараттық-дамытушылық әдістер: дәріс, әңгіме, түсіндіру оқу фильмдерін демонстрациялау, педагогикалық әдебиеттермен өз бетімен жұмыс, оқыту бағдарламаларымен өзбетімен жұмыс.

Проблемалық-зерттеу әдістер: оқу материалын проблемалық баяндау, эвристикалық әңгіме, дискуссия, зерттеу жұмыстары, шағын топтардағы студенттердің ұжымдық ақыл-ой, зерттеу жұмыстары.

Репродуктивті әдістер: оқу материалдарын әңгімелеу, үлгі бойынша тапсырмаларды орындау.

Шығармашылық-репродуктивті әдістер: отбасы мәселесіне байланысты шығарма жазу, кроссвордтар құрастыру, педагогикалық жағдаяттарды талдау, іскерлік ойындар, педагогикалық тапсырмаларды шешу.

СӨЖ формалары: педагогикалық сөздік құрастыру, отбасы тәрбиесіне қатысты негізгі педагогикалық әдебиеттерге шолу жасап, конспект, аннотация жазу.

Аталған курсты жетік меңгеру болашақ маманның ата-аналармен жұмыс жасауына кең мүмкіндік береді.



## ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАСЫ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ



### 1.1 «Отбасы педагогикасы» және оның негізгі ұғымдары.«Отбасы педагогикасы» курсының құрылымы

Педагогика саласындағы білім өте ерте заманнан бері қоғаммен бірге дамып келе жатыр. Әлеуметтік алға жылжу әр жас буын алдыңғы аға буынның өндірістік, әлеуметтік, рухани, яғни өмір тәжірибесін игеріп, оны қайта өңдеп, толықтырып, дамыған күйінде өз ұрпағына беруі арқылы ғана мүмкін болды.

**Педагогика** адамды дамытудың факторы және құралы ретінде білім берудің перспективасы мен тенденцияларын, заңдылықтарын, мәнін зерттейді.

Қазіргі қоғамның дамуы кезеңінде ғылыми зерттеулердің көлемінің өсуіне байланысты ғылымдардың өз алдына даралану, мамандықтарға сәйкес жіктелу тенденциясы байқалуда. Сол сияқты педагогика ғылымы да бірнеше салаларға жіктелді.

Отбасы педагогикасы педагогика ғылымының бір саласы.



**Отбасы педагогикасы** – бұл отбасындағы бала тәрбиесі, оның ерекшеліктері мен потенциалдық мүмкіндіктерін зерттеуге, бала тұлғасын қалыптастыру туралы ата-аналарға ғылыми негізделген нұсқаулар дайындауға бағытталған ғылым.

Педагогика ғылымының барлық саласы бір-бірімен байланысты, бір-біріне жақын қоғамдық және әлеуметтік мәселелердің кең ауқымын зерттейді. Олардың зерттеу нысаны: тәрбие үдерісі және оның мәні. Алайда тәрбиеленушілердің жас және өзге де ерекшеліктеріне, тәрбие үдерісіндегі субъектілердің өзара әрекет ету амалдарына қарай педагогиканың әр саласы оны өзіндік қырынан зерттейді. Аталған ерекшеліктерге қарай отбасы немесе басқа да қоғамдық институттардың тәрбие үдерісінің мақсаты мен мазмұны, құрылымы әр түрлі болады.

Отбасы педагогикасы отбасы тәрбиесінің негізін, отбасының бала тұлғасын қалыптастырудағы рөлін, отбасының қазіргі даму

тенденцияларын, отбасы тәрбиесінің ерекшеліктерін, отбасында бала тәрбиелеу әдістері мен формаларын, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін жетілдіру жолдарын, білім беру мекемелерінің отбасымен әрекет жасау сияқты бағыттарын зерттейді.

**Отбасы педагогикасының негізгі ұғымдарына** отбасылық құндылықтар, отбасының ұстанымдары, отбасылық қарым-қатынас, отбасының тәрбиелеу әдістері мен құралдары және т.б. жатады.

«Отбасы педагогикасы» ғылым ретінде көптеген өзекті мәселелерді қарастырғандықтан, курс мазмұны төмендегідей құрылымнан тұрады:

- отбасы педагогикасы ғылым ретінде;
- отбасы педагогикасының қалыптасуы мен дамуы;
- отбасы әлеуметтендіру және тәрбиелеу субъектісі ретінде;
- отбасының қызметтері мен ұстанымдары;
- отбасының құқықтық-нормативтік базасы;
- отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздері;
- ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас стилдері;
- отбасы тәрбиесінің мазмұны;
- отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мәселесі;
- отбасында баланы мектепке даярлау;
- отбасында бала тәрбиелеу әдістері;
- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары;
- отбасын зерттеу әдістері;
- шығыс халықтарының отбасындағы бала тәрбиелеу дәстүрлері.



## **1.2 Отбасы педагогикасының нысаны мен пәні. Міндеттері**

Отандық және шетелдік педагогикада отбасы педагогикасының ғылыми-теориялық негіздерін құраған еңбектер аз емес, дегенмен отбасы педагогикасының жеке ғылым ретінде қалыптасқанына көп уақыт болған жоқ. Осыған байланысты отбасы педагогикасының нысаны мен пәні анықталды.



**Отбасы педагогикасының нысаны** – тәрбиелеу институты ретінде отбасының қазіргі жағдайы мен негізгі даму тенденциялары.



**Отбасы педагогикасының пәні** – отбасында баланы тәрбиелеудің мәні мен механизмдері, оның тұлға дамуына әсері.

Отбасы педагогикасы қалай өмір сүру керектігі, қалай бала тәрбиелеу керектігі туралы дайын рецептер бермейді, тек қандай жағдайларда бала тәрбиесі оң нәтиже беруі, ал қандай жағдайда өкінішке алып келу мүмкіндігі туралы мәселелерді зерттейді. Ғылыми білімді жеке тәжірибемен де, өмірлік даналықтармен де алмастыруға болмайды.

### **Отбасы педагогикасының міндеттері**



Отбасы педагогикасы бірқатар міндеттерді шешеді. Ол отбасы жағдайында бала тәрбиелеудің негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын, жағдайын зерттеуге бағытталған. Сондықтан оның негізгі міндеттеріне:

- отбасы педагогикасының теориялық мәселелерін зерттеу;
- отбасы тәрбиесінің озық дәстүрлері мен тәжірибелерін зерттеу;
- бала тәрбиесі туралы ғылымның озық жетістіктерін отбасы тәрбиесіне ендіру жолдарын қарастыру;
- қоғамдық және отбасы тәрбиесін үйлесімді ұштастыру амалдарын негіздеу;
- ата-аналар мен педагогтардың өзара әрекет ету технологияларын жасау сияқты мәселелер кіреді.



### **1.3 Отбасы педагогикасының басқа ғылымдармен байланысы**

Отбасы қоғамның ең күрделі жүйесінің бірі болып табылады және әр түрлі әлеуметтік қызметтерді атқарады. Сондықтан отбасы мәселесін көптеген ғылымдар зерттейді. Қазіргі кезде отбасы мәселесі философия, әлеуметтану, демография, экономика, заң, психоло-

гия, педагогика, медицина, этнография және т.б. ғылымдардың зерттеу нысаны болып отыр. Бұл аталған ғылымдардың бәрі отбасылық өмірді зерттеу барысында қандай да бір дәрежеде болса да, бала тәрбиесі мәселесіне қатысты сұрақтарды қамтып отырады. Отбасының дамуы қоғам дамуымен тығыз байланысты, қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістер отбасына, отбасы тәрбиесінің мазмұнына жаңа өзгерістер әкеледі.

Отбасы педагогикасы **философия** ғылымымен тығыз байланысты. Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейді, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі. Ол адамды күшті идеялық сенімге тәрбиелейді. Тәрбие мақсаттары, халыққа білім берудің мазмұны, тәрбие үдерісін ұйымдастыру сияқты мәселелерді зерттеу барысында отбасы педагогикасы философия ғылымы анықтаған нақтылы әдіснамалық жағдайлардың негізіне сүйенеді.

Отбасылық өмірде, бала тәрбиесінде адамды әлемге құндылық ретінде қарау, өмірдің мәнін іздеу, махаббат, әдемілік, шындық, жақсылық пен жамандықтың арақатынасы сияқты философиялық мәселелер өмір бойы толғандырып келеді. Отбасы педагогикасы ғылымы философиялық білімдерді басшылыққа ала отырып, тәрбиенің осы теориялық және практикалық мәселелерін шешеді.

**Демография және әлеуметтану** қазіргі отбасының жағдайы мен даму тенденцияларын зерттейді. Бұл ғылымдардың мәліметтері мемлекеттің отбасы саясатын анықтау барысында пайдаланылады. Демография отбасының құрамы (жасы бойынша, ұлттық және басқа да белгілері бойынша), оның еңбекпен қамтылуы, алдыңғы буын мен кейінгі буынның ара салмағы, балалардың дүниеге келуі және т.б. мәселелерді қарастырады.

Әлеуметтану отбасын әлеуметтік институт ретінде, баланы әлеуметтендірудің әмбебап факторы ретінде қарастырады. Оны отбасының түрлері мен формалары, қызметтері, отбасылық өмірдің кезеңдері және оны ұйымдастыру сияқты мәселелер қызықтырады.

**Экономика** отбасылық өмірдің шаруашылық жағын, оның баспанмен қамтамасыз етілуі, жұмысы, балалар тағамының өндірілуі, киім, ойыншық және т.б. заттармен қамтамасыз етілуі жағдайын зерттейді.

**Заң** отбасының құқықтық негіздерін анықтайды. Құқықтық

нормалар отбасылық өмірдегі ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін реттейді.

**Тарих** отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен оның әр тарихи кезеңдердегі даму барысын зерттейді. Отбасы – тарихи категория. Оның типтері, формалары мен функциялары өмір сүріп отырған өндірістік қатынастардың, жалпы қоғамдық қатынастардың сипатына, сондай-ақ қоғамның мәдени даму деңгейіне, әр халықтың менталитетіне, тамыры тереңде жатқан салт-дәстүріне байланысты болады.

Сондықтан отбасы педагогикасы үшін әр ұлттың мәдениеті мен құнды идеяларын, салт-дәстүрлерін зерттейтін **этнография** ғылымының зерттеулері өте құнды болып табылады.

Отбасы – шағын топ. Отбасы әлеуметтік топ ретінде психология ғылымы зерттеу нысаны болып табылады. **Психология** ғылымы отбасы мүшелерінің қарым-қатынас ерекшеліктерін (ата-ана мен бала), оның сипатын, отбасында қалыптасқан психологиялық ахуалды зерттейді.

Отбасы және отбасындағы қарым-қатынас мәселелері **медицина, физиология** ғылымдарын да толғандыра бастады. Қазіргі кезде аталған ғылымдардың салауатты өмір салты, аурулардың алдын алуға қатысты зерттеулері өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Балалар өлімінің немесе олардың кемтар болып туылуының себебін анықтау отбасы мәселесіне қатысты. Бұл тұрғыда ата тек, баланың қоршаған ортасы, тәрбиесі және жалпы дамуы мен байланысы туралы мәліметтердің маңызы зор. Сондықтан отбасы педагогикасы балаға туа берілетін қасиеттер мен кешенді мәселелерді зерттейтін **генетика**– ғылымымен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде балалардың дене және ақыл-ой жағынан кемістігі болу халықаралық мәселе болып отыр. Бұған ата-аналардың анайы жүріс-тұрысы, темекі, анаша, ішімдік сияқты зиянды заттарға құмарлылығы себеп болып отыр. Бұның бәрі тәрбиеге байланысты. Ал, тәрбие мәселесін қарастыратын ғылым – педагогика. Сондықтан жалпы бала тәрбиесі оның әдістері мен құралдары, ұйымдастыру формалары мәселені қарастырғанда отбасы педагогикасы **педагогика** ғылымының мәліметтеріне сүйенеді.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, көптеген ғылымдардың өз шеңберінде отбасы мәселесімен айналысатынын

байқадық. Дегенмен бүгінгі таңда отбасы туралы осы ғылыми білімдерді жинақтап, қазіргі отбасы мәселесіне жүйелі талдау жасап, оның негізгі қызметтерін көрсететін жеке бір ғылым саласы ретінде дамыту қажеттілігі туылып отыр.



### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Отбасы педагогикасы» ұғымына анықтама беріңіз және оның негізгі ұғымдарының мәнін ашып көрсетіңіз.
2. Отбасы педагогикасының міндеттері мен қызметтерің мәнін ашыңыз.
3. Отбасы педагогикасының басқа ғылымдармен байланысын ашып көрсетіңіз.



### Әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.
2. Қоянбаев Ж. Б. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы, 1990.
3. Куликова Т. А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. – М.: Издательский центр «Академия», 1999.  
[psymania.info/femil/kulikova/vospitanie.php](http://psymania.info/femil/kulikova/vospitanie.php)
4. Педагогика дәріс курсы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2003.
5. Кузьмишина Т. Л. Семейное воспитание: запреты и наказания. – М.: МГППУ, 2009.



## ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ



### 2.1 Отбасы тәрбиесінің тарихи даму аспектісі. Қоғам дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері

Әрбір мемлекеттегі тәрбие жүйесінің дамуы мен қалыптасуы сол мемлекеттің тарихымен тығыз байланысты. Мемлекет дамуының тарихи кезеңдері балаларды дамыту мен білім алуына деген анықталған көзқарастарының болуымен, білім беру үдерісін жүзеге асыру мүмкіндігінің болуымен, тәрбиелі және білімді қоғам қажеттілігімен және мемлекеттік білім беру жүйесінің жағдайымен сипатталады.

Білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық, публицистикалық және көркемдік ақпарат көздерінің тарихи-мұрағаттық, заңды құжаттарына талдау жасау отбасы және үй тәрбиесін мемлекеттің қоғамдық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық жағдайының өзгеруімен байланысқан күрделі білім беру үдерісі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Көне заманнан бастап халықтар өздерінің педагогикасын жасап, балаларды түрлі тәрбиелік құралдар арқылы тәжірибелік іс-әрекетке, өмір қиыншылықтарымен күресуге даярлады.

Отбасы пайда болған кезден бастап, көптеген мыңжылдықтар ағымында отбасы тәрбиесі қоғамда балаларды тәрбиелеудің жалғыз формасы болып келді. Мектептер мен басқа да білім беру және тәрбиелеу мекемелері өте аз болды және олар тек аз мөлшердегі жоғарғы тап өкілдерінің балаларына ғана қызмет жасады. Қоғамның кластық сипаты түрлі әлеуметтік топтардағы отбасы тәрбиесінің мазмұны мен түрлі бағыттарын анықтап берді.

Афинада біздің дәуірімізге дейінгі VII–V ғасырларда тәрбие және білім жүйесінде отбасы тәрбиесі мен білім басты орын алған. Мемлекеттік болған спартандық тәрбие жүйесінен айырмашылығы Афинада 7 жасқа дейінгі балалар отбасында тәрбиеленген. Әйелдерге қатысты ережелерге байланысты құл иеленуші қоғамда қыздар тек қана отбасы тәрбиесінде болған. Онда қыз балаларды дәстүрлі



сауаттылыққа (оқу, жазу, санау) үйретумен бірге музыкалық аспаптардың біреуінде ойнауды, үй шаруашылығына қарау, қол өнері, тігін тігуді үйреткен.

Көптеген спартаандық және афиналық тәрбие мен білім ұстанымдары кейіннен Римде дамыды (біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасыр). 7 жасқа дейінгі ұл балалар, ал қыз балалар 7 және одан да үлкен жасқа дейін Афинадағыдай шешелерінің тәрбиесінде немесе балалар тәрбиесін тапсыратын үлкен жасқа келген туыс әйелдердің бақылауында болған. 7 жастан кейін ұл балалар көбіне әкелерінің қарамағына өтіп, үйрене бастайтын.

Оқыту таза практикалық мақсатта болатын – баланы қоғамдық, әскери және отбасының әлеуметтік жағдайына қарай шаруашылық жұмысқа дайындайтын.

Шаруа немесе қолөнершінің балалары, оқу, жазу және санаудан басқа әке шаруашылығында жұмыс жасауға дайындалды, ал ақсүйектердің балалары қару ұстауға, жүзуге, атқа отыруға үйретілді, ежелгі Римнің мемлекеттік құрылымымен таныстырылды, әкесінің меншігіндегі ауылшаруашылық жұмыстарына басшылық жасауға үйретілді.

Рим тәрбиесі мен білім беру жүйесінің ең басты ерекшелігі – оның азаматтық сипатта болуы. Олардың басты мақсаты қоғамның белсенді мүшесін, мемлекеті және әулеті үшін жанын қиюға қабілетті, қайсар жауынгер, кірмелердің барлығын орынды жеккөретін, өнерлі саясаткер, есепті жериеленушілерді даярлау болатын.

Ғасырлар өте келе бұл жүйенің кейбіреулері ғана өзгерді: балаларды тәрбиелеумен құлдар айналысатын болды, ал білім берумен арнайы шақыртылған мұғалімдер айналысты.

Ежелгі орыс тәрбиесінің басты назары оның тұрмыстық тәртібіне аударылды. Бұл ережелерді меңгеру үшін қажетті деп есептелетін сезімдер мен дағдылардың мәлімет Кодексі «христиандық өмір», христиандардың қалай өмір сүру керек екендігі туралы ғылымның негізі болып табылды.

Бұл Кодекс үш ғылымнан тұрды: рухани парыз туралы ілім; азаматтар қоғамының тұрмысы туралы ғылым; үй шаруашылығын жүргізу туралы ғылым.

В. О. Ключевский көрсеткендей, осы үш ғылымды меңгеру ежелгі Русьге жалпы білім беру мен тәрбиенің міндеттерін құраған.

Ежелгі орыстардың рухани оқуларының педагогикалық мақсаты

төмендегідей ережелерімен анықталған: ол өзінің отбасы мүшелерінің рухани және дене тазалығын сақтауға, оларды қорғауға, оларға өзінің рухани бір бөлігі ретінде қарап, қамқорлық көрсетуге міндетті болған. Үйдегі еңбек тәрбиесін ол өзінің жарымен бөліскен.

Балалары өсіп келе жатқанда оларды ата-анасы: әкесі ұлдарын, шешесі қыздарын кәсіп пен қолөнерге үйреткен. Бұл кәсіптерді таңдау және үйрету тәртіптері балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне сай, сондай-ақ, ата-аналардың қоғамдағы дәрежесіне сәйкес анықталған.

Ежелгі тәрбие педагогикасының негізгі құралы – жанды үлгі-өнеге. Бала тәрбиені тек сабақта ғана көрмей, өзі өмір сүрген ортадан да ала білуі керек болған.

XI-XII ғасырлардың өзінде Киев мемлекетінде бірқатар қолжазбалар пайда болды. Мысалы, «Пчела», «Златоуст», Святославтың жинақтары және т.б. Аталған жинақтар әмбебап-педагогикалық сипатта болды және адамдарды көптеген ар-намыс, қадір-қасиет, еңбексүйгіштік, даналық және білімге ұмтылу сияқты өмірлік жақсылықтарға үйреткен. Олар үлкен ағартушылық рөл атқарды.

XVI ғасырда балаларды отбасында тәрбиелеу және шаруашылыққа баулу туралы жазылған жинақтардың бірі – әулие Сильвестер жазып қалдырған «Домострой» атты жинақ.

Бұл жинақта отбасындағы ері мен әйелінің, әрбір отбасы мүшелерінің қызметтері бөліп көрсетілген және үй шаруашылығын жүргізу туралы кеңестер берілген. Тәрбиеде қатыгез шараларды пайдалану орта ғасырлық педагогиканың негізгі сипаттамасы болып табылды.

Бұл дәуірде ата-аналар мен балалардың қатынасы қарама-қайшылықтарға толы болды. Мысалы, бір жағынан ата-аналары балаларына ерекше қамқорлық көрсетіп, аналық махабатқа бөлесе, екінші жағынан балалар әке еркіне бағынышты болды. Мысалы 1649 жылғы заңдарға сәйкес балаларын өлтіргені үшін әкесін бір жылға ғана түрмеге отырғызған. Ал балалардың ата-аналарына қарсы шағымдануына құқы болмаған.

Отбасы тәрбиесінің негізі бағыну, құдайдан қорқу, ата-аналарын сыйлау, еңбексүйгіштік және азаматтық. Отбасы тәрбиесі тәжірибелері алғашқы педагогикалық теориялардың түп тамыры болды. Қоғамдық тәрбиенің шығуына байланысты отбасы мен

мектеп тәрбиесінің қарым-қатынасы мәселесі туындады. Ол әр қоғамдық құрылысқа, ойшылдардың философиялық, әлеуметтік-саяси көзқарастарға байланысты әртүрлі шешілді.

Мысалы, ежелгі Римнің шешен теоретигі Квинтилианның пікірінше, қоғамдық (мектептегі) тәрбие үйдегі жеке тәрбиеге қарағанда, көбірек құдіретке ие. Ол: «Кім жалғыз оқыса, ол өмірге өзі танып білгенімен еніп, күннің ашық түсті жайма-шуақ жарық сәулесіне бөленіп, әрбір жаңа жағдайда тығырыққа тіреледі», -деп жазды.

Бала тәрбиесі отбасында басталуы қажеттігі туралы айтқан ғалымдардың бірі Я. А. Коменский. Ол балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр қайсысы 6 жастан 4 жас кезеңіне бөліп қарастырды:

- балалық шақ – туғаннан бастап 6 жасқа дейін;
- жеткіншек шақ – 6 жастан 12 жасқа дейін;
- жастық шақ – 12 жастан 18 жасқа дейін;
- ересектік шақ – 18 жастан 24 жасқа дейін.

Осы жас кезеңдеріне сәйкес Коменский білім берудің ерекше сатысын ұсынады:

- 6 жасқа дейінгі балалар үшін ол аналық мектеп;
- Жеткіншектер (6 жастан 12 жасқа дейін) үшін әрбір қауымда, жергілікті жерлердегі алты жылдық ана тілі мектебі;
- Жастық шақ кезеңіндегілер үшін (12 жастан 18 жасқа дейін) латын мектебі немесе гимназияны;
- Ересектер үшін (18 ден 24 жасқа дейін) академияны.

Оның ойынша, аналық мектеп – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сатысы, онда негізгі тәрбиеші ана болып табылады. Аналық мектепте сабақ Коменскийдің идеясы бойынша, белгілі қатаң бағдарлама бойынша ерекше қарапайым осы жас кезіндегі балаларға түсінікті әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып өткізу қажет болды. Аналық мектептің бағдарламасына ғылымның барлық салаларынан алғашқы мәліметтер енгізілді. Онда балалар су, жер, ауа, жаңбыр, қар, мұз, тас, темір, ағаш, шөп және т.б. дегеніміз не екендігін білу қажет болды, табиғаттанудан қарапайым мәліметтерді меңгеру тиіс болды. Балалар бояуды ажырата білу, аспанның, күннің, айдың не екендігі туралы география ғылымынан мәліметтер мен алғашқы түсініктер берілді.

Коменскийдің айтуынша, аналық мектеп балаларды адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше мән берді (адамды сүю, үлкенге құрмет, кішіге ізет, тәртіпті болу, кішіпейілділік және т.б.).

Балаға отбасында гувернерлер басшылығымен жеке тәрбие беру мәселесін жақтаушылардың бірі XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын философы – Дж. Локк. Өзінің педагогикалық көзқарастарын Дж.Локк «Тәрбие туралы ойлар» (1693) және «Ақылды тәрбиелеу туралы» педагогикалық еңбектерінде жан-жақты талдаған болатын-ды.

«Біздің кездесіп жүрген адамдардың ішінде он адамның тоғызының рақымшыл немесе қатыгез, пайдалы немесе пайдалы болмауы тек ғана тәрбиеге байланысты», – деп тұжырымдады Дж.Локк. Ол қарапайым адамды ғана тәрбиелегісі келген жоқ, «өз ісін алдын ала ойластыра істейтін» джентельменді тәрбиелегісі келді. Ол: «Джентельмен буржуазиялық іскер адамдардың сапасын меңгеруі қажет, қарым-қатынаста өзіндік қасиеттермен ерекшеленіп тұруы керек деді.

Сондықтан оған дене, адамгершілік және ақыл-ой тәрбиесін беру керек, ондай тәрбиенің негіздері мектепте емес, отбасында гувернерлердің басшылығымен берілуі керек, ал мектеп жағымсыз тәрбиеленген балалардың әртүрлі тобыры», – деп пайымдады. Оның пікірінше, нағыз джентельмен үйде тәрбиеленеді, кемшілігі бола тұрса да, үйдегі тәрбие мектепте берілетін білімдер мен ептіліктерден әлдеқайда пайдалы.

Қоғамның тәрбие мәселесіне деген көзқарасын өзгертуге ұмтылған XVIII ғасырдағы француз философтары, соның ішінде Клод Адриан Гельвещий отбасылық тәрбиеге қарағанда, қоғамдық тәрбиеге басты мән берді. Оның ойынша, мектеп мемлекеттің қолына берілуі қажет. Бұл позицияны ағылшынның социалист-утописті Р.Оуэн де жақтады. Ол отбасылық тәрбиеге қарсы болды. Оның ойынша неке мен отбасы капиталистік қоғамның үш жамандығының бірі. «Отбасыдағы екіжүзділік қарым-қатынас адамдарды адамгершіліктен аластатады. Балалар жаңа негіздегі мемлекеттік жүйелерде тәрбиелеуі қажет. Онда балалар бірдей білім алады. Ата-аналар балаларын көріп тұруына болады, бірақ кең қоғамдық тәрбие беру жүйесі отбасын алмастырады» – деп, түйіндейді Р.Оуэн.

Дегенмен бірқатар педагогтар мектептегі тәрбие мен отбасы тәрбиесін қарсы қойған жоқ. Солардың бірі –Швейцария педагогы И.Г.Песталоцци. Песталоцци отбасы тәрбиесіне ерекше мән берді. Оның ойынша отбасында баланың адамгершілік мінез-құлқының негіздері қаланады. Балаға сүйіспеншілік сезімі, оларға сене білу,

тәртіп, алғыс сезімі, шыдамдылық, борыш, моральдық сезімдер т.б. баланың анасына деген қарым-қатынасынан пайда болады. Песталоццидің пікірінше, баланың анасына махаббаты, ол бала ағзасының күнделікті қажеттіліктерін қамтамасыз ету негізінде пайда болады. Одан әрі балалардың адамгершілік күш-жігері мектепте іске асуға тиіс, онда мұғалімнің балаларға қатынасы оның әкелік махаббатының негізінде құрылады. Отбасындағы қарым-қатынас баланың ең алғашқы және табиғи қарым-қатынасы болып табылады.

«Отбасы қарым-қатынасының күші», – деп көрсетті Песталоцци – «өмір барысында, жақын адамдардың қатынасында, баланың күнделікті ісі мен әрекеті барысында жүзеге асатындығында. Ата-анасымен қарым-қатынас барысында бала алғашқы қоғамдық міндеттерді меңгереді. Отбасылық ұстанымдар мен отбасылық өмір барысында баланың мінез-құлқы, адамгершілік, ақыл-ойы қалыптасады».

Песталоцци балалардың адамгершілік мінез-құлықтарын қалыптастыру моральдық өсиеттерді айтумен шектелмей, оларда моральдық сезімдерді дамыту, адамгершілік бейімділіктерді қалыптастырудың қажеттігіне тоқталды.

Сондай-ақ ол отбасылық тәрбиені қоғамдық тәрбиеге қарсы қоймай, керісінше, отбасы тәрбиесінің артықшылық жақтарын пайдалануды ұсынды.

Отбасы тәрбиесі мен үйдегі тәрбие мәселесі В. Г. Белинский, А. И. Герцен, Н. И. Пирогов, Н. А. Добролюбов, К. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой және басқа да ағартушылардың назарында болды. Аталған авторлардың еңбектерінде отбасы тәрбиесіндегі бірқатар (жеке тұлғаның белсенділігін басып тастау, табиғи дарындылығын ескермеу, ерте жастан шет тілін оқыту, ұрып-соғып жазалау сияқты) кемшіліктер сыналады. Сонымен бірге, отбасындағы бала тәрбиесін жетілдіру, олардың сезімдерін аялай отырып, адамгершілік жүріс-тұрыс әдеттерін, өз бетімен әрекет ету, ойлау белсенділіктерін қалыптастыру туралы пікірлерді алға тартты.

Орыстың көрнекті ағартушылары жаңа қоғамды құратын адамдар отбасы мен мектепте тәрбиеленеді деп есептеді. Олардың пікірінше балалар үйде күнделікті өмір барысындағы қажеттіліктерді көрсе, қоғамда оның қалай жүзеге асып отырғандығын байқап, ата-аналарынан жаңа білімдер алады.

А. И. Герценнің ойынша, отбасылық тәрбие мен мектептегі тәрбиенің тұтастығы тәрбие ісінің қоғамдық мәнінде болып отыр. Бала өмірге келісімен ата-ананың мойнына үлкен жаңа міндеттер жүктейді және өсе келе оның шеңберінен шығып, қоғамдық өмірге аяқ басады.



Сонымен, жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келе қоғамдық және отбасы тәрбиесі үш түрлі бағыт бойынша жүргенін байқауға болады.

Бірінші – отбасы тәрбиесінің басымдылығын мойындау. Бұл бағыт бойынша баланың болашақ өмірге дайындығы отбасында қаланады.

Екінші – отбасы тәрбиесінің мүмкіндігін жете бағаламау. Бұл бағыт бойынша әр тарихи кезеңдердегі әр түрлі әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайларға байланысты шыққан отбасылық қарама-қайшылықтардың үдеуі адамның табиғи тәрбие ортасы ретіндегі отбасының беделін төмендетеді.

Үшінші – қоғам және отбасы тек бірлікте болған жағдайда ғана өзінің міндеттерін орындай алады. Бала тәрбиелеу әр ата-ананың жеке ісі ғана емес, азаматтық міндеті.

XIX – екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Н. В. Шелгунов, Я. Ф. Лесгафт, Я. Ф. Каптерева, М. И. Демкова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде отбасы тәрбиесінің теориясы педагогика ғылымының жеке бір саласы ретінде қарастырылды. Бұл ғалымдардың еңбектерінде отбасын баланың алғашқы табиғи ортасы, қоғамның бір бөлшегі ретінде зерттеу қажеттілігі қарастырылады.

Отбасы және үй тәрбиесіне қоғамның көңіл аудару бастауының бір айғағы ретінде 1884 жылы Петербургте ашылған «Ата-аналар үйірмесін» айтуға болады. Үйірме мүшелері отбасы тәрбиесінің тәжірибесін зерделеп, оның теориясын жасауды өз мақсаттары етіп алды. Үйірме алғаш рет өзінің баспа мүшелерін құрды. Ол «Отбасы тәрбиесінің энциклопедиясы» деп аталды. 1898-1910 жылдар аралығында П. Ф. Каптеревтің редакциялық басшылығымен оның 59 басылымы жарыққа шықты.

Революцияға дейінгі педагогтар отбасын балалардың ұлттық сезімдері мен идеалдарын қалыптастыратын бастау ретінде

қарастырды. 1912 жылы Ресейде отбасы тәрбиесіне қатысты 1 Жалпыресейлік съезд болды. Оның негізгі мақсаты – отбасына бала тәрбиесі мәселесі бойынша көмектесу. Аталған съезде аналарға арналған курс ұйымдастыру, лекциялар өткізу, ата-аналар үйірмесін құру сияқты әртүрлі педагогикалық көмек формалары ұсынылды.

Отбасы тәрбиесіне ерекше мән берген ғалымдардың бірі – А. С. Макаренко. Ол ең бірінші болып, кеңес педагогтерінің ішінен өте маңызды мәселені талдаумен айналысты. Көптеген отбасының өзінің тәрбие қызметін жеткіліксіз орындайтындығын ескере келіп, ол «Ата-аналар кітабы» атты көлемді еңбек жазуды қолға алды. Бұл еңбегі 1937 жылы жарыққа шықты. Макаренконың отбасы тәрбиесіне қосқан үлесі орасан зор. “Ата-аналар кітабы” және “Балаларды тәрбиелеу туралы лекциялары” балаларды отбасында тәрбиелеу туралы өте маңызды ғылыми және көркем әдебиеттер болып табылады.

«Ата-аналар кітабында» екі ата-ананы салыстыра отырып, «жалғыз бала», «көп балалы» отбасы мәселелерін көтеріп, нақты мысалдар келтіре отырып, қорытынды жасайды.

Бірінші кейіпкері Петр Александрович Кетов – ол күшті, ақылды әрі адам психологиясын жақсы біледі. Ол жалғыз баласын тәрбиелеуге көп уақытын жұмсайды. Оның ойынша, көп балалы отбасы орташа адамды тәрбиелейді. «Жалғыз бала» дарынды, ақылды болып шығады, бірақ теріс тәрбие оны өзімшілдікке әкеп соқтырады.

Ол кейіпкерге Степан Денисович Веткиннің көп балалы, бақытты отбасы мүлде қарама-қарсы. Ол отбасы мүшелерінің өзара көмегіне, сүйіспеншілігіне, үлкен балалар кішілеріне қамқор болуға негізделген. Бұл мысалдардан екі отбасының екі түрлі тәрбиесінің қорытындысын көруге болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ғалымдардың күшімен ғылыми бағыт ретінде отбасы тәрбиесінің негізі қаланды. Оның мақсаты, міндеттері анықталды. Отбасы тәрбиесі көптеген отбасыларына тән басты ұстанымдарға негізделді. Сол кездегі әдебиеттерде отбасы адамзат өркениетінің бесігі, жалпыадамдық, мәдени, адамгершілік құндылықтардың сақтаушысы ретінде қарастырылды.

Жоғарыда айтылған баланы қоғам, мемлекет, отбасы алдында белгілі бір міндеті бар азамат етіп тәрбиелеу туралы жағдайлар қазіргі кезде де өзінің өзектілігін жойған жоқ.



## 2.2 Қазақстандық ғалымдар мен зиялы тұлғалардың отбасы тәрбиесі туралы еңбектері мен көзқарастары

Отбасы тәрбиесі мәселесін қазақтың алдыңғы қатарлы ағартушылары мен педагогтары да қарастырып, көптеген құнды пікірлер айтты. Отбасы тәрбиесі мәселелері Шығыстың ұлы ойшылдары Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ. Яссауи, М. Қашқари, қазақ ағартушылары А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ж.Аймауытов, М. Әуезовтың еңбектерінде кеңінен орын алды. Бүгінде отбасы тәрбиесі мәселелері қазақстандық ғалымдар М. Ғабдуллин, Х. Арғынбаев, С. Ғаббасов, Қ. Жақыпов, Қ. Р. Қоянбаев, Г. Байдильдинова, В. Лысенко, Р. К.Төлеубекова, Е. Сағындықұлы, С. Кенжеахметұлы, Қ. Т. Атемова және тағы басқалар тарапынан зерттеліп келеді.

Қазақ халқының отбасылық тәрбиесін зерттеу қажеттігін ең алғаш көтерген академик М. Ғабдуллин. Ол өзінің 1966 жылы жарыққа шыққан «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» атты еңбегінде «... қазақ халқының өмірінен орын алған тәрбиенің тарихын жан-жақты түрде қарастыру – өз алдына зерттелетін мәселе» деп атап кеткен.

Қазақ отбасының тарихы туралы жан-жақты зерттелген тұңғыш еңбек – тарихшы-этнограф Х. Арғынбаевтың 1973 жылы шығарған «Қазақ халқындағы семья және неке» атты кітабы. Ол 1996 жылы толықтырылып, өңделіп «Қазақ отбасы» деген атпен қайта жарық көрді. Еңбекте қазақ отбасының өткені мен бүгінгісі, халқымыздың оған байланысты бай салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары терең қамтылған. Еңбектің басты мақсаты – халқымыздың ұмытылып бара жатқан озық әдет-ғұрыптарын кеңінен насихаттау, одан ғибрат алуға үндеу, тозық дәстүрлерден аулақ болуға шақыру. Демек, кітаптың ғылыми-танымдық маңызы, әсіресе қазіргі қазақ қауымы үшін тәлім-тәрбиелік мәні өте зор.

Кітаптың бірінші тарауы «Қазақтағы дәстүрлі отбасы және отбасылық қарым-қатынастар» деп аталып, онда отбасы түрлері, әке мұрасы және мұрагерлік құқы, туыстық қарым-қатынастар, туыстық жүйе, бала асырап алу салты, отбасындағы әйелдер жағдайы, көп әйел алу салты, қазақ отбасындағы бала тәрбиесі, қонақ қабылдау дәстүрі, мәйітті жерлеу және оның артын күту дәстүрі кеңінен сөз болады.



«Қазақтағы некелесу әдет-ғұрпы» тарауында некелесу дәстүрі, оның түрлері, қалыңдық айттыру, күйеудің ұрын бару салты, үйлену тойы мазмұнды баяндалған. Үшінші «Қалың мал және жасау» тарауында қалыңмал мен жасау, олардың мөлшері мен құрамы, қазақпен көрші халықтардағы қалыңмал мен жасау, қалыңмал мен жасаудың қалыптасу сипаты айтылған. Соңғы «Қазіргі отбасы және некелік қатынастар» тарауында отбасы түрлері, отбасылық қарым-қатынастар, некелесу түрлері, оған байланысты әдет-ғұрыптар қарастырылған. Сонымен қатар кітапта халқымыздың отбасылық, некелік қатынастарға байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері жан-жақты әңгіме етілген.

Оның қазақ отбасы, ондағы салт-дәстүрлері туралы соңғы 10-15 жылда ірілі-уақты 50-ден аса еңбектері жарық көрді. Солардың бірі 1991 жылы шыққан «Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер» деп аталған кітапта қазақ халқының ұлттық игі әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, халықтық педагогикасы тарихи жазба деректер негізінде этнографиялық тұрғыда сөз болады.

Кітаптың бірінші бөлімінде ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамының шығу тарихы мен оны өткізуге байланысты ұсыныстар мен оның сценарийі берілген.

Екінші бөлімде «торқалы той, топырақты өлім» дәстүрлі үйлену тойы, ұрпақ ұлағаты, дәстүрлі жерлеу салты, үшінші бөлім «Халқым қандай десең – салтымнан сынап біл» деп аталып, атамекен ұғымы, қонақ күту дәстүрі, сал-серілер салтанаты, ал төртінші бөлімде атадан балаға дәстүр болған жеті ата, ұрпақ жалғасы, кіндік шеше, нағашы, әпке, аға, ата, әке, бауыр, қарындас, келін, ер, көке, жеңеше, қонақ жезде, жиен, төркін т.б. ұлттық ұғымдарға түсінік беріледі.

Адамзат қауымының отбасын құру шежіресі мәселесін қарастырған ғалымдардың бірі С. Ғаббасов. Ол өзінің «Педагогика мен психология негіздері» деген еңбегінде: «Семья тарихының адамзаттық сипаты, ұрпақ тазалығының мәнін түсіну, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық, ана құрсағындағы тәрбиенің түрлері, ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынас мәселелеріне терең талдау жасайды.

Қазақ халқының өміріндегі қай кезең болмасын негізгі тәрбие көзі – отбасы болғанын ғалым Е. Сағындықұлының: «Отбасы адамның туған ошағы, кімге болса да қымбат ұғым. Отбасы ғасырлар бойы қалыптасқан адам баласының ең жақын топтарының бірлесіп

өмір сүретін мекені. Онда адам алғашқы тәрбиені қабылдап, алғаш рет өмір туралы, ұжым туралы ұғым қалыптасады. Отбасы адам үшін ең жақын әлеуметтік орта», – деп көрсеткен пікірі дәлелдей түседі.

Отбасында бала тәрбиелеу мәселесі 1987 жылы жарыққа шыққан Қ. Жақыповтың «Баланы семьяда тәрбиелеу» атты еңбегінде тереңірек қарастырылады. Бұл еңбекте отбасытәрбиесіне, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, баламен тіл табысу, ата-ана тарапынан болатын бақылаудың маңызы мен тәрбиенің кейбір ерекшеліктері төңірегінде әңгіме қозғалады.

Ғалым-педагогтар С. Қалиев, М. Оразаев пен М. Смайлованың орта мектептің VIII-IX кластарына арналған «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты факультативтік курсы қазақ жастарын жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білімдік, танымдық рөлін көрсетуге тырысқан тұңғыш қазақ тілінде жарыққа шыққан оқу құралы. Құрал бағдарламаға сай кіріспеден, үш бөлімнен тұрады. Құралда бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыс салт-дәстүрлері және әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлердің мазмұны кең көлемде жасалынған.

Авторлардың пікірінше, қазақ халқының салт-дәстүрлері: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыс-салт дәстүрлері, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлер болып үш үлкен топқа бөлінеді. Оған бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерден (шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет тойы, т.б.) бастап, қыз бала мен ұл баланы келешек отбасын құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді.

Қазақ халқының отбасылық дәстүрі туралы қомақты еңбектердің бірі белгілі жазушы-этнограф, ғалым С. Кенжеахметұлының «Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі» атты жинағы. Онда қазақ халқының ырым, тыйым, әдеп, әдет-ғұрып, дағды, мінез-құлық, салт-санасы, дәстүрі топтастырылып және қазақтың туыстық атаулары, оларға қатысты адамгершілік қатынастар, халық қасиеті мен тағылымдары дәлелді деректермен баяндалған.

Аталған еңбек ғылыми-танымдық, тәрбиелік, көркемдік жағынан тартымды ғана емес, сонымен бірге отбасында ұл мен қыз баланы инабатты да иманды болып, ата жолын ардақтап өсіру үшін ата-аналарға кеңес береді.

Қазақ отбасылық тәрбиесінің психологиялық ерекшеліктері туралы пікірлер Қ. Жарықбаев, Ә. Табылдиев, К. Оразбекова, Н. Елікбаев, Қ. Жүкеш және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектерінен кең орын алады.

К. Оразбекованың «Иман және инабат» атты оқу құралында әдеп және тұрмыс-салт психологиясы ұлттық мазмұнда жазылған. Оқу құралында отбасы – адамзат өмірі өз жалғасын табатын, болашақ ұрпақ өсіп-өрбіп ұшатын ұя, әдептілік, сыпайылық, ізеттілік, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерге баулу отбасынан бастау алатыны, сондықтан отбасының міндеті – жас ұрпақты инабаттылық пен имандылыққа тәрбиелеу деп көрсеткен автор.

Оқу құралының бірінші тарауы «Адам, отбасы, қоғам» деп аталып, «Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұя-сы, алтын бесігі. Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста болатын (балалары, әйелі, күйеуі, ата-анасы, әжесі т.б.) бірлесіп, әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүретін адамдар» дей келіп, отбасының түрлері, оларға сипаттама, отбасында қыз және ұл бала тәрбиесіндегі анасы мен әжесінің, әкесі мен атасы және туыстарының жауапкершілігі, баланы тәрбиелеудегі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің маңызы және мақал-мәтелдердің адам әдебін, адамгершілігін тәрбиелеудегі рөлі көрсетілген.

«Салт-дәстүрлердегі ерекшеліктер» атты екінші тарауында қазақтың тұрмыстық салттары мен дәстүрлерінің тәрбиелік мәні, бесік тәрбиесі, қазақ ұлдары мен қыздарының әдебі, оларды тәрбиелеу, ондағы ата-ананың еңбегі, үлгі-өнегесі даналық сөздер арқылы дәріптелген.

Үшінші «Өскің келсе, өзіңді таны» тарауында автор жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін, баланың дене күшінің дамуын, балиғаттылықтың қалыптасуын, балаң жастағы сезім әсерлерін, баланың дүниетанымын, өмірлік жоспары мен кәсіп таңдауын, қазіргі нақты жағдайлармен әңгімелеген.

«Махаббатсыз өмір бос» тарауында жігіттер мен бойжеткендердің қарым-қатынасы, ондағы қыз бен жігіттің достығы, ал достық – махаббат бастамасы, жасөспірім шақтағы махаббат сезімдерінің, тұрмыс құру, некенің пәктігі, үйлену, отбасының өрбуі, үй болудың ошақ қасынан басталатыны, ерлі-зайыптылардың бейбіт және бақытты өмір сүруі, ол үшін олардың өзін-өзі тәрбиелеу қажеттігі туралы ақыл-кеңестер беріледі.

Бала тәрбиесінің күрделеніп отырғаны, оның қиыншылықтары мен қайшылықтарын көрсете отырып, оны шешуде болашақ ұрпақ тәрбиесі ұлттық мұраттар мен дүниежүзілік рухани бай қазынадан нәр алумен ұштастырылып жазылған еңбектердің бірі Р. Төлеубекованың «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика» атты оқу-әдістемелік құралы.

Оқу-әдістемелік құралының «Төменгі класс оқушыларына тәрбие берудің ерекшеліктері» деп аталатын екінші тарауында ол баланы тану, оны түсіну туралы, ойын – баланың басты психикалық іс-әрекеті екені, баланың өзін-өзі бағалай білуі, балаға адамгершілік тәрбие беруде атамұраның маңызы туралы баяндалған. Үшінші тарауда «Қазіргі отбасы және балаларды халықтық педагогика арқылы тәрбиелеудің мүмкіндіктері» қарастырылады, яғни отбасы – тәрбиенің бастауы, ата-ана – табиғи тәрбиеші, халықтық педагогика – отбасы тәрбиесінің негізі, отбасы ұғымына түсінік беріледі. Әрі қарай қазақтың тәлімдік ой-пікірінің тарихы қысқаша айтылып, қазақстандық ғалым педагогтар мен психологтардың отбасы тәрбиесі туралы еңбектері қарастырылады да, қазіргі кездегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар, отбасы тәрбиесінің нашарлау себептері анықталып, оны жөндеудің жолы ретінде отбасында ата-баба дәстүрін қайта жаңғырту керектігін айтады.

Отбасы мәселесін тарихи тұрғыда зерттеп жүрген ғалымдардың бірі – Қ. Т. Атемова. Оның 2009 жылы жарыққа шыққан «Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің қалыптасуы» атты монографиясы «Түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының қалыптасуы мен дамуын зерттеудің әдіснамалық негіздері», «Түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының ғылыми-педагогикалық негіздері», «Түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының бүгінгі отбасы тәрбиесіндегі сабақтастығы» атты үш тараудан тұрады.

Автор бірінші тарауда түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының қалыптасуы мен дамуы туралы зерттеулерге әдіснамалық сипаттама бере отырып, орта ғасырдағы отбасы тәрбиесі идеяларының қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға талдау жасайды. Сондай-ақ тәңірлік кезеңдегі және ислам дінінің келуіне байланысты түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктеріне тоқталады.

Екінші тарауда түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесін ұйымдастыруды мемлекетті басқарудың құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырады. Сонымен бірге ұлы ғұламалар мұраларындағы отбасы тәрбиесі жағдайында кемел адам тұлғасын қалыптастырудың тұжырымдамалық идеялары мен отбасы тәрбиесінің мазмұнын ұсынады.

Үшінші тарауда автор түркі ғұламаларының мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының қазақтың халық педагогикасындағы көрінісін, қазақ халқының ақындары мен жырауларының мұраларындағы тәлім-тәрбиелік көзқарастарына педагогикалық тұрғыдан талдау жасап, жүйеленген. Қазақ ағартушылары мен зиялыларының еңбектерін зерделеп, оның түркі ғұламалары мұраларындағы сабақтастығын дәлелдеген. Сонымен қатар, түркі ғұламаларының мұраларындағы отбасы тәрбиесі туралы идеяларын бүгінгі күн тәжірибесінде пайдаланудың жолдарын қарастырылған.

Әсіресе, мектептегі ата-аналар жиналысында олардың отбасы тәрбиесі бойынша сауаттылығын жетілдіру мақсатында (261-бетте), мектептегі және мектепке дейінгі мекемелердегі ата-аналармен жұмыс жүргізуде педагог мамандардың біліктілігін жетілдіру курстарында (262-бетте) оқуға ұсынылған тақырыптарын, сонымен бірге 05010 – Педагогика және психология мамандығы студенттеріне 1 кредитке арналып құрастырылған «Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесінің даму» атты арнайы курс бағдарламасын (263-281-б.б) атап кету қажет.

Соңғы жылдары отбасы тәрбиесінің әр түрлі мәселелеріне қатысты Ш. Ж. Арзымбетова «Роль школы, семьи и внешкольных учреждений в экологическом воспитании младших школьников в работе по месту жительства» (1999), К. К. Тусубекова «Становление, развития народной педагогики и пути решения ее современных задач по воспитанию детей в семье средствами народных сказок, пословиц и поговорок» (1999), И. Б. Юсупова «Взаимодействие школы, семьи и общественности в воспитании учащихся РК 1950-1990» (2005), Ш. А. Алтынбай «Отбасында ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттырудың педагогикалық шарттары»(2004), А. А. Жұмадуллаева «Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге даярлаудың педагогикалық негіздері» (2006), Б. К. Момынбаев «Жоғары сынып оқушыларын отбасылық қарым-қатынас некелік өмірге даярлау» (2008), С. С. Қоңырбаева «Жоғары сынып оқушыларын отбасы-

лық өмірге этно-мәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары» (2008), Қ.Оразбекұлы «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесінің педагогикалық шарттары» (2009), Қ. Т. Атемова «Түркі ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесі идеяларының қалыптасуы мен дамуы (IX-XII ғ.ғ.)» (2009) сияқты ғалымдарөздерінің диссертациялық жұмыстарын қорғады.

Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесіне мемлекеттік тұрғыда басты назар аударылуда. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа Жолдауында: «Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге қазіргі ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтын, әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз» деп қазіргі отбасының әлеуметтік, мәдени, қоғамдық қызметі белсенділігінің маңызын жоғары бағалап, Республикадағы отбасылардың алдына қомақты міндеттер жүктесе, 2003 жылдың 27 мамырында өткен білім беру жүйесі қызметкерлерінің республикалық жиналысында сол кезде Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі болған К. Н. Шамшидинова қазіргі кезде отбасының бала тәрбиесіндегі алатын орнын айта келе, ғылыми-әдістемелік және іс-тәжірибе жұмыстарында бұл мәселеге көңілдің көп бөлінбей жүргеніне тоқталып, отбасының мәнін көтеруге, оған ат салысуға шақырған еді.

Сол сияқты елбасы Н. Назарбаев «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады» деген баяндамасында «Отбасының беріктігі, жұбайлардың бір-бірінің ең бастысы балалардың алдындағы жауапкершілігіне де көп нәрсе байланысты. Ата-аналар балаларына, ал балалары қартайған ата-аналарына қамқор болуға тиіс» деген болатын. Мұның өзі отбасындағы өмірді ұйымдастыру, ең алдымен ондағы ересектердің, яғни ата-аналар мен ата-әжелердің бір-біріне деген қарым-қатынасы мен өзара сыйластығы негізінде қалыптасатындығын айғақтайды.



### 2.3 Қазақстандық отбасында қазіргі кезде кездесетін кризистік жағдайлар

Қазіргі заманда отбасындағы тәрбиенің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің бірін-бірі түсінушілігіне, өзара қарым-қатынасына, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Қазіргі кезде көптеген ата-аналар күнделікті өмірде балаларының мінез-құлқында қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударып, тәрбие үдерісінде теріс қылықтарды болдырмаудың жолдарын іздестіруде. Алайда, кейбір отбасы өмірінде үстемдік, келіспеушілік сияқты түрлі теріс әрекеттер кездеседі. Бұлар отбасындағы бірқалыпты өмірдің бұзылуына себепші болады. Басты себепші – ата-аналар. Олар отбасын біріктіру, ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу және оқыту жөнінде өз міндеттерін дұрыс орындамайды. Осының нәтижесінде өрескел әрекеттер де туады. Ал бұл жағдай жасөспірімдердің келешегі үшін қатерлі зардапқа айналуы мүмкін.

Қазіргі таңда отбасы қиын кезеңді басынан өткізуде. Ажырасу мен толық емес отбасылар, отбасындағы дағдарыс, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, тәрбие сапасының құлдырап кетуі, қоғамдағы жат қылықтар, қазіргі кездегі отбасының жауапкершілігінің төмендеуі, заңсыз отбасын құру, некесіз баланың туылуы, тастанды бала, т.б. қалыптасуына әкеліп соқты. Осы мәселені шешу, бүгінгі күн көкейкесті мәселесі болып отыр.

Отбасындағы теріс қылықтарды, теріс әрекеттерді тудыратын негізгі факторлар: отбасында ата-аналар тарапынан үстемдік жағдайлар, яғни балаларының өз бетімен іс-әрекет жасауына жол бермеуі, өз өміріне немесе отбасына байланысты бірде-бір мәселені шешуге, үй іші кеңесіне қатыстырмау. Осының нәтижесінде бала отбасында болып жатқан әлеуметтік өмірге, еңбекке, білімге, мәдениетке байланысты мәселелерге қатысты сыртта қалады. Бұл жағдай баланың танымдық қабілетінің дамуына, рухани және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына бөгет жасайды.

Көп жылдар бойы жүргізілген бақылау мен зерттеу жұмыстарының мәліметтері бойынша педагогтар мен психологтар отбасы тәр-

биесінде кездесетін мынандай сәтсіздіктер мен қиыншылықтарды көрсетеді:

- Отбасы мүшелерінің, әсіресе әке мен ананың арасында бірыңғай талаптың, көзқарастың жоқтығы;
- Отбасында балаға назар аударудың тапшылығы;
- Ата-ана мен бала арасында болатын егесу;
- Отбасында маскүнемдік, ұрыс-керіс, неке бұзушылықтың болуы;
- Әр түрлі жағдайға байланысты баланың теріс қылығы бар адамдардың қарамағына түсуі.

Теріс қылықтардың бірі – **келіспеушілік**. Бұл отбасы мүшелерінің арасындағы қайшылықтан туады. Психологияда келіспеушілік ұғымын жағымсыз психикалық жағдайдағы екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы қарым-қатынастың, көзқарастарының келіспеушілігімен сипаттайды. Отбасындағы келіспеушілік жұбайлардың стрестік жағдайға, рухани дүниесінің қобалжуына, өмірге деген немқұрайлылықты тудыруымен сипатталады.

Отбасындағы келіспеушілікті тудыратын негізгі факторлардың бірнеше түрлері бар. Олар:

1. Отбасының бірден күрт өзгеріп кетуі. Психологиялық қиындықтарға тап болуы немесе өмірінің күрт өзгеруі;
2. Бір-бірінен жалығу, қажудан пайда болған жанжал;
3. Бір біріне бейімделу және алғаш өмір сүру кезіндегі отбасылық қиыншылықтар: бала тәрбиелеу, қамқорлық жасау мәселесі, үй, шаруа мәселесі (Отбасылық алғашқы дағдарыс алғаш бірлесіп өмір сүрген жылдың аяғында, екінші дағдарыс 3 және 7 жыл арасында, үшінші дағдарыс 17 және 25 жыл арасында болады);
4. Отбасында бір мүшелерінің жоқтығынан туындайтын жанжал. Некесіз туылған бала немесе ерлі-зайыптыларда ұзақ уақыт балаларының болмауынан туындайтын дау-дамай;
5. Мәселелік бұзылыс – бұл өте қысқа мерзім ішінде туындайтын келіспеушіліктер (Отбасы мүшелерінің сырттап қалуы, аяқасты құнды заттың жоғалуы);
6. Отбасындағы қарым-қатынас түрі (Мұнда, отбасылық қатынастың гармониялық және дисгармониялық типін бөліп көрсетуге болады. Гармониялық қатынас әр отбасы мүшелерінің психологиялық рөлінің болуымен, «отбасылық біз» ұғымының қалыптастыруымен сипатталады. Отбасылық дисгармония – жұбайлар



қарым-қатынасынан көрінеді. Мұндағы психологиялық қысым отбасы мүшелерінің жүйкесіне әсер етеді);

7. Отбасы мүшелерінің бала тәрбиесіне байланысты келіспеушіліктері;

8. Бала өмірінің әр аясына алаңдаушылық пен тыйым салу;

9. Балаға жоғары талап қою, қорқыту, кінәлай беру;

10. Баланың жас дағдарысы (Баланың жас дағдарысы келіспеушіліктің негізгі себептері болып табылады. Дағдарыс бір жастан келесі жас кезеңіне өткен уақытта кездеседі. Мұндай кезде балалар ызакор, кеселді болады. Бала келесідей дағдарыстық кезеңдерден өтеді: 1-ші алғашқы өмір дағдарысы, 2-ші, 3-ші жастағы дағдарыс, 3-ші, 6-7 жастағы дағдарыс, 4-ші, жыныстық даму кезіндегі дағдарыс, 5-ші, 15-17 жастағы жасөспірімдік дағдарыс);

11. Тұлғалық факторлар (Ата-ананың келесідей тұлғалық ерекшеліктері келіспеушілікке әкеледі. Олар: ойлаудың консервативтілігі, бұрынғы көзқарастарды өзгертпеу, зиянды әдеттерге салыну, т.б. Ал баланың тұлғалық ерекшеліктеріне үлгерімнің төмендігі, тәртіп бұзуы, ата-аналар кеңесін тыңдамау, эгоизм, жалқаулық жатады. Осы қасиеттер ата-ана мен бала арасындағы келіспеушілікке әкеледі).

Өмір тәжірибесі көрсеткендей, екі түрлі отбасына назар аударуға болады. Біріншісінде материалдық игілікті алға қойып, соған жетуді мақсат еткендіктен, рухани құлдырауға соқтықтыққан отбасылар. Екіншісінде материалдық игілігі жеткілікті болғанымен бала мен ата-ана арасында эмоционалдық, мейірімділік қарым-қатынас орнықтамаған отбасы.

Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстай білу керектігін үйренеді, жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарды, отбасы мүшелерінің өмірге, еңбекке көзқарастарын, өзара қарым-қатынастарын байқайды, еліміздің ішкі және халықаралық жағдайларын білуге тырысады. Сондықтан, ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылау мен зерттеу жағдайын да еске алып отыруы керек.

Отбасында тәрбие үдерісін шебер басқару үшін ең алдымен ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Бұл жөнінде А. С. Макаренконың мына пікірін естен шығаруға болмайды. Ол: «Тәрбие жұмысының дәл мәні... Сіздің баламен тіпті көзбе-көз әңгімелесуіңізде емес, сіздің балаға тікелей әсер етуіңізде емес, ол сіздің

өз отбасыңызды ұйымдастыруыңызда, сіздің жеке және қоғамдық өміріңізді және бала өмірін ұйымдастыра білуіңізде», – деп жазды.



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қоғам дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттерін ғалымдардың еңбектері мен пікірлеріне сүйене отырып, талдап көрсетіңіз.

2. ХХ ғасырдың 2 жартысында отбасы тәрбиесі туралы жарыққа шыққан ғалымдардың еңбектеріне қысқаша шолу жасаңыз.

3. К. Оразбекованың 1993 жылы жарыққа шыққан «Иман және инабат» атты еңбегіндегі отбасылық тәрбие мәселесіне талдау жасаңыз.

4. Отбасындағы кездесетін кризистік жағдайлардың бала тұлғасының дамуына әсерін нақты дәлелдерге сүйене отырып дәлелдеңіз.



## Әдебиеттер

1. Куликова Т. А. Семейная педагогика и домашнее воспитание: Учебник для студ. сред. и высш. пед. учеб. заведений – М.: Издательский центр «Академия», 1999.

2. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы, 1966.

3. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. VIII-IX кластарға арналған факультативтік курс // Құр. С. Қалиев, М. Ж. Смайылова, М. Оразаев. – Алматы: РИК, 1990.

4. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. – Алматы. 2012. – 94, 150, 210, 238, 281-293 б.б.

5. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың бізге беймәлім 220 түрі. – Алматы, «Санат», 1998.

6. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы, 1993.

7. Бегалиев Т. Б., Әжбаева Р. Е. Отбасылық тәрбие, оның тарихи негіздері. – Мәліметтер сайты » ... Malimetter.org > Әр түрлі тақырып.

8. Жұмаханов Ә. Семьяда балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. – Алматы, 1985.

9. Жақыпов Ж. Баланы семьяда тәрбиелеу. – Алматы, 1987.

10. Төлеубекова Р. К. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. – Алматы: РБК, 1994.



## ОТБАСЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ



### 3.1 «Отбасы» және «отбасы тәрбиесі» туралы ұғым

«Отбасы деген не, оның мәні неде, қоғамда қандай рөл атқарады, әр адамға не береді?» деген сұрақтарды жан-жақты қарастырып, шешу кезінде көптеген ойшылдар, ғалымдар атсалысқан. Мысалы: ежелгі грек ойшылы Платон «Адамдар отбасын құру үшін болашақ өмірдегі серігінің қандай отбасынан шыққанын, оның әке-шешесі мен ата-бабаларын жақсы білуі қажет» деген екен. Ал, Аристотель болса, «отбасы – адамдардың қарым-қатынастарының ең бірінші түрі және ол мемлекеттің бірінші кішігірім бөлігі» деп санаған. Ол «Баланы жөргегінен бастап, барлық жақсы қасиеттерге баулуға болады және бала 7 жасқа дейін өзінің отбасында тәрбиеленуі керек, ең бастысы кішкенелер үшін олардың дене мүшелерін дұрыс жетілдіру, дұрыс тамақтандыру, шынықтыру керек» дейді.

Классикалық неміс философиясының өкілі Кант отбасы мәселесін қарастыра отырып, ондағы адамдардың құқықтық мәселелеріне көп көңіл бөлген. Фихте отбасының негізі – махаббат десе, Гегель бірінші болып отбасы мен некенің тарихи формаларын көрсеткен.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап отбасына деген тарихи көзқарастар толықтырыла түсті. Мысалы, 1877 жылы шыққан «Ежелгі қоғам» атты кітабында Л. Морган отбасының тарихын, оның некелі қарым-қатынасын, экономикалық, әлеуметтік дамуын және қызметін қарастырған. Одан кейінгі уақыттарда отбасы туралы марксистер де жазды. Соның бірі – Ф. Энгельстің 1884 жылы шыққан «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» атты еңбегі. Мұнда Ф. Энгельс жанұяны тарихи категория ретінде қарастырып, оның формаларының байланысын, даму жолдарын көрсетті.

Адамзат қоғамының қай кезеңінде болсын отбасы тәрбиесі мәселелері күн тәртібінен түскен емес. Отбасы тәрбиесі мәселелері Шығыстың ұлы ойшылдары Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ. Яссауи, М.Қашқари, классик педагогтар Я. А. Коменский, Ж. Ж. Руссо, И. Г. Песталотии, К. Д. Ушинский кеңес педагогтері В. А. Сухомлинс-

кий, А. С. Макаренко, қазақ ағартушы, педагогтері А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев т.б. еңбектерінде кеңінен орын алды. Кейінгі жылдары отбасы тәрбиесі мәселелері Ю. П. Азаров, Ф. Я. Байков, Э. В. Васильева, В. Н. Гуров, Е. В. Каган, Т. А. Куликова, П. Ф. Лесгафт, А. Г. Харчев, Т. В. Шеляг, В. И. Зацепин, В. Д. Цимбалюк, Г. К. Матвеев, Ю. И. Семенов, Н. Е. Соловьев, А. Г. Хрипкова, З. Я. Янкова, қазақстандық ғалымдар С. Ғаббасов, С. Қалиев, Қ. Жарықбаев Ж. Б. Қоянбаев, Г. Байдильдинова, В. Лысенко, Р. Төлеубаева, М. Тажин, Б. Аяганова және тағы басқалар тарапынан зерттеліп келеді.

Зерттеудің дереккөздері: Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі Чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді. Өйткені, бала адамгершіліктің негізгі түсініктерін отбасында алып, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады.

Орыстың ұлы педагогы К. Д. Ушинский баланы дұрыс тәрбиелеу туралы былай деп жазады: «Адамның жеке қара басы біреудің жеке басының қалыптасуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек».

Отбасы тәрбиесі туралы орыстың педагогі А. С. Макаренко: «Әрбір отбасы сырттан алынған даяр рецептілерді пайдаланбай әрдайым .... өмір мен адамгершіліктің жалпы принциптік системасын пайдаланып, көптеген педагогикалық мәселені өзі шешуі керек», – десе, Н. К. Крупская: «Балаға деген сүйіспеншілікті россиялықтар шығыс халықтарынан үйренсін», – деп орынды айтқан.

Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес. Ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан халық өмір есігін енді ғана ашқан бөбек тәрбиесін бесіктен бастаған. Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» еңбегінде:

“Ақ сүтпен бірге сіңген жақсылық,

Айнымайды еш, алғанша ажал қапсырып.

Ет сүйекпен бірге біткен қылығың,

Өзгермейді салғанша ажал құрығың,” – деп ана сүтімен дарыған қасиетті дәстүрлер халықтың салт-санасынан берік орын алатындығын айтса, бірде:

“Кейін өзің қалмау үшін табаға,

Жөнге салып, ие болғын балаға,” – деп, бірде:

“Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,  
Өнерімен қуантады түбінде.  
Бала нені білсе жастан, ұядан –  
Өле-өлгенше соны таныр қиядан.  
Өнер-білім берем десең басынан,  
Бер оқуға балаларды жасынан,  
Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған,

Жақсы-жаман болса, бала – соларда,” – деп ата-аналарға өсиет айтады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай да отбасындағы баланы тәрбиелеуде ата-аналар тарапынан жол берілетін кемшіліктерді ескерте отырып, отбасы тәрбиесін ұйымдастыруда кеңестер береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Абай өзінің 10-сөзінде: «Әуелі балаңды өзің алдайсың: эне, оны берем, міне, мұны берем деп, баста балаңды алдағаныңа мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деп балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды сынайды. Ондай-ақ «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көргендікпен ой түйіп, бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетасы ата-ана арқылы отбасында қаланатындығын айтады.

«Балаға берілген бірінші тәрбие – ата-анасын, туған туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады» дейді ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин.

Қазақ ағартушыларынан С. Көбеев те отбасы тәрбиесі мәселелеріне аса үлкен мән берген. С. Көбеевтің 1955 жылы «Коммунизм жолы» газетінде «Баланы семьяда тәрбиелеу» атты мақаласы жарияланды. Бұл еңбегінде бала тәрбиесінің қыр-сырына тоқталған. Отбасындағы тәрбиеде ұсақ-түйек есебінде көңіл аудары бермейтін жайларға оқытушы терең мән беріп, педагогтік тұрғыдан талдаулар жасайды. Ата-аналардың балалары алдындағы беделі отбасындағы тәрбие нәтижесі екендігін атап көрсетеді.

«Отбасы» деген сөз әлеуметтік өмірімізде ертеден орын алса да «семья», «жанұя», «үйелмен» деген сөздер оның орнын алмастырып жүр. Өйткені олардың түпкі мағынасы – әке мен шешенің және қандас адамдардың тіршілік ету кезіндегі бірлігі, одағы. Әйтсе де «отбасы» деген терминнің өзіндік мағынасы бар. Себебі адам тіршілік барысында қажеттілігіне байланысты от жағып, үй салады, жұптасып отбасын құрады, ұрпақ сүйіп, өмірін ұрпақтан-ұрпаққа

жалғастырады. Отбасы сөзінің мағынасы терең, адамның әлеуметтік өмірін айқындайды. Сондықтан соңғы кезде жарық көрген күрделі еңбектердің мазмұнынан «отбасы» деген термин орын алған. Отбасы тәрбиесі – барлық тәрбиенің негізі. Өйткені балалардың туған кезінен бастап, есейгенге дейінгі уақыт аралығында өміріне арқау болатын тәлім-тәрбие отбасы мүшелері (әке, шеше, ата, әже, аға, апа, жеңге, жезде және т.б.) арқылы беріледі. Олар баланы ата-бабаның өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекеттің барысында ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінен өнеге алып, оны құрметтеуге, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылуға, қоршаған ортасын танып, онымен қарым-қатынас жасауға және баланы өз бетімен әрекет етуге бейімдеп отырған.

Отбасы мәселесін көптеген әлеуметтану, философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих т.б. ғылымдардың қарастыруына байланысты көптеген анықтамаларды кезіктіруге болады. Философиялық тұрғыда «отбасы» – қоғамның ажырамас құрамды, өмірде зор мәні бар кішігірім ұйым деп берілсе, әлеуметтану ғылымында отбасы некеде және қандас туыстар негізінде құрылған кішігірім топ деп берілген. Оның мүшелері бір-бірімен тұрмыстық, моральдық, жауапкершілік, өзара жәрдем көрсету қарым-қатынаста болып, әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамның экономикалық базисінің дамуына байланысты өзгертіп, жекелей дербестікте болады деп көрсетеді. Ал, педагогикалық-психологиялық тұрғыда отбасы – ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады.

Қазақ тілінің біртұтас түсіндірмелі сөздігінде: «Отбасы – 1. Үй іші, бала-шаға, үйелмен. 2. Некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандардан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы», – деп анықтама берілген. Оның мүшелері тұрмыстық ортақтығы, өзара көмек және рухани жауапкершілік арқылы байланысқан. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланыста бола тұрса да, отбасы – қоғамдық өмірге қарағанда, адамдардың белгілі дәрежедегі дербес сырлас тобы. Отбасы өмірі материалдық және рухани үдерістерімен сипатталады. Табиғи-биологиялық және шаруашылық тұтыну қатынастары оның материалдық жағын құраса, рухани жағын құқықтық адамгершілік және психологиялық қатынастар құрайды.



Б. А. Молдағалиев, Л. М. Маденова, Ж. Ж. Жароллаев, Қ. Р. Қажымованың «Психологиялық-педагогикалық сөздігінде» отбасы ұғымы былайша түсіндіріледі: «**Отбасы** – туыскандық байланыста болатын (күйеуі, әйелі, ата-анасы, әжесі және т.б.) бірлесіп әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүретін адамдар».

Қ. Б. Жарықбаев, О. С. Сангилбаевтың құрастырған «Жантану атауларының түсіндірмелі сөздігінде»: «**Отбасы** – некелесуден, туыстық байланыстан тұратын шағын топтар, жеке ұйымдастырудың маңызды формасы және әлеуметтік қоғамдастықтың бір түрі», ал «**Отбасы тәрбиесі**» – ұлттық тәрбиенің негізі ретінде сипатталады.

Ал, Р. Н. Нұрғалиев 1996 жылы жарық көрген философиялық сөздігінде: «**Отбасы** – әлеуметтік қауымдастықтың түрі, ол ерлі-зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға, яғни ері мен мен әйелінің, ата-аналар мен балалардың, аға-інілер мен апа-қарындасстардың, бірге туып, ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысы» деп анықтама берілген. Ал педагог-ғалым Қоянбаевтың оқулықтарында «Отбасы – ол бірге тұратын некеге негізделген қандас туыстар (әке, ана, бала) тобы» деп анықтама берілген.

Б. А. Молдағалиев, Л. М. Маденова, Ж. Ж. Жароллаев, Қ. Р. Қажымованың құрастырған «Психологиялық-педагогикалық сөздігінде»: «**Отбасы** – туыскандық байланыста болатын (күйеуі, әйелі, ата-анасы, әжесі және т.б.) бірлесіп әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүретін адамдар», ал *отбасындағы тәрбие* – қажетті нәтижеге жету мақсатындағы ата-аналар және отбасындағы басқа да мүшелерінің балаларға әсер етуінің аталуы. Отбасы тәрбиесінің мазмұны демократиялық қоғамның басты мақсатымен анықталады, яғни жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру» деген анықтамалар берілген.

1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңында «**Отбасы** – некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы» деп анықтама берілген.

Осы айтылған анықтамаларға сүйене отырып, отбасының мынадай белгілерін айқындауға болады:

- Отбасы өзара туысқандық қатынасы бар, әр түрлі жастағы және әр түрлі құқылы адамдардан біріккен ұжым;
- Отбасын ерлі-зайыптылық, ата-аналық, балалардың ата-аналарына, ересектердің кішілерге және бір-біріне деген қарым-қатынас жасау міндеттері байланыстырып тұрады;
- Ата-аналар мен балалар бір-бірінен бірі – отбасын басқарумен, екіншілері – сол отбасында тәрбиеленумен ерекшеленеді;
- Отбасы өмірі әр түрлі материалдық және рухани үдерістермен сипатталады.



### **3.2 Отбасы әлеуметтік институт ретінде. Отбасының тәрбиелеу мүмкіндіктері**

Отбасы жеке адамның, топтың, қоғамның талаптарын қанағаттандыруымен маңызды. Қоғамның іргетасы болғандығынан да, оның қоғам мүшелерімен үздіксіз толықтырып отыратын, адамзат ұрпағын өмірге әкелетін өнімпаздық қызметін басқа ешқандай орталық бөліп атқара алмайды. Сондықтан отбасы өзінің атқаратын ауқымды қызметі бар әлеуметтік институт. Қазақ отбасы қазақ халқының, Қазақстан Республикасының маңызды талаптарын орындауға, оның ішінде халықтың санын өсіруге тиісті қоғамның әлеуметтік ошағы бола тұра, жалпы отбасылық мүдде мен жеке мүшелерінің де талабын орындайды.

Қазақ халқының өміріндегі қай кезең болмасын негізгі тәрбие көзі – отбасы болған. Бұл туралы педагог ғалым Е. Сағындықұлы: «Отбасы адамның туған ошағы, кімге болса да қымбат ұғым. Отбасы ғасырлар бойы қалыптасқан адам баласының ең жақын топтарының бірлесіп өмір сүретін мекені». Онда адам алғашқы тәрбиені қабылдап, алғаш рет өмір туралы, ұжым туралы ұғым қалыптасады. Сондықтан отбасы адам үшін ең жақын «әлеуметтік орта» деп көрсеткен.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.



Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір-біріне адамгершілік, экономикалық, құқықтық, т.с.с. өзара жауапкершіліктеріне, түсініктеріне, сонымен қатар эмоционалдық (сезімдік) жақындықтарына негізделеді. Бір жағынан отбасы – адамдардың өзінің ішкі өмірін, құпияларын, сырларын, қарсы тұрған сыртқы әсерлерден қызғанышпен қорғайтын тұйық бірлестік. Егер отбасының ішкі өмірін қоғамға ашық етсе, онда ол бірден ыдырап, күйзеліске ұшырауы мүмкін, ал екінші жағынан, отбасы адамдардың қоршаған ортаға, қоғамға ашық, айқын бірлестігі. Мұндай отбасыда өз мәселелері қоғам мәселелерімен қатар қарастырылып, шешімі де ыдырамайды. Керісінше, отбасының дамуына қауіпсіздік және сақтану сезімдерін қамтамасыз ететін мүмкіндік туғызады.

Қандай да тұйық, жабық отбасы болғанымен ол қоғамсыз өмір сүре алмайды. Өйткені оның мүшелері жан-жақты әлеуметтік топтарға, яғни өндірістік, оқу ұжымдарына, балалар ұйымдарына, қоғамдық ұйымдарға, сонымен қатар сауда, денсаулық орындарына қатысты, ондағы адамдармен тығыз байланыста болады.

Қазір қоғамдағы отбасы кіші әлеуметтік топ қана емес, ол сондай-ақ құқықтық институт та болып табылады. Кіші әлеуметтік топ ретінде отбасы бірқатар міндеттерді іске асырады. Құқықтық институт ретінде отбасы – туысқандық және некелік қатынастар арқылы өзара байланысты адамдар тобы. Оларға тиісті құқықтық нормаларға сәйкес белгілі бір құқықтар мен міндеттер берілген.



### **3.3 Отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері**

Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

Отбасы тәрбиесінің мақсаты – баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық үдерістерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу.

### **Отбасы тәрбиесінің басты міндеттері:**

- Баланы үйлесімді дамыту;
- Бала денсаулығына қамқорлық жасау;
- Оқуына көмек көрсету;
- Еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет етуге үйрету
- Мамандық таңдауға көмектесу;
- Тұлғаның әлеуметтенуіне көмектесу;
- Ізгі, эмоционалды-адамгершіліктік қатынас тәжірибесін қалыптастыру;
- Жалпы мәдени және интеллектуалдық дамуына қамқорлық жасау;
- Өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзін дамытуға дайындау;
- Жыныстық тәрбие, болашақ отбасылық өмірге даярлау.

Жоғарыда айтылғандарман қатар, біздің оймызша, қазіргі кездегі қазақстандық отбасы тәрбиесінің негізгі міндеттері біріншіден, балаларды оқуға үйрету; екіншіден, өмір сүруге үйрету, бейімдеу, үшіншіден, еңбек етуге және ақша табуға үйрету, төртіншіден, қоғамда басқа адамдармен бірге өмір сүруге үйрету, бесіншіден, заман талабына сай ұлттық дәстүрлерді сақтауға, жалғастыруға үйрету.



### **3.4 Отбасы типтері (түрлері)**

Әрбір отбасы қайталанбайтын ерекше әлеуметтік институт ретінде белгілі бір типтерге жатады. Отбасы құрамы, басқарылу ерекшелігі, қатынас сапасы, мәдени-әлеуметтік мүмкіндігі бойынша:

- Жалғызбасты отбасы (балалы немесе баласыз жұбайлардың бірі)
- Толық емес отбасы
- Толық отбасы
- Бөлек отбасы
- Қариялы отбасы

- Әулетті отбасы (бірнеше ұрпақтың жұбымен болуы)
- Эгалитарлы отбасы (тең құқылы)
- Патриархалды (әкенің басқаруындағы)
- Матриархалды (ананың басқаруындағы)
- Жағдайлы
- Бақытты
- Тұрақты
- Проблемалы
- Даулы
- Жағдайы төмен
- Шырқы бұзылған
- Өнер түріне бейім
- Спортқа бейім
- Техникаға бейім
- Гуманизмге жақын
- Дінмен өмір салты қалыптасқан болып бөлінеді.

«Отбасы – шағын мемлекет» болғандықтан да, уақыттың және қоғамның әсерінен ол үздіксіз дамиды, өзгерістерге ұшырайды. Жаһандану жағдайында қазақ отбасының ұлттық қалпы мен салтын сақтай отырып дамуына педагогикалық тұрғыдан ықпал етудің қажеттілігі дәлелдеуді қажет етпейді.

Қазіргі кезде негізінен отбасының патриархалды (әкенің басқаруындағы) типі кеңінен тараған. Патриархалды отбасы ұғымына әр түрлі сөздіктерде әр түрлі анықтамалар берілген.



Энциклопедиялық сөздікте: «Патриархалды отбасы (грек.. pater әке + arche бастау, билік), – отбасындағы билік ең үлкен ер адамға ғана тиесілі отбасы формасы. Оның құрамына бірнеше ұрпақтың өкілдері енеді» делінген.

Социологиялық сөздікте: «Патриархалды отбасы (үлкен отбасы) – жақын туыстар ұрпақтары құрамынан тұратын, өзара бірігіп шаруашылық жүргізетін және ер адамның абсолютті билігіне бағынған отбасы типі» деп анықтама берілген.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, бұл типтегі отбасыға ұлттық және діни дәстүрлерді сақтауға, үлкендерді құрмет тұтуға, бірнеше ұрпақтың өкілдері бірігіп өмір сүруге және отбасында

эке рөлінің басымдылығына негізделген отбасылар жатады деуге болады. Бұндай отбасылар негізінен кішігірім қалалар мен ауылдарда сақталған.

Үлкен қалаларда керісінше нуклеарлық отбасы кеңінен дамыған. Нуклеарлық отбасы екі ұрпақтан – ерлі-зайыптылар мен олардың балалары некеге дейін бірге тұратын отбасы типі. Нуклеарлық отбасында патриархалды отбасына қарағанда, ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген жақындығы, өзара көмегі, бір-біріне деген қамқорлығы ашық байқалады. Алайда бұл типтің кең тарауының өзіндік салдарлары да бар. Көбіне алдыңғы буынның өмір тәжірибесін беру үдерісі, жас отбасылардың ата-аналары арасындағы эмоционалды байланыстары, өзара бір-біріне көмектесу сияқты қасиеттердің әлсіреуіне алып келуі мүмкін.

Соңғы жылдары шағын отбасылардың: толық емес, жалғызбасты, аналық (некесіз), «Бос ұя» (балалары үйлі-баранды болып ата-аналары жалғыз қалған) көбею тенденциясы байқалуда. Қазіргі кездің басты мәселелерінің бірі болып отырған ажырасу мен ерлі-зайыптылардың бірінің қайтыс болуына қарай толық емес отбасылардың өсуі. Толық емес отбасында бала тәрбиесімен негізінен аналар ғана айналысады. Ал әкелері тек анда-санда ғана баласына көңіл бөледі.

Сондай-ақ, аналық (некесіз) отбасылар да қарқындап өсуде. Статистикалық зерттеулерге сүйенсек некесіз балалардың көпшілігі жасөспірім жастағы қыздар мен 40-тан асқан әйелдердің үлесіне тең.

Сонымен қатар, соңғы жылдары азаматтық некеде тұратындардың саны артқанын байқауға болады. Азаматтық неке Швеция, Англия, Франция, Нидерландия, АҚШ, Канада, сол сияқты Ресей сияқты мемлекеттерде кең тарағанын байқауға болады.



### **3.5 Отбасындағы гендерлік тәрбие**

Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы.

«Gender» сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді. «Гендер» термині әлеуметтік үдерістерді түсінуге арналған талдау құралы болып табылады. Гендерлік рөлдер – белгілі бір қоғамда және тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік және мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге берілетін әлеуметтік рөлдер.

Қазақ отбасында ертеден-ақ гендерлік тәрбиеге ерекше назар аударған. Бұған «Шешеге қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер», «Шеше көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деген сияқты мақалдар дәлел бола алады. Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеп, сараңдыққа салынып кетуден жирендіріп отырған.

Қазақ отбасында қыз бала тәрбиесіне анасы ерте жастан үлкен көңіл бөлген. «Қызға қырық үйден тию» деп қызының әдепті, үй шаруасына икемді болып өсуіне ерекше көңіл бөлген. Кәмелетке толғанға дейін бойжеткен болашақ отбасы өмірінің басты міндеттерінен сабақ алды. Ол ерінің адал жары, ана болу, отбасы беріктігін сақтаушы қызметіне, шаруашылықтың барлық жақтарын игеріп жүргізуге, қонақты лайықты қарсы алуға, туыстарын сыйлап қадірлеуге дайындық тәрбиесі. Көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мәпелеп, қадірлеп өсірген. Қыз баланың тәрбиесіне ең бірінші анасы жауапты болған. Сондықтан қазақ «Шешесіне қарап қызын ал» – деген.

Қазақ қоғамындағы әйелдердің орны жайлы әңгімелегенде, Орта Азияны мекендеген басқа халықтардың әйелдерімен салыстырғанда қазақ қыздары мен әйелдерінің анағұрлым еркін болғанын айтқан жөн. Олар жүздерін жамылғылармен бүркемей, ашық өмір сүрген. Дегенмен, қазақ әйелдері үшін басты міндет – отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

Түйгені көп шешесі қызымен, келінімен өмір тәжірибелерін бөлісіп, болашақ үлкен өмірге дайындайды. Туыс ағыйындардың әйелдері – абысындардың қарым-қатынасы өзара көмек пен түсіністікке, берекеге құрылады. Сондықтан да, «Абысын тату болса, ас көп, ағайын тату болса, ат көп» деген.

Отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Билік, батырлық, әншілік, серілік, мергендік, аңшылық, зергерлік сияқты ата-баба өнерін жеті атасына дейін жалғастыратын әулеттер қазір де баршылық. Отбасы ұл балалардың намысты, ер мінезді, батыл да қайырымды болып өсуіне ерекше мән берген. Ондай қасиетті аңыз-әңгімелер, жеке бастарының үлгі-өнегелері арқылы беруге тырысқан.



### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. «Отбасы» және «отбасы тәрбиесі» туралы ғалымдардың берген анықтамаларына талдау жасай отырып, ұғымдардың мәнін ашып көрсетіңіз.
2. Педагогика классиктері мұраларындағы отбасы тәрбиесі туралы пікірлерге талдау жасаңыз. Олардағы негізгі идеяларды анықтаңыз.
3. П. Ф. Лесгафтың 1991 Москвада жарық көрген «Семейное воспитание ребенка и его значение» атты еңбегін оқып, қысқаша аннотация жасаңыздар.
4. Отбасы баланы алғаш әлеуметтендіретін институт екенін ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелдеңіз.
5. Отбасындағы тәрбиелік ахуалдың баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әсер ететінін дәлелдеңіз.
6. С. Көбеевтің отбасындағы бала тәрбиесі туралы пікіріне тоқталыңыз.
7. Отбасында гендерлік тәрбие беру мәселесіне деген көзқарасыңыз.



## Әдебиеттер

1. Қазақ тілі сөздігі (Қазақ тілінің біртұмдық түсіндірмелі сөздігі) // Құрастырған: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1016 б.
2. Молдағалиев Б. А., Маденова Л. М., Жароллаев Ж. Ж., Қажымова Қ. Р. Психологиялық-педагогикалық сөздік. Екінші басылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2011. – 136 б.
3. Жарықбаев Қ. Б., Сангилбаев О. С. Жантану атауларының түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 203 б.
4. Молдағалиев Б. А., Маденова Л. М., Жароллаев Ж. Ж., Қажымова Қ. Р. Психологиялық-педагогикалық сөздік. Екінші басылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2011. – 136 б.
5. Нұрғалиев Р. Философиялық сөздік. Алматы. «Қаз. энциклопедиясы бас редакциясы», 1996. – 342 б.
6. Васильева А. К. Структура семьи. – М., 1988.
7. Патриархальная Семья (большая Семья) – Социологический словарь – ...  
*enc-dic.com/sociology/Patriarhal...копия*
8. Аберкромби Н., Хилл С, Тернер Б. С. Социологический словарь, 2008. – С.22.voluntary.ru/dictionary/874
9. Көбеев С. Отбасындағы бала тәрбиесі. – Алматы, 1966.
10. Азаров Ю. П. Семейная педагогика: Педагогика Любви и Свободы. – М., 1993.
11. Қоянбаев Ж. Б. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы. Рауан, 1990.
12. Асанов Ж. Отбасы тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 2007. -№4.
13. Қалиғожин А. Отбасылық тәрбие// Сынып жетекшісі, 2003. – №3.
14. Нұғыспанова Ш. Отбасындағы бала тәрбиесі //Бастауыш мектеп, 2005. – №1.



## ОТБАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ



### 4.1 Отбасының қызметтері

Отбасы – қоғамдық және отбасы мүшелерінің мүдделері бірге ұштасқан ерекше әлеуметтік институт. Қоғамның алғашқы формасы ретінде оның өзіндік атқаратын қызметтері бар. Отбасының қызметтері – әрбір отбасы мүшелерінің мақсатты іс-әрекеттерінің бағыттарын көрсетеді. Отбасының негізгі қызметтеріне қоғамның талаптары мен сұраныстары, отбасының құқықтары мен моральдық нормалары, мемлекеттің отбасына шынайы көмегі сияқты факторлар ықпал етеді.

Қазіргі кезге дейін отбасының қызметтері туралы жалпы қабылданған жіктеулердің жоқтығын айта кеткен жөн.

Отбасының қызметтерін топтастыруға тырысқан ғалымдардың бірі фин педагогы Ю. Хямляйнен. Ол өзінің «Воспитание родителей: Концепции, направления и перспективы: Книга для воспитателей детского сада и родителей» атты еңбегінде отбасының қалыптасу кезеңдерін бөліп көрсете отырып, әр кезеңге сәйкес отбасы қатынасының өзіне тән қызметтері болатындығына сипаттама береді. (1-кесте).

1-кесте

#### Отбасының қалыптасу кезеңдері мен қызметтері

Отбасының кезеңдері	Отбасының негізгі қызметтері	
	Ата-аналардың қызметі	Балалардың қызметі
1	2	3
I. Отбасының алғаш қалыптасу кезеңі	Жұптық қатынасты ұғынуы, ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарының өзара берік болуы, ата-аналарымен және басқа	



	туыстарымен қарым-қатынас орнатуы, ерлі-зайыптылардың отбасының болашағы туралы әңгімелесуі.	
II. Болашақ баланы түтуші отбасы; жас балалы отбасы	Ананың ауыр аяқ болуын және балалы болатынын түсінуі; ана және әке болуға, солардың рөліне еруге дайындық, баланың қажеттіліктеріне қамқорлықпен қарау, үйдегі, бала күтіміне қатысты міндеттерді бөлісу.	Бала анасының толық қамқорлығында екенін сезінеді, оған жақын бола бастайды, әрекет ету амалдарын меңгереді, қол кимылдарын жасауға үйренеді, алғаш сөйлеуге үйренеді.
III. Мектеп жасына дейінгі баласы бар отбасы	Баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын дамыту; материалдық шығындарға даяр болу; міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлісу; бала дүниеге келуімен байланысты туыскандық қатынастарды әрі қарай дамыту; отбасылық достар шеңберін сақтап қалу, отбасылық дәстүрлерді қалыптастыру, бала тәрбиесі туралы әңгімелесу.	Өзіне жақын нысандармен үнемі бірге болу ниеті мен оның әр кез мүмкін болмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды жеңе білу; өзбетімен әрекет етуге даяр болу; үлкендердің тазалықты сақтау туралы талаптарын орындау; бірге ойнап отырған жолдасына қызығушылық таныту; анасы не әкесі сияқты болуға тырысу.
V. Оқушы балалары бар отбасы	Балаларында ғылыми және практикалық білімдерге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу; баланың қызығушылықтарын қолдау; отбасылық жағымды қарым-қатынасты әрі қарай дамыту; ата-аналары мен зайыбына деген қамқорлық; басқа да туыстарымен ынтымақтасу.	Мектепте оқуға қажетті дағдыларды меңгеру; отбасының толыққанды мүшесі болуға тырысу; өзін тұлға ретінде сезіне білу; құрдастарымен араласу; сөздік қорын және сөйлеу тілін молайту.

<p>VI. Жоғары сыныпта оқитын баласы бар отбасы</p>	<p>Ер жету шамасына қарай балаға жауапкершілікті жүктеу; отбасылық өмірдің жаңа кезеңіне дайындалу; отбасы қызметтерін бөлу, отбасы мүшелері арасындағы міндеттерді бөлісу; жақсы үлгілер негізінде балаларды тәрбиелеу; баланың дербес ерекшеліктерін мойындау және түсіну; қайталанбас тұлға ретінде оған құрметпен және сеніммен қарау.</p>	<p>Өз жынысына жағымды қатынаспен қарау; ер және әйелдердің рөлдерін түсіну; эмоционалдық тәуелділіктен кету; мамандық таңдау; материалдық тәуелсіздікке ұмтылу; қарама-қарсы жыныстағы замандастарымен достық қатынасқа, некеге, отбасын құруға даярлану; дүниеге деген өзіндік көзқарасының қалыптасуы.</p>
<p>VII. Ересек жастағы балалары бар отбасы</p>	<p>Ержеткен баласынан бөлектену; баласының некеге тұруына байланысты отбасының жаңа мүшесіне жағымды жағдай жасау; жаңа құрылған отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына қамқорлық таныту; ата-әже рөліне даяр болу; өзінің және балаңның отбасымен жақсы қатынас құру; әр отбасының өз еркіндігіне құрметпен қарау.</p>	<p>Өз ісіне жауап беретін жеке адам екенін сезіну; өзінің болашақ жарымен тұрақты, тығыз қатынас орнатуға тырысу; өзіндік құндылықтар жүйесін, көзқарасын, өмір сүру салтын құру; отбасын құру үшін серіктестік қатынасты дамыту міндеттерімен таныс болу.</p>
<p>VIII. Орта жастағы отбасылар («бос ұя»)</p>	<p>Ерлі-зайыпты қатынастардың әлсіреуі; жас кезеңіне байланысты физиологиялық өзгерістерге бейімделу; бос уақытын шығармашылықпен пайдалану; туыскандармен достарымен қарым-қатынасты бекіту ата, әже рөліне ену.</p>	
<p>IX. Қартайған отбасы</p>	<p>Өзінің жалғыздығы мен өлімге деген қатынасын</p>	<p>Өз отбасылық өмірін дамытумен қатар қар-</p>

	сезінуі; қарт адамдардың қажеттілігіне сай отбасындағы өзгерістер; зейнеткерлік өмірге бейімделу; басқа адамдардың көмегін қабылдауға даяр болу; өзінің жасына қарай әрекеті мен қызығушылықтарын таңдау.	тайған ата-анасына қамқорлық көрсету; оларға қажетінше материалдық және рухани қолдау көрсету; ата-аналарының өмірден өтуіне дайын болу.
--	---	--

Жоғарыда келтірілген мысалдарды талдай келе, отбасының қалыптасып даму кезеңдеріне сай олардың қызметтері де өзгеріп отырады деп қорытындылауға болады. Алайда отбасының қызметтері туралы басқа да көзқарастар бар екенін байқауға болады.

Ж. Б. Қоянбаев «Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі» атты еңбегінде отбасының өзіне тән ерекше қызметтері деп: халықтың өсуін, адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыруын, қажеттік шаруашылық функциясын, отбасының тәрбиелік функциясын, отбасы мүшелерінің өзара және туған-туысқандарымен қарым-қатынас жасау функциясын есептейді.

Аталған еңбекте отбасы тәрбиесінің бір қалыпты жағдайда іске асырылмайтындығы және отбасы тәрбиесінің сәтсіз болуының басты себебі – ересек адамдардың педагогикалық көзқарастарының қауқарсыздығынан дей келе, отбасындағы бала тәрбиесіне игі ықпал етуде мәні бар төмендегі белгілерді атап көрсетеді.

- Отбасының этикалық құрамы және құрылымы толық емес отбасы: бір балалы, көпбалалы отбасы, бірұлттық, көпұлттық отбасы;

- Тіршілік әрекетінің және органың жағдайлары: отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, еңбектену, кәсіптік құрамы, бюджеті, жалпы материалдық әл-ауқаты, ауылдық және қалалық отбасы;

- Отбасының мәдени потенциалы: күнделікті тұрмыстың жалпы мәдениеті, күн тәртібі, демалыс, оның формалары, кітапхананы, теледидарды, музыка аспаптарын пайдалана білуі, спортпен айналысуы, отбасылық дәстүрлік мерекелер.

- Ішкі отбасылық қатынастар, отбасы микроклиматының сипаттамасы, отбасында көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, отбасы мүшелерінің өз міндеттеріне көзқарасы;

- Қоғамға көзқарасы: еңбек және қоғамдық міндеттерге, қоғамдық тәрбие институттарына қатысуы;

- Отбасының тәрбиелік потенциалы: отбасылық тәрбие, қолданылатын әдістер, ата-аналарының және басқа мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі.

Т. Б. Бегалиев, Р. Е. Әжібаева «Отбасылық тәрбие, оның тарихи негіздері» атты еңбегінде «Отбасы ұсақ (кіші) топ ретінде төмендегідей негізгі функцияларды іске асырады:

- репродуктивтік (бала табу арқылы қоғамды қалпына келтіру);

- экономикалық (өндіру және тұтыну);

- қорғаныс функциясы (отбасы мүшелерінің денсаулығына, материалдық игіліктермен қамтамасыз етуге, қауіп-қатерден қорғауға қамқорлық жасау);

- балаларды оқыту-тәрбиелеу;

- эмоциялық (ерлі-зайыптылардың бірін-бірі сүйюі); әлеуметтендіру функциясы (балаларды қоғамдық тәртіпке, мінез-құлыққа т.б. баулу).

Отбасының өзінің тарихи өзгерісіне байланысты бұл функциялардың арақатынасы да өзгеріп отырады» деп көрсетеді.

Отбасы мәселелерін шешуде әр түрлі саладағы мамандар өз пікірлерін ұсынууда. Әлеуметтанушылар, демографтар, педагогтар мен психологтар тарапынан отбасының әр түрлі функциялары ұсынылып, түсіндіріледі. Л. М. Панкова отбасының қызметтерін: бала туу, тәрбиелік, шаруашылық-экономикалық, тіл табысушылық деп, төртке бөліп көрсетті. Ал, орыс ғалымы И. В. Гребенников отбасының қызмет түрін:

- өмірге адам әкелушілік;

- экономикалық;

- тәрбиелік;

- қарым-қатынастық және демалыс пен бос уақытты ұйымдастырушылық деп толықтыра, аясын кеңейте түсті.

Отбасын әлеуметтік педагогика тұрғысынан қарастырған орыс ғалымдары Ю. В. Василькова мен Т. А. Василькова отбасының негізгі қызметін қарастырғанда, А. Г. Харчевтің бала туу және биологиялық қызмет басты деп санайтын пікірімен келісе отырып, одан басқа да: тәрбиелік, шаруашылық-тұрмыстық, экономикалық, әлеуметтік бақылау, рухани қарым-қатынас, әлеуметтік-мәртебелік,

бос уақытты ұйымдастырушылық, көңіл-күй қажеттілігі деп, сегіз қызметін көрсетеді. Отбасының осы қызмет түрлерін Л. И. Гриценко өз еңбегінде дәлме-дәл ұсынады. Белгілі ресейлік ғалым Г. М. Код-жаспирова отбасы қызметінің психологиялық жағын кеңірек қарап, қызмет санын 9-ға жеткізген:

- репродуктивті;
- шаруашылық-экономикалық;
- тәрбиелік; әлеуметтендірушілік; сихотерапевтикалық;
- қалыпқа түсірушілік;
- реттеушілік;
- қарым-қатынастық;
- әр отбасы мүшесінің бақытты болуына жағдай жасаушылық (фелицитологиялық).

Қазіргідей білім мен ғылым, техника қарыштап дамыған заманда отбасының жан-жақты қызметі:

- ұрпақ жалғастырушылық;
- тәрбиелеу және әлеуметтендіру;
- қарым-қатынастық және психологиялық реттеушілік;
- экономикалық және шаруашылық;
- бос уақытты ұйымдастырушылық.

Отбасының бұл қызметтері бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырады, өзара жете түсініседі.

**Отбасының ұрпақ жалғастырушылық функциясы** өмірге ұрпақтың келуімен байланыстырылады. Бала туу, өмірге адам әкелу – отбасының негізгі қызметі. Оны ешқандай мемлекеттік мекеме немесе басқа әлеуметтік институттар атқара алмайды. Адамның биологиялық мүмкіндіктерін іске асыру ерлі-зайыптыларға телінген басты міндет болмақ. Ол неке арқылы бекіп, отбасы жағдайында жүзеге асқанда ғана қалыпты жағдай болып саналмақ. Бұл үлкен жауапкершілікті, рухани қарым-қатынасты қажет етеді. Ерлі-зайыптылардың махаббатының жеміс беруі, өсіп-өркендеуі, өмірдің ата-ананың орнын басатын ұрпақпен жалғасуы және олардың саны – әке мен шешенің қалауымен болатын іс. Бұл бір жағынан, саяси-демографиялық мәселе болғандықтан да ұлтжандылық пен адамгершілікті талап етеді.

**Отбасындағы қарым-қатынастық және психологиялық реттеушілік** қызмет ата-ананың рухани адамгершілігі арқылы өзара сыйластықты басшылыққа ала отырып іске асырылады. Отбасы

мүшелерінің жас ерекшелігіне сай, үйде және кез келген ортада тіл табысушылығы мен қарым-қатынас мәселесі, рухани үйлесім, өмірлік жағдаяттардан тиімді шығудың жолдарын қарастыру мүмкіндігі мен қабілет-қарымының ескерілуі, көңіл-күйдің қажеттілігі мен отбасы мүшесінің бақытты болуына жағдай жасау да отбасы жағдайында қарым-қатынастық және психологиялық тұрғыдан реттеуді қажет етеді. Отбасын психологиялық ахуал қалыптастыруға тырысатын ізгі ниеттегі рухани ошақ деп атайтынымыз сондықтан.

Отбасында балалардың болуы ата-аналарының жеке басына әсер етеді. Олар бір-біріне әсер ете отырып, бірін-бірі тәрбиелейді. Отбасының **тәрбие берушілік қызметі** үш аспектіде жүзеге асырылады.

1. Баланың жеке басын қалыптастыру, оның қызығуы мен қабілетін дамыту отбасындағы ересектердің өмірлік тәжірибелері арқылы жүзеге асырылады.

2. Үйдегі әрбір адамның жеке басына отбасы ұжымы үнемі жүйелі түрде тәрбиелік ықпал етіп отырады.

3. Отбасындағы балалар үнемі ересектердің өздерін белсенді түрде тәрбиелеп отыруына мәжбүр ететіндей әсер етеді.

Адам өмірге келгеннен бастап, өмірінің соңына дейін отбасының ықпалын сезінеді. Бұнымен ешқандай тәрбиелік қоғамдық институттар тең келуі мүмкін емес. Әрбір отбасында өзіне тән белгілі бір адамгершілік-рухани деңгей қалыптасқан. Осы деңгей қаншалықты жоғары болса, отбасындағы адамдардың мәдени қажетін қанағаттандыру, қызығуы мен қабілетін дамытуға үлкен мүмкіндік болады. Онда бала тәрбиесі дұрыс жалғасын тауып, адамгершілік және көңіл күйлік-эстетикалық байлықпен өмір сүреді.

Отбасының қазіргі қызметінің бір нұсқасын фин педагогы Ю. Хямяляйнен ұсынды. Отбасы қалыптасуының кезеңдерін бөле отырып, ол әр кезеңде отбасылық қарым-қатынасқа тән қызметтерді көрсетті. Ол 2-кестеде берілді.

## Отбасы дамуының және отбасы мүшелерінің атқаратын қызметтерінің негізгі кезеңдері

Отбасы кезеңдері		Отбасының негізгі қызметі	
I		Ата-ананың қызметі	Баланың қызметі
1		2	3
I. Отбасы қалыптасуының алғашқы кезеңі	Серіктестік қарым-қатынасты сезіну; жұбайлар арасында өзара қарым-қатынасты нығайту; жыныстық қарым-қатынас орнату; ата-анамен және басқа да туыстармен қарым-қатынас орнату; болашақ отбасы жайында жұбайлар арасында әңгімелесу.		
II. Нәрестесі бар отбасы, балалы отбасы.	Жүктілік туралы ойға үйрену; ата-ана рөліне дағдылану; баланың қажеттіліктеріне қамқорлық көрсету; үй және бала күтіміне қатысты міндеттерді бөлу.		Бала анасына тәуелді және оған сене бастайды, құштарлықтың пайда болуы; өзара әрекеттің дағдыларын меңгеру; өзге адамдарды күтуге бейімделу; қол қимылдарының үйлесімділігінің дамуы; қысқа сөздерді меңгеру.
III. Мектепке дейінгі кезеңдегі баласы бар отбасы	Баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің дамуы; материалды шығындарға үйрену; міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу; жыныстық қарым-қатынасты жалғастыру, баланың пайда болуымен байланысты ата-аналармен қарым-қатынасты дамыту; бұрынғы достар құрамын сақтау, отбасылық дәстүрлердің қалыптасуы; бала тәрбиесі жөнінде әңгімелесу.		Дербес болуға үйрену; үлкендердің тазалықты сақтау ережесін (тамақтану кезіндегі ұқыптылық; жыныс органдарының гигиенасы) орындау; ойын бойынша жолдастарына қызығушылық таныту; ата-анасы секілді болуға ұмтылу.

<p>IV. Мектеп жасындағы баласы бар отбасы</p>	<p>Балаларда ғылыми және тәжірибелік білімдерге қызығушылығын тәрбиелеу; баланың әуесқойлығын қолдау; отбасындағы өзара қарым-қатынасының ары қарайғы дамуы; жұбайлық және ата-ананың жеке өміріне қамқорлық жасау; өзге ата-аналармен ынтымақтастықта болу.</p>	<p>Мектепте білім алуға қажетті дағдыларды меңгеру; отбасының толыққанды мүшесі болуға ұмтылу; өзін тұлға ретінде сезіну; жолдастық топқа қосылу; сөздік қорды кеңейту мен тілді дамыту; әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастыру.</p>
<p>V. Үлкен мектеп жасындағы баласы бар отбасы.</p>	<p>Есею шамасына қарай балаға жауапкершілікті беру; отбасы өмірінің жаңа кезеңіне дайындалу; отбасы қызметін анықтау; отбасы мүшелері арасында міндеттерді бөлу; баланы лайықты үлгіде тәрбиелеу; баланың жекелігін түсіну және қабылдау; оған жеке тұлға ретінде сену және құрметтеу.</p>	<p>Өзінің жынысына оң көзқараспен қарау; әйел мен еркектің рөлдерін анықтау; өз замандастары қатарында екенін сезіну; эмоционалды дербестікке қол жеткізу; ата-анадан алшақтау; мамандық тандау; материалдық тәуелсіздікке ұмтылу; замандас өзге жыныстың өкілімен достасуға; үйленуге; отбасын құруға дайындалу; өзіндік дүние-танымның қалыптасуы.</p>
<p>VI. Өмірге қадам басқан ересек балалы отбасы</p>	<p>Есейген баласынан алшақтау; отбасына неке-лік байланыстар арқылы келген; жанадан қосылған мүшелеріне тілектестік жағдай орнату; жаңа отбасылық құрылымда жұбайлық қарым-қатынасқа қамқорлық жасау; некенің жаңа кезеңіне өту және ата мен әже рөлдеріне дайындалу; өзінің және баласының отбасымен жақсы қарым-қатынас орнату.</p>	<p>Өз іс-әрекетіне жауап бере алатын дербес адам екенін сезіну; болашақ жарымен тығыз қарым-қатынас орнату; өзіндік құндылықтар, дүниетаным, өмір салтын құру; отбасын қалыптастыру барысында жұбайлық қатынастардың міндеттерімен танысып, оны дамыту.</p>



<b>Жұбайлық, жолдастық қызметтер</b>	
VII. Орта жастағы отбасы	<p>Жұбайлық қарым-қатынасты жас ерекшелік; физиологиялық өзгерістерге бейімдеп жаңғырту; көлемді бос уақытты шығармашылықпен пайдалану; туыстар мен достар арасында өзара қарым-қатынасты нығайту; әже мен аға рөлдеріне ену.</p>
VIII. Егде тартқан отбасы	<p>Қарттық пен жалғыздық кезеңіне өзіндік қатынасын сезіну, қарт адамдардың қажеттілігіне сай үйге өзгерістер енгізу; зейнеткерлік өмірге бейімделу; өзге адамдардың көмегін қабылдауға үйрену; өзінің әуестері мен іс-әрекетін өз жасына бағындыру; өмірдің аяқталу сәтіне дайындалу.</p>
	<p>Өзінің отбасылық қызметімен қатар, қарт аталарына қамқорлық көрсету, ата-анасының өмірден озатынына материалды және рухани дайындалу; өз балаларын атасы мен әжесін жоғалтатынына дайындау.</p>

Кестеге талдау жасай отырып, отбасы қызметінің түрлі кезеңінде отбасы мүшелерінің атқаратын қызметі өзгереді деп қорытынды жасауға болады.

**Отбасының әлеуметтендіру қызметінің** басты міндеті – өмірге адам даярлау және бейімдеу. Бұл тек отбасындағы ата-ананың үлгі болуымен, үйретуімен шектелмейді. Сонымен қатар, білім алуға баулу арқылы жүзеге асады. Бұл отбасы жағдайында баланың өмірге жан-жақты сапаларын қалыптастыру, дамыту, даярлануы болып табылады. Отбасында тәрбиелеу және әлеуметтендірудің өзіндік принциптері мен шарттары, талап-тәртіптері, әдістері мен тәсілдері бар.

Отбасы өз қызметін ер мен әйелдің әлеуметтік деңгейі, білімі және өмір сүрген ортасына сай атқарады. Отбасы әлеуметтік ортасына сай бірнеше түрге бөлінеді: ауыл қазақтарының отбасы, қала қазақтарының отбасы және жұмысшы отбасы, зиялы отбасы, космополит (шала қазақ) отбасылар.

Отбасындағы әрбір баланың дұрыс тәрбие, сапалы білім алуы шартты жағдайда отбасының әлеуметтік жағдайына да байланысты. Отбасы өз қожалығын, өз бюджетін ұйымдастырады және оны қажетіне қарай бөліп жұмсайды. Ол отбасының **экономикалық қызметін** құрайды. Экономикалық қызмет отбасын басқару мәселесімен және отбасы басшысын анықтау, отбасы мүшелерінің өз рөлдерін: үй шаруасындағы міндеттерді бөліп атқаруға қатысты болмақ. Бір қарағанда материалдық құндылықтарды дәріптеу болып көрінгенімен, отбасының әлеуметтік мүмкіндігін жақсарту мен еңбек әрекетін жолға қою отбасы өмірінің сан қырлылығын қарастырады.

Бұл күнде басты мәселеге айналып келе жатқан – отбасының **бос уақытты** дұрыс ұйымдастыруы. Отбасылық өмір салтының, өмір ырғағының дұрыс және ретті түрде қарастырылуы – бүгінгі отбасына қойылатын талаптың бірі болмақ. Бос уақыт – адамның күшқуаты мен рухани жан-дүниесін байытатын, тұлғаның жан-жақты дамуына берілген мүмкіндік. Бос уақытты дұрыс ұйымдастыру отбасы иелерінің тұлғалық сапасының көрінісі. Балаға бесік жырын немесе ертегі айтып ұйықтатудан, таза ауада серуендету, теле-радио хабарларын тыңдату, театрлар мен концерттерге, кітапханаларға апару, мерекелерді өткізу, туған-туыстарымен араластыруға дейінгі көптеген мәдени-әлеуметтік шаралар рухани құндылықтар қатарын толықтырады.

Бос уақытты ұйымдастыру отбасының біртұтастық жүйесін сақтауға бағытталған ерекше рөлді атқарады. Бос уақытты ұйымдас-

тыру мазмұны мен формасы отбасы мүшелерінің мәдениеті мен біліміне, тұратын жеріне, табысына, ұлттық дәстүрлеріне, олардың бейімділіктері мен қызығушылықтарына байланысты. Отбасының бос уақытын белсенді, мазмұнды етіп өткізуі оның мүшелерінің қажеттіліктері мен қызығушылықтарының қаншалықты ескерілуіне байланысты.

Отбасының формасы мен атқаратын міндеттері мен қызметтерінің өзгеруі, сайып келгенде, өндіргіш күштердің дамуына, яғни адамның шығу тегін айқындайтын элементтердің дамуына байланысты болады.



## 4.2 Отбасында тәрбиелеу ұстанымдары

Тәрбиенің негізі болып табылатын бастапқы ережелер әр түрлі жағдайлардағы ересектердің жүйелі және тұрақты іс-әрекеттерін анықтайды. Тәрбие ұстанымдары тәрбие мақсатынан туындайды.

Егер тәрбие мақсатын ересектер балаларын қандай да бір жетістіктерге, биікке жеткізу деп түсінсе, онда тәрбие ұстанымдары нақты әлеуметтік-психологиялық жағдайларда сол мақсатты жүзеге асырудың мүмкіндігін анықтайды.

Соңғы жылдары қоғамдағы демократиялық өзгерістерге қарай тәрбие ұстанымдары да өзгеріп бұрынғының орнын жаңа басуда. Педагогикалық әдебиеттерде отбасы тәрбиесінің төмендегідей ұстанымдары көрсетілген: мақсаттылық ұстанымы, ғылымилық, тәрбиені ізгілендіру, тәрбиенің бірізділігі мен үздіксіздігі, тәрбиенің кешенділігі мен жүйелілігі, қойылатын талаптардың бірлігі.

### Мақсаттылық ұстанымы

Тәрбие педагогикалық құбылыс ретінде әлеуметтік-мәдени құндылықтарға бағыттылығымен сипатталады. Қазіргі кезде отбасы бала тәрбиесінде қандай да бір дәрежеде қоғамның алдыға қойған мақсатына сүйенеді. Соңғы жылдары тәрбиенің негізі мақсаты адам құқығы, балалар құқығы туралы декларацияларда, ҚР заңдарында көрсетілген адамға құндылық ретінде қарау болып табылады.

Әрбір отбасының бала тәрбиелеудегі мақсаты әр түрлі. Кейбір ата-ана өз біліміне, өмірде көрген-түйгеніне, өзі алған тәрбиесіне

сүйеніп, өз балаларын тәрбиелейді. Ал кей ата-аналар өзіне жетіспеген, өзі ала алмаған кемшіліктерді ескере отырып, сол кемшіліктерді жібермеуге тырысып тәрбие мақсатын анықтайды. Сондай-ақ әр отбасы бала тәрбиесінде қалыптасқан этникалық, мәдени, діни дәстүрлерді де ескереді.

Отбасы қоғамның бір бөлігі ретінде ондағы тәрбие институттарымен тығыз байланысты. Сондықтан отбасы тәрбие мақсатын анықтағанда сол тәрбие институттарының (балабақша, мектеп, т.б.) мақсаттарын да ескереді.

Тәрбие мақсатын анықтағанда отбасы бірқатар қиыншылықтарға да кездеседі. Себебі кез келген отбасы балалардың жас және дербес ерекшеліктері туралы біле бермейді. Сондықтан педагогтардың кәсіби қызметінің бірі ата-аналарға тәрбие мақсатын нақтылауға көмектесу.

### **Ғылымилық ұстаным**

Көптеген ғасырлар бойы тәрбие аға ұрпақтан келесі ұрпаққа күнделікті өмір барысында, салт-дәстүрлер ретінде беріліп келді. М. Жұмабаевтың пайымдауынша, адам баласын тәрбиелегенде ең алдымен өз тәжірибесіне сүйенеді. Алайда адамның өз тәжірибесі болашақ бала тәрбиесі үшін жеткіліксіз. Екінші бала тәрбиесінде адам салт-дәстүрлерге сүйенеді. Бірақ салт-дәстүрлердің де озығы мен тозығы бар.

Сондықтан ата-ана бала тәрбиесінің ғылыми негізін білу керек. Т. А. Марков, Л. В. Загик және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде отбасы тәрбиесіндегі олқылықтар ата-аналардың педагогика мен психология ғылымдарының білімдерінің төмендігінен екендігі анықталған. Мысалы, ата-аналардың балаларының жас ерекшелігін білмеуі тәрбие барысында әр түрлі кездейсоқ әдістері мен құралдарды пайдалануларына алып келеді.

Сондай-ақ отбасында жағымды психологиялық ахуал тудыра алмау – балалардың жүйке ауруларына шалдығуына, жасөспірімдердің девиантты жүріс-тұрысына ықпал етуде.

### **Ізгілендіру ұстанымы**

Шығыс пен батыс гуманистері дүниенің ең асылы, бағалысы – адам, ал оның бақыты – бала деп білген. Ізгілендіру ұстанымының негізі баланың жеке басына құрметпен қарау. Бұл ұстаным-

ның мәні ата-аналар өз балаларын қаз қалпында өзіндік мінез қырларымен, талғамымен, әдеттерімен қабылдауы керек. Бала өмір есігін өз еркімен және қалауымен емес ата-ана қалауымен ашты. Сондықтан балалары өздерінің үмітін ақтамаса, оған ренжудің керегі жоқ. Себебі әр ата-ана өз балаларына келбеті мен табиғи нышандарды, темпераментті сыйлады. Әр түрлі тәрбие құралдары арқылы олардың мінез қырларын, сезімдері мен әдеттерін, дүниеге деген қатынасын қалыптастыруға тырысады. Алайда бала ата-ана санасындағыдай идеалға сәйкес келе бермейді. Соған қарамастан әр ата-ана өз баласын қайталанбас, ерекше тұлға ретінде қабылдауы керек.

Ізгілендіру ұстанымы ересектер мен балалардың қарым-қатынасын реттейді. Олардың бір-біріне деген қатынасы өзара сенімділік пен сыйластыққа, махаббат пен ынтымақтастыққа негізделген.

### **Тәрбиенің бірізділігі мен үздіксіздігі ұстанымы**

Бұл ұстанымға сәйкес тәрбие оның мақсатына сәйкес біртіндеп, баланың жасына, оның ерекшелігіне сай жүзеге асырылуы қажет. Бірізділік тек тәрбие мазмұнына ғана емес, тәрбие құралдары мен әдістеріне қатысты. Мысалы, ерте жастағы баланы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыстыру үшін оны қызықтыру тәсілі сәтті болса, 5-6 жастағы балаларға бұл жеткіліксіз. Оған түсіндіру, сендіру, үлгі-өнеге көрсету тиімді.

Тәрбие өте ұзақ үдеріс. Оның нәтижесі бірден байқалмайды. Сондықтан тәрбие де бірізді, үздіксіз жүргізілуі керек. Ересектердің бірізді әрі үздіксіздік жүргізген тәрбиесі балаға тұрақтылық пен сенімділік береді, ал бұл тұлға қалыптасуының негізі.

Егер баланың жақындарының бәрі белгілі бірдей жағдайда өздерін балаға қатысты үлгі ретінде ұстай білсе, онда бала өзінен не күтетінін бірден түсінеді. Соның арқасында бала өз бостандығының шегін аңғара бастайды. Мысалы, егер отбасы мүшелерінің бәрі баланы өзбетінше әрекет етуге біртіндеп әдеттендірсе, соған қажетті дағдыларды игеруге көмектесе, онда бала серуенге шығарда өзін киіндіруді талап етпейді. Алайда, бала бойында белгілі бір сапалық қасиеттер бірден қалыптаса салмайды. Ол көп қайталауды, әр түрлі ықпалды қажет етеді. Ата-аналардың, әсіресе жас ата-аналардың қателігі – өнімнің жемісін бірден көргісі келетіндігінде.

Кейбір ата-аналар бала тәрбиесіне бірізді көңіл бөлмей, тек белгілі бір кезеңдерде ғана көңіл бөліп отырады. Мысалы, ата-аналар жиналысынан кейін не мұғаліммен сөйлескеннен кейін. Бұл бала психикасына жағымсыз әсер етеді.

### **Кешенділік пен жүйелілік ұстанымы**

Бұл ұстанымның мәні тұлғаға педагогикалық үдерістің әртүрлі қырлары мен факторларын ескере отырып, тәрбие мақсаты, құралдары, әдістері арқылы жан-жақты ықпал ету. Қазіргі бала тек отбасында ғана емес, әр түрлі әлеуметтік, табиғи, мәдени ортада өсіп келеді. Бала ерте кезден бастап радио тыңдайды, теледидар, компьютер көреді, серуенге шығады. Онда әр түрлі адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Бұл ортаның барлығы бала дамуына қандай да бір дәрежеде ықпал етеді. Мысалы, балалар теледидар мен компьютер арқылы көп нәрсені көріп, біледі, өз білімін, ақыл-ойын кеңейтеді, алайда солар арқылы адам өлтіру және басқа да жауыздықтарды көреді. Ал осыларды реттеу отбасының қолында.

Ғылыми педагогикада тәрбиенің бірнеше түрлері көрсетілген. Тәрбие барысында олар өз алдына бөлек-бөлек емес, кешенді түрде жүзеге асырылады. Себебі тұлғаға білім бере отырып, оның ақыл-ойының дамуына, адамгершілік, эстетикалық және тағы басқа тәрбие алуына көңіл бөледі.

Ғылыми мәліметтерге қарасақ, басқа қоғамдық институттарға қарағанда, отбасының бала тәрбиелеу мүмкіндігі зор. Алайда мұны барлық отбасы түсіне бермейді де, жекелеген тәрбие түрлеріне басымдық береді. Мысалы, кейбір отбасы ақыл-ой тәрбиесіне көп көңіл бөліп, дене, еңбек тәрбиесін екінші орынға қалдырады. Кей отбасы керісінше, еңбек, дене тәрбиесіне көңіл бөліп, ақыл-ой тәрбиесіне жете мән бермейді.

### **Тәрбиеге қойылатын талаптардың бірлігі**

Бала тәрбиесінің бір ерекшелігі оны әр түрлі тұлғалар: отбасы мүшелері, білім беру мекемелеріндегі кәсіби педагогтар жүзеге асыратындығы. Сондықтан олар тарапынан қойылатын талаптар да бірыңғай болуы керек.

Бұлай болмаған жағдайда И. А. Крылов мысалындағыдай «Аққу, шортан һәм шаян» болуы мүмкін. Талаптардың бірыңғай болмауы баланы ұстамсыздыққа, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруге итермелейді.

Отбасындағы тәрбие үдерісін жоғарыда айтылған ұстанымдарға сәйкес құру ата-аналарға балаларының танымдық, еңбек, көркемдік, дене және басқа да әрекеттерін дұрыс басқаруға мүмкіндік береді.



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Отбасының қызметтерінің мәнін мысалдар келтіре отырып ашуға тырысыңыз.

2. Қазіргі кезде баспа беттерінде отбасының бала тәрбиелеу қызметтер мен ұрпақ жалғастырушылық қызметтері бәсеңдеп кетті деген пікірлер жиі айтылады. Осыған байланысты өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

3. П. Ф. Лесгафтың «Семейное воспитания ребенка и его значение» еңбегіндегі отбасы тәрбиесінің ұстанымдарын оқып, талдау жасаңыз.

4. «Отбасының бақыты сіздің қолыңызда» деген пікірді қалай түсінесіз? Ойыңызды өз отбасыңыз не достарыңыздың, жақындарыңыздың өмірінен мысал келтіре отырып, дәлелденіз не жоққа шығарыңыз.



## Әдебиеттер

1. Хямяляйнен, Ю. Воспитание родителей. Концепции, направления и перспективы/ Ю. Хямяляйнен – М.: Просвещение, 2003. – 270 с.

2. Қоянбаев Ж. Б. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы. Рауан, 1990.

3. Азаров Ю. П. Семейная педагогика: Педагогика Любви и Свободы. – М., 1993.

4. Лесгафт П. Семейное воспитание ребёнка и его значение.... Лесгафт П. Ф. Избранные педагогические сочинения. – М., 1988. – С. 18-19, 24-114, 137-138.

5. Асанов Ж. Отбасы тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 2007. – №4.

6. Қалиғожин А. Отбасылық тәрбие // Сынып жетекшісі, 2003. – №3.

7. Нұғыспанова Ш. Отбасындағы бала тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 2005. – №1.



## ОТБАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ- НОРМАТИВТІК БАЗАСЫ



### 5.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Отбасы туралы Заңының 27-бабы

Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу ең алдымен әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталмақ. Тәрбиенің бастапқы әліппесін бала отбасында алады.

Қоғам өзінің берік және тұрақты дамуының негізі отбасы болуына мүдделі. Сондықтан отбасының некелік-отбасылық қарым-қатынасы, өмірлік қызметтері, қоғаммен қатынасы заңнамалық базаға негізделуі қажет. Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілері Қазақстан Республикасы Ата Заңында, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңында, Балалардың құқығын қорғау туралы конвенцияда, «Баланың құқықтары туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, **Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында** көрсетілген.



1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бабында: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» делінген.



### 5.2 Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы

1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының «Баланың құқықтары» ат-



ты 9-тараудың «Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы» атты 52-бабында:

1. Он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам бала деп танылады.

2. Әрбір баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын білуге құқығы, олардың қамқорлығына құқығы, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға құқығы бар.

3. Баланың өз ата-анасы тәрбиеленуіне, оның мүдделерін қамтамасыз етуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, оның адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

Ата-анасы болмаған жағдайда, оларды ата-ана құқығынан айырған жағдайда және ата-ана қамқорлығынан айырылудың басқа да жағдайларында баланың отбасында тәрбиелену құқығын осы Заңның 13-тарауында белгіленген тәртіппен қорғаншы және қамқоршы орган қамтамасыз етеді» – делінсе, «Баланың ата-анасымен және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасау құқығы» туралы 53-бабында: «1. Баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңлілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. Ата-анасы некесінің бұзылуы, оның жарамсыз деп танылуы немесе ата-анасының бөлек тұруы баланың құқығына әсер етпеуге тиіс.

Ата-анасы бөлек тұрған жағдайда баланың олардың әрқайсысымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. Ата-анасы әртүрлі мемлекеттерде тұрған жағдайда да баланың өз ата-анасымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. 2. Қысыл-таяң жағдайға (ұсталу, тұтқындалу, қамауға алыну, емдеу мекемесінде болу және т.с.с) ұшыраған баланың заңда белгіленген тәртіппен өзінің ата-анасымен және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар» делінген.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 10-тарауының 62-бабында ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі төмендегідей құқықтары мен міндеттері көрсетілген:

1. Ата-аналар өз балаларының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті.

2. Ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеуге құқығы бар және оған міндетті. Ата-аналардың басқа да барлық адамдарға қараған-

да өз балаларын тәрбиелеуге басым құқығы бар. Бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде, оның дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады.

3. Ата-аналар балалардың орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті. Ата-аналардың балалардың пікірін ескере отырып, орта білім алғанға дейін білім беру мекемесі мен балаларды оқыту нысанын таңдауға құқығы бар.

4. Балалардың тәрбиесі мен білім алуына қатысты барлық мәселелерді балалардың мүдделерін негізге алып және балалардың пікірін ескере отырып, өзара келісімі бойынша ата-аналар шешеді. Ата-аналардың арасында келіспеушілік болған жағдайда олар (олардың біреуі) бұл келіспеушіліктерді шешу үшін қорғаншы және қамқоршы органға немесе сотқа жүгінуге құқылы.



### **5.3 Балалардың құқығын қорғау туралы конвенция**

Қоғамның бүгінгі жағдайында болашақ тәрбиесін отбасынан бастап қолға алуға мемлекеттік тіпті, әлемдік тұрғыда көңіл бөлінуде. Оған 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған, кейіннен 1995 жылы 5 шілдеде Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы Конвенция» куә бола алады. Онда: «Қатысушы мемлекеттер өздерінің юрисдикциясы шектерінде тұратын әрбір баланың осы Конвенциямен көзделген, оның ата-анасының немесе қамқоршысының қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан, барлық құқықтарын құрметтейді және қамтамасыз етеді» делінген.

Сондай-ақ «Бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа, әсіресе

құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» делініп, әрбір ата-ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсеткен.

Бала құқықтары туралы конвенция – Адамзат баласының туылған кезінен 18 жасқа толғанға дейінгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін халықаралық құқықтық акт. Балалардың құқықтарын қорғау туралы негізгі және рәсімдік ережелер енгізілген. Бұлар: өмір сүруге, есімінің болуына, азаматтыққа және т.б. ие болу құқықтары; аман-сау отбасылық өмір құқығы; сәбидің жеке басының еркін дамуын қамтамасыз ететін құқық; денсаулығын сақтау нығайту құқығы; білім алу мен мәдени даму құқығы; төтенше жағдайларда сәбиді қорғау құқықтары.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 8 тамызда «Баланың құқықтары туралы» Заң қабылдады. Бұл Заң балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді.



#### **5.4 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы отбасы тәрбиесі туралы мәселелер**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының «Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері» атты 49-бабында:

1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;
- ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

- білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

- өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық, медициналық, педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

- балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына құқығы бар.

2. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

- бес жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етуге, ал алты жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;

- балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге;

- балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген.

Ал Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: «*Отбасы тәрбиесі* адамдар арасындағы оңтайлы және эмоцияналды көңіл-күй қарым-қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік-тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналады. Қазақстандық қоғамның жалпы сұранысы және халық дәстүрлері, әлемдік және ұлттық мәдениет негізінде құрылған балалар мен жастарды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлау бірінші қатарға қойылады. Тәрбиеленушілердің санасында дәстүрлі ұлттық және моральдық құндылықтар жандандыру отбасы негізінде қалыптастыруды ұялату» делінген.

Жоғарыда аталған нормативті құжаттардан отбасы тәрбиесіне мемлекеттік тұрғыда зор мән беріліп отырғандығын байқауға болады.



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабымен танысып, талдау жасаңыз.

2. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10-тарауының 62 (Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері), 63 (Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі ата-аналардың құқықтары мен міндеттері), 74 (Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда баланы айырып алу), 77 (Баланы асырап алу тәртібі) туралы баптарымен танысып, талдау жасаңыз.

3. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N345 Заңының төмендегі баптарын оқып, талдау жасаңыз:

2-тарау. Балалар мүддесін көздейтін (6-7 баптар) мемлекеттік саясатына,

3-тарау. Баланың негізгі құқықтары мен міндеттеріне (8-20 баптар),

4-тарау. Бала және отбасы тарылы 21-26 баптарға,

5-тарау. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың құқықтары 27 - 30 баптарға,

6-тарау. Мүгедек баланың құқықтары 31-33 баптарға,

7-тарау. Бала және қоғам туралы 34-41 баптарға,

8-тарау. Баланың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы 42-47 баптарға,

9-тарау. Бала жауапкершілігінің және оның мінез-құлқына әсер етуден ерекшеліктері туралы 48-49 баптарға.



## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Дидар» баспасы, 2005. – 174 б.

2. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы... [www.bala-kkk.kz/normativnye\\_pravovye.../zakon\\_o\\_brake\\_i\\_seme/](http://www.bala-kkk.kz/normativnye_pravovye.../zakon_o_brake_i_seme/)

3. Бала құқықтары туралы конвенция. [www.bala-kkk.kz/normativnye.../konvencija\\_o\\_pravakh\\_rebenka/](http://www.bala-kkk.kz/normativnye.../konvencija_o_pravakh_rebenka/)
4. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. [www.bala-kkk.kz/normativnye...akty/zakon\\_o\\_pravakh\\_rebenka/](http://www.bala-kkk.kz/normativnye...akty/zakon_o_pravakh_rebenka/)
5. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 274 б.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. – 15.08. 2007.
7. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы... [kzgov.docdat.com/docs/80/index..](http://kzgov.docdat.com/docs/80/index..)



## ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ



### 6.1 Ата-ана үйі (Қара шаңырақ)

**Ата-ана үйі** туралы: өз үйім, әкемнің үйі деп айтады. «Өз үйім» дегенді педагогикалық және психологиялық тұрғыда қарастырсақ, ол баланың ең алғашқы тіршілік ортасы. Ол ортада бала үнемі өзін қоршаған жақын адамдардың қамқорлығында болады. Оның өсуіне, еркелеуіне, өзін көрсетуіне жағдай жасалынған. Бұл ортада бала өзін мейлінше еркін ұстайды. Себебі өзін түсінетін, қолдайтын, әрқашан көмекке келетін адамдар бар.

Қазақта «Өз үйім – өлең төсегім» деген мақал бар. Яғни адам үшін өз үйі кең сарайдан да артық. Себебі онда баланың ата-анасымен бірге тай-құлындай тебісіп өскен бауырлары мен әпкелері, басқа да туыстары, әкесінің, анасының, бауырларының достары, көршілері бір-бірімен тығыз байланыста болады. Олардың бәрі баланың дамуы мен қалыптасуына, өмірлік тәжірибені меңгеруіне қандай да бір дәрежеде ықпал етеді.

Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті. Әке үйі адамзат үшін тек жай ғана үй емес, оның жан-жағында өскен ағаш, оның ауласы, яғни балалық бал дәуреннің белгісі.

Қара шаңырақ, үлкен үй деп атайтын әкенің үйіне болашақта кенже ұл ие болып, қарттарды бағып-қағатын, көне салт бүгінгі қазақ отбасыларында да сақталған. Ал үлкендері үйленіп үй болысымен еншілерін алып, бөлек шыққан. Жасы кіші болса да кенже иеленген үлкен үй басқа жасы үлкен туыстары үшін де қадірлі, қасиетті үй ретінде саналған.



### 6.2 Отбасындағы сүйіспеншілік – моральдық құндылық ретінде

Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптастыруына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы

мейірімділік пен махаббат қажет. Қазіргі кезде жұбайлардың бір-біріне, балаларына қоятын талаптары мен қарым-қатынастарының этикалық-психологиялық аспектілері ерекше мәнге ие болуда. Отбасының бақыты мен сәттілігінің өлшемдері өзгеруде. Отбасы – өзара рухани және эмоционалдық байланысты шағын топ. Бұл отбасының негізгі сипаттамасы. Егер бала жұбайлардың сүйіспеншілігі, табиғи қажеттілігі мен тілектерінен дүниеге келсе, онда бала ата-ананың ең үлкен құндылығы болып табылады.

Бала мен ата-ананың қатынасын сипаттайтын сезімдер – бұл ерекше сезімдер, олар басқа эмоционалдық байланыстардан ерекшеленеді. Әке мен ана қамқорлығы бала өмірін қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталады. Ал әке мен ана махаббатын қажетсіну – бұл кішкентай баланың ерекше өмірлік қажеттілігі. Әрбір баланың әкесі мен анасына деген махаббаты шексіз, шартсыз, шекарасыз. Алғашқы жылдарда ата-анаға деген махаббат жеке өмірді қамтамасыз етсе, есейген сайын ата-ана махаббаты адамның ішкі, эмоционалдық және психологиялық өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ата-ана махаббаты – бұл адамның жағымды жағдайының кепілдігі, оның рухани және тәннің денсаулығы болып табылады. Кішкентай адамды тәрбиелеудің маңызы – бұл рухани бірлікке жету, ата-ана мен баланың рухани байланысы. Осыған орай ата-ананың негізгі міндеті бұл бала бойында қамқорлық сезімін ұялату. Қандай жағдай болмасын бала ата-ана махаббатын сезінбей қалмауы керек. Бала қандай жаста болса да, ата-ана махаббатын сезінуі керек.

Балалар есейгенде ата-аналарынан алыстап кетеді. Олар эмоционалдық байланыс жойылғанда психологиялық, рухани деңгейде алыстайды. Ғалымдардың дәлелдеуінше ата-ана махаббатынан тыс қалған балалар жасөспірімдік кезеңде ішімдік пен нашақорлыққа салынады. Бала ата-ана махаббатын толық сезінгенде ғана оның психологиялық әлемі дұрыс қалыптасады. Көптеген ата-аналар өздерінің балаға деген махаббатын көрсетуге болмайтындығы туралы айтады. Бұл тұжырымды мүлдем теріске шығару керек. Себебі бала бойындағы жағымсыз тұлғалық сапалар махаббат жетіспегендіктен туындайтындығын әке мен ана естен шығармауы қажет.

Әр отбасының өзіндік тәртібі, өмірлік ұстанымдары және құндылықтар жүйесі бар. Әр отбасы үшін олардың қай уақытта тұратыны, ұйықтайтыны, қалай тамақтанатыны, бос уақытын қалай өткізетіні, дастарқан басында не туралы сөйлесетіні, мерекелік күндерді қалай қарсы алатындығы бәрі маңызды.





### 6.3 Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі

Отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Отбасындағы бала, әсіресе, ұл тәрбиесінде әкенің орны ерекше. Баланың болашағына жауапкершілік алдымен әкеге жүктелетінін ескерсек, әкенің ақылы мен ықпалы болмай адал еңбекке, мағыналы өмірге дұрыс баулу, жас жеткіншектің бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан Абай атамыз баланы ұлағатты азамат – «толық адам» етіп тәрбиелеу үшін ата-аналардың өздері дәрежесіне сай, үлгілі, өнегелі болуын талап етті. Бұл туралы ойшыл ақын әкенің ізгі қасиеттері – оның адамгершілік, еңбексүйгіштігі отбасына, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй-ішін нұрландырып тұрса, ері ақылды, әйелі мінезді болып, тату болса, үстіндегі үй жұмаққа айналып, бала жақсы мінезге, асыл қасиетке тәрбиелене алатынын атап өтті. Керісінше, ақын өз отбасынан суынып, ел кезіп, қыдырымпаздыққа салынған, өз үйінің шырқын бұзған, бала тәрбиесіне мән бермейтін әкелерді сынға алады.

Абай «Әке оны берем, міне мұны берем деп бастан балаңды алдағаныңа мәз боласың, соңынан балаң алдамшы болса кімнен көресің? «Бокта» деп біреуді боқтатып, «кәпір қияңқы, осыған тимендерші» деп, оны масаттандырып тентектікке үйретіп қойып, «қу, сұм бол» деп, «пәленшенің баласы сенің сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қыласың» – деп, теріс тәрбие беретін ата-аналарды қатты сынға алады. «Ақыл ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген. «Әкеге қарап ұл өсер» дейді халқымыз. Әкесінің өзіне, отбасына, бауыр-қарындастарына, туған-туыстарына деген бауырмалдығын көріп өскен бала да сол қасиеттерді өз бойына жинары қақ.

Әке – балаға сыншы. Ол бала бойындағы әрбір жақсы ісіне сүйсініп, теріс әрекетіне күйінеді. Әке тәрбиесі – асауды ауыздықтандыратын, тентекті тұзақтайтын, елдікті сақтайтын, ерлікті жақтайтын, шаңырақтың шаттығын шалқытатын ұлы мектеп.



#### **6.4 Бала дамытудағы ананың рөлі**

Бала келешегіне қамқоршы ұстазы – әке деп білумен қатар ұрпақ тәрбиелеудегі ананың орны да ерекше екенін ұмытпауымыз қажет. Себебі аналық мейірім арқылы берілетін нәзік те, пәк адамгершілік асыл қасиет ерекше қастерлі. Халық сондықтан да:

«Отбасында шырақ болып жанады,

Мейірімділік тарататын жанары.

Анасының тәрбиесін, тәлімін,

Сәби болса іште жатып алады» – деп, ана өз баласының алғашқы, ең аяулы тәрбиешісі екендігін баса көрсеткен. Әсіресе қыз бала тәрбиесіндегі ана тәлімінің ықпалы өте зор. Халық тәрбиесінде абзал аналар есейе бастаған қыз балаларына іс тіктіріп, үй шаруасына үйреткен. Осындай аналарды қатты құрметтеп, қалыңдық іздеген жігіттерге тәрбиелі ананың қызына көз салуды ескертіп, «анасына қарап қызын ал...» деген. Тұрмыс құрар жастарға қалыңдықтың көркі мен сымбатын ғана бағаламай, оның адамгершілік қасиетіне, ішкі жан-дүниесіне, ақыл-парасатына, көргендігі мен тәрбиелігіне көңіл бөлу керектігін ерекше атап көрсеткен.

Бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін жинақтаған, ақылды қыз балалар болашақ көтерілер шаңырақтың берік қазығы деп есептеген халқымыз. Алайда бүгінгі таңда жоғарыда айтылған қасиеттермен қатар қыз балалардың білімді болуы шарт. Себебі қазіргі кезде байқап отырғанымыздай балаға, әсіресе бастауыш мектеп шағындағы балаға үйде білім алуға көмектесетін бірден бір адам – ол анасы. Ол балаға білім беріп қана қоймайды, оның тәрбиесі де соның мойнында. Өкінішке қарай, әкелердің көбі бұл міндетті аналардың мойнына жүктей салған. Екінші жағынан, қазіргі кезде қыз балалар от басы ошақ қасында ғана өмір сүрмейді. Қоғам талабына сәйкес

олар отбасының ұйытқысы ғана емес, қоғам қайраткерлері де. Сондықтан олар үй шаруасымен қоса басқа да әрекеттерді үйлесімді ұштастыра білуге дайын болуы керек.

Қолымен баласын бесігінде тербетіп, жүрегімен әлемді әлдилер ана болу – ең маңызды да жауапты іс. Ұлттың ұлт болып қалуы, қоғамның өсіп өркендеуі, ұрпақтың жолынан адаспауы анаға, ана болар қыз тәрбиесіне байланысты. «Адам» деген асыл есімді өз болмысында таза сақтап қалу үшін де діні мен ділі күшті ана тәрбиесі ауадай қажет. Ата салтымызды бойына сіңірген абзал аналар басты байлығымыздың бірі. Бала рухани сауаттылықтың бастауын анадан алады.

Нәресте өмірінің нәрі – Ана сүті. Халқымыздың байырғы ұғымында баланың Анасы алдындағы парызын өтеуі «Ана сүтін ақтау» деп аталады. Оның жөнін халық: «Ана сүтін Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарып келсең де, өтей алмайсың», – деп түсіндіреді. Атақты орыс жазушысы М. Горькийдің: «Дүниедегі асыл атаулының бәрі күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралған», – деуі де сол шындықты айқындайды.

Ананың бала өміріндегі маңызы Ы. Алтынсариннің «Ананың сүйюі» деген өлеңінде ерекше сипатталған:

Кім сендерді балалар сүйе-тұғын,  
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйе-тұғын.  
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,  
Шешен байғұс дамылсыз жүре-тұғын.  
Кім сендерді, балалар тербететін,  
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?  
Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,  
Қамқор анаң көз жасын көлдететін.  
Кім сендерді сағынар шетке кетсең,  
Ғылым іздеп, тез қайтпай, көпке кетсең.  
Ұмытпа, ең кемінде жұлдыз сайын,  
Хат жазып тұр, төбесі көкке жетсін.  
Кім сағынар сендерді келгенінше,  
Құлындарын көзімен көргенінше?  
Сендер қайтып келгенде адам болып,  
Еш арманым болмас дер өле-өлгенше.

Барша аналарға тән қасиет осындай деп ойлаймыз.



## 6.5 Немере тәрбиесіндегі ата мен әженің рөлі

Ата мен әже – әке мен анадан кейінгі бала үшін ең жақын адамдар. Олардың немерелеріне деген қатынасы ерекше. Ата-әжелердің немере тәрбиесіне қатысы туралы көзқарастар әртүрлі. Көптеген отбасында әкесі мен анасы ата-әжелердің немере тәрбиесіне қатысуын құптайды.

Ата мен ана – бала тәрбиесінің қамқоршысы, өнегесі.

Ата – асқар тау,

Ана – бауырындағы бұлақ,

Бала – жағасындағы құрақ, – деп, халық ата-ана, баланы табиғаттың тамаша құбылыстарына теңеген.

Ата мен әже ауыл-аймақ, ағайын арасының берекесі, ақылшысы болып келеді. Олардың әрқашанда мәртебесі биік болып, сыйқұрметке бөленген. Өйткені, үлкенді сыйлауды қадір тұтқан қазақ салты бойынша көргені мен тұрмыста түйгені көп, тәжірибесі мол адамның сыйға бөленуі заңды құбылыс деп танылған. Үлкенді сыйлау, ақылын тыңдау көргенділік деп есептеледі.

Дәстүрлі қоғамда ата-әженің тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-әжелер жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған.

Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, немере ыстық болғандықтан, балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген. Тұңғыш немерелер атасы мен әжесін өз әке-шешесіндей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін де танып жатады. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та қалатын жәйт кездеседі.



## 6.6 Ата-ана беделі. А. С. Макаренко ата-ана беделі туралы

Бедел дегеніміз не? Бұл өте күрделі сұрақ. «Егер беделің болмаса, онда өзің ойлағандай баланы шыншыл, батыл етіп өсіру мүмкін емес. Ата-ананың осындай қол жетпейтіндей беделі қайдан алынады екен осы?» – деп жазған А. С. Макаренко.

Кейбір адамдар оны табиғаттан беріледі деп ойлайды. Бедел ата-ананың өзінде болуы керек. Бедел – адамға туыла берілетін арнайы талант емес, оның тамыры өте тереңде. Ол үшін ата-аналардың өздері қоғамында саналы, адамгершілікпен, толыққанды өмір сүруі керек.

Беделді ғалымдар А. С. Макаренко мен М. И. Станкин жалған және шынайы бедел деп бөліп көрсетеді. Шынайы бедел оңайлықпен келмейді, оған тек нағыз еңбектің арқасында ғана қол жеткізуге болады. Шын және жалған бедел туралы ең алғаш рет өзінің педагогикалық еңбегінде А. С. Макаренко айтты. Оның ойынша шынайы, нағыз бедел біреу, ал жалған бедел көп. Әр ата-ана балаларының алдында беделді болғысы келеді. Бірақ оған әр түрлі жолдармен қол жеткізуге тырысады.

Ата-ана беделі – әке мен шешенің балаларына ықпалы, тәрбиенің қажетті шарты. Ол балалардың ата-аналарына деген сыйластылымдылығы мен махаббатына, олардың өмірлік тәжірибесіне, сөзі мен ісіне негізделеді.

А. С. Макаренконың пікірінше, барлық бала тәрбиесіндегі сияқты ата-аналардың беделі қандай да бір айла-тәсілдер жиынтығынан, немесе арнайы сөздер мен рөлдерден тұрмайды. Балалар үшін ғана жасалған арнайы бедел алысқа шаппайды. Ондай бедел әрқашан өгей және пайдасыз.

Беделдің күре тамыры «ата-ананың жүріс-тұрысы, басқаша айтқанда әкемен ананың бүкіл өмірі – жұмысы, ойлары, әдеті мен сезімдері, ұмтылысы». Олардың өмірі толыққанды, яғни балаларының қандай болғанын қаласа, өздері де сондай болуы шарт.

Ата-ана беделінің қайнар көзі олардың өмір салты мен жұмысы, олардың азаматтық тұлғасы мен қоғамдағы мінез-құлқы болып табылады.

Кіші жастағы балалар өз ата-аналарына, олардың әрекеттеріне, сөздеріне, қылықтарына еліктейді. Олар үшін ата-анасы ең беделді адамдар. Ал орта және жоғары сынып жасындағы балалар ата-аналарына сын көзбен қарайды. Бұл ата-аналардың өзіне, өз әрекеттері мен жүріс-тұрысына талаппен қарауын және балаларымен қарым-қатынасын ойластырып құруды міндеттейді.

Балалар өскен сайын, ата-анасының қайда жұмыс істейтіндігі, немесе қандай да бір іс-әрекетпен айналысатындығы, олардың қоғамдағы орындары туралы ойға беріле бастайды. Мүмкіндігінше

балалар өз ата-аналары туралы, олардың қызметі және кіммен арасатындығы туралы ертерек білгендері жақсы. Әкенің немесе ананың ісі балаға үлкен жұмыс ретінде, көпшілік тұрғысынан сый құрметке ие қызмет түрінде көрінгені дұрыс. Балалардың көз алдына олардың ата-аналарының еңбектері, қоғамға сіңірген еңбек ретінде, яғни сырты бүтін іші түтін емес, шын мәніндегі құндылық ретінде көрінуі тиіс. Егер балалар өз ата-аналарының еңбектерін оқшауланған күйде емес, еліміздің жетістіктерімен бірге көретін болса, бала үшін одан асқан бақыт жоқ. Өз еңбектері арқылы ата-аналар бала санасында менмендік туғызудың орнына, шынайы мақтанаш туғызады.

А. С. Макаренконың пікірінше, шынайы бедел балаларға қойылатын ақылға қонымды талаптарға, қоғамның азаматы ретіндегі ата-аналардың адамгершілік қасиеттері мен жүріс-тұрыстарына негізделеді.

Беделге ие болу өте қиын, ал оны жоғалту оңай. Сондықтан отбасы бір-бірінің беделін сақтауға тырысулары керек.

Кейбір жағдайларда ерлі-зайыптылар бір-бірін балағаттап, балаларының алдында бір-бірінің беделін түсіріп жатады.

Ата-ана беделі отбасы мүшелерінің дұрыс қарым-қатынасы мен тәрбиесі нәтижесінде қалыптасады.

Егер балалары өз ата-аналарын жақсы көріп, сыйласа, олармен өздерінің өзекжарды сырларымен бөліссе, олардың ақыл-кеңестерін тыңдаса және олардың талаптарын өз еріктерімен орындаса, бұл – нағыз, шынайы әрі ең мықты бедел.

Сонымен шынайы бедел адамның іс-әрекетіне, сезіміне, балалардың өмірін білуге және оларға уақытысында көмекке келе білуге негізделеді.



Өкінішке орай, кейбір өздерінің жалған беделін қалыптастыруға тырысатын ата-аналар да кездеседі А. С. Макаренко отбасындағы ата-аналардың жалған беделінің көптеген түрлерін атап көрсеткен. Олар:

1. Басым болу беделі;
2. Өзін қашықта ұстау беделі;
3. Менмендік беделі;
4. Педанттық бедел;

5. Ақылгөйлік бедел;
6. Сүйіспеншілік беделі;
7. Мейірімандық бедел;
8. Достық беделі;
9. Сатып алу арқылы келетін бедел;

**1. Басым болу беделі** – ең зиянды болмаса да ең қауіпті түрлерінің бірі. Аталып отырған бедел түрінен көбінесе әкелер жапа шегеді. Егер үйде жүргенде үнемі қақылдап жүрсе, әрқашан ашушаң болса, әр-ұсақ түйек үшін жау шапқандай төбе шашы тік тұрса, керек-керек еместігіне қарамай қолына таяқ немесе белдік алса, баланың әр сұрағанына дөрекі жауап беріп отырса, бала кінәлі болған сайын оны жазалап отырса, нағыз басым болу беделі дегеніміз осы болады. Әкенің осындай терроры бүкіл отбасын қорқынышта ұстайды: одан бала түгіл баланың анасы да шошынады. Беделдің осындай түрінің қауіптілігі, әкенің баланы шошытуында ғана емес, әке баланың алдында ананың беделін мүлде жоқ қылып, оны тек еш ықпалы жоқ үй қызметкеріне айналдырады. Беделдің осы түрінің өте зиян екендігін дәлелдеудің де қажеті жоқ. Ол арқылы баланы тәрбиелемейді, тек баланың өзін ашушаң әкеден алыс ұстауға үйретумен қатар, балада балалық жалғандық пен адамда кездесетін қорқақтықты тудырады, сонымен қатар сондай ортада тәрбиеленетін бала қатыгез болып тәрбиеленеді. Басымдылық көрген және жігерсіз балалардан ынжық, қолынан ештеңе келмейтін ересек пайда болады немесе балалық кезінде көрген қорлықтары үшін басқа біреуден (немесе әлсізден) өш алуды армандайтын нағыз есерсоқтар өсуі мүмкін. Беделдің осындай, жабайы түрі мәдениеті өте төмен ата-аналарда ғана болады. Бағымызға қарай соңғы кездерде жойылып келеді.

**2. Өзін қашықта ұстау беделі.** Кейбір әкелер, сонымен қатар аналар, балаларын тыңдатуы үшін өздерін балаларынан алысырақ ұстап, олармен азырақ сөйлескен, яғни балалармен өз қарым-қатынастарын бастықтар мен бастық қарамағындағы бағынышты адамдар сияқты қалыптастырған дұрыс деп есептейді, кейбіреулері тіпті сондай қарым-атынасқа кәміл сенеді. Беделге ие болудың осы түрін ескі интелегенттік отбасылардың басым көпшілігі керемет жақсы көрген болатын. Осындай жанұяларда, әкелерде міндетті түрде жеке жұмыс кабинеттері болған, әкелер сол кабинеттерінен

кей кезде ғана алыстан келген ағартушы маман сияқты балаларына көрініп отырған. Ондай әкелер бөлек тамақтанып, ол аз болғандай өз отбасына бағыттаған нұсқауларын тек балалардың анасы арқылы жеткізіп отырған. Кей отбасында аналар да өз ісінен босамаған, олардың да өз мүддесі өз өмірі болған. Мұндай жағдайда балалар әжелерінің немесе үй қызметкерлерінің қарамағында қалып отырған.

Ата-ана беделінің осындай түрі еш уақытта да пайда әкелген емес және осындай отбасын жоғары деңгейдегі, басқалар үшін үлгі болатын отбасы деп айтуға болмайды.

**3. Менмендік беделі.** Өзін-өзі қашықтықта ұстау беделінің осы түрін ең зиянды деп есептеуге болады. Кейбір адамдар өз еңбектерін басқалардан жоғары деп есептеп, өздерін ерен еңбегі сіңген адамдар қатарына жатқызып, маңыздылығын, қадам басқан сайын жұртқа, әсіресе балаларына көрсетіп отыруға тырысады. Үйіне келгенде олар одан сайын кеудесін көтере түседі. Екі сөзінің бірінде өзінің артықшылықтарын айтады, басқа адамдарға менсінбей қарайды. Көп жағдайда осындай паң әкелердің балалары өз орталарында менмендік көрсете бастайды, өздерін басқа балалардан жоғары санап, кеудесін көтере бастайды. Достарының алдында айтатын екі сөзінің бірі: менің әкем – бастық, менің әкем – жазушы, менің әкем – қолбасшы, менің әкем – атақты адам. Осындай менмендік ортада балаларының қандай тәрбие алатынын, нақты кімді тәрбиелеп жатқанын да білмей қалады. Осындай жалған бедел кей уақытта аналарда да кездеседі: егер ерекше киім сатып алса, алысқа дем алуға барса, үлкен бастықпен танысса, соған үлкен маңыз беріп, өздерінен басқа адам жоқтай сезінеді. Сол арқылы өздерін бұқарадан артық санап, көпшіліктен алыстай береді.

**4. Педанттық бедел.** Бұл жағдайда ата-аналар балаларға назарын қатты аударады, балалармен көп жұмыс істейді, алайда олардың жұмыстары бюрократтық типке жақын болады. Олардың пікірінше, балалар ата-ананың барлық айтқандарын мүлтіксіз тындауы керек, балалар үшін ата-ананың сөзі қасиетті қағида. Ата-аналар өздерінің нұсқауларын салқын леппен жеткізеді және сол нұсқаулар дереу заңға айналады. Ата-ананың осындай түрлері балалары «әкеміз қателеседі» екен деп ойламасыншы деп уайымдайды, олар үшін баланың әкем пікіріне берік емес деп ойлауы ақырзаманмен тең. Егер әкесі – ертең жауын болады сондықтан далаға шықпайсыңдар деп айтса, ертеңіне ауа-райы жақсы болып, күн шығып тұрғанның



өзінде, баларына далаға шығуға рұқсат бермеуге тырысады. Егер әкесіне қандай да болсын кино ұнамай қалса, ол балаларына мүлде киноға баруға тиым салуы мүмкін, соның нәтижесінде балалары жақсы киноларды да жіберіп алады. Тағы бір мысал, әкесі баласын жазалады, біраз уақыт өткен соң баланың айтарлықтай кінәлі емес екендігі анықталады, алайда әкесі өзінің бастапқы пікірінен бәрі-бір бас тартпайды, егер мен айтсам бітті, менің айтқаным дұрыс деген пікірінен қайтпауға тырысады. Осындай әкелер баланың әр қимылынан тәртіп пен заңдылықтың бұзылғанын аңдиды және сонымен қатар баласына жаңа нұсқаулар мен жарлықтар беруден жалықпайды. Бала өмірі мен бала мүддесі әке назарынан тыс қалады; ол өзінің бюрократтық қимылдарынан басқа ештеңе көрмейді және көргісі келмейді.

**5. Ақылгөйлік бедел.** Бұл жағдайда ата-аналар бала өмірін шегі жоқ ақылгөйлік және өсиеттік әңгімелерге толтырып жібереді. Балаға қысқа әрі нұсқа, мүмкін қалжың түрінде бірнеше сөз айтудың орнына, олар баланы өзінің қарсы жағына отырғызып қойып, қызық емес және баланың есін шығаратын ұзақ әңгіме бастайды. Ата-аналардың осындай түрі педагогикалық даналықты ұзақ уақыт бойы баласына өсиет айту деп түсінеді. Отбасының осындай түрлерінде көтеріңкі көңіл мен шат күлкі жоқтың қасы. Ата-аналар жан-тәнімен балалардың алдында әділ, ілтипатты болғысы келеді және олардың мақсаты балаларға қателеспейтіндей болып көріну. Осындай ата-аналар балалардың да өз өмірі барын, бала мүддесімен есептесу керектігін мүлде естерінен шығарып алады. Бала эмоциясы ересек эмоциясынан әлде қайда артық, сол себепті бала ақыл-өсиеттерді ересектерге қарағанда азырақ қабылдайды. Бала есейе келе ғана терең ойлау қабілетіне ие бола бастайды, ал ата-аналардың үздіксіз өсиет айтуы, қайта-қайта сөйлей беруі және көп сөздігі баланың жадынан шығып кетеді. Ата-ананың өсиетшілдігі, ақылгөйлігі оларға еш уақытта да бедел болып көрінген емес.

**6. Сүйіспеншілік беделі.** Бұл біздің елімізде кеңінен тараған жалған бедел түрі. Көптеген ата-аналар балалары оларды тыңдауы үшін, олар ата-аналарына сүйіспеншілікпен қарауы керек, сол сүйіспеншілікке ие болуы үшін, әр қадамында өз балаларына деген ата-аналық сүйіспеншілігін көрсетіп отыру керек дегенге кәміл сенімде болады. Жылы сөздер, шегі жоқ аймалаулар, ескертулер, балаға деген нәзік сезімдері қажетсіз мөлшерде молынан төгіле бастайды.

Егер бала мүлт кетсе немесе ата-ананың сөзін тыңдамаса одан дереу – «Сен әкенді (ананды) жақсы көрмейсің бе, солай ғой?» деп сұрай бастайды. Ата-аналар баланың көзқарасынан өздеріне деген сүйіспеншілік іздей бастайды, тіпті сол сүйіспеншілік сезімді талап етуге дейін барады. Көп жағдайда анасы баласының көзінше басқа адамдарға: «Біздің баламыз әкесін керемет жақсы көреді, біздің баламыз өте нәзік сезімді» деп мақтай бастайды.

Осындай бағыттың да қауіпті қырлары көп. Бұл жағдайда отбасылық өзімшіліктің қалай туғанын да байқамай қалады. Әрине аталмыш сүйіспеншілікке деген күш-жігер балаларда жетіспейді. Көп ұзамай балалар әкесін де, шешесін де тез және оңай жолмен алдауға болатынына көздерін жеткізеді, оларды алдау үшін әр әрекетіне нәзіктік сезім берсе болғаны. Әкесі мен шешесін қорқытуға да болады, ол үшін ата-анасына тырсыя қалса болды, олар балаларының «сүйіспеншілік сезімі» жойыла бастады деп сезіктенеді. Кіші жастан бастап балалар үлкендердің сезімдерін өз пайдасына қолдануға болатынын түсіне бастайды. Өз ата-анасын жалған түрде жақсы көретін бала, басқаларды да жақсы көре алмайды, сол себепті бала өз есебін жібермей, салқын жоспармен, ешқандай сүйіспеншіліксіз-ақ үлкендерді алдай бастайды. Кей кезде балалар өз ата-аналарына деген сүйіспеншілікті ұзақ уақыт бойы сақтағанмен, басқа адамдарға басқаша қарауы мүмкін, бала үшін олар бөгде және бөтендер деп қарастырылады, ондай балаларда ұнатушылық, жолдастық сезімдер болмайды.

Беделдіктің осы түрі ең қауіпті деп айтуға болады. Тәрбиенің осындай түрі арқылы аласын ішінде сақтайтын, жалған өзімшіл тұлғаларды тудырады. Көп жағдайда аталмыш өзімшіліктің алғашқы құрбаны ата-аналардың өзі болады.

**7. Мейірімділік бедел.** Бұл беделдіктің ең ақылды түрі емес. Бұл жағдайда балалардың ата-ана сөзін жерге тастамауы балалық сүйіспеншілік арқылы жүзеге асырылады, алайда бұл жағдайда олар балаларды еркелету және аймалаудың орнына, бала сөзін екі етпеу, балаға деген шектен тыс жұмсақтық, ата-ана мейірімділігі арқылы беделге ие болуға тырысады. Әке мен шеше балаға мейірімді періште түрінде көрінгісі келеді. Ата-ана балаға не істеймін десе де рұқсат береді, олар аямшақ емес, олар дүниедегі ең тамаша ата-ана. Ондай ата-ана отбасындағы қайшылықтардың болмауы үшін, олар қандай да болсын рухани құрбандыққа барады. Бұндай

отбасыларында көп ұзамай балалар ата-анасын билей бастайды, ата-аналардың бала талаптарына қарсы келмеуі, баланың өз ниеті, қыңырлығы, талаптарын жүзеге асыруы үшін орасан зор мүмкіндік береді. Балалар шектен тыс мінез көрсете бастаған кезде ата-аналары балаларына болар болмас қарсылық көрсетуге тырысады, алайда олар кеш қалады, жанұяда зиянды тәжірибе тамырын тереңге жіберіп қояды.

**8. Достық беделі.** Көп жағдайда балаларды өмірге келмей жатып, ата-аналар өздеріне серт береді, болашақта дүниеге келетін балаларымыз «біздің досымыздай» болады деп армандайды. Бір жағынан алсақ бұл пікір жаман емес. Әкесі мен баласы, анасы мен қызы дос бола алады және дос болулары керек, бірақ қалай алсақ та ата-аналар отбасы ұжымының ересек мүшелері, ал балалар арасындағы достық шектен аса бастаса, тәрбиелеу үдерісі де тоқтатылады немесе оған қарама-қарсы үдеріс орын алуы мүмкін, яғни балалар өз ата-аналар тәрбиелей бастайды. Осы типті отбасыларын интелегенция арасында жиі кездестіруге болады. Бұндай отбасыларында балалар ата-аналарын атымен, кей кезде жалған атымен де атайды, олармен қалжыңдап-ойнайды, басқан қадамдарын аңдып ақыл үйретеді, кез келген уақытта дөрекі түрде сөзін бөледі, яғни баланың ата-ананы тыңдауы туралы сөзді айтудың өзі артық бұл жерде. Сонымен қатар, осындай жанұяларда ата-ана мен бала арасында достық та болмайды, себебі өзара сыйластық жоқ жерде достық болуы мүмкін емес.

**9. Сатып алу арқылы келетін бедел.** Беделге ие болу түрлерінің ішіндегі ең өнегесіз, себебі баланың ата-ананы тыңдауы мен «сыйлауы» үшін әкесі мен шешесі балаларға сыйлықтар мен уәдені судай төгеді. Ата-аналар ешқандай қымсынбай: мені тыңдасаң – саған ойыншық сатып әперемін, тағы да тыңдасаң мен сені циркке апарамын деп айтады.

Әрине кез келген жанұяда баланы мадақтау, көтермелеу, сыйақы беру сияқты құбылыстар орын алуы ықтимал, алайда, балалардың ата-ананы тыңдағаны үшін, баланың ата-анаға жылы қарағаны үшін сыйақы беру туралы ой еш уақытта санаға келмеуі тиіс. Жақсы оқығаны үшін, белгілі бір жұмысты сәтті орындағаны үшін баланы көтермелеуге болады. Бірақ, оның өзінде алдын ала балаға мектепте жақсы оқығаны немесе қоғамдық жұмысты жақсы орындағаны үшін берілетін сыйақы туралы ешқандай уәде бермеген дұрыс.

Біз жалған бедел туралы бірқатар мысалдарды қарастырдық. Олардан басқа да жалған беделдің көптеген түрлері бар. Мысалы «көңілшектік бедел», «ғылыми жетістік» беделі, «керемет жігіттік беделі», «әдемілік беделі» де болады.

Алайда отбасында жиі кездесетін жайдың бірі ата-аналардың бедел туралы мүлде ойламауы, ондай ата-аналар қалай болса солай өмір сүреді, бала тәрбиелеуге мүлде мән бермей, ойына не келсе, тәрбиені де солай жүзеге асырады. Бүгін баланы бұзақылығы үшін қатаң жазаласа, ертеңгі күні оған деген сүйіспеншілігін айтып тауыса алмайды, үшінші күні жақсы оқуы мен жұмысы үшін оны телегей теңіз байлыққа кеңелтуге уәде береді де, келесі күні тағы да жазалап, ашуын суытпай жатып баласын жер көкке сыйғызбай мақтай бастайды. Осындай ата-аналар өздерінің не істеп не қойғандарын түсінбей, тұйыққа тіреледі. Кей кезде әкесі беделге ие болудың бір жолын таңдаса, шешесі оған қарама-қарсы жолды таңдайды. Бұл жағдайда балалар дипломат болуға тырысады да, әкесі мен шешесінің көңілін табу жолдарын іздей бастайды. Кей ата-аналар балаларына мүлде назар аудармай тек өздерінің қара басының тыныштығын ғана ойлайды.

Ата-ана беделінің басты фундаменті олардың өмір салты мен жұмысы, олардың азаматтық тұлғасы мен қоғамдағы мінез-құлқы болып табылады. Отбасы дегеніміз үлкен және жауапкершілігі мол жұмыс, ата-аналар осы істің басты жетекшілері, олар қоғам, балаларының бақыты мен болашағы алдында өз еңбектерінің нәтижелері үшін жауапкершілікте болады. Егер ата-аналар өз істерін адал, ақылға қонымды түрде жүзеге асырып отырса, өздері үшін үлкен, игі және маңызды мақсаттар қоя білсе, өз әрекеттері мен қиялдары үшін басқа біреуді кінәламай, өздері жауапты бола алса, осындай ата-ананы беделі іс-жүзінде жоғары адамдар қатарына қоюға болады және ол үшін басқа ешқандай негіздер де іздеудің қажеті жоқ, сонымен қатар беделге ие болу үшін, қандай да болсын әр түрлі жасанды әрекеттерге барудың қажеті болмайды.

Балалар өскен сайын, ата-анасының қайда жұмыс істейтіндігі немесе қандай да бір іс-әрекетпен айналысатындығы, олардың қоғамдағы орындары туралы ойға беріле бастайды. Мүмкіндігінше балалар өз ата-аналары туралы, олардың қызметі және кіммен араласатындығы туралы ертерек білгендері жақсы. Әкенің немесе ананың ісі балаға үлкен жұмыс ретінде, көпшілік тұрғысынан сый құр-

метке ие қызмет түрінде көрінгені дұрыс. Балалардың көз алдына олардың ата-аналарының еңбектері, қоғамға сіңірген еңбек ретінде, яғни сырты бүтін іші түтін емес, шын мәніндегі құндылық ретінде көрінуі тиіс. Егер балалар өз ата-аналарының еңбектерін оқшауланған күйде емес, еліміздің жетістіктерімен бірге көретін болса, бала үшін одан асқан бақыт жоқ. Өз еңбектері арқылы ата-аналар бала санасында менмендік туғызудың орнына, шынайы мақтаныш тұта отырып, ата-аналарының қоғамның бір бөлігі екендігін сезінулері тиіс, сонымен қатар, балалар өз ата-аналарының елімізде атқарылып жатқан игі істерді жүзеге асырушы қайраткерлердің құрамдас бөліктері екенін білгені абзал.

Тағы бір айта кететін жай, әр адамның қызметінің өз қырлары болатынын ата-ана естен шығармауы тиіс. Кез келген ата-ана өз баласы үшін қайталанбас дана, өз саласының жалғыз ғана кемеңгері болып көрінбеуі керек. Балалар басқа адамдардың да, соның ішінде ата-анасының ең жақын достарының да еңбектерін көруі және бағалауы тиіс. Егер ата-ана беделі, жарқ етпе немесе мақтаншақтың беделі ретінде емес, бүкіл ұжымның беделі ретінде көрініс берсе, онда олардың азаматтық беделі қоғам алдында одан да өсе түседі. Егер сіз тәрбиелеген балаңыз, әкесі еңбек ететін бүкіл ұжымның табысына шын жүректен қуанса, сіз еңбек ететін завод не фабриканы мақтаныш тұтатын болса, онда балаңызды дұрыс тәрбиелегенсіз деп айтуға болады.

Ата-аналар өздерін тек белгілі бір ұжымның мүшесі ретінде көрсетумен шектелмеуі тиіс, олар өз балаларына өздерінің бүкіл мемлекеттің, халықтың бір бөлігі екендіктерін түсіндіруі тиіс. Біздің өміріміз, бүкіл ел өмірінің бір пұшпағы ғана. Әр ата-ана өз балаларына ел өмірінің бір бөлігі, қаланған қабырғаның бір кірпіші ретінде көрінулері керек. Халықаралық өмірдегі жағдайлар, әдебиет майданындағы жетістіктер әкенің ақыл-ойынан, оның сезімдері мен ұмтылыстарынан орын алуы тиіс. Тек осындай әкелер, яғни, қайнаған өмір ритмін сезетіндер, өз елін мақтаныш тұтатын азаматтар, бала алдында нақты беделге ие болады. Алайда, осындай өмірді тек бала үшін «әдейі» бала тәрбиесі үшін, келер ұрпақ көзіне «үлгілі» болып көріну мақсатымен сүру қажет деген жаңсақ пікірден аулақ болған дұрыс. Бұл қате пікір болады. Сіз шын ниетіңізбен қайнаған өмірдің бір бөлігі болуыңыз керек және оны балаңызға міндетті түрде әдейі көрсету керекпін деген ойдан мүлде аулақ болыңыз.

Сабырлы болыңыз, балалар жақсы мен жаманды тез айырады. Игі ниеттерді кім де болса байқайды.

Сіз тек азамат қана емессіз. Сіз сонымен қатар – әкесіз. Өз әкелік міндетіңізді жақсы орындауыңыз керек, дұрыс орындалған әкелік міндет сіздің беделіңіздің түп тамыры. Сіз әрқашан да, балаңыздың не істеп жүргенін, нені қызықтыратынын, нені жақсы-жаман көретінін, нені істегісі келетінін, неден қашқалақтайтынын жақсы білуіңіз керек. Балаңыздың кімен дос екенін, кіммен және қандай ойын ойнайтынын, қандай кітап оқитынын, оқығанын қалай тоқитынын біліңіз. Бала мектепте оқыған кезде, оның мектеп пен мұғалімдерге деген көзқарасы, қандай пәндерден қиындық көретіні, сыныпта өзі-өзін қалай ұстайтындығы да сізге белгілі болғаны абзал.

Міне жоғарыда айтылғандардың барлығын, балаңыздың басынан өткен қайшылықтар мен жағымсыз жайларды кездейсоқ білудің орнына, солардың алдын алып, балаңызды еппен ескертіп отырғаныңыз дұрыс. Барлық жағдайларды білуге тиіссіз деген сөз, ұлыңыздың әрбір қадамын, әрбір ісін аңду сияқты шпиондық жұмыспен айналысу, тұрақты және мезі қылатын сұрақтар қою емес. Егер балаларыңыз сізге өз істері туралы айтса және олар сізбен пікір алысуға, ой бөлісуге, өз ісі туралы әкесінің білгеніне мүдделі болса, сіз тәрбие жұмысын дұрыс жолға қойғаныңыз. Кей уақытта сіз балаңыздың достарын үйге шақырғаныңыз, оларға дастарқаннан дәм татқызғаныңыз, кейде балаңыздың досының үйіне барғаныңыз да, яғни мүмкіндік туатын болса, сіздің балаңыздың достарының отбасымен танысқаныңыз да тәрбие үшін өте пайдалы. Бұл істер үшін өте көп уақыттың қажеті жоқ, тек қана балаңыздың ішкі дүниесіне, бала өмірі мен мүддесіне назар аударсаңыз болды.

Егер сізде осындай білім, бала мүддесіне, өміріне, іс-әрекетіне деген қызығушылық болса, ол әрекетіңіз бала назарынан тыс қаламайды. Балалардың барлығы ондай әкелерді жақсы көреді және сол үшін ата-аналарын сыйлайды.

Білімге ие болу беделі көмек беру беделіне алып келеді. Бала өмірінің кей жағдайларында, іс-әрекет атқарып жатқан да не істерін білмей қалып, сол сәтте кеңес пен көмекке мүдделі болып қалады. Мүмкін бала сол сәтте сізді көмекке шақырмайды, себебі көмек сұраудың әдісін білмейді, сол кезде сіз әкесі ретінде балаңызға көмек келгеніңіз дұрыс.

Аталмыш көмек көрсетудің жолдары әр қилы, мысалы, тікелей кеңес беру, қалжың түрінде кеңес беру, нұсқау, тіпті бұйрық түрінде де беріледі. Егер сіз балаңыздың өмірін анық-қанығына дейін білсеңіз, көмектің қандай түрін көрсетуді өзіңіз-ақ білесіз. Көп жағдайларда балаға бұрын кездеспеген, ерекше көмек беру қажеттігі туады. Бірде бала ойнына қатысу қажеттігі туса, екінші бір жағдайда балаңыздың достарымен танысқан жақсы, үшінші жолы балаңыз оқитын мектепке барып, мұғалімдермен пікір алысқан да артық болмайды. Егер сіздің отбасыңызда бірнеше бала болса, сіз нағыз бақытты адамсыз, бұл жағдайда балаға көмек беру ісіне ересек ағалары мен апайларын тартуға болады.

Ата-аналар тарапынан көрсетілетін көмек, баланың есін шығармауы және оны жалықтырмауы тиіс, сонымен қатар қажет және қажет еместігіне қарамай көмек беруге ұмтылмаңыз. Кей сәттерге баланың қиын жайдан өзі шығуына мүмкіндік берген дұрыс, сол арқылы Сіз баланы өзімен өзі болуға, қиын сәттерден, тығырықтардан жол табуға ұмтылуға тәрбиелейсіз. Бірақ, балаңыз қателескенін және есі шығып, ары қарай мүлде шатаса бастағанын байқасаңыз, дереу көмекке келген дұрыс, өйткені бала өз еркімен әрекет жасаудан түңілуі мүмкін. Кей кезде бала әкесінің назарынан тыс емес екендігін, қажет болғанда әкесінің көмекке келетіндігін де білгені дұрыс.

Бала сіздің әрқашан оның қасында екеніңізді сезсе, сіздің тарапыңыздан ақылға қонымды қамқорлықты, сақтандырушылық әрекетті көрсе, сіздің оған қоятын талабыңызды да білетін болады, бала өзіне тиеселі істі сіздің жасамайтыныңызды және өзінен жауапкершілік алынбайтынын білетін болады.



## **6.7 Отбасының бала тәрбиелеу дәстүрлері**

Жаратылысынан жүрек жылуы мен мейірім шуағы мол бала тәрбиесіне, оларды болашақ өмірге дайындау мәселесіне ерекше көңіл бөлетін әлеуметтік институт ол – отбасы. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Бала тәрбиесіне деген немқұрайлық оның табиғатына жат нәрсе. Өйткені, әрбір отбасының ел алдындағы абырой-

беделі, қадір-қасиеті тек отағасының жеке басының жақсылығы немесе дәулетімен ғана емес, бауырынан өрген ұрпақтарының қандай болуымен де өлшенген.

Әр халықтың бүгінгі таңдағыдай арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары (яғни, балалар бақшасы, т.б.) болмаса да, өз ұрпағын өлең-жыр, аңыз-әңгіме, ертегі, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған. Сондай-ақ әр халықтың өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен бастау алып күні бүгінге дейін бала тәрбиелеу кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраларының бірі – салт-дәстүрлер.



Дәстүр дегеніміз – (латынша *trahitio* – беру) тарихи қалыптасқан, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отыратын тәртіптер мен мінез-құлық ережелері. Отбасы басқа да әлеуметтік институттар сияқты өмір сүру барысында жинақтаған тәжірибесіне, белгілі бір үлгілерге сүйене отырып, өзіндік дәстүрлерді қалыптастырады. Мысалы, кейбір отбасылар әр баласына арнап ағаш отырғызады, не отбасылық суреттерді жинап бірге тамашалайды және т.б.

Ұрпақтан-ұрпаққа беріле отырып, дәстүрлер заман талабына сәйкес бейімделіп, өзгертілуі мүмкін. Алайда олардың қоғамдық ортадағы орны мен мәні өзгермейді. Сонымен қатар әр отбасының бала тәрбиелеу дәстүрлері халықтың салт-дәстүрлерімен тығыз байланысты болып келеді.

Адамның ғұмыры жан мен тәнге негізделген. Адам жан мен тәннен тұрады. Жан жайбарақат болу үшін тәннің жайбарақат болуы шарт. Олай болса, адам бақытты болуы үшін жаны мен тәнін қоса тәрбиелеуі керек, яғни салауаттылық өмір қағидасын ұстануға тиіс. Бұл орайда бабаларымыз: «Тәні саудың – жаны сау» деп, салауаттылық өмірді игерудің жолын көрсетіп берген. «Денсаулық – зор байлық» деп қазақ халқы дене тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген.

Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене – жанның құралы. Құралы мықты болса, иесі де мықты. «Сау жан сау денеден ғана болады» деп баланың жастайынан дені сау азамат болуын аңсаған халқымыз келіндерге жаңа туған нәрестені қалай күту жөнінде ақыл-кеңес берген, сәбиді тұзды сумен шомылдырып, денесін маймен сылаған, қол-аяғын созып, «өс-өс» деп буындарын бекіткен. Дене сұлулығына, әсіресе, қыз баланың көрікті болуына ерекше көңіл бөліп, «Аттың көркі – жал, қыздың көркі – шаш» деп ұққан.



Қазақ отбасында – бала тәрбиелеу дәстүрінің бірі – шежіре үйрету. Оның негізгі мақсаты ата текті білу, ұрпақ тазалығын, яғни ген тазалығын сақтау. Мұны ғылыми тұрғыда Г. Мендель гибридтердің бірнеше ұрпағының біркелкілігі, гендердің тәуелсіз таралуы заңдылықтарына сүйеніп өз тәжірибелерінде дәлелдеген.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихан білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қанақоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Қазақ шежіресі» деген еңбегін және интернет көздерінде берілген ақпараттарға сүйене отырып біз «Жеті атаны жіктеудің» екі нұсқасы бар екендігін байқауға болады (*1-сурет*).



**1-сурет.** Жеті ата шежіресінің жіктеу үлгісі

Қазақ халқының текнама (генетика) құпиясын түсінуі кездейсоқ емес. Ол ұрпақ келбетінің, іс-әрекетінің, ақыл-ойының жемісі.

Сондықтан ата-бабаларымыз тектілік деген киелі ұғымды ежелден қастерлеп, оны атадан балаға мирас қып қалдырып келеді. Туа бітті тектілін, табиғи қадір-қасиетін сақтап қалу үшін олар мүмкіндігінше тәрбиелі отбасылармен құда жекжат болуға ұмтылған. Тарих қойнауына үңіліп, ұлттық тәрбие сырларына тоқталып отырғанымызда тегін емес. Өркениетті ел қатарына қосыламыз, келешекте көш бастайтындай ұрпақ өсіреміз дейтін болсақ, осы дәстүрді сақтауымыз қажет. Өйткені бұл ұрпағымыздың дені мен жан саулылығының кепілі.

Адамзат баласының осы кезге дейін құрған қоғамы, жасаған рухани және материалдық байлығы, осының бәрі сананың жемісі. Сана арқылы адамның дүниетанымы, өмірге көз қарасы, рухани мәдениеті қалыптасады.

«Жапырақ тамырдан нәр алады» дейді халқымыз. Балалар әдеп-ғұрыптар мен дәстүр туралы түсінікті өзі өскен отбасынан алады. Отбасы ата-бабаларымыздың өмір тәжірибелері негізінде топталған дана пікірлерін аңыз, ертегі немесе жұмбақ түрінде балалардың санасына сіңіруге тырысып келген. Отбасында балаларды саналы етіп тәрбиелеуде ұлттық мақтаныш сияқты қасиеттерді де оятудың мәні бар. Себебі, ұлттық құндылықтар – ата бабаларымыздан бізге жеткен салт-дәстүр: Ораза айт, Құрбан айт, Наурыз салтанаттары, көктемде дән себу, сүндет тойы, ұлды үйлендіру, қызды тұрмысқа шығару, қайғылы күндерге байланысты істелінетін түрлі ізет, ұлттық әдептіліктің жолын дұрыс ұстану, Отанды сүю, тағы сол сияқтылар.

Ата-бабаларымыздан халқымызға мұра болып қалған меймандостық, тазалық, адалдық және Отанды сүю сияқты қасиеттерді жастардың санасына тәлім-тәрбие барысында сіңіру, олардың болмысын халқымыздың керемет маржандарымен байыту және ұлттық құндылықтарды терең пайдалануға көңіл бөлу бүгінгі күн талабы болып отыр. Бұл мектепте мұғалімдердің, ал отбасында ата-аналардың азаматтық борышы.

Ата-ана өз әке-шешесін қалай қадірлесе, құрметтесе балада ертең соны істейді. Демек, бала тәрбиесінде үйдегі туысқандық қарым-қатынастың ықпалы зор. Отбасы – кішігірім мемлекет. Өйткені, оның ішіндегі кішкентай болып көрінген проблемалар көшеде, яғни қоғамда қайталанса, ол басқаларға тез жұққыш келеді. Себебі, жаман әдет тез тарайды. «Қасықтап жинаған абыройдың шелектеп

бірден төгіле салуы оңай» нәрсе. Солай екен, баланы үйде және өзі өсіп келе жатқан ортада бірдей тәрбиелей білудің маңызы зор.

Қазақ отбасы ата-ана, әке-шеше, балалар сияқты үш ұрпақ құрамынан тұрған. Отбасы экономикалық жағынан қамтамасыз етіліп отырған. Ата-ана мен әке-шешенің қарым-қатынасы жас баланың адамгершілік жағынан толысып жетілуіне үлкен үлес қосқан және ізгілікті іске баулыған.

Кейіннен экономикалық-әлеуметтік жағдайға қарай отбасы мүшелері шағындалып, балалары отау тігіп өздері үлкендерден бөлек тұратын болды. Осыған орай, кейбір отбасыларында ұрпақ тәрбиесіндегі атадан балаға беріліп келе жатқан тәрбиелік сабақтастық үзілді. Дегенмен де, бұл барлық отбасыларында орын алды деп айтуға болмас. Отаулар бөлектенгенмен де ата мен әженің немере тәрбиесіне ықпалы зор. Себебі үлкендер немере тәрбиесінен қол үзгілері келмейді. Түйінін айтқанда, үш ұрпақты құрамдағы отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың тәрбиелік мәні ерекше, бірақ та, оны іске асыруда екі түрлі мәселе туындайды. Біріншіден, үш ұрпақ құрамдағы отбасының мүмкіндігі толық қолданылмайды. Оның бірнеше себептері бар: отбасындағы үлкендер мен немерелер арасындағы қарым-қатынас өз мәнінде емес.

Үлкендер бала тәрбиесіне «қатыспау», бақылау жағын ұстанады, өйткені отбасы мүшелерінің көзқарасында қайшылықтар бар. Екіншіден, қала мен ауылдың алшақтығынан, ата-әжелер алыстағы немерелерімен тығыз қарым-қатынас ұстай алмайды. Ұрпақтар сабақтастығы үзілгендіктен, жас ұрпақ бойында қара басының қамын ойлау, тәкаппарлық, шарасыздық белең алса, ал үлкендерге оқшаулық, балаларына қажетсіздік сияқты сезім орнайды. Бұндай жағдайға жол бермеу үшін мүмкіндігінше жеке отау құрған әр отбасы өз ата-аналарымен араласып, немере тәрбиесіне үлкендерді мүмкіндігінше қатыстыруға тырысуы керек.

Қазақ отбасы балаларды тәрбиелеу барысында туысқандық қарым-қатынастарды да орынды пайдалана білген. Туыстарға қамқор болу, қиын жағдайда оларға қол ұшын беру, қуанышына ортақтасу өмір салтына айналған. Ер жігіттің үш жұрты бар деп, балаға жастайынан өз жұртың – сыншыл, қайын жұрт – міншіл, нағашы жұрт – жанашыр деген түсініктерді берген. Әр жұртпен тығыз араласып, олармен қарым-қатынас жасаудың ерекшеліктерін күнделікті өмір барысында беруге тырысқан.

Ғасырлар бойы қазақ отбасында сақталған тәлімдік дәстүрлер мол. Сондықтан бала аяғын жерге нық басқаннан-ақ қоршаған ортаның құпиясын ғылыми тұрғыдан сезініп білмесе де, жапан түзде жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан-ақ есту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген де болған. Кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, бала 5-6 жасынан-ақ ат құлағында ойнай бастайды. Оқусыз-ақ бір есітігенін қалтықсыз есте сақтайтын қабілеті күшті, әңгімеге үйір көшпелі халықтың баласы небір қызық ертегілерді, жыр-дастандарды жаттап алады. Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөйлеу қорын байытып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра беретін. Халықтық шығармалар ішіндегі әржақты айқын бейне, қызықты оқиға, әдемі қисын, жақсы ұйқас – бәрі-бәрі балаларды қуанытып, еліктіре әсер етіп, ой-пікірін шыңдап отырған.

Сол дәстүрлер сабақтастығын бүгінгі бала тәрбиесінде жалғастыру бүгінгі отбасының қасиетті борышы. Отбасында халықтың рухани-интеллектуалды мұраларын, мәдени құндылықтарын жандандырып, рухани ұлттық сипаттағы мінезді қалыптастыруды көздеу өмірдің талабынан туындап отыр.



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ата-ана үйі, «Қара шаңырақ» ұғымдарының мәнін ашып көрсетіңіз.
2. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін көрсететіндей қандай мақал-мәтелдерді білесіз?
3. Ақын жазушылардың бала тәрбиесіндегі ананың ерекше рөлін айғақтайтын өлең шумақтарынан үзінді келтіріңіз.
4. «Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады» деген ойдың мағанасын қалай түсінесіз?
5. Немере тәрбиесіндегі ата мен әженің рөлі қандай?
6. А. С. Макаренко ата-ананың қандай жалған беделдерін бөліп көрсетті? Соларға терең талдау жасаңыз (дар).
7. Қазақ отбасының қандай бала тәрбиелеу дәстүрлерін білесің? Сол дәстүрлер қазіргі отбасында қаншалықты сақталды деп ойлайсыз?



## Әдебиеттер

1. Лесгафт П. Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение. – М., 1990.
2. Педагогикалық ойлар анталогиясы. – Т. 1 /Құрастырған Қ. Б. Жарықбаев, С. К. Қалиев. – Алматы, 1995.
3. Аргынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы, «Қайнар», 1996.
4. Макаренко А. С. Книга для родителей. Соч. в 7 т. – М., АПН РСФСР, 1957.
5. Макаренко А. С. Лекции о воспитании детей – М.: Правда, 1985.
6. Иманбекова Б. И. Тұлға қалыптастырудағы отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін арттыру жолдары // Білім әлемі, 2000. – № 3.
7. Майғаранова Ш. Баланы отбасында руханы дамытудың кейбір қырлары // Бала мен балабақша, 2007. – №1.
8. Көпеев М. Ж. Қазақ шежіресі /Таңдамалы шығармалары 2-том. – Алматы, 1993.



## АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС СТИЛДЕРІ МЕН ОНЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕРІ



### 7.1 Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас стилдері және оның бала психикасына әсері

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Адам басқа адамдармен қарым-қатынас барысында ғана адамға тән қасиеттерін сақтап қалыптасады. Оған жануарлар арасында өмір сүрген балалар дәлел бола алады. Кез келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажетсінеді. Мысалы, нәрестенің анасымен «тілдесу» қажетін қанағаттандырмау – біртіндеп оның қатаң сезімді, мейірімсіз болып өсуіне, кішкентайынан айналасына деген сезімнің азаюына әкеліп соқтыратыны байқалып жүр. Сөйтіп, басқалармен қарым-қатынасқа түсу – қай жастағыларға болмасын, оған киім кешек, баспана қалай қажет болса, айналадағы жұртпен араласып, дұрыс қарым-қатынас жасай білу де сондай қажет. Адамды қамап, басқалармен араластырмай ұстау – жазаның ең ауыр түрі екендігіне шүбә келтіруге болмайды. Өзгелермен қарым-қатынас жасау – бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат алмасу деген сөз.

Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шебері аса кең, көпқырлы. Спектакль көрсек те, лекция тындасақ та, дос-жандармен сөйлесек те, осының бәрі – қарым-қатынастың сан алуан қырлары.

Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орнығуына байланысты. Отбасында түрлі қарым-қатынастар орын алады.

- ынтымақтастық қарым-қатынас, яғни отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы түсіністік пен көмекке бағытталған;
- ортақ мүддеге негізделген біріңғай қарым-қатынас;
- өзара жегістікке жетуді көздеген қарым-қатынас;
- бәсекелестік, яғни барлық жағдайда өзінің бәсекеде ұтуын көздеген қарым-қатынас;
- түрлі себептермен туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас.

Әр отбасында жоғарыдағыдай түрлі қарым-қатынастың орнығуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Отбасында түрлі қарым-қатынас қалыптары көрініс береді. Кейбір отбасында отбасы мүшелерін бетімен жібереді, мұндай жағдайда ешқандай қарым-қатынас болмайды. Ал кейбір отбасында бедел орын алған қарым-қатынас орнайды. Оның өзіндік ерекшеліктері бар, онда біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиетінің дамуына жағымсыз ықпал етеді. Қазіргі кезде заман ағымына қарай, отбасында демократиялық қарым-қатынасқа ұмтылушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді.

Тәрбиелеу үдерісінің әсерлілігі негізінен қарым-қатынас сипатына тәуелді болады. Қарым-қатынас бірлескен ұжымдық әрекеттің негізі болып қана қоймай адам тұлғасын қалыптастырудың негізгі факторы және тәрбие тәсілі болып табылады. Адамды тәрбиелеу – бұл оның көзқарасы мен түсініктеріне әсер ету, оны сендіру және оның басқа адамдармен қарым-қатынасы барысындағы мінез-құлқын реттеуді жүзеге асыру.

«Ата-ана – бала» жұбындағы кез келген қарым-қатынас түрінің тәрбиелік маңызы бар. Тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы бола отырып, қарым-қатынас үлкен педагогикалық мүмкіндіктерге ие.

Қарым-қатынастың гуманизмге негізделген формалары мен тәсілдері келесідей сапаларды қалыптастырудың тәсілі бола алады. Олар: басқа адамдарға деген сыйласымды қатынас, үлкенді сыйлау. Алайда, қарым-қатынас арқылы жағымды сапаларды тәрбиелеу үшін арнайы білімдер қажет. Тәрбиенің тиімділігі ата-ананың баламен құрған қарым-қатынасына тәуелді болады. Тәрбие барысындағы қарым-қатынас – бұл әрекеттестіктің бір түрі. Ол сәтті жүзеге асуы үшін оқу мотивтерін, мектепке деген жағымды қатынасты, дұрыс өзіндік бағалауды, оқу тапсырмаларын дұрыс орындауға деген ұмтылысты және т.б. қалыптастыру қажет.

Қарым-қатынас қиыншылықтары классификациясы мен олардың себептерінің түрлері де сан қилы. Психологиялық әдебиеттерде қарым-қатынас қиыншылықтары келесідей болады: серіктестер арасындағы әрекеттестік барысының бұзылуы, қатынас дамуы барысында туындайтын әр түрлі қиындықтар, қарым-қатынас барысындағы қысым.

Көптеген ғалымдар (Я. Л. Коломинский, Е. Е. Кравцова, В. Б. Кан-Калик, М. И. Лисина, Е. О. Смирнова және т.б.) қарым-қатынас бала дамуының әр түрлі кезеңіндегі бірнеше тәсілдер (сөз, мимика, бетпепет) арқылы жүзеге асатын ерекше әрекеттестік ретінде қарастырды.

Қарым-қатынас дамуының бұзылуы тұлғалық қатынастың мазмұнды қырына кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар балалар қарым-қатынасының екі маңызды аймағын естен шығармау қажет. Олар ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы. Олардың тығыз байланыстылығына қарамастан бұлардың әр қайсысы бала қарым-қатынасы дамуының деңгейін бейнелейді.

Мектепке дейінгі жастағы бала өзін қоршаған адамдарды көзімен көреді. Егер отбасындағы бағалау және үміт баланың жас ерекшелігіне, жеке ерекшеліктеріне сәйкес келмесе, оның өзі жайлы көзқарасы шындыққа сай келмейді. М. Н. Лисина (1985) балалардың отбасындағы тәрбие ерекшеліктерін ескере отырып мектеп жасына дейінгі баланың өзіндік санасы дамуы деңгейін қарастырады. Өзі жайлы нақты көзқарасы дамыған балалар тәрбиеленген отбасында ата-аналар оларға қажетті деңгейде көңіл бөледі; олардың физикалық және ақыл-ой дамуына адекватты баға береді; мектептегі жақсы үлгерімді жоспарлайды. Мұндай балаларды жиі мақтайды, қарым-қатынасты шектеу арқылы жазалайды. Өзіндік бағалауы төмен балалардың отбасында олармен жеткіліксіз деңгейде айналысады, бірақ жоғары талап қояды, төменбағалайды, жазалайды, олардан ешқандай жетістік күтпейді.

Тәрбие мақсатына жету үшін ата-аналар әр түрлі әсерлерге жүгінеді: мадақтайды, не баланы жазалайды, баласы үшін үлгі болуға тырысады. Балаларды саналы түрде мадақтау нәтижесінде баланың тұлға ретінде дамуын жеделдетуге болады. Егер жазалау қажеттілігі туындаса, онда оны тек қана қажетті жағдайда ғана қолдану қажет. Өте қатал жаза нәтижесінде балада қорқыныш немесе өшпенділік болуы мүмкін. Кез-келген физикалық әсер нәтижесінде балада өзіне ұнамаған жағдайды күшпен шешуге болады деген ұстанымды туындатады.

У. И. Ауталипова (1999) өзіндік бағалау мен бала тәрбиелілігі арасындағы тәуелділікті айқындады. Автор ата-анасымен қақтығысқа жиі түсетін балаларды эксперимент арқылы бөліп алып, әр түрлі тестік әдістемелерді отбасындағы ата-ана мен бала қатынасында (В. Я. Варга – В. В. Столин; К. Томас тесті; С. А. Будассидің өзіндік бағалауды зерттеу әдістемесі; сауалнамалар) қолданады.



Соның нәтижесінде өзіндік бағалауы төмен балалардың өздеріне көңілі толмайтындығын көрсетті. Мұндай жағдай ата-аналары балаларына оның шамасынан жоғары талап қоятын отбасыларда жиі орын алып отырады. Бала өз ата-анасының талабына сәйкес келмейтіндігін сезінеді. Өзіндік бағалауы жоғары жағдайда да адекватсыздық байқалады. Бұл баласын көп мақтап, кішкентай жетістіктері үшін де сыйлық беретін отбасында да кездеседі. Жоғары, бірақ шамадан тыс өзіндік бағалауы жоқ отбасында балаларға бағытталған көңіл бөлушілік қажетті деңгейдегі талапшылдықпен сәйкес келеді. Өзіндік бағалауы төмен балаларға отбасында шамадан тыс еркіндік ұсынылады, алайда бұл еркіндік ата-ана мен бала арасындағы қатынас бұзылуы нәтижесіндегі бақылаусыздық болып табылады.

Қарым-қатынас барысындағы қиыншылықтар эмоционалды қарым-қатынас бұзылуының нәтижесі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі баланың сөзі мимика, жест және поза көмегімен жүзеге асырылады. Бала ата-анасы және жақындарының қарым-қатынас стиліне еліктей отырып, санасыз түрде соған бейімделіп кетеді. Сөйлеу мәдениетіне ие отбасы баласының бойына қолданылып жүрген қарым-қатынас стилін бейімдейді. Эмоционалды қатынастың бұзылуы нәтижесінде бала бойында үрейлілік дамиды. Жоғары үрейлілік тұрақты сипатқа ие болады. Мысалы, бала ауырып қалып өз құрдастарынан қалып қойды, ол оқу үдерісіне қосылуда қиналады. Егер оның бойындағы уақытша қиындықтарды ересектер тітіркендірсе, бірдеңені қате жасап қою қорқынышы, үрейлілік туындайды.

Мұндай жағдай ата-аналар тым жоғары талап қойғанда да туындайды. Үрей мен оған байланысты төмен өзіндік бағалаудың өсуі нәтижесінде баланың танымдық жетістіктері төмендеп, сәтсіздік сезімі беки түседі. Өзіне деген сенімсіздік нәтижесінде келесідей ерекшеліктер де туындайды. Ересектердің нұсқауын орындау, үлгі бойынша ғана әрекет ету, өз ойын білдіруге қорқу, білімдер мен әрекет тәсілдерін ресми түрде меңгеру. Өз баласының оқу әрекетінің нәтижелілігінің төмендеуіне көңілі толмаған ересектер қарым-қатынас барысында аса үлкен көңіл бөле отырып, бала бойындағы эмоционалды дискомфортты үдете түседі. Нәтижесінде келесідей шеңбер құрылады: баланың жағымсыз тұлғалық ерекшеліктері оның оқу-танымдық әрекетіне әсер етеді, жағымсыз қатынасын туындатады, ал бұл кері реакция бала бойындағы жағдайды күшейтеді. Бұл

шенберді ата-аналардың ұстанымы мен бағалауын өзгерту арқылы түзуге болады. Балаға жақын ересек адамдар бала жетістіктерін байқап, оны қателіктері үшін аса қатал жазаламау арқылы оның үрейлілік деңгейін төмендетеді және сол арқылы оқу тапсырмасының сәтті орындалуын қамтамасыз етеді.

Келесі нұсқа – демонстративтілік – бұл тұлғаның сәттілік пен қоршағандардың көңіл бөлуін талап етумен байланыстырылған тұлғаның ерекшелігі. Ересектердің балаларға жеткіліксіз көңіл бөлуі баланың бойында қажетсіздік сезімін тудыра отырып, демонстративтіліктің негізі болып табылады. Алайда балаға жеткілікті деңгейде көңіл бөлініп ол эмоционалды қатынасқа деген гипертрофты қатынасқа қанағаттандырылмайтын жағдайда болады. Шамадан тыс көңіл бөлінетін балалар ересектерге шамадан тыс талап қояды. Мұндай бала мінез-құлқын бұза отырып та өзіне көңіл бөлінуіне қол жеткізіп отырады. Ересектердің міндеті – ескерту барысында эмоционалды азайту, жеңіл қателіктерге мән бермеу. Егер жоғары үрейлі бала үшін негізгі мәселе ересектердің үнемі қайталанатын ескертулері болса, онда демонстративті бала үшін мақтау сөздерінің жеткіліксіздігі.

Үшінші нұсқа – «шындықтан безу». Бала бойында демонстративтілік пен үрейлілік қатар келгенде көрініс табады. Бұл балалар өздеріне көңіл бөлгендіктерін қалайды, алайда үрейліліктің басым болуына байланысты оны жүзеге асыруда қиналады. Олар ересектердің талабын орындауға тырысады, көзге бірден түсе бермейді. Көңіл бөлу қажеттілігінің қанағаттандырылмауы пассивтіліктің жоғарылауына әкеледі. Ересектер балаға көңіл бөліп, олардың әрекетін бағыттағанда баланың түзелуі жүзеге асырылады.

Баланың бойындағы эмоционалды сәтсіздіктердің басқа формасы ата-ананың диктат болуы нәтижесінде пайда болады. Оларға қорқыныш – адам санасындағы нақты қауіпті сезінуі; үрей – болашақтағы қауіпке эмоционалды түрде тұрақталып қалу. Үрей қорқынышқа қарағанда әрқашанда теріс сезім емес, өйткені ол қуанышты қобалжу кезінде де орын алады.

Қорқыныш пен үрейді біріктіруші – мазасыздық сезімі болып табылады. Оны баланың сасқалақтап, қажетті жауапты бере алмай, дірілдеген дауыспен сөйлеп, мүлдем үндемей қалуынан көреміз. Ол мүлдем көп қимылдарды жасайды немесе мүлдем қозғалыссыз

қалады. Мұндай симптомдар ағзаның психофизиологиялық функцияларына шамадан тыс қысым түскенін білдіреді.

Қорқыныш жасқа немесе жүйке жүйесіне байланысты болады. Жасқа байланысты қорқыныштар эмоционалды сезімтал балаларда кеңінен көрініс табады. Олар келесідей факторларға байланысты болады: ата-анасында қорқыныштың болуы, баламен қатынастағы үрей, шамадан тыс қамқорлық және оны құрдастарымен қатынасынан оқшаулау, ата-ана тарапынан тыйымдардың көп болуы немесе шамадан тыс еркіндік және отбасындағы ересектердің көптеген қорқытулары, ата-ана арасындағы конфликтілік қатынас, қорқыныш сияқты психикалық жарақат, құрдастары және ересектерімен қатынастағы қорқынышты психиканы жұқтырып алу.

Жүйке жүйесіне байланысты қорқыныштың сипаттары: жоғары сезімдік және қысым жағдайында болу; тұлға және оның мінез-құлқының қалыптасуына кері әсер ету; басқа қобалжулармен байланыс, барлық жаңалықтан және таныс емес нәрседен қашу; қорқынышты жоюдағы қиындық. Сондай-ақ жүйке жүйесіне байланысты қорқыныш ұзаққа созылған шешімі күрделі қобалжулардың нәтижесінде туындайды.

Көп жағдайда отбасындағы қарым-қатынаста эмоционалды қиындықты басынан кешіретін, өзі жайлы көзқарасы отбасындағы қақтығыстар нәтижесінде өзгертілген сезімтал балалар осындай қорқыныштарды сезінеді. Мұндай балалар ересектерге бедел және махаббат негізі ретінде сүйене алмайды.

Мектепке дейін ересектермен қарым-қатынас тәжірибесіне ие болмаған балалар олардың көңілінен шықпай қалуға және мұғалімнен қорқады, мектеп ұжымына бейімделуде қиыншылықты басынан өткізеді. Кейбір жағдайларда құрдастарымен қақтығыстарға түсіп, олардың тарапынан болатын агрессиядан қорқу (төбелесу, ұрып-соғу) мектептен қорқу себептерінің бірі болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойындағы қорқыныштың нәтижесінде ұялшақтық сияқты мінез-құлық формасы туындайды. Ұялшақтық – бұл көптеген адамдарға тән, қарым-қатынас жасауда кедергі келтіретін ерекшелік.

Отбасы жағдайында жасөспірім шақтағы балалармен қарым-қатынас жасауға ерекше назар аударылуы қажет. Бұл кезеңге тән тағы басты ерекшелік олар барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келеді.

Жасөспірімдер үлкендердің өзінің есейгендігімен, өзбеттілігімен санасуын талап етеді. Ата-аналар болса оған қарсы шығады. Себебі олар оны «бала» деп санайды. Егер де осындай қатынас көпке созылса, жасөспірімдер мен ата-ана арасында түсінбеушілік туылып, бала үлкендермен ерегесіп, не айтса да, соны орындамауға тырысады. Ата-аналар әуелгі кезде оларды тәртіпке шақырады, кейде жазалау әдісін пайдалануы мүмкін. Осындай екі арадағы түсінбеушілік салдарынан жасөспірімдер мен ата-ана арасында бөгет пайда болады, ал бөгетті жою оңай емес.

Сонымен жоғарыда сипатталған бала тұлғасының негативті қырлары дискомфорттың (жайсыздықтың) салдарынан туындайды. Сондықтан ата-ана мен бала арасындағы терең және үздіксіз қатынас болуы қажет. Бұл тәрбиелеудегі негізгі талап. Қатынасты сақтаудың негізі – бұл бала өміріндегі оқиғалардың барлығына да қызығушылық таныту, оны түсінуге, оның өміріндегі өзгерістерге көңіл бөлу. Балалар мен ата-аналар арасындағы эмоционалды қатынас өзара түсіністік жайлы айтқанда бала мен ересек адамның арасындағы әрекеттестік, диалог жайында ой қозғалады. Зерттелініп отырған жас кезеңінде эмоционалдық қатынас, дыбыстық қатынас өте маңызды болып табылады.

Қарым-қатынастың белгілі бір кезеңінде бала эмоционалдық қатынастың жеткіліксіздігін сезінсе, оның жалпы дамуында артта қалушылық байқалады. Бұл жағдайды келесі зерттеулер де дәлелденген: Н. М. Аксарина, Е. К. Каворина, Ф. И. Фрадкина, Н. М. Щелованов.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ересектердің балалармен қарым-қатынасының келесідей ұстанымдарын басшылыққа алғаны жөн: баланы қаз қалпында қабылдау; эмпатия – ересек адам бала позициясын қабылдайды, туындаған мәселеге бала көзімен қарайды; конгрэнттілік – болған оқиғаға ересек адамның адекватты қатынасы.

Сонымен жоғарыдағы айтылған пікірлерді қорыта келе, бала туыла салысымен ересектермен қарым-қатынасқа түсетенін және олардың мазмұны мен формасы өзгеріп отыратынын байқауға болады. Балалардың өз қатарларымен қарым-қатынасқа түсуі шамамен үш жастан басталып, мектепке дейінгі кезеңде шарықтау шегіне жетеді. Балалардың ересектермен қарым-қатынасы әртүрлі әрекет барысында пайда болып, мазмұны мен формасы өзгеріп отырады.

Қазақ отбасындағы арнайы жазылып бекітілмеген «заңдары» әке мен ұлдың, шеше мен қыз баланың, әке мен қыздың, қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, бажа, жезде, бөлелердің арасындағы өзара қарым-қатынастары әрқайсысын әдептілікке тәрбиелеудің ерекше қымбат үлгісі іспетті.

Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде.

Сол сияқты, жас келіннің үлкен-кішіге ат қоюының өзінде үлкен философиялық мән бар. Одан жас келіннің отбасы тәрбиесінің деңгейі, ақыл-ой дәрежесі, тапқырлығын аңғаруға болады.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жауапшы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.



## **7.2 Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты диагностикалау әдістері**

Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы. Отбасындағы қарым-қатынас сипаты, ата-аналардың өзінің бұрынғы отбасынан алған тәрбие нұсқауларымен, олардың темпераменттер ерекшеліктерімен, ерлі-зайыптылардың эмоционалдық деңгейімен, педагогикалық мәдениетімен және отбасында қалыптасқан әдет-ғұрыптармен анықталады.

Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, қайғы мен қуанышта ортақтас болу сияқты кең ауқымды эмоциялық саланы қамтиды. Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше психологиялық жүйе, екі не бірнеше рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлықтар арасындағы келісім мен өзара түсіністік, не қақтығыс, талас-тартыс іске асады. Отбасы мүшелері арасындағы адамгершілік, әдеп пен инабат, өзара түсіністік, бірінің екіншісін құптауы сияқты қарым-қатынастың өркен жаюына қол жеткізу өте күрделі, әрі ұзақ үдеріс. Оған ата-аналардың жастығы мен бала тәрбиесіндегі тәжірибе-

нің жоқтығы, не қажетті педагогикалық білімдерінің жетіспеушілігі, яғни тәрбие барысында тек қана өз ойлары мен көзқарастарына ғана жүгінуі әсер етуі ықтимал.

Сондықтан әрбір ата-ана өзінің педагогикалық білімін жетілдіріп, мәдениетін арттыру үшін өзінің балалары арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін диагностикалай білуінің маңызы зор. Ол үшін түрлі диагностикалық әдістерді пайдалануға болады.



Мысалы, **«Қажеттілік базасын анықтау»** әдістемесі. Оның мақсаты бала қажеттілігінің қалай қанағаттанғанын анықтау.

Балаларға төрт түрлі сурет салу ұсынылады: өсімдік, қару түрі, зергерлік бұйымдар, ыдыс аяқ.

Сурет мазмұнының психологиялық талдануы былай болып келеді:

1) Өсімдік тірі түрінде салынса ол, өмір сүруге құлшынысты білдіреді; ал егер кесілген, томар түрінде болса, онда индивидтің ішкі жан-дүниесінде жойылу деген бағдарлама жұмыс жасауда, оны сұрақтар қою арқылы нақтылау қажет болады.

2) Қару-жарақ – қорғану; егер ол басқаруға келетін болса (мылтық, пистолет, пышақ) онда мінез-құлқын өзі реттей алады, ал егер садақ болса, жаны тез жараланатын, осы мінез-құлқымен елді өзінен алшақтатады.

Ал қылыш салса, онда тек жақындарына ғана әсер ете алады. Қару-жарақ үлкен көлемде салынса, онда баладағы агрессияның басымдығын білдіреді.

3) Зергерлік бұйымдар – денеге жақын орналасқан әрі сүйкімді болса, сүйіктісі бар, ал егер сирек кездесетін немесе тағылатын әшекейлер болса, онда сүйіктісін таппағандығын білдіреді.

4) Ыдыс-аяқ – күнделікті қолданатын түрлерін салған болса, қарапайымдылық қажеттілігі қанағаттануда, ал хрусталь сирек кездесетін ыдыстар салынса, онда қажеттілігінің басым бөлігі жүзеге асырылмағандығын білдіреді.

Балаларды ата-аналар тәрбиелейді. Ал ата-аналарды ше? Бұл күрделі сұраққа жауапты ата-аналардың өздері біледі. Осы мақсатта ата-аналар «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» атты тесті өз өздеріне жүргізе алады.

**Шарты:** зейін қойып сұрақтарды оқыңыз және берілген тұжырымдамалардың қайсысына келісесіз, соны белгілеңіз. 3 жауаптың біреуін ғана белгілеңіз.

**Жауаптар:**

- а) Қолымнан келеді, әрі әрқашанда осылай жасаймын (3 ұнай).
- б) Қолымнан келеді, бірақ әрқашанда олай жасамаймын (2 ұнай).
- в) Қолымнан келмейді (1 ұнай).

**Тест сұрақтары:**

1. Қандай жағдай болмасын өз жұмысымды тастап баламмен айналысамын.
2. Баланың жасына қарамастан мен онымен кеңесемін.
3. Егер қате жіберген жағдайда болсам, онда баламнан кешірім сұраймын.
4. Баламмен қарым-қатынас арасында жіберген қателігімді оның алдында мойындай аламын.
5. Егер баламның әрекеті маған өте қатты кері әсер етсе де, онда мен өзімді ұстай алар едім.
6. Баламның орнына өзімді қоя аламын.
7. Мен өзімді 1 минут болса да, “сұлу перизат” немесе “мейірімді сұлтан” ретінде сезіне аламын.
8. Мен өзімнің балалық шағымдағы сабақ болатындай жағдайды айтып бере аламын.
9. Бала жанына ауыр тиетін сөздерді көп қолданатын сияқтымын.
10. Мен баламның жақсы тәртібі үшін, оның тілегін орындауға берік боламын.
11. Балаға не істегісі келсе, соны істеуге, өзін қалай ұстаса, солай ұстауға, яғни еркіне жіберіп, өзім араласпауға тырысамын, бір күнді соған бөлемін.
12. Менің балам біреудің баласын себепсіз жәбірлеп, ренжітіп, қол жұмсап, дөрекі мінездерін көрсетіп жатқанын көрсем де үндемеймін.
13. Балам ерке қылығын көрсетіп жылағанына немесе баламның көз жасымен әр нәрсені сұрауына қарсы тұра аламын.

**Тестің кілті:**

30-39 ұнай аралығында – өміріңіздегі жанұяда ең үлкен әрі қымбатты адам – балаңыз деп санайсыз. Сіз балаңызды түсініп қана қой-

май, оны тереңірек білгіңіз келеді және оған үлкен құрметпен қарайсыз. Сіз ең таңдаулы озық тәрбиелік әдістерді және тұрақты тәртіп жолдарын ұстанасыз. Сіз өте дұрыс бағыттасыз және болашақта жақсы нәтижеге ие боласыз.

*16 ұпайдан 30 ұпай* аралығында – бала сіз үшін бірінші орындағы маңызды мәселе. Сіздің бойыңыздағы тәрбиешілік қасиет қалыптасқан, бірақ өмірде оны жүйелі және мақсатты түрде қолдана бермейсіз. Кейде өзіңізді қатал ұстайсыз, кейде жұмсақ ұстайсыз, тіпті кейде тәрбиелік тиімділікті әлсірететіндей келісімге де барасыз. Сізге бала тәрбиесі жөніндегі өз әдісіңіз жөнінде кеңірек (тереңірек) ойлану қажет.

*16 ұпайдан төмен* – бала тәрбиесі сіз үшін үлкен қиыншылық туғызады. Сізге не білім жетіспейді, ең болмаса балаңызды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға ниетіңіз, ұмтылысыңыз жетіспейді. Сол себептен сіз педагогтан және психологтан кеңес алғаныңыз жөн.

Сонымен қатар балаларымен қарым-қатынасын анықтау үшін төмендегідей **сауалнамаларға** жауап беруге болады.

- Саған қанша рет қайталап айтамын. *2 ұпай*
- Маған ақылыңды айта қойшы. *1 ұпай*
- Мен сенсіз не істер едім! *1 ұпай*
- Сонша кімге тартқансың! *2 ұпай*
- Сенің достарың қандай тамаша адамдар! *1 ұпай*
- Туу, ұқсағансың! *2 ұпай*
- Мен сенің кезімде... *2 ұпай*
- Сен менің тірегім мен көмекшімсің ғой! *1 ұпай*
- Сенің достарың өзі қандай адамдар... *2 ұпай*
- Сен тегі не ойлап жүрсің?! *2 ұпай*
- Сен менің ақылшымсың! *1 ұпай*
- Ұлым, қызым. Сен қалай ойлайсың... *1 ұпай*
- Басқаның баласы бала сияқты да, ал сен... *2 ұпай*
- Сен қандай ойлап тапқышсың! *1 ұпай*

Сауалнамаға жауап беру үшін баласымен қарым-қатынаста жиі пайдаланатын фразалардың жанына қосу таңбасын қою керек.

Сауалнамаға жауап беріп болғаннан кейін жалпы ұпайды санау қажет.



### **Кілт:**

7-8 ұнай – Сіз балаңыз екеуіңіз бір-біріңізді сөзсіз түсінуге ұмтыласыз. Ол сізді жақсы сыйлайды. Сіздердің қатынастарыңыз тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік береді.

9-10 ұнай – Сіз қарым-қатынаста бірқалыпты емессіз. Ол сізді сыйлағанмен сізге сырын ашып айта бермейді. Оның дамуы кездейсоқ жағдайлар мен оқиғалардың ықпалына түсіп кетуі мүмкін.

11-14 ұнай – Сіздің балаңызбен қарым-қатынасыңызды өзгерту керек. Сіз балаңызға аз сенім білдіресіз, қиын жағдайларда қолдамайсыз. Оның оқшаулануына, балаңызбен конфликтілік (даулы) қатынасқа мүмкіндік бересіз. Ол тұлғаның өсуіне кедергі жасайды.

Сондай-ақ “Жақсы тәрбиеші, үлгілі ата-ана бола аламыз ба?” сауалнамасына жауап беру арқылы өзінің бала тәрбиесіндегі, қарым-қатынасындағы жетістіктері мен кемшіліктерін аңғаруына мүмкіндік алады.

1. Балалар тәрбиесі туралы газет-журнал беттерінде жарияланған мақалаларды немесе радио, теледидар хабарларын жүйелі оқып, тындап отырсыз ба? Осы тақырыптағы кітаптарды оқисыз ба?

2. Балаңыз бір жақсы әрекет жасады. Сіз мұндай жағдайдың өз тәрбиеніздің нәтижесі екендігі жөнінде ойланып көрдіңіз бе?

3. Балалар тәрбиесінде қасыңыздағы қосағыңыздың пікірімен үнемі санасып отырсыз ба?

4. Балаңыз сізге көмектесіп жатқан кезде оның өз жұмысы бұдан кедергіге ұшырап немесе мүлде тоқтап қалып жатқанын біле тұра оны қабылдар ма едіңіз?

5. Бұйыру немесе тыйым салу сияқты шараларды сіз тек қажет кезінде ғана қолданасыз ба?

6. Жүйелілік, реттік – педагогикалық маңызды принциптердің бірі деп санайсыз ба?

7. Балаға оның айналасындағылардың үлкен әсер ететіндігін сезінесіз бе?

8. Спорт пен дене шынықтырудың баланың жан-жақты үйлесімді дамуына маңызы зор екенін ескеріп отырсыз ба?

9. Сіз балаңыздан бір нәрсені орындау жөнінде талап тұрғысынан емес өтініп сұрап көрдіңіз бе?

10. “Менің уақытым жоқ” немесе “Токтай тұр, әуелі жұмысым-

ды бітіріп алайын” деген тәрізді сылтаулармен балаңыздан құтылуға тырысу сізге ыңғайсыздық туғызады ма?

11. Балаңыз жеке жұмыстарымен сіздермен бөлісе ме?

12. Балаңыздың достарын білесіз бе?

13. Сіздердің балаңызбен ортақ, ұқсас қызығушылықтарыңыз бар ма?

14. Сабақтарын қалай дайындайтынын тексересіз бе?

15. Өздеріңіз оқитын кітаптарыңыздың мазмұнымен балалармен бөлісесіз бе?

Әрбір мақұлдау жауаптарына – 2 ұпай, ал кей кезде орындалатын болса – 1 ұпай, ал қарсы болса – 0 ұпай қойылады. Егер ата-ана 6 ұпайдан төмен ұпай жинаса, онда ата-ананың бала тәрбиесі туралы түсінігі көмескі екендігін дәлелдейді. Егер 7-14 ұпайға дейін жинақтаса, онда ата-ананың бала тәрбиесінде үлкен қателік жасап жүрмегенімен, өзінің осы бағыттағы іс-әрекеті жөнінде тереңірек ойлануы керек.

Диагностикалық әдістер ата-аналардың балаларымен қарым-қатынастарын анықтап, кемшіліктерін өзі не арнайы мамандар көмегімен жоюына мүмкіндік береді.



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас стилдеріне сипаттама беріңіз.

2. Қарым-қатынас стилдерінің бала психикасына әсер ететінін өмірден мысал келтіре отырып дәлелдеңіз.

3. И. М. Марковскаяның «Опросник для изучения взаимодействия родителей с детьми» атты мақаласын оқып, талдау жасаңыз.



## Әдебиеттер

1. Ауталипова У. И. Психология детско-родительских отношений в конфликте: Учебное пособие. – Алматы: ТОО «Фортресс», 2004. – 141 с.

2. Варга А. Я. Структуры и типы родительского отношения: Автореферат дисс. канд. пед.наук. – М., 1986. 23 с.

3. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы – Алматы, 1996.
4. Капенова А. А. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру – Алматы, 2009.
5. Қыстаубаева Н. Отбасындағы ата-ана мен баланың қарым-қатынас мәдениеті // Бастауыш мектеп, 2001. – № 3.
6. Садакбаева Венера Бисенбаевна Отбасындағы қарым-қатынастың бала дамуына психологиялық әсері ... *kzdocs.docdat.com/docs/index...копия*
7. Марковская И. М. Опросник для изучения взаимодействия родителей с детьми // Семейная психология и семейная терапия, 1999. – № 2. – С. 94-108.



## ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ



### 8.1 Отбасы тәрбиесінің мәні мен мазмұны

Отбасы – адам баласының дүниеге келгенінде есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп-өнетін, ер жететін, тәрбие алатын қажетті әрі қасиетті алтын бесігі. Адамзат ұрпағына отбасының ерекше құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсеңіздің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата-ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе толтыра алмайды. Бала отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым-қатынаста болу сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажетті жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Баланың дамуының қандай қырын алмайық, қай жас кезеңінде болмасын оның тиімді болуында отбасының рөлі ерекше. Жас ұрпақты тәрбиелеп өсіруде ата-аналардың атқаратын қызметі орасан зор. «Баланы таба білсең, баға да біл», «Баланы сүйсең, тәрбиесін сүй», «Баланы мақтау жетілдірмейді, тәрбиелеп баптау жетілдіреді» деген мақал-мәтелдер баланы құр айналайын дей бермей, оны бесіктен тәрбиелеу қажеттілігі, тәрбие отбасынан, ата-анадан басталатынын дәлелдейді. Сондықтан әр ата-ана өз міндетін білуі керек.

Отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ халықтың жазбаша педагогикалық еңбек жазып

қалдырмаса да білгір педагогтары, тәрбиешілері, ұстаздары болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман тілектеріне сүйеніп отырған.

Отбасында тәрбие міндеттеріне сай дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, эстетикалық тәрбиелер жүргізілген. Отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды.



## 8.2 Отбасында балаға адамгершілік тәрбие беру

Адам бақытты өмір сүру үшін денімен қатар рухани саулығына көңіл бөлуі тиіс. Рухани саулыққа көңіл қойылған жағдайда адам елмен сыйласымды, ойлау қабілеті жоғары шама-шарқын білетін, ақылмен іс істейтін өте сезімтал, ұстамды да байсалды, қоғамдағы өз орнын білетін, ісіне жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарайтын, адамдармен тез тіл табыса алатын, табиғатты сүйетін, қоршаған ортадан хабардар, бақыт дегеннің не екенін түсінетін жан болады. Ал, рухани саулығы жоқ адам аталған барлық қасиеттен жұрдай болмақ.

Отбасы – болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын қоғамның ажырмайтын басты тірек – арқауы. Әке мен шеше – отбасы мектебінің ұстаздары болады.

Қазақ отбасында тәрбие ісі негізінен басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Екіншіден, олар баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға баулыған. Төртіншіден, кісі ақысын жемейтін адал, шыншыл болуға үйреткен. Бесіншіден, ұстаз бен көпті көрген қарияны тыңдап, «ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол» дегенді бойларына біртіндеп сіңіре берген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлап құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбе, әсіресе қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін бетіне баспа деп үйреткен. Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді ерінбей-жалықпай айтып қана қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған.

Бала – ата-ананың адамгершілік өмірінің айнасы. Адамгершілік қасиет отбасы мүшелерінің бірін-бірі қадірлеуінен, олардың өзара бірлігі мен түсінушілігінен, ата-ана мен балалар арасындағы мейірімді қарым-қатынасынан, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді толып жатқан жазылмаған заңдылықтар арқылы көрініс табады. Баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен бірге еңбекке деген сүйіспеншілікке, ұлтжандылыққа, адалдыққа, жинақылыққа, адалдыққа жинақылыққа баулып өсіру шарт. Осы тамаша қасиеттердің бәрін ата-ана бойынан тауып, соған еліктеп өссе және әрбір ата-ана баласының жүрегіне жол тауып, оның өміріндегі шынайы досына айналса, тер төккен еңбегінің жанғаны.

Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюуы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған.

Қоғамда берік қалыптасқан осындай көрегенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, моральдық құндылықтың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған.



### **8.3 Отбасы жағдайында балаға құқықтық тәрбие беру**

Тұлғаны жан – жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі – құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарын аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты.

А. С. Макаренко сөзімен айтқандай, “Тәлім-тәрбие, кең түрде алғанда – әлеуметтік үдеріс”. Адамдар да, заттар да тәрбиеленеді. Дегенмен, адамдардың үлес салмағы басым. Солардың ішінде ата-аналар мен педагогтар бірінші орынға шығады деген екен. Олай болса, құқықтық тәрбиенің нәтижелі болуы отбасының құқықтық сауаттылығына (бала құқығы туралы заңдарды, қылмыстық, әкімшілік және басқа да кодекстер туралы білімдерінің болуы), оның қоғам және өз отбасы алдындағы міндеттерін қаншалықты жауапкершілікпен атқаруына байланысты.

Балалардың мінез-құлқының нормадан, шамадан ауытқуына түрлі жағдайлар себеп болады. Олардың ішінде ең бастысы отбасы жағдайы болып табылады. Өйткені тұлғаның жеке басының жаман-жақсы қасиеттерінің негізі отбасынан қалыптасады. Сондықтан да, балалардың өнеге алып үлгі тұтары – ең алдымен өздерінің ата-аналары.

Балалардың ата-аналары қонақта болады немесе өздері қонақ шақырады. Осының бәрі ішімдіксіз өтпейді, дастарханға ішімдікті самсатып қояды. Ал, жастардың қайсысы болмасын ересектерге еліктейді. Өздерін ересектерше ұстайды, ересектерше әрекет жасауды қалайды. Ең қауіптісі сол – бала көргенін істеп, ішімдікке бой ұрады.

Ата-аналары және тағы басқа да ішімдікке салынған адамдардың отбасында күнде жанжал, төбелес болғандықтан, балаларды дұрыс тәрбиелеу мен оқытуға ешқандай жағдай болмайды. Керісінше, мұндай бүлінген отбасында балалардың өздері ішімдікпен әуес бола бастайды.

Екіншіден, отбасының ынтымағының бұзылуы да сол отбасындағы жасөспірімнің мектептен қол үзіп, нашар оқуына, тура жолдан ауытқуына әсерін тигізеді.

Сондай-ақ кейбір ата-ана өздері қылмыс жасап, соған балаларында бірге қатыстырады. Демек, мұндай ата-аналар өз балаларын тәрбиелемек түгілі оларды қылмысқа итермелейді.

Ата-анасының тікелей қамқорлығы мен сүйіспеншілігін сезінбей өскен балада қоршаған орта мен ұжымға деген кері көзқарастың қалыптасатыны және де бала тарапынан берілген кез келген сұраныстың қандай мақсатта жұмсалатыны сұралмай қанағаттандырылуы жасөспірім бойындағы жалқаулықтың, өмірлік құндылықтарды бағалай білмейтін өзімшілдіктің қалыптасуына әкеліп соғуда.

Қазіргі таңда балаларға ақпараттың шектеусіз әрі бақылаусыз берілуі де олардың сана-сезіміне кері әсерін тигізіп, жастар мен жасөспірімдер арасында түрлі келеңсіз іс-әрекеттердің көбеюіне әкеліп соқтыруда. Сондықтан да, балалар мен жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың, суицидтік әрекеттерді болдырмау және алдын-алу бағытындағы жұмыстарға басты назардың аударылуы заңды құбылыс.

Балаға құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана-сезімін бірінші кезекте қалыптасудың маңызы зор. Себебі, құқықтық сана – қоғамдық санның ерекше түрі. Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде балалардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайту, баланың болашағына үміт отын жағу, алдына перспектива қоя білу, бірлесіп армандау, оның қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, болашақ мамандықты таңдауына бағыт беру – отбасы тәрбиесінің негізгі бағыты.

Әрбір ата-ана балаларына құқықтық тәрбие берсе, қазіргідей келеңсіз жағдайлар, яғни білместіктен қылмыс жасау, өз өмірін қию, ішімдікке, нашақорлыққа салыну болмаған болар еді.



#### **8.4 Отбасында балаға эстетикалық тәрбие беру**

Баланы жан-жақты, әрі үйлесімді дамытуда эстетикалық тәрбиенің мәні зор. Эстетикалық тәрбие – жаратылыс дүниесіндегі немесе өнер туындысындағы сұлулық пен әсемдікті қабылдап, ғибраттануға баулитын, адамның эстетикалық сезімін, талғамын қалыптастыратын тәрбие түрі. Эстетикалық тәрбие отбасынан басталып, әрі қарай білім беру ұйымдарында жалғасын табуы қажет. Эстетикалық тәрбие арқылы бала қоршаған ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті көре білуге, алған әсерін өз іс-әрекетінде көрсетуге, бейнелей білуге үйренеді.

Эстетикалық сезім, әдемілікті қабылдай білу, көре білу, түсіне білу, жасай білу адамның рухани өмірін кеңейтіп, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқын, қылықтарын жағымды жаққа қарай бағыттап отырады. Осыған байланысты әр отбасының басты міндеті – баланы айнала қоршаған ортадағы әдемілікті қабылдап, одан ләззат алуға баулу. Бұл әр ата-ананың қолынан келетін шаруа. Кішкентай балалардың өзінде де қарапайым эстетикалық сезімдер болады. Балалардың «Қарашы, мынау қандай әдемі гүл! Ох, қандай әдемі көбелек!» деген таңдану сезімдерін жиі естігенімізбен оған мән бермейміз. Айналадағы әдемілікті сезе білген бала оған ұқыптылықпен қарап, оны қорғауға тырысады. Сондықтан әр отбасы адамның сұлулық сезімдерінің тұлға өмірінде зор рөл атқараты-



нын жете түсініп, балаларына жастайынан эстетикалық тәрбие беруге, сезімдерін дер кезінде дамыта білуге үлкен мән бергені дұрыс. Отбасындағы сұлулық тәрбиесінің мақсаты – баланы көркемдік пен сұлулықты тануға, оған баға беруге, күнделікті өмірдегі адамның жеке басының, қарым-қатынас, үй-жағдайы және киім-кешек мәдениетін, адамның жан және тән сұлулығын үйлестіріп дамытуға ықпал ету.

Баланың эстетикалық сезімдерін ояту үшін оның бақылай білу қабілеттерін дамытудың мәні зор. Ол үшін ата-ана саяжайда, табиғат аясында бірге серуендеп жүрген кезде: «Бүгін аспан қандай әдемі болып тұр?! Ана ақша бұлт неге ұқсап тұр? Қарашы, қайыңның жапырағы алтын түстес болып кетіпті» деп, баланың назарын әдемі, сұлу көріністерге аудару қажет.

Баланың эстетикалық сезімін оның күнделікті өмірде пайдаланып жүрген тұрмыстық заттарына мән бере отырып тәрбиелеуге болады. Мысалы, тамақ ішіп отырған ыдысының, ойнаған ойыншығының әдемілігіне, киімінің өзіне қонымды, түсінің көркін ашып, жарасып тұрғанына назар аударту баланың эстетикалық талғамын оятады.

Балаға эстетикалық тәрбие беруде әдебиет пен музыканың, ғасырлар бойы қордаланған құндылықтар жүйесі мен рухани мұралардың рөлі ерекше. Ол – жаһандану дәуіріндегі рухани азғындау қауіпінен сақтайтын бірден-бір жол. Себебі эстетикалық тәрбие ақыл-ой, адамгершілік, дене тәрбиелерімен тығыз байланысты.



## 8.5 Отбасында балаға ақыл-ой тәрбиесін беру

Тәуелсіз қазақ елі үшін бүгінгі күні ұрпақтың дені сау, жүйкесі таза, саналы болғаны абзал. Демек, болашақ ұрпақтың тәрбиесі, мәдениетті, білімді болуы ең алдымен ата-анадан, отбасы-ошақ қасынан басталмақ. Сол себепті Отбасы адам зиялылығының негізі – ақыл-ой тәрбиесі деп есептеді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешілді. Баланың интеллектуалдық дамуы отбасы жағдайында көріне бастайды.

Балалардың интеллектуалдық дамуы ересектердікі сияқты жеке өзіндік танымдық ұйымдастыруды қажет етеді. Мектеп жасындағы балалардың танымдық үдерістері оқу сабақтары арқылы жүзеге асса, мектепке дейінгі балалардың танымдық үдерістері күнделікті өмір барысында, үлкендермен, құрбыларымен қарым-қатынас барысында, ойын, еңбек және басқа да өнімді іс-әрекет барысында қалыптасады.

Сондықтан отбасының негізгі міндеті баланың күнделікті өмір барысында, қарым-қатынаста, серуендеп жүргендегі және сан түрлі іс-әрекет үстіндегі танымдық, білім алу мүмкіндіктерін арттыратындай жағдайлар жасау. Ол үшін баламен дәстүрлі сұрақ-жауап әдісін орынды пайдалана білудің маңызы зор. Мектепке дейінгі, кіші мектеп жасындағы, тіпті жоғары сынып жасындағы балалардың өзі ата-аналарымен әңгімелесуді, өздерінің білмеген нәрселері туралы пікір алмасуды қажетсінеді. Соған орай ата-ана балаларының сұрақтарына ерінбей толық әрі дұрыс жауап беруге тырысулары қажет. Бұл ата-анадан үлкен танымдық даярлықты қажет етеді. Ата-анамен қарым-қатынас барысында бала қоршаған орта, ондағы құбылыстардың мәні туралы түсінік алады. Қандай да бір жағдайларға, оқиғаларға деген өзіндік позициясы, қатынасы қалыптасады. Мысалы, бау-бақшада анасы баласымен серуендеп жүр делік. Серуен кезінде тек баланы ойнатып қана қоймай табиғаттағы құбылыстарға назар аудартып, өткендігіне қарағанда бүгін қандай өзгерістер бар екендігін салыстырту немесе бақылаған табиғат құбылысының себебін сұрау, соған сәйкес жұмбақ не ертегі айтып беру баланың ойлау, сөйлеу тілін дамытады.

Отбасында балалардың танымдық, ақыл-ой қабілеттерін арттыруда салыстыру, жалпылау, қорытындылау сияқты ойлау операцияларын дамытудың маңызы зор. Мысалы, мектепке дейінгі және бастауыш сынып жасындағы балалар нақты өздері бақылаған заттарды ғана салыстыра алса, жеткіншек және жасөспірімдік шақта обьстракциялы, өздері бұрын көрмеген, бірақ оқыған, естіген заттарын салыстыруға да қабілетті.

Заттарды, құбылыстарды салыстыру барысында бала олардың өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктерін біледі, олардың өзіндік жаңа белгілерін бөліп көрсетеді. Мысалы, баланы балабақшадан алып келе жатып, таңертеңгі шөп басында тұрған шық қайда кеткенін, аспан қандай болғанын және т.б. сұрап салыстырту оның бақылау,

жан-жағына назар салу қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар ата-анадан арнайы уақыт бөлуді де қажет етпейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға образдық ойлау, қиялдау тән. Мектепке дейінгі кезең адамның танымдық үдерісінің дамуына үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан баланың образдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға жете мән берген жөн. Бұнда баланың ойыны, дүниені танудың көркемдік құралдары, тірі табиғатпен танысу, жанды құбылыстар, әртүрлі иістер мен жанды дыбыстар ерекше мәнге ие.

Әсіресе балалардың ақыл-ойын, тілін дамытатындай, танымдық қызығушылығын тудыратындай, олардың бақылау, зейін аудару қабілеттерін оятатындай, алғашқы математикалық, жаратылыстану, тарихи мәліметтер алатындай ойындардың алатын орны ерекше. Қазіргі кезде ондай ойын түрлері өте көп. Мысалы, бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған «Қызықты математика», «Қызықты қазақ тілі» және тағы басқа сабаққа қосымша құралдар бар. Балалар оларды бар ынтасымен орындауға құштар. Алайда олар барлық жазылған сөздердің мағынасын түсіне бермейді. Сондықтан оларға ата-аналардың көмегі, сол тапсырмаларды орындауға назар аударулары керек.



## **8.6 Отбасында баланы еңбекке баулу және кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу**

Тарихи деректерге көз жүгіртсек әр отбасы «Еңбек – өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі», «Еңбек – түбі береке» деп, еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры ретінде қарастырып, еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарағанын байқауға болады. Еңбек тәрбиесі деп баланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашақ мамандық таңдауға дайындауды түсінді. Себебі еңбек әр отбасының өмір сүруі мен әл-аухатының негізі.

Ұлы Абай бала үнемі ізденіп, еңбектену үстінде болса, ақыл-ойын дамытып, білімі мен біліктілігін шыңдап отырса ғана, адам болып қала алады деп түйіндейді. Бұл пікірлер отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайда-

лы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылатындығының дәлелі.

Отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек – баланың тұлғалық қасиетін жетілдіретін құралдардың бірі. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінетін болады.

Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі – балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу, яғни баланың болашақта кім және қандай маман болатындығын анықтауға көмектесу. Жоғары сыныпқа келгенде балаларды кім болам, қандай маман болам, қандай мамандықтар бар және олар қандай қызмет атқарады деген өте күрделі сұрақтар ойландыра бастайды. Осы тұста баланың ең жақын ақылшысы өз ата-анасы. Сондықтан бұл сұрақ тек бала үшін ғана емес, оның ата-анасы үшін де маңызды. Бала өз ата-анасынан ақыл-кеңес сұрай бастайды. Осындай күрделі сұраққа жауап іздеу үшін біріншіден, ата-аналардың жалпы мамандықтар туралы, ол мамандықты бітірген кім болып және адам қандай жерлерде қызмет атқара алатындығы туралы, екіншіден, балаларының жалпы білімі мен қабілеті, икемділігі сол мамандыққа қаншалықты сай келетіндігі туралы, үшіншіден, сол оқуға мемлекеттік грант бар ма, болса жылына шамамен қанша грант бөлінгендігі, төртіншіден сапалы білім беретін қандай жоғары оқу орындары бар екендігі туралы білімі болуы қажет. Мұны кез келген ата-ана біле бермейді. Сондықтан мектеп пен жоғары оқу орнының ынтымақтастығы, мектептегі сынып жетекшісі мен мектеп психологының отбасымен бірлесіп жұмыс жасауы керек. Қазіргі кезде балаға мамандықтар туралы ақпарат беретін ақпарат құралдары жеткілікті. Дегенмен онда әр жоғары оқу орны туралы қысқаша ғана ақпараттар таратады.

Балалардың кәсіби өзін-өзі анықтауында тағы бір ойландырытын мәселе олардың сол мамандықты қаншалықты ұнатып таңдап алуы. Кейбір ата-аналар балаларының мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын ескермей өз жолын қуып, өзі таңдаған мамандықты балаларының таңдауын қаласа, кейбіреулері қаражаттың жетіспеуіне байланысты әйтеуір бір мамандықты игерсе болды

деп ойлауы, яғни баланың қажеттілігі мен отбасының материалдық мүмкіндігінің арасындағы қарама-қайшылықтың тууы. Мұндай жағдайда бала жоғары оқу орнында оқып жүріп оқуын тастап кетеді немесе бітірген соң мамандығы бойынша жұмыс істемей басқа салада қызмет атқарады. Қазіргі жастардың кәсіби өзін өзі анықтауында шешуші рөл атқаратын тағы бір үлкен мәселе болашақ мамандықты аяқтағанда қанша жалақы алатындығы.

Жоғарыда айтылған мәселелер отбасына баланың ерте жастан өзін-өзі кәсіби анықтауына көмектесіп, соған сәйкес материалдық мүмкіндіктерін қамдау қажеттілігін көрсетеді.



## **8.7 Отбасында балаға экономикалық және экологиялық тәрбие беру**

Тәрбиенің басқа да салаларымен тығыз байланысты тәрбиенің түрі экономикалық тәрбиеге де отбасы ерекше мән берген. Ежелгі кезден-ақ қазақ халқы бала тәрбиелеуде экономикалық тәрбие деген ұғымды пайдаланбағанымен, тәрбиенің бұл түрі отбасында мақал, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы жүзеге асқан. Мысалы, «Үнемшілдік – сараңдық емес», «Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның», «Сараң дүниенің малын жыйса да тоймайды», «Еңбегі қаттының ембегі тәтті» деген мақалдары дәлел бола алады. Бұл ата-бабамыздың экономикалық тәрбиенің негіздері еңбек тәрбиесінде екенін жақсы түсінгенін байқатады. Отбасында экономикалық тәрбие айырбас, бөлісу және табыс табу сияқты негізгі экономикалық қатынастар тәжірибе арқылы жүзеге асады.

Сондай-ақ әр отбасы балаға экономикалық тәрбие беруде әр түрлі құралдарды орынды пайдалана білуі керек. Ондай құралдардың бірі – мақал-мәтелдер.

Қазақ халқының күнделікті кәсібінде, тұрмыс-тіршілігінде төрт-түлік мал бағу, аң аулап кәсіп егуді ұйымдастыруында экономикалық тәрбиенің нышандары айқын аңғарылады. Мысалы, «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп қой малының пайдасының зор екенін ұғындырса, ешкінің өсімталдығымен оның да пайдасы көп екендігін: «Есің кетсе ешкі жи, ешкі жи да, есіңді жи» деп нақты ұғымды кеңестер береді.

Тіпті, қазақ отбасы балаға ертегі арқылы да экономикалық тәрбие бере білген. Оған: «Мақта қыз бен мысық», «Ақылды қыз бен тазша», т.с.с. ертегілер мен халық арасында кең тараған Қожанасыр туралы әзіл әңгімелерден де экономикалық құбылыстар мен оларды шешудің тиімді жолдарын аңғарамыз.

Қазақ халқы экономиканың жаңа табыс табу мәнін балаға түсіндіре отырып, оның таза жолмен келгені дұрыс екендігін де ескертіп отырған. Табысқа қабілеттілер, еңбекқорлар ғана жететінін, табыс табу, пайда табудан да үлкен өнер екенін жақсы түсінген. Мәселен, «Артық олжа – басқа еңбек», «Оңай олжа – тұрмас қолға», «Шығын шықпай, кіріс кірмейді» дейді халық.

Қорыта келгенде, отбасында экономикалық тәрбие берудің мәні баланы жасынан еңбекті бағалауға, уақытты, ұтымды пайдалануға, үнемшілдікке, сарандыққа салынбауға, ұқыптылыққа, ақша, қаражатқа дұрыс көзқарас қалыптастыру, олардың қалай келетінін немесе табысты да таза еңбекпен жасауға үйрету, тәрбиелеу.

Ал, ата-бабаларымыздың қоршаған ортаны аялауы мен оған деген ізгі, мейірбан қарым-қатынасын мақтанышпен айтуға тұрады. Себебі олар көшпенді өмір сүргендіктен әркез өздерін табиғаттың бір бөлігіміз деп есептеген. Жер Анаға деген құрмет пен ізет олардың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан.

Сондықтан, экологиялық нормалардың, ережелердің қажеттілігін жастардың мінез-құлқында тәрбиелеу және экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру әрекеттері қазақ отбасында бала аяғы шығып, апыл-тапыл жүре бастаған кезден-ақ қолға алынған. Мысалы, баланың тұсауын көк шөппен кесудің терең тәрбиелік мәнімен бірге тірі табиғатқа деген көзқарасын білдірген. Қазақ отбасындағы тәрбие құралдарының бірі болып есептелетін тыйым сөздердің мазмұны ата-бабаларымыздың экологиялық тәрбиеге зор мән бергенінің дәлелі болып табылады. Мәселен «суға дәрет сындырма», «көк шөпті жұлма», «отқа түкірме» және т.с.с.



## 8.8 Отбасында балаға дене тәрбиесін беру мәселесі

Баланың жеке басы – бұл дене және рухани күштердің, сезімінің, еріктің, мінез-құлықтың, көңіл күйінің ең күрделі жиынтығы. Отбасы тәрбиесінде баса көңіл аударатын нәрсе, баланың денсаулығы. Көпшілік балалардың артта қалуларының, үлгермеулерінің, сабақта және үйде жұмыс жасамауларының басты себептері – денсаулықтарының нашарлығы, көбінесе білінбейтін және ата-ана, дәрігер мен мұғалімнің біріккен әдеттері нәтижесінде ғана емдеуге болатын сырқат. Бала денсаулығына зер салу, бақылауға алу, оның түзелуіне үнемі көңіл бөлу, назар салу, жыл өткен сайын баланың рухани өмірінің, оның интеллектік дамуының, ойлау қабілетінің, назарының – дене күшіне тәуелділігінің таңғажайып көріністері айқындала бастайды. Осы арада ата-аналар балаларының денсаулығын сақтап, нығайтып, жүйке ауруларын болдырмау, оқу мен еңбекке сүйіспеншілігін тәрбиелеуінің маңызы зор.

Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты – бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды.



## 8.9 Жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлау мәселесі

Қазіргі кезде жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі «Үйлену оңай, үй болу қиын» демекші көптеген жастар отбасылық өмірге даяр болмай, ажырасып жатады.

Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның кәметке толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады. Жас отаудың түтіні түзу шығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты. Бұл туралы Абай Құнанбаев «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» деген өлеңінде:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба.  
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар  
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.  
Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,  
Сазданба сен қабақпен имендіріп.  
Ері сүйген кісіні ол да сүйіп,  
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп.  
Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,  
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі –

деп, тәрбиелі отбасының қызын алуға, сөйтіп, ерлі-зайыптылардың бір-бірімен сыйласымды өмір сүруге, жігіттерді болашақ жарын таңдай білуге шақырды. Жалпы жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлауда мынадай мәселелерге:

- ақылына көркі сай, еңбексүйгіш, адамгершілігі мол, таза жүректі жар таңдауға;
- жастық шақ адам өмірінің ең қызықты да, албырт шағы. Бұл жастағы балалар сенгіш, батыл әрекетке дайын, қызыққа құмар келеді. Жастық шақ отбасын құру, білім алу, еңбек әрекетіне төселу кезеңі. Сондықтан балаға дұрыс таңдау жасауға бағыт беріп отыруға баса назар аудару қажет.

Төле би бабамыз: «Әйел жақсы болмай, ер оңбайды. Ердің бақытын кетіретін де әйел, ерге бақыт әперетін де әйел» деп отбасының ұйытқысы болатын жардың рөлін ерекше бағалаған. Қазақ ұлтының этностық ерекшелігін байыптап қарасақ, қазақ халқы – ұрпақ сабақтастығын сақтап, алысты жақындатып, аразды татуластыратын ізеттілікті келіннен, татулықты абысыннан тапқан, дарқандықты даласынан, даналықты бабасынан, пәктікті баласынан алған халық.

Жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлауда әке мен ананың рөлі ерекше. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей әкесі мен анасының отбасындағы орны мен атқаратын қызметтерін көрген бала соған еліктеп, болашақта соны жасауға тырысады. Ұл бала үшін әкенің тәрбиесі ерекше. Әке тәрбиесі мен үлгі өнегесін көрмеген бала болашақта отбасының иесі болуға толық дайын бола бермейді. Оларда ер адамға тән ұстамдылық, табандылық, қаталдық сияқты мінез-құлық ерекшеліктері өз мәнінде жетіле қоймайды. Ал қыз баланы болашақ отбасылық өмірге даярлауда ананың рөлі



ерекше. Қыз анасына қарап үй шаруашылығын жүргізу, қонақ күту, дастархан жаю, бала күтімі және т.б. үйренеді. Өзінің отбасындағы орны мен міндеттерін анықтайды. Себебі бала құр сөзге емес нақты іс-әрекетке еліктейді. Әкесі мен анасының отбасына, балаларына, олардың сұраныстары мен қажеттіліктеріне, сезімдеріне қаншалықты көңіл бөліп, қамқорлық жасауларына, отбасының экономикалық, шаруашылық мәселесін қалай жүргізгендігіне қарай, көз алдына өздерінің болашақ отбасылық өмірлерін елестетеді.

Тарих қойнауына көз жүгіртсек, XX ғасырдың бірінші жартысына дейін, балалардың дамуына қатысты қамқорлықты әкелер өздеріне жүктеген, ал аналар оларға бұл мәселеде тек септігін тигізіп отырғанын байқауға болады. Әкенің отбасы алдындағы жауапкершілігі өте жоғары болған. Өкінішке орай, қазіргі кезде толық емес отбасылардың саны көбейіп отыр. Бұл ер бала тәрбиесіне кері әсерін тигізуде. Себебі әкесі ұлына ер балаға тән қасиеттерді толық бере алмайды. Олар анда-санда ғана кездесетіндіктен баласына көп көңіл бөлімбейді, ал тәрбие үздіксіз үдеріс оны дүркін-дүркін ғана жүргізуге болмайды. Өкінішімізге орай, көптеген отбасыларда тек биологиялық әкелері ғана болады, ал аналар өз баласын тәрбиелей отырып, оған әке де, ана да болуға мәжбүр. Бұл оларға шынайы аналардың мақсатты рөлін толықтай орындауға мүмкіндік бермейді. Мұндай отбасында тәрбиеленген қыздар да есейген шақта, көбіне өз отбасыларын аналарының үлгісімен құрып, барлық ауыртпалықтарды өздеріне жүктейді. Сондықтан жастарды болашақ отбасылық өмірге бірге даярлау әке мен ананың борышы.



### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Отбасы тәрбиесінің мәні мен маңызын ашып көрсетіңіз.
2. Отбасында балаға адамгершілік тәрбие берудің жолдарын көрсетіңіз.
3. Отбасы жағдайында балаға құқықтық тәрбие беру мәселесінің маңыздылығына тоқталыңыз.
4. Отбасында балаға эстетикалық тәрбие берудің мәнін ашып көрсетіңіз.

5. Отбасында балаға ақыл-ой тәрбиесін берудің жолдарын көрсетіңіз.

6. Отбасында баланы еңбекке баулу және кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесудің мәнін ашып көрсетіңіз.

7. Отбасында балаға дене тәрбиесін берудің маңыздылығын дәлелдеңіз.

8. Жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлауда әке мен ананың рөлін көрсетіңіз.



## Әдебиеттер

1. Ауталипова У. И. Психология детско-родительских отношений в конфликте: Учебное пособие. – Алматы: ТОО «Фортресс», 2004. – 141 с.

2. Варга А. Я. Структуры и типы родительского отношения: Автореферат дисс. канд. пед.наук. – М., 1986. – 23 с.

3. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы: – Алматы, 1996.

4. Капенова А. А. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру: – Алматы, 2009.

5. Қыстаубаева Н. Отбасындағы ата-ана мен баланың қарым-қатынас мәдениеті // Бастауыш мектеп, 2001. – № 3.

6. Садакбаева В. Б. Отбасындағы қарым-қатынастың бала дамуына психологиялық әсері ...

*[kzdocs.docdat.com/docs/index...комия](http://kzdocs.docdat.com/docs/index...комия)*



## ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ



### 9.1 Отбасында мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері

Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеуде отбасының маңызы зор, өйткені отбасы – оның тұлғасын қалыптастырудағы алғашқы және кейде жалғыз орта болып табылады. Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың тәрбиелік ықпал ету мен ортаның әсеріне жоғары сезімталдық көрсететін кезеңі. Бұл жас кезеңінде барлық оқу-тәрбие үдерісінің жалғасы саналатын негіз қаланады. Мектепке дейінгі бала үшін отбасы – әлеуметтік өмірге ақырындап араласу, адамның қоғамдық өмірдегі нормаларын игеру, әдет-ғұрыптық құндылықтарды меңгерудегі «әлеуметтік микрокосм» болып табылады.

Отбасы тұлғаның қалыптасуында ерекше, таптырмас рөл ойнайтыны туралы отбасы және балалар үйіндегі балалардың өзіндік орнын ұғыну мәселелеріне арналған зерттеулерде көрініс тапқан. Өйткені, отбасында бала отбасылық, жұбайлық рөлдер, ата-ананың атқаратын қызметі туралы түсінік алады және ата-анаға еліктей отырып, әлеуметтік мінез-құлықтың дағдыларын меңгереді. Балалар үйінде тәрбиеленген баланың болашақ отбасындағы міндеттер мен атқарылатын қызметтер, рөлдік жүріс-тұрыстар туралы алғашқы түсініктерді меңгеруде мүмкіндігі шектеулі болады.

Психикалық депривация – психикалық дамудың әр түрлі ауытқушылықтары. Олардың арасында тәрбиеленушілердің сезім мәдениетіне, мінез-құлқына, тұлға аралық қарым-қатынасына жағымсыз әсер ететін және болашақта қолайсыз жұбайлық қатынастардың құрылуының себебі болатын эмоционалды өрістің ауытқулары ерекше орын алады. Отбасымен салыстырғанда, балалар үйінің жағдайында тәрбиеленушілерге тұрмыстық шаруашылықты жүргізумен байланысты отбасылық-тұрмыстық дағдыларға тәрбиелеу мен «еркектік» және «әйелдік» қасиеттер туралы түсінік қалыптастыру қиындық туғызады.

Отбасынан тыс балалар мекемесінде тәрбиеленіп өсіп келе жатқан балалардың психикалық және тұлғалық даму мәселесін зерттеген ғалымдардың пікірінше олардың жас және тұлғалық ерекшеліктеріне қарамастан ортақ мінездік қырлары тән болған. Олар: адамдарға деген ерекше құштарлықтың болмауы, әр түрлі іс-әрекеттерге ынталану, танымдық белсенділіктің жеткіліксіздігі, мінез-құлық пен ойлаудың жағдайларға байланыстылығы. Отбасынан тыс өскен балаларда объектінің субъектіге ауысуы бұзылған, танымдылық баланы эмоционалды әсерлендірмейді, қоғамдық-мәнділік тұлғалық-мәнділікке ауыспайды. Бұл өз кезегінде балаларда құштарлықтың жоғалуы, махаббат пен мейірімнің жетіспеушілігіне, танымдық қызығушылықтың төмендеуіне себеп болатын, әлемге деген құштарлық қатынасының, өзіне және қоршаған адамдарға қатынасының дамымауына және қалыптаспауына әкеледі.

Балалар үйінде бала күтімнің, тәрбиенің және оқытудың объектісі болады, бірақ үлкендердің жиі ауысуы баланың қарым-қатынасы мен тәжірибесінің үздіксіздігіне кедергі жасайды. Балаларда топтық ықпал жүзеге асырылады, жекелік қарым-қатынастың болмауы баланың өзіндік «Менін» сезінуге кедергі келтіреді. Балалар үйінде ең жақсы тәрбиелеушінің өзі – тек білім иесі, мінез-құлық, мадақтау мен жазалаудың үлгісі, алайда олар баланың өмірлік мәнінің қайнар көзі болмайды, оның өзіндік талпыныстарын тудырмайды. Ал отбасында әсер ету тікелей балаға бағытталған жеке тұрғыда жүзеге асырылады. Зерттеушілер, отбасында тәрбиеленген бала өзіндік сезінуінің жақсы екенінен хабар беретін белсенді, ынталы, ашық, игілі, қоршаған ортадағы адамдарға сенгіш, білуге құмарлықтың жоғары деңгейін көрсететінін, жарқын болатынын көрсеткен.

Балалар үйінде тәрбиеленетін балаларда ынталылық, білуге құмарлық, шаттықтың деңгейі, жағымды эмоциялары едәуір төмен. Олардың жүріс-тұрысында аналық махаббаттың, мейірімнің жеткіліксіздігімен түсіндірілетін біртектілік байқалады. Мынадай заңдылық орын алған: егер ана сәбидің алғашқы айларында оның қолайсыздық сигналдарына тез жауап берсе, онда ол өмірінің екінші жартысында ойыншықтармен түрліше және ұзағырақ ойнайтын болады.

Мектеп жасына дейінгі баланы балалар ұжымына қосу, отбасы тәрбиесі үшін баланың әлеуметтік деңгейінің дамуындағы «сынақ» кезеңі болып табылады. Балалармен қарым-қатынасында, ұжымда,

отбасындағы тәрбиесінің ерекшеліктері көрінеді. Ата-ана мен балалардың өзіндік байланыстары олардың қоршаған ортадағы адамдармен ары қарайғы қатынасының үлгісі болып қалыптасады. Психологтар, баланың психикалық құрылымының ең ескеретін ерекшелігінің бірі – ол өзінің алдында кез келген уақытта сенім артатын, кеңес сұрайтын бедел иесін көруге ұмтылатынын айтады. Егер бала өзінің қуанышы мен қайғысын ата-анасымен бөлісетін болса, онда үлкен байсалдылық, сенімділік, психологиялық тұрақтылық қалыптасады.

Ата-ананың беделі туралы А. С. Макаренко айтты. Ол беделсіз тәрбиеші болмайды деп есептеді. Оның ойынша, ата-ананың беделінің мәні бала көзімен көретін оның күші мен құндылығы деп есептеді. А. С. Макаренконың жұмысында түрлі жалған беделдер туралы айтылған – сатып алу, өсиетшіл, менмендік, т.б. Ол ата-ананың беделінің басты негізі: ата-ананың жұмысы, азаматтық тұлғасы, мінез-құлқы, қызығушылығы, өз баласының бейімділігі, оның адамдарға қатынасы деп есептеді. Балаларының жайсыздық пен кикілжіңдері жайында ата-аналары кенеттен білмеуі керек, олар оны алдын ала болжап, ескертіп, балаға уақытылы көмек көрсетуі тиіс.

Ата-аналық тағылым және бедел – аға ұрпақтың жас ұрпаққа әлеуметтік және өнегелік тәжірибені берудің өзіндік формасы, әлеуметтік мұраның маңызды механизмі. Алайда отбасы барлық жағдайда балаларға жағымды әсер ете бермейді. Отбасындағы кикілжіңді ахуал, отбасы мүшелері арасында жиі болатын ұрыс-керіс жағымсыз әсер етеді. Педагогтар мынадай қарама-қайшы ситуация жайлы айтады, материалдық қамтамасыз етілген, жоғары мәдениет тән отбасында «қиын» бала, ал, білім деңгейі төмен ата-аналардан жақсы балалар тәрбиеленеді. Бұдан материалдық жағдай да, ата-ананың педагогикалық білімі де жағымсыз ахуал орнаған отбасына тәрбиенің жеткіліксіздігін алмастыра алмайтынын көруге болады. Соның нәтижесінде, отбасындағы кикілжіңдік ахуал бала тұлғасының дамуына кері әсерін тигізуге алып келеді.

***Отбасы тәрбиесінің негізі*** – ата-ананың балаға және баланың ата-анасына терең әрі ет жақын махабатынан көрініс табатын, қарым-қатынастың эмоционалды сипаты. Әсіресе ананың сәбиіне деген құштарлығы айқын көрінеді. Алғашында ол биологиялық (қандас туыстық) шартталған негізде, бірақ кейін бірте-бірте

әлеуметтік мәнді сезімге түрлене бастайды. Сәбидің анасына махаббаты оған туа берілмеген, алайда оның анасымен жақын қарым-қатынасы өмір бойы сақталатын жауапты махаббатты тудырады. Бала қамқорлық, мейірім, отбасы жылуы, қуаныш пен рахаттану сезімінің туыстарынан шығатынын сезеді. Баланың қарым-қатынасқа, эмоционалды және мәнді сипаттағы бірлескен іс-әрекетке ұмтылуының қанағаттандырмауындағы ата-ананың бейжайлығы тұлғаның әлеуметтенуінің кешеуілдеуіне, яғни, әлеуметтік мінез-құлықтың дағдыларын, нормаларын, ережелерін меңгерудің бәсеңдеуіне және бейәлеуметтік мінез-құлықтың қалыптасуына әкеледі.

Ата-ананың білімі және мәдени деңгейі неғұрлым жоғары болса, олар бала тәрбиесінде жетілген әдістерді қолданатыны шартталған. Бұл бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру, жазалау мен мадақтаудың аса икемді жүйесінің жеке мысалы болуы мүмкін. Баласымен аз уақытын өткізетін білімді ана отбасында бос уақытты мазмұнды ұйымдастырса, балалармен достық қарым-қатынас орнайды. Егер ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас стереотиптеріне, қалыптасқан дағдыларына үлкендердің рухани дайын болмауы, ата-аналар мен балалар арасында қарым-қатынас уақытының көлемін арттырғанда да оң нәтиже бермейді. Отбасында баланы тұрмыстық, шаруашылық, ортақ демалу, қоғамдық пайдалы іс-әрекетке, ата-ана еңбегіне жанама араластыруға объективті мүмкіндіктер болады. Д. О. Дзинтере, Т. А. Марков, Л. В. Загиктің зертеулерінде, егер мектепке дейінгі бала отбасының басқа мүшелері сияқты еңбек міндетін атқарса, отбасының қызығушылықтары мен қамқорлығымен өмір сүрсе, онда ол отбасы ұжымының толыққанды мүшесі саналады, оның қамқорлық, еңбексүйгіштік, жауапкершілігін тәрбиелеуге мүмкіндік беретін анасының, әкесінің айналысатын еңбегін құрметтеуге үйренетіні айтылған.

Ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынаста еңбек тәрбиесі жағымды әсер етеді. Баланы тұрмыстық еңбекке араластыра отырып, ата-аналар оның замандастар арасында және мінез-құлқының ұжымдық бағытта дамуына ықпал етеді.

Ұзақ уақыт бойы отандық мектепке дейінгі педагогикада баланың дамуы мен тәрбиесі тек туылу сәтінен бастап қарастырылды. Ғылымның дамуы бұл мәселеге жаңаша көзқараспен қарауға жол ашты. Жаңа өмір өзінде қайталанбайтын генетикалық ақпарат

жинаған еркек пен әйел жасуша ядроларының бірігуі нәтижесінде басталатыны белгілі. Өмірдің алғаш пайда болған жасушасы – зигота, өзінде генетикалық код 46 хромосомада жазылған ақпаратты алып жүреді. Ол көп жағдайда баланың анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін анықтайды. Ғалымдар шарана анасының жүйке стрестеріне өте сезімтал келеді деп есептейді. Жүктіліктің алғашқы айларында бұл стрестер ұрықтың түрлі кемтарлығына әкеп соқтыруы мүмкін. Профессор И. А. Аршавскийдің соңғы жануарларға жүргізілген зерттеулер тәжірибесінде: токтың ұруы, сигналдардың шуы осындай нәтижелер беретіндігін дәлелденген.

Қазір баланың құрсақтағы дамуына әр түрлі факторлардың әсері туралы жиі айтылуда. Мысалы, қалаусыз баланың психикасы оның туылуына дейін жараланады. Ананың ұзақ уақыт күйгелектік жағдайынан, баланың ми құрылысының қалыптасуына кері әсерін беретін гармондардың көп бөлінуі пайда болады. Американ дәрігері және психологы С. Граф адамның денсаулығы мен оның аурулары көбінесе туылғанға дейін және туу сәтіне көп байланысты екенін ашып көрсетеді. Туылу сәтінде алынған психикалық зақымданулар, адамның кейінгі өміріне өшпес із қалдыруы мүмкін.

Зерттеушілер ұрықтың дамуы тез қарқынды жүретінін айтады. Бұл – өмірге бейімделудің бастамасы. Құрсақтағы дамудың үшінші айында шаранада оның туылғаннан кейінгі өмірін қамтамасыз етуге қажет барлық жүйелері дамиды. Ал қалған 6 айда бұл жүйелер жетіліп, мидың басқаруымен жұмыс істеуге үйренеді. Жүктіліктің соңына қарай балада жылуды қамтамасыз ететін тері асты майлары пайда болады. Құрсақтағы дамудың бірінші айында ұрық 10 мың есе, ал 2-ші айда 74 есе ұлғаяды. Қалған айларда дамудың жылдамдығы 0.3-ке дейін төмендейді. Құрсақта жатқан баланың еститіні, ауруды, қысымды, қатты дыбыстарды сезінетіні, еміп, жұтып, күлетіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Бесінші аптада эмбрион қолымен және кеудесімен қозғалтып, өзінің қанағаттану және қанағаттанбауын изеумен, қисаюмен көрсете алады. Төртінші айда оның мимикасы жетіледі, ол күледі немесе тұнжырайды. Бірнеше аптадан кейін ол жақындасуды сезінеді, сондықтан бала мейірімді сезінуі үшін ана ішін сипайды.

Бала үшін ең сүйікті дауыс, ол – анасының жүрек соғысы. Ғалымдар жаңа туылған бала анасының туылғанға дейін дауыстап оқыған балалар тақпағын артық көретінін анықтаған. С. Граф, құрсақтағы бала анасының мазасыздық, қысым, эмоционалды стресс күйлерін қабылдайды деп есептейді. Бұл пренаталды әсерлер бейсаналық деңгейге көшеді. Сондықтан жүктілік кезінде әйелдің тек физиологиялық емес, сонымен қатар психологиялық денсаулығына көңіл бөлу керек. Осыған орай, баланың өмірі мен тәрбиесі оның туылуына дейін басталады және болашақ ата-аналар бұл деректі ескерген жөн.

Отандық ғалымдардың пікірінше, ана үшін алғашқы туғаннан кейінгі 36 сағат – сенситивті кезең болып табылады. Егер осы кезеңде анаға баласымен «тері-тері» қатынасын орнатуға мүмкіндік туса, онда анада баласымен рухани байланыс орнайды. Егер сенситивті кезеңді жіберіп алмаса, онда ананың мінезі сабырлы, ал балалар жиі күлетін болады.

Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесін ерекше кезеңдерге бөліп сипаттаған ғалым С. Ғаббасовтың пікірінше, туылғанға дейін және дүниеге келген сәттен 2-3 айға дейінгі кезеңде тек анасының ықпалында болса, әрі қарай әкесінің және басқа да отбасы мүшелерінің қамқорлығына бөленетіндігін айтады. Оның ойынша бала әкесіне көбірек ұмтылып, оның алдына барғанына ерекше мақтаныш сезімдерге бөленеді. Сондықтан әкесі осы мүмкіндікті жіберіп алмай оны пәрменді түрде ескеріп, сәтіне қарай тәрбие тәсіліне айналдырып жібергені жөн. Сондай-ақ ол балада осы жас аралығынан бастап мидың қауырт жетілуі мен психикалық өркендеуінің үдеріс қарқынды жүретінін ескерте отырып, тәрбиенің сезімдік әсерлерін бесік жырының әуенділігі мен күмбірлеген күй тартуды жүйелі жүргізу керек деп есептейді.

С. Ғаббасов өзінің «Педагогика мен психология негіздері» атты еңбегінде бір жарым жасқа дейінгі, үш жасарлардың және алты жасар бала тәрбиесі туралы, жеті жасарлар және 0-сынып оқушыларын тәрбиелеу мәселесіне терең талдау жасайды.

Отбасында екі қарама-қарсы сипат тән тәрбие жиі байқалады – авторитарлы және еркін. Авторитарлы тәрбие – бұл диктатордың тактикасы, баланың нақты талаптарын, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын қабылдамау, баланың дербестік құқығын мойындамау. Мұндай ата-аналар шектеулерді асыра пайдаланып, шексіз



бағынуды талап етеді. Мысалы, мұндай жағдайда ата-анадан баланың талабына «Сөйлеме! Саған не айтса соны жаса! Кет!» деген жауапты естуге болады. Мұндай жағдайда балалар, әсіресе ер балалар агрессивті немесе еріксіз болып өседі. Жиі салынған тыйымдар бала психикасына жағымсыз әсер етеді.

Еркін тәрбиелеу принципін ұстанатын ата-аналар, бала шектеусіз, міндетсіз өсуі тиіс деп есептейді. Алайда барлығы рұқсат етілген жағдайда өз қалауларын тежей алмайтын, өзге адамдардың құқықтары мен қызығушылықтарын қабылдай алмайтын тұлға қалыптасуы мүмкін. Көптеген ата-аналар балаларымен болған келеңсіздіктер кенеттен болды деп есептейді, алайда бұл жағдайлар олар ескермеген жайттардан пайда болған. Бала тұлғасын құрметтейтін ата-аналар, оның қажеттілігін, қызығушылығын ескеріп, оның мінез-құлқының мәнін түсінуге тырысып, ситуацияға оның көзімен қарауға тырысады. В. А. Сухомлинский адам онсыз нағыз тәрбиеші бола алмайтын жанның қасиеті бар – ол баланың рухани әлеміне ене алу деп өзінің еңбегінде нақты пікір айтты. Ол көп мұғалімдердің қателігін олардың оқушы – ең алдымен адами өзара қарым-қатынасқа түскен жанды адам екенін ұмытып кеткенінен көрді. Бұл белгілі педагогтың сөзі ата-аналарға да қатысты.



## **9.2 Отбасында кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мәселесі**

Қоғам қазіргі кезде мектептен саналы, жапаукершілігі мол, еркін, алдындында кездесетін кедергілерді жоя білетін, сондай-ақ өзін-өзі жетілдіре білетін тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Мұндай жұмыс өз ниетімен әрекет ету арқылы білім алуды, адамның дара қасиеттерін дамытуды, тұлғалық сапаларын қалыптастыруды көздейді. Жоғарыда айтылғандардың бәрі оқушы тұлғасын жан-жақты, әрі терең зерттеу қажеттігін көрсетіп отыр. Сондықтан әр ата-ана кіші мектеп жасындағы балалардың жеке басына тән қасиеттерін білуі қажет.

Психологиялық, педагогикалық әдебиеттерде оқу іс-әрекетінің нәтижесіне, тұлғаның дамуына ықпал ететін оқушылардың төмендегідей психологиялық ерекшеліктері қарастырылған: барлық танымдық үдерістерінің ерекшеліктері, нерв жүйесінің қызметі, сезімі,

қиялдауы, қызығушылығы мен икемділігі, темпераменті, мінез-құлқы, ерік-жігері, мотивтері, қабілеттері, дарындылығы т.б. Сонымен қатар, бұл ерекшеліктер тұлғаның басқа да қасиеттерінің дамуына өз әсерін тигізеді.

Отбасындағы тәрбиені дұрыс ұйымдастыру үшін бала дамуының ерекшеліктерін терең зерттеп білуге негізделуі қажет. Себебі жеке бастың кез келген жағының өзіндік даму сатылары, ерекше кезеңдері болады. Сондықтан жоғарыда айтылған психикалық үдерістер кіші мектеп жасындағы балаларда қалай қалыптасып, дамып отырғанына толығырақ тоқталуды жөн санадық.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың даму деңгейіне мінездеме беруде, психологтардың (Л. С. Выготский, А. Н. Леонтьев, Д. Б. Эльконин, Ж. Аймауытов, М. М. Мұқанов, т.б.) балаларды жас кезеңдеріне қарай бөліп, баланың анатомиялық-физиологиялық, психикалық, жалпы даму деңгейіне сәйкес берген сипаттамаларына сүйендік.

Бала алғаш мектепке келгенде жаңа өмірге аяқ басады. Мектепте ол өз сыныбындағы балалармен, ұстазбен, басқа да адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Өзі үшін мүлде жаңа нәрселермен, дүниемен танысады, жаңа іс-әрекетке үйренеді. Осының әсерінен баланың дене және психикалық дамуына едәуір ерекшеліктер енеді. Бастауыш мектеп жасындағы баланың бойының өсуі жылдамдап, салмағы ұлғая түседі. Шеміршектері сүйектенеді, яғни сүйек жүйесі қалыптасу сатысында болады. Қол бармағының нағаяуы (сүйектенуі) 9-10 жаста қалыптасады да, табаны 10-11 жаста сүйектеніп бітеді. Баланың бұлшық еттері тез даму үстінде болады. Баланың саусақтарының ұсақ бұлшық еттерінің дамуы нәзік қимылдарды орындауға мүмкіндік береді. Соның арқасында бала жылдам жазу дағдысына ие бола бастайды. Дегенмен, кіші мектеп жасындағы балаларды жазба жұмыстарымен көп айланыстыруға, әсіресе көшіріп жазуға көп уақытын жіберуге болмайды.

Бұл кезде баланың кеудесі көтеріліп, жүрегі мен тыныс органдары едәуір қалыптасып қалады. Бірақ жүрегінің соғуы 84-90-ға дейін барады. Осының өзі баланы біршама қиналдыратын болса да, қан айналыс жүйесінің жұмысын жақсартады. Себебі баланың қан айналыс түтіктерінің диаметрінің көлемі ересектерден екі есе артық. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына әсер етеді. Мидың маңдай бөлігі ой

мен сөйлеудің орталығы болғандықтан, оның жетілуі балада ақыл-ойдың кең өріс алуына мүмкіндік береді.

Ал физиологиялық тұрғыдан алып қарағанда, кіші мектеп жасындағы балалардың жүйке жүйесі жетіле түседі, мидың үлкен жарты шарының функциялары қарқынды дамиды, ми қабығының талдау және жинақтау функциялары күшейеді. Ми клеткаларындағы қозу мен тежелудің өзара мөлшері күрделі қызмет атқарады. Әсіресе, балада теріс индукцияның негізінде болатын тежелу үстем болып, осының нәтижесінде бастауыш сынып оқушысы өзін-өзі меңгере алу, керек жерде өзін-өзі тежей алу мүмкіндігіне ие бола бастайды. Дегенмен, бұл толық жүзеге асты деу қиын, себебі бала кейде ойланбай қолайсыз іс жасап қоюы ықтимал. Бала дамуындағы мұндай анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерді білу, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жекелеген психикалық үдерістің қарқынды дамуы баланың бастауыш мектеп жасында жүзеге асады. А. Н. Леонтьевтің пікірінше, жүйелі түрде білім алуға көшу бастауыш мектеп жасындағы баланың жалпы өмір сүру бағытын ғана емес, психикалық үдерістерінің дамуына үлкен әсер етеді. Оқытудың әсерінен баланың қабылдауы, ойлауы, жалпы психикасы өзгереді. Кіші мектеп жасындағы балалардың қабылдауы тұрақсыздығымен, бытыраңқылығымен, сонымен қатар, зеректілігімен, балғындылығымен, білуге құмарлығымен көзге түседі.

Алайда, 7 жастағы баланың қабылдауы мектепке дейінгі жастағы баланың қабылдауына қарағанда едәуір қалыптасқан (көзінің көргіштігі, құлағының естігіштігі т.б.). Бірақ әлі де болса қабылдауында жеткіліксіз жақтары кездеседі. Мысалы, кейбір оқушылар қазақ тіліндегі «н-ң», «ү-ү», «ы-і», «қ-к», «х-һ», «ө-ү» дыбыстарын ажырата алмай қиналады. Бұдан 7-9 жастағы балаларда талдау қызметі әлі жете қалыптаспағанын байқауға болады.

Бірде бірінші сынып оқушыларына қоянның суретін көрсетіп, соны салу ұсынылады. Суретті оқушылардың көз алдынан алып тастағанда, олар қоянның суретін дұрыс сала алмаған. Қоянның көзін үлкейтіп, құлағын кішірейтіп салған. Бала өзіне қызық көрінген қоянның дене мүшелеріне көп көңіл бөліп, қызық емес жақтарын салуды ұмытып кеткен. Бұдан кіші мектеп жасындағы балалардың өздеріне қызық немесе ұнаған нәрселерін қабылдауға бейім келетінін

көруге болады. Балалардың осындай ерекшеліктерін ата-ана тәрбие беру, оны дамыту барысында басшылыққа алғаны жөн деп ойлаймыз.

Сондай-ақ кіші мектеп жасындағы балалар кеңістік пен уақытты қабылдауда қиналады. Мысалы, ұзындығы бірдей бағаналарды әртүрлі арақашықтықта орналастырып, баладан алыстағы бағаналардың ұзындығы, қасындағы бағанадан ұзын ба, қысқа ма деп сұрағанда, ол қысқа деп жауап берген. Сол сияқты бастауыш сынып жасындағы оқушы 80 жастағы атасынан «Сіз мамонттарды көрдіңіз бе?» – деп сұраған. Себебі бала екі оқиға да бұрын болып өткенін біледі де, 80 мен 10000 жылдың арасындағы уақытты ажырата алмайды. Сондықтан ата-ана бәлендей нәрсені балаларға көрсеткенде, сол нәрсенің нендей қасиеттеріне мән беру қажеттігін айтып, қандай нәрсеге назар аударуды ескертіп отыруы қажет. Себебі қабылдау кезінде бір объектінің қасиеттері өзге объектінің қасиеттерімен салыстырылып отырса, бала қабылдау кезінде ойланып, ненің негізгі, ненің екінші дәрежедегі қасиет екенін ажырата білетін болады.

Сондай-ақ М. М. Мұқанов баланың сөзді қабылдауымен нақты заттарды қабылдауы арасында едәуір айырмашылықтар бар: нақты затты қабылдау 1-ші сигнал системасына әсер етеді де, сөзді қабылдау 2-ші сигнал системасының функциясы болып табылады деп есептейді. Бұл баланың әртүрлі объектілерді қабылдай алуына жағдай туғызады.

Сонымен, отбасында арнайы дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісінің барысында бастауыш сыныптың аяғына қарай баланың қабылдауы нығайып, тереңдеп, біршама жинақы болады.

Ал кіші мектеп жасындағы балалардың зейініне тоқталатын болсақ, алғашқы кезде оларда ырықсыз зейін басым келеді де, бала өзіне қызық, бояулары анық заттарға көп назар аударады. 2-ші, 3-ші сыныптарда ырықсыз зейін ырықты зейінге ауысады. Бала біртіндеп енді жай сырттай тартымды заттарға ғана емес, қажетті нәрселерге зейінін бағыттап, оны тұрақтандыруға үйренеді.

М. М. Мұқановтың ойынша, баланың ырықты зейінін дамыту үшін, ата-ана баланың істейтін жұмысын нақты етіп түсіндіріп, тапсырманы қалай орындаудың жоспарын көрсетіп отыруы қажет. Тек сонда ғана бала осындай нұсқаларды орындауға зейінді болуға ұмтылады. Баланың зейінсіз болу себебін М. М. Мұқанов былай түсіндіреді: «... зейінсіз болудың өзі берілген тапсырманы қалай

орындауды білмеуден кездеседі. Әдетте, еріксіз зейін сыртқы объектіге байланысты болып келсе, ерікті зейін іштей іске ұмтылуынан пайда болады. Бұл жерде іштей ұмтылу деп отырғанымыз – баланың оқу үстінде өзін-өзі меңгере алуы. Бастауыш мектеп жасындағы оқушының өзін-өзі іштей меңгере алуы, объектіге өзін-өзі күштеп ерікті зейін қоюы әлі жөнді дамымаған».

Бұл жастағы балалардың зейінінің көлемі де едәуір тар келеді. Сондықтан егер оларға екі жаңа әріптің немесе цифрлардың таңбасымен, екі ұқсас суретпен немесе мағынасы жағынан мазмұндары ұқсас тақырыптармен бірден танысуға тура келетін болса, қабылданатын объектілерді «шатастыру» байқалған. Сонымен бірге балалар ұқсас фигураларды шатастырады. Мысалы, бірінші сынып оқушыларына 25 фигураны таратып беріп, оларды топқа бөлгізгенде, оқушылардың ешқайсысы ромбы мен трапецияны төртбұрышқа жатқызбаған. Тек тең бүйірлі үшбұрышты ғана танып, қалған сүйір, доғал бұрыштарды оған жатқызбаған. Балалардың көбі түзудің бір ғана горизонтальды орналасқан жағдайын біледі. Түзудің тік, не көлбеу орналасуына қарап, оны тузуге жатқызбаған. Мұндай ерекшеліктерді әсіресе, математика, ана тілі және қазақ тілі пәндерінен ұқсас тақырыптарды өткен кезде ескерген жөн деп ойлаймыз.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларда бір доминантаның сақталу уақыты да, яғни зейіннің орнықтылығы да көп болмайды. Сондықтан А. А. Люблинская «Баланы қабылдауға үйрету керек, бұл үйрету анализ бен жалпылауды жетілдіруге бағытталуы қажет, қабылдауға үйретуде сөзді кірістірудің рөлі зор» дейді.

Сондай-ақ отбасындағы тәрбие кіші мектеп жасындағы баланың зейін мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы қажет. Адамның ырықты зейінін тәрбиелеу туралы Ж. Аймауытов былай деді: «Адамды ілтифатты ететін ереже қайсы десеніз, мынау: нәрсені ұғындырғанда оның барлық жаңа шарттары көрсетіліп, барлық жаңа мәселелерді туғызарлық болсын – бір сөзбен нәрсені түрлендіру керек, тоқсан түрге түсіру керек, түрленбеген нәрседен ілтифат дереу тайқып шыға келеді». Баланың ырықты зейінін қалыптастыруда оқу мотивтерін тудыру, оқу нәтижесіне деген жауапкершілік сезімдерін тудыру әдістерінің алатын орны зор.

Сонымен, жоғарыда айтылған пікірлерден кіші мектеп жасындағы балалардың өз зейінін әлі толық басқара алмайтынын байқауға

болады. Егер кіші мектеп жасындағы балаға бірқалыпты тапсырмалар берілсе, оқушылардың қызығушылықтарын, жағымды сезімдерін тудырмаса, олардың назары басқа нәрсеге ауып, ерекше қозғалмалы, сөзшен болып, көп шулайды.

Сондықтан ата-ана оқушылардың назарын мақсатты түрде бағыттап отыруы қажет.

Тура осындай жағдай бастауыш сыныптағы оқушылардың ес үдерісіне де қатысты. Көптеген психологиялық зерттеулерге қарағанда жүйелі, жоспарлы түрде оқу материалын жаттау, есте сақтау қабілеттері бүкіл бастауыш мектеп жасындағы кезеңді қамтиды. А. Н. Леонтьевтің пікірінше, бастауыш сынып оқушылары есте сақтау үшін материалды логикалық түрде қайта өңдей алмай қиналады (яғни, материалдың мәнді бөлігін бөліп ала білмеу, мәтінді бөліктерге жіктей алмау, материалдың жалпы схемасын құрастыра алмау т.б.). Есте сақтау іскерліктері нашар болғандықтан, олар оқу материалдарын түсінбей жаттап алуға тырысады.

Психологиялық зерттеулерде ес және жад ұғымдары кездесіп отырады. Бұл М. М. Мұқановтың ойынша, нақты берілген тапсырманың мақсатына қарай анықталады. Мысалы, бір жағдайда берілген тапсырманы сол түп нұсқасынан айнытпай жадта қалдыру қажет болса, екінші жағдайда тапсырманың мән-мағынасын өз сөзімен ғана айтып беруге болады. Бұның өзі баладан әртүрлі міндеттер мен психикалық әрекеттерді талап етеді: егер түп нұсқасынан айнытпай есте қалдыру жад үдерісіне байланысты келсе, өз сөзімен айтып беру ес үдерісіне жатады.

Бастауыш сынып оқушылары жаттап алу болса, оны қандай тәсілмен жаттауды білмейді. Сол сияқты тапсырманы өз сөзімен айтып беру болса, соны қалай орындаудың жолын білмей қиналады. Әсіресе, оқушылар өз сөзімен айтып бер дегенде мәтінді не қысқартып, не бәрін қалдырмай айтып беру керек пе соны түсінбейді. Бұл тұрғыда ата-ананың атқарар жұмысы ерекше. Ата-ана балаға есте қалдырудың тәсілдерін үйретуі қажет.

Психологиялық зерттеулерде оқу материалын есте қалдырудың мынадай тәсілдері ұсынылады: оқу материалын бірнеше мәнді бөлшектерге бөліп есте қалдыру, не солардың мәнін өзара салыстыра отырып, есте қалдыру; оқу материалын мезгіл сайын бірінен соң бірін есте қалдыру. Бұның бірінші түрін бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың жады мен есін дамыту үшін ұсынады. Материал-

ды есте сақтауға байланысты Ж. Аймауытовтың мына бір пікірі ата-аналар үшін маңызды деп ойлаймыз: «... қайта ол нәрсеге әр уақытта оралып, оны әртүрлі шығармаларда ұшыратып жүрсек, оны әлденеше оқып өткерген болсақ, өзге нәрселермен байланыстырған болсақ, әр жағынан қарап тексерсек, онда ол нәрсе ақылымыздағы барлық заттармен айкасып, біте қайнасып кетеді. Сондықтан бір нәрсені үнемі бір түрмен жаттаудан сақтану керек».

Есте қалдыру дегеніміз – ес үдерісінің алғашқы бөлімі. Есте ұстаудың беріктігі, яғни қабылданған нәрсенің сақталу мерзімінің ұзақтығы, оны қайталаудағы саналылық ересектерге қарағанда балаларда әлсіз болып келеді. Адамның есте сақтай білуі, оның есінде сақталған материалды жаңа жағдайларда табысты қолдана білуіне, яғни жинақталған білімін жемісті қолдана білуіне қарай бағаланады. Бұл тұрғыда ересек адамға қарағанда баланың есте сақтауы анағұрлым жетілмеген. Себебі бала қажетті материалды тандап алып, оны көңіл қоя қабылдауды, топтастыра білуді меңгермеген.

Зерттеулерге қарағанда, кіші мектеп жасындағы балалардың сөздік материалдан гөрі, көрнекі материалды жақсы есте қалдырады. Бұдан бастауыш сынып оқушыларында көрнекі, образды есте қалдыру басымырақ болып келетіндігін байқауға болады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың нақты образды, оқиғаларды, фактілерді түгелдей немесе кейбір бөлшектерін есте қалдыруға бейімділігі, орта мектепте оқылатын ғылымдар жүйесін терең игеруге негіз болады. Есте сақтаудың арнайы және еріксіз түрлері болады. Есте қалдырудың басты шарты – мазмұнның айқындығы ғана емес, есте қалдырушы адамның алға қойған мақсаты мен қызметі (мүддесі, тілегі, көңіл-күйі т.б.), сонымен бірге игерілуге тиісті мазмұнды белсенді тану жолындағы әрекетіне байланысты.

А. А. Смирновтың басшылығымен жүргізілген тәжірибелердің бірінде 2-4-сынып оқушыларына суреттегі заттарды топ-топқа бөлу тапсырылған. Сосын күтпеген жерден сыналуды оқушыларға суреттерде қандай нәрселер бейнеленгендігін айтып беру талап етілген. Нәтижесінде барлық оқушылардың есінде айтарлықтай көп суреттер сақталып қалғанын байқаған. Сондай-ақ зерттеулер баланың жасы неғұрлым кіші болса, оларда еріксіз есте сақтап қалу жиі кездесетіні көрсетілген. Сонымен қатар, белсенді қабылдауға

түрткі боларлықтай кез келген ойлау элементтерінің түрін енгізу, сынаққа алынғандардың есте сақтау қабілеттілігін молайтқан.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан еріксіз есте қалдыру әсерлі, көзгетүскіш материалдардың бала есінде санасыз қабылдануы емес, материалмен саналы жұмыс істеуінің нәтижесі деуге болады. Зерттеулер балалардың еріксіз есте қалдыруы, тіпті әдейі ерікті есте сақтаудан әлдеқайда тиімді болатынын көрсетеді.

Мектеп табалдырығын аттаған соң оқушының алдына белгілі бір талаптар қойылады. Мысалы, оқу материалын меңгеріп, есінде сақтап, қайта айтып беру. Бұл тапсырманы орындау үшін оқушы оқу материалын арнайы түрде есте сақтауға тырысады. Алғашқы сыныпта еріксіз есте қалдыру басым болса да, кейін 2-3-сыныптарда оқушылар арнайы есте қалдыру тәсілдерін игере бастайды. Оқушылардың есте сақтай білу қабілетінің жемісті болуы, ата-ананың осы салада атқарған іс-әрекетіне, туғызған жағдайларына байланысты. Тәжірибеде оқушылардың есте сақтау қабілетін жетілдірудің төмендегідей жолдары ұсынылады: 1) көрнекі құралдарды пайдалану; 2) қайталау; 3) өзін-өзі бақылау.

Бастауыш сынып оқушыларында көрнекі, образды есте сақтау басым дегенбіз. Сондықтан материалды есте қалдыру үшін, ата-ана мүмкіндігі бар жерде көрнекі құралдарға сүйенуі өте маңызды. Сондай-ақ оқу материалын есте сақтаудың бір құралы-қайталау. Қайталаудың тиімділігі, біріншіден, адам іс-әрекетінің сипатына, екіншіден, сол қайталауларды ұйымдастыра білуіне байланысты. Ата-ана қайталауды оқушыларды мезі етіп, оқуға ынтасын жоғалтпайтындай, түрлендіріп отырса, яғни әр қайталағанда сұрақ-жауап жаңа бір қырынан келіп отырса, қайталаудың тигізер пайдасы зор.

Адамның өзі істеген істі есінде сақтауы, бекітуі үшін, өзі жеткен нәтижені білуі, қолы жеткен жетістікті көре білуі қажет. Сондықтан ата-ана балаға өз іс-әрекетінің нәтижесін талдауды үйретуі тиіс. Мысалы, әр түрлі жаттығуды орындату барысында өз жазуың мен үлгідегі жазуды салыстыр. Үлгідегі сияқты ең жақсы жазылған сөзді, сөйлемді тап, ең нашар жазған сөзінді тап. Неге нашар деп ойлайтыныңды дәлелде деген сияқты жұмыстар жүргізуге болады. Бұл сияқты жұмыстар оқушылардың өз іс-әрекетінің нәтижесін білуге, есінде берік сақталуына ықпалын тигізеді.



Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ойлау үдерісіне келсек, оның қаншалықты дамығаны туралы әртүрлі пікірлердің бар екенін көруге болады. Кейбір психологтар (Ж. Пиаже, Э. Мейман т.б.) 7–11 жастағы балаларда тек қарапайым, нақты ойлау операциясы кездеседі десе, мәдени-тарихи теорияны жақтаушылардың (Л. С. Выготский, Н. А. Менчинская т.б.) пікірі бойынша, бала оқуға кірген соң ойы мен интеллектісі үлкен өзгерістерге ұшырайды: бала қарапайым ойдан, мәдени, яғни ұғым арқылы ойлауға көшеді.

XX ғасырдың басында психологтар бала ойлауының ерекшеліктерін зерттей келе, олардың ойлауы практикалық іс-әрекеттерімен және ойлаудың сөзбен тікелей байланысты екенін анықтаған. Зерттеулер ойлау мен практикалық іс-әрекеттің, ойлау мен тілдің, ойлау мен сезімдік бейненің арасында күрделі, құбылмалы және сан алуан қатынастардың бар екенін көрсетіп берді. Бұл қатынастар баланың жасының есеюінің әртүрлі сатыларында өзгеріп отыратынын және баланың сол сәтте орындайтын жұмысы мазмұнымен тікелей байланысты екенін байқауға мүмкіндік береді.

Психологиялық еңбектерде ойлау үдерісі жаңа, ерекше бір нәрсеге таңдану реакциясынан басталатындығын, одан әрі қарай таңданудан жоғары ұйымдасқан тірі организмге тән бағдарлы зерттеу рефлексі көрініс беретіндігі туралы айтылған. Бұндай ойлау үдерісін тудыратын түрткі – жаңаны тану мен оны түйсіну тілегі деген қорытынды шығаруға болады.

Ойлау үдерісінің білгісізді ашуға бағытталуы, ойлауға нақты, проблемалық сипат береді. Адамның кез келген мәселені шешу үдерісі бірқатар ойлау операцияларынан тұрады: салыстыру, классификациялау, жинақтау, анализ, синтез, қорытынды т.б.

Бастауыш мектеп жасындағы бала үшін мәселені шешудің бірінші құралы – оның практикалық іс-әрекеті. Практикалық іс-әрекет барысында бала заттарға тікелей әсер ете отырып, оның қасиеттерін ашады, өзіне тән белгілерін анықтап, әр зат пен құбылыстың өз ішіндегі байланыстарын біледі.

Мектеп қабырғасына келгеннен кейін баланың тілі дамып, сөздік қоры молая түседі. Сөйлеудің дамуы мен тәжірибенің жинақталуына орай бала бейнелі ойлауға көшеді. Алайда бұл үдеріс тез жүрмейді, әлі болса да бастауыш мектеп жасындағы балада нақты ойлау көпке дейін сақталады. Мысалы, бірінші сынып оқушысы «Қасқыр мен қозы» әңгімесін оқығанда, оның мазмұнын айтып беруден

бас тартқан. Өйткені қыз қозыны тірі деп қабылдап, оны жауыз қасқырдың жеп қойғанына қатты қайғырған.

Сондай-ақ кіші мектеп жасындағы балалар, әсіресе, 7–8 жасар балалар сөзбен, сөз тіркестерінің ауыспалы мағаналарын ұғына алмайды. Ата-ана баланың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, балаға үйрету барысында түсіндірме, сөздік жұмыстарын жүргізуге жете назар аударғаны жөн. Дегенмен, бұл кезеңде бала бұрынғыдай нақты заттармен әрекет ету арқылы емес, есінде сақталып қалған нақты заттардың образдарын елестете отырып, берілген тапсырманы орындауға тырысады.

Біртіндеп бала дамудың жоғарғы сатысы – логикалық ойлау сатысына көтеріледі. Бірақ практикалық ойлау жойылмайды, олардың ойлау үдерісіндегі қызметтері өзгереді. Логикалық ойлаудың практикалық ойлаудан ерекшелігі – логикалық ойлау сөз арқылы жүзеге асады, яғни қажетті байланыстарды адам ойша талдап, таразылайды. Ол өзіне берілген тапсырмаларды орындау үшін бұрын білетін әдістерді тиімді таңдап алып, қолдануы тиіс. Ал бұның бәрі тек ақыл-ой әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Ақыл-ойдың дамуы көптеген психикалық үдерістердің дамуын (байқампаздық, қабылдау, ес пен ойлау) қамтиды. Бұл үдерістер бір-бірімен өте тығыз байланысты. Көптеген эксперименттік зерттеулер көрсетіп отырғандай, ойлаудың жоғары формасы қалыптасуымен бірге, қабылдау, ес сияқты басқа да психикалық үдерістердің дамуында елеулі алға жылжулар болғанын көрсетеді.

Қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық үдерістердің жоғары сатыға көтерілуі – ақыл-ой дамуының негізін құрайды. Баланың ақыл-ойын дамытуда оқытудың алатын орны зор. Бірақ барлық оқыту дамытуды жүзеге асырмайды.

Ата-ананың көмегінсіз кіші мектеп жасындағы балалар үшін ақыл-ой жұмысы өте қиынға соғады. Мысалы, балаға алма мен шарды салыстыруға бола ма? – деп сұрағанда, олар болмайды-деп, жауап берген. Өйткені олар «салыстыру» деген ұғымды білмейді, сондықтан алдына қойған міндетті шешудің әдісі ретінде пайдалана алмаған. Ал егер сұрақ дұрыс қойылған жағдайда бала оларды салыстырып, айырмашылығы мен ұқсастығын айтып берген болар еді.

Салыстыру операциясын меңгерту үшін балаларды әртүрлі заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын көре білуге үйрету тиіс. Ол үшін салыстырылатын объектілердің формасы мен формасы,

заттың қызметі мен басқа заттың дәл сондай қызметі, заттың сыртқы белгілері мен (түрі, түсі, т.б.) басқа заттың сыртқы белгілері, яғни мәнді қасиеттері салыстырылуы қажет.

Көптеген психологиялық зерттеулерге (Н. Е. Коневская, Ю. И. Щербакова, С. Ф. Жуйкова) қарағанда, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ойлауында мынадай ерекшеліктер кездеседі:

- заттардың өзіне таныс белгілерін олардың мәнділік дәрежесіне қарамастан бөліп шығарады;
- бір бағытты салыстыру тән, яғни не заттардың ұқсастығын байқамай, тек айырмашылығын ғана көреді, не тек ұқсас, ортақ жақтарын ғана байқайды.

Мысалы, С. Ф. Жуйков өзінің бірінші сынып оқушыларымен жүргізген эксперимент жұмысы нәтижесінде, объектілерді салыстыру дәрежесіне қарай оқушыларды екі топқа бөлді. Бірінші топқа салыстырылып отырған объектінің не ұқсас, не айырмашылық белгілерін ғана тапқан оқушылар жатқызылды. Бұл жартылай салыстыра алатын топ деп аталды. Екінші топқа салыстырылып отырған объектінің ұқсас және айырмашылық белгілерін өз бетімен таба алатын оқушылар жатқызылды. Бұл толық салыстыра білетін топ деп аталды. Сондай-ақ эксперимент нәтижесі, оқушыларды ақыл-ой және оқу іс-әрекетінің әдісі ретінде салыстыруға дұрыс үйрету негізінде үлкен жетістіктерге жетуге болатынын көрсетіп берді.

Сонымен, жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келе, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ойлау үдерісінде ортақ белгілер мен ерекшеліктер бар екенін байқадық.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың ақыл-ой дамуындағы типтік ерекшеліктерді анықтаумен С.Ф.Жуйков айналысты. Оның жүргізген эксперимент жұмысына талдау жасай келе, тәжірибе жүргізілген сынып оқушыларының бәріне бірдей жағымды жағдай тудырып отырған кездің өзінде оқушылардың ақыл-ой жағынан дамуы әртүрлі дәрежеде болатынын байқауға болады. Оқушылар ой операцияларын әртүрлі жылдамдықта меңгерген. Кейбір оқушылар тапсырманы «бірден» жеңіл орындаса, кейбір оқушылар үлгі бойынша жетекші сұрақтардың көмегімен орындаған. Оның ішінде өздерінің игерген білімін соған бара-бар жағдайда бірден қолдана алатын немесе көп қиындықтардан кейін, көп жаттығудың арқасында ғана қолданатын оқушылар да болған.

С. Ф. Жуйков жүргізген эксперимент жұмысы барысында бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ақыл-ой дамуының төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетті:

- ақыл-ой операцияларының жеке ерекшеліктері (салыстыру, жалпылау, қорыту, талдау, жинақтау);
- жеке оқу пәндеріне қолданылатын ақыл-ой әрекетінің ерекшеліктері (мысалы, кейбір оқушылар сөздің мағынасына ғана көңіл бөлсе, кейбір оқушылар тек формальды қасиеттеріне көңіл бөледі);
- жалпы ақыл-ойға қатысты ерекшеліктер (тапсырманы бірден орындау, ойлаудың икемділігі т.б.).

С. Ф. Жуйков оқушылар тобында кездесетін осындай ақыл-ой ерекшеліктерін – типтік ерекшеліктер деп есептейді. Оның ойынша, ақыл-ой әрекетінің жағымды (толық салыстыру, ойдың икемділігі т.б.) және жағымсыз (салыстырып отырған объектіге біржақты қарау, ойдың селқостылығы) жақтары болады. Бірақ педагогикалық үдерісті ұтымды ұйымдастыру арқылы ақыл-ой әрекетінің кейбір жағымсыз жақтарын жоюға, тиімді жақтарын жетілдіруге болады.

Таным үдерісінің негізгі түрінің бірі – сөйлеу. Адамдардың тіл арқылы өзара қарым-қатынас жасау үдерісін сөйлеу дейді. Сөйлеудің екі түрі белгілі. Адам ойлағанда өз ойын іштей сөз және сөз тіркестері арқылы құрап, іштей сөйлеу деп аталатын түдері береді, ал сыртқа естіртіп сөйлеуді сыртқы сөйлеу дейді. Сыртқы сөйлеудің өзі екіге бөлінеді: ауызша және жазбаша сөйлеу. Ауызша сөйлеу монологты және диалогты болып бөлінетіні белгілі.

Монологты сөйлеу – бір ғана адамның сөйлеу тілі яғни басқа адамдарға, тыңдаушыларға қаратып айтылған сөйлеудің түрі. Екі адамның немесе одан да көп адамдардың өзара әңгімелесуін диалогты сөйлесу дейді. Бастауыш сынып мұғалімі жоғарыда аталған сөйлеудің түрлерін жете меңгеруі қажет деп ойлаймыз. Себебі ойлау мен сөйлеу бір-бірімен өте тығыз байланысты. Бастауыш сынып оқушыларының ойлау және тағы басқа да танымдық үдерістерін дамытуда диалогты және монологты сөйлеу тілін дамыту қажет.

Кіші мектеп жасындағы балалардың ойлау әрекеттерінде жоғарыда көрсетілгендей кемшіліктер ғана кездесіп қана қоймайды, сонымен бірге олар айналасындағы адамдардың сауатсыздықпен қисық сөздерін тез қағып алады. Сондықтан ата-ана баланың сөз мен сөйлемді өз мәнінде дұрыс қолдануына, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға жете көңіл бөлуі қажет.

Отбасында балаларды тәрбиелеу барысында ата-ана жоғарыда айтылған ерекшеліктермен қатар әр жас кезеңіне тән кризистік кезеңді де ескергені орынды. Л. С. Выготский белгілі бір топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне тән біршама тұрақты болып табылатын анатомиялық, физиологиялық, психологиялық ерекшеліктер жылдар бойы бала бойында көзге көрінбейтін микроскопиялық өзгерістерге ұшырай отырып, белгілі бір шекке жеткен кезде жаңа жас кезеңіне сай ерекшеліктер ретінде көрінетіндігіне назар аударады. Ол жас кезеңнің басы мен аяғында тұлға бойында жаңа өзгерістер айқын байқалатындығын айта келе, кризисті кезеңнің басталуы мен аяқталу сәтін дәл басып айту қиын екендігін ескертеді.

Көбіне мектеп жасындағы кризистік кезеңде баланың үлгерімі төмендеп, оқуға деген қызығушылығы азаяды, жұмыс істеу қабілеті төмендейді, айналасын қоршаған адамдармен қақтығысып қалады. Баланың ішкі жан дүниесі де ауыр қобалжуларға, іштей қарама-қайшылықтарға толы болады. Бірақ, бұл барлық балаларда бірдей бола бермейді. Әр балада бұл кезең әр түрлі дәрежеде өтеді. Оған сыртқы жағдайлар үлкен әсер етеді.

7-8 жастағы кризистік кезең бала бойында ең алдымен психикалық теңдіктің бұзылуымен, ерік-жігердің, көңіл-күйдің тұрақсыздығымен көрінеді. Осы кезеңде баланы тәрбиелеу біршама қиынға түседі. Себебі балаға қолданылып келе жатқан педагогикалық жүйелер тұлға бойындағы өзгерістерді қуып жете алмайды. 7 жаста бала мектеп табалдырығын аттайды. Сондықтан бұрынғы балалық өзіндігін жоғалтады. Бала әртүрлі қылықтар, қыңыр мінез көрсетеді, жүріс-тұрысында адам түсінбейтін, жасанды қимылдар пайда болады. 7 жастағы кризис кезеңін зерттеумен айналысқан ғалымдардың еңбегінен бұл кезеңнің де өзіне тән бірқатар жағымды жақтарын көруге болады: баланың өзбетінділігі арта түседі, басқа балаларға деген қарым-қатынас өзгереді, «Мен қуанып тұрмын», «Мен ренжіп қалдым», «Мен ашуланып тұрмын» деген ұғымдарды түсіне бастайды. Бала мектеп табалдырығын аттаған соң, белгілі бір ұжымға кіреді, яғни өзін қоршаған басқа оқушылармен қарым-қатынасқа түседі. Бұл оның көңіл-күй сезімінің өзгеруіне, моральдық нормаларды игеруіне ықпал етеді.

Сондай-ақ кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу барысында мына ерекшеліктерді ескерген жөн: сөз бен істің сәйкес болуы, жөнсіз кінәламау, үлкендердің жіберген кемшіліктерін тез бай-

қағыш келеді, арманшыл, қиялшыл, ұйымшыл, еліктегіш келеді, сенімді серік іздейді, өз мүмкіндіктерін мен күштерін асыра бағалайды.

М. М. Мұқановтың пікірінше, мектеп өміріне үйрене бастаған бала өзін басқа балаларға қарағанда, сыныпта қандай орын алатындығына ойланып, қайткенде жақсы орынға (лидерлікке) ие болсам екен деп арман етеді. Баланың өзі жөніндегі бағасы өзгелердің бағасынан асып кетсе, мұндай баланы мақтаншақ дейді. Егер оның өзі жөніндегі бағасы өзгелердің оған берген бағасынан төмен келсе, ондай баланы кішіпейіл дейді. Бастауыш мектеп жасындағы бала өзінің ісіне, мінезіне сын көзбен қарай алмайтындықтан, оның өзі туралы бағасы өзгелердің бағасынан жоғарырақ келеді. Ата-ана баланың осы ерекшеліктерін ескергені жөн.

Кіші мектеп жасындағы балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата-аналардың жеке басының үлгісі және балалармен қарым-қатынасың шешеуші маңызы бар. Тіпті болымсыз нәрседе, балалар өз ата-анасына еліктейді. Егер ата-ана мен балалардың қарым-қатынастарына ізгілік, қамқорлық, сезімталдық тән болса, балалардың өзара қарым-қатынасында да болады.

3-4 сыныпқа өтуіне байланысты балалардың талаптары өзгереді. Олар үшін тек жақын адамдарға ғана емес, өмірдегі және әдебиеттегі кейіпкерлердің алыс бейнелері де бедел бола алады. Балалар өздеріне ер жүрек ақ жарқын ұшқыштың: батыл да табанды зерттеушінің сиқыршы дәрігердің бейнесін таңдайды, соған еліктеуге тырысады. Балалар есейген сайын, өмірде адамдардың мінез-құлқы және қылықтармен көбірек танысқан сайын, олар өздерін жақын, үлкендер арасында да батылырақ, табандырақ бағалайды.

Р. К. Төлеубекова осыған байланысты баланың жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін оның дербес әрекеттері ерекше маңызды екеніне назар аударады. Оның ойынша, бала тек ата-ана мен ересектердің нұсқауы және олардың бақылауымен әрекет жасаған кезде, ең алдымен тілалғыштығын ескеру керек. Бастауыш сыныптың өзінде балаларға тек даяр шешімдерді беруден аулақ болған жөн. Бұл тәрбиені өмірден алшақтауға соқтырады. Сондықтан тәрбие үдерісі бала қылығын өздігінен таңдауына мүмкіндік беретін жағдайларды алдын ала қарастыру негізінде құрылу қажет. Мұндай жағдайлар өмірде мол кездеседі. Балалардың басқалар мен өзінің қылықтарын түсіне білуі адамгершілікпен өз ісіне өзі баға беруін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыдағы психологтар мен педагогтардың еңбектеріне талдау жасау, кіші мектеп жасындағы балалардың бәріне тән ортақ қасиеттер де бар екенін байқатады. Олар – әуесқойлығы, яғни білуге құмарлығы, ынталылығы мен әр нәрсені тез қабылдағыштығы, ақкөңіл, өзгелерге жәрдемдескісі, дәрменсіздерді аяп, соларға көмек бергісі келетіндігі, тілалғыштығы, үнемі қимыл-әрекетте болуы, үлкендердің қамқорлығын, мейірімділігі мен жылы жүзін, сүйіспеншілігін қажетсінуі. Соның ішінде көбіне қазақ балаларына тән қасиеттер: ұялшақтық, сыпайылық, үлкендерге деген құрмет, т.б. Бұл жастағы балалардың ерік-жігеріне келсек, олар өзін-өзі толық меңгере алмайды. Кейде ойланбай, импульстік іс жасап қояды, яғни не болса соған қызығып, бір нәрсені бүлдіріп алады. Бұл оның тәртіпсіздігі емес, өзін-өзі меңгере алмауы, импульсті іске бейім келуі.

Оқушылардың қарым-қатынас жасау ерекшелігіне тоқталсақ, бастауыш мектептің әр сатысында әртүрлі келетінін байқауға болады. Бұның өзі бала мектепке дейін балабақшада тәрбиеленді ме, әлде үйде өсті ме, көп балалы жанұяда тәрбиеленді ме, жалғыз бала ма соған байланысты. Мысалы, күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай, егер бала атасы мен әжесінің қолында жалғыз өссе, онда бала көбіне үлкендерше сөйлейді және басқа балалармен тез қарым-қатынасқа түсе алмайды. Осындай жағдайларға байланысты бірінші сыныпта бірқатар оқушылар басқа оқушылармен араласпай, өзінше жүреді, ал екінші, үшінші сыныптарда бұл ерекшеліктер бірте-бірте жойылып, олар бір-бірімен достаса бастайды.

Сонымен, жоғарыдағы авторлардың еңбегінен кіші мектеп жасындағы балалардың психологиялық-физиологиялық, моральдық және танымдық үдерістерінің өзіндік даму ерекшеліктері мен әр тұлғаның жеке даму қасиеттері бар екенін байқадық. Отбасы тәрбиесінде осы ерекшеліктер басшылыққа алынуы қажет деп ойлаймыз.

Жоғарыдағы психологтар мен педагогтардың пікірлеріне талдау жасай келе, кіші мектеп жасындағы балалардың төмендегідей психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін бөліп көрсетуге тырыстық:

1. Кіші мектеп жасындағы балалардың қабылдауы тұрақсыз, бытыраңқы болады, сонымен қатар, олар зеректілігімен, балғындылығымен, білуге құмарлығымен ерекшеленеді, бастауыш мектеп жасындағы балалар өздеріне қызық немесе ұнаған нәрселерін

қабылдауға бейім келеді, сондықтан оларға танымдық тапсырмалар беру, кроссворд құрастыру, ребус шешу, шытырмананы шешу, «ойлан, тап» сияқты ойындар ойнату тиімді.

2. Бұл жастағы балалардың зейінінің көлемі де едәуір тар келеді. Олар мазмұндары жағынан ұқсас тақырыптар мен қабылданатын объектілерді шатастыруы мүмкін, сондай-ақ бұл жастағы оқушылар заттардың өзіне таныс белгілерін олардың мәнділік дәрежесіне қарамастан бөліп шығарады және оларға бір бағытты салыстыру тән, яғни не заттардың ұқсастығын байқамай, тек айырмашылығын ғана көреді, не тек ұқсас, ортақ жақтарын ғана байқайды. Сондықтан кіші мектеп жасындағы баланың зейін мәдениетін қалыптастыруға, тәрбиелеуге бағытталуы қажет. Мұндай балаға тақырыптың мазмұнына сәйкес салыстыру жұмыстарын, яғни объектілердің ұқсас және айырмашылық жақтарын табу сияқты тапсырмалар беру қажет.

3. Зерттеулер баланың жасы неғұрлым кіші болса, оларда еріксіз есте сақтап қалу қасиеті жиі кездесетінін көрсетеді. Балаларда еріксіз есте қалдыру әсерлі, көзге түскіш материалдардың санасыз қабылдануы емес, материалмен саналы жұмыс істеуінің нәтижесінде жүзеге асады. Сондықтан сабақта белсенді қабылдауға түрткі боларлықтай ойлау элементтерінің түрін енгізген жөн. Мысалы, мәтін ішінде кездесетін теңеу, салыстыру, суреттеу, жанама мағынадағы сөздерге талдау жасатуға болады.

4. Кіші мектеп жасындағы балаларда көрнекі, образды есте сақтау басым. Сондықтан материалды есте қалдыру үшін, ата-ана мүмкіндікке орай көрнекі құралдарға сүйенуінің пайдасы зор. Мысалы, табиғат көріністеріне байланысты пейзаждарды пайдаланып, әртүрлі көркем-образды сөйлемдер құрату, сөз тіркестерін құрастырту, мәтін ішінде кездесетін образды, бейнелі сөз тіркестерін арнайы дәптерге жаздырту және оны шығарма, мазмұндама жазу барысында пайдалануға болатындығын ескерту жұмыстарын жүргізу қажет деп ойлаймыз. Бұл баланың тілін, сөздік қорын дамытып, бейнелі сөйлеуге дағдыландырады.

5. Психологиялық зерттеулер ойлау мен практикалық іс-әрекеттің, ойлау мен тілдің, ойлау мен сезімдік бейненің арасында күрделі, құбылмалы және сан алуан қатынастардың бар екенін көрсетіп берді. Балалардың ұғымдарды меңгеруі тәжірибе жинақтауынан, әртүрлі фактілермен танысуынан басталады. Сондықтан баланың ақыл-ойын дамытуда шығармашылық тапсырмалар (ертегі, жұмбақ,



ребус құрастыру, мәтін мазмұнына сәйкес мақал ойлау) беріп отыру қажет.

6. Отбасы тәрбиесінде ата-ана әр жас кезеңіне тән кризистік кезеңді де ескергені орынды. Мектеп өміріне үйрене бастаған бала сыныпта қандай орын алатындығын ойлап, лидерлікке ие болсам екен деп арман етеді. Сондықтан оларға сенім білдіру, жылы қарым-қатынас орнату, баланың сезіміне сөз арқылы ықпал ету, кейіпкердің қылықтарын талдату, қуанышына ортақтасу, өз қалаулары бойынша әртүрлі іс-әрекеттерге қатыстыру сияқты әсер ету тәсілдерін ұтымды пайдалану қажет.

Әр сыныптың өзінде кездесетін сан алуан айырмашылықтарын, психикалық дамудың жалпы заңдарын, ортақ қасиеттер мен әртүрлі темпераменттердің ерекшелігін, оқу материалын меңгерудің тиімді жағдайларын, танымдық мүдделердің қалыптасу жолдарын, ес пен ойлаудың, сезім мен еріктің тағы басқа өзара байланыстылығын білу – ата-анаға өзінің күрделі қызметін сенімдірек жүргізуге мүмкіндік береді.



### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері

2. С. Ғаббасовтың «Педагогика мен психология негіздері» атты еңбегіндегі біржарым жасқа дейінгі, үш жасарлардың және алты жасар бала тәрбиесі туралы, жеті жасарлар және 0-сынып оқушылары туралы бөлімдерін оқып талдау жасаңыз.

3. Отбасында кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеудің ерекшеліктері.



### Әдебиеттер

1. В. П. Дуброва Теоретико-методические аспекты взаимодействия детского сада и семьи: Учебное пособие. – Минск, 1997.

2. П. Ф. Каптерев Детская и педагогическая психология. – Воронеж, 1999.
3. В. М. Минияров Психология семейного воспитания (диагностико-коррекционный аспект). – М., 2000.
4. С. Ғаббасов Педагогика мен психология негіздері. – Алматы, 2012. – 210-222 б., 238-241 б., 281-293 б.
5. Ильина Т. М. Современные актуальные проблемы психолого-педагогического сопровождения родителей детей дошкольного возраста. Статья... <http://rod-akodemiya/narod/ru/> / ...
6. О. Л. Зверева Родительские собрания в ДОУ: Метод. пособие / О. Л. Зверева, Т. В. Кротова. – М.: Айрис-пресс, 2006.
7. Л. С. Выготский Собрание сочинений. В 6-ти томах, Т. 4 – М.: «Педагогика», 1984.
8. Ю. Хямяляйнен Воспитание родителей: Концепции, направления и перспективы: Книга для воспитателей детского сада и родителей. – М.: «Просвещение», 1993.
9. М. М. Мұқанов Жас және педагогикалық психология. Тәрбие психологиясы. – Алматы, 1982.
10. Очерки психологии детей. (Младший школьный возраст) / Под ред. А. Н. Леонтьева и Л. И. Божович. – М., 1950.
11. Типологические особенности умственной деятельности младших школьников. / Под ред. С. Ф. Жуйкова. – М., 1968.
12. А. А. Люблинская Бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. – Алматы, 1981.
13. Т. А. Березина Воронина О. И. Психолого-педагогическое сопровождение родителей будущих первоклассников. – [twirpx.com/file/11368/](http://twirpx.com/file/11368/).
14. Программа психолого-педагогического сопровождения первоклассников.... [86sch12-nv.edusite.ru/DswMedia/pril...](http://86sch12-nv.edusite.ru/DswMedia/pril...)



## ОТБАСЫНДА БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУ



### 10.1 Баланы мектепте оқуға даярлау мәселесінің зерттелу жайы

Мектепке алғаш бару – баланың өмірі мен іс-әрекеттің жаңа күйіне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы.

Мектеп жасына дейінгілердің шұғылданатыны – ойын әрекеті. Ойын арқылы құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, алғашқы білім дағдыларын үйренеді. Ал мектепке барысымен ол ұқыптылық пен зейінділікті талап ететін жүйелі оқу, еңбектену іс-әрекетін меңгеретін болады. Осындай елеулі өзгерістерге қиналмай, еркін іс-әрекеттер жасай білу үшін баланың мектепке алғашқы даярлығы болуы тиіс.

Балалардың мектепке дейінгі шақтан оқушылық өмірге көшуі – психология ғылымында кеңінен қарастырылған кешенді мәселелердің бірі. Әсіресе, бұл жағдай мектепке алты жастан қабылдауға көшу кезінде өткір қойылғанды. Осы тақырып төңірегіндегі зерттеулер жүргізіп, оның нәтижесін көпшілік талқысына ұсынған ресейлік ғалымдар.

Мектепке дейінгі балалық шақтан мектепке келу, Л. И. Божовичтің айтуы бойынша, баланың бүкіл өмір салты мен оның қолжетімді қатынастар жүйесінің өзгеруімен сипатталатын ерекше кезең. Оқушы болу оның ерекше моральдық бағытының қалыптасуына ықпал етеді. Ол үшін оқу тек білімді меңгеру әрекеті ғана емес, тек өзін болашаққа даярлау амалы ғана емес, бала оны өзіндік міндет, өзінің қоршаған адамдармен күнделікті өмірге араласуы ретінде түсінеді. Сондықтан бала үшін мектептегі міндеттерін қалай атқарып жатқандығы, яғни өзінің жетістігі мен сәтсіздіктері оны қатты толғандырады. Сол себепті мектептегі оқуға даярлық – бұл балаға білім беру, интеллектуальдық жағынан дамыту ғана емес, сонымен қатар оның тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу мәселесі шешу.

Психологиялық еңбектерге талдау жасай отырып, «Даярлық» немесе «Мектептік жетілу» деген түсініктерге бірыңғай немесе нақ-

ты анықтамалар берілмегенін байқауға болады. Шванцар «мектептік жетілу» түсінігін «баланың мектептік білім беруге қатыса алу, білім беру үдерісіне араласа алу қабілетінің болуы» деп, яғни мектептегі білім беруге тікелей жан-жақты қабілетті болу керектігін айтады.

А. Анастаси «мектептік жетілу» немесе «даярлық» түсінігін мектеп бағдарламасын тиімді дәрежеде меңгерудегі іскерлік, білік, қабілет, мотивация және басқа да қасиеттерінің бала бойында болуын сипаттайды.

Белгілі орыс психологтары мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады. Олар мектепте оқуға даярлықты үш негізгі бағытқа бөледі:

– Біріншіден, жалпы дамуы. Бала мектеп оқушысы болғанға дейін оның анатомиялық-физиологиялық, психологиялық жағынан дамуы белгілі бір деңгейге жетуі қажет. Ең алдымен оның есте сақтау қабілеті, зейіні, интеллектісі дамуы қажет. Бұл жерде оның білім қоры мен біліктері, ойша әрекет ете білуі сөз болып отыр;

– Екіншіден, өзін-өзі басқару білігі. Мектепке дейінгі баланың қабылдауы, зейіні, есте сақтау қабілеті жақсы болуы мүмкін, алайда оны өз еркімен басқара алмайды. Ол өз еркінен тыс өзін қызықтырған нәрселерді есінде жақсы сақтауы мүмкін, бірақ ұзақ уақыт өзін қызықтырмайтын нәрсеге назарын аудара алмайды. Бұл оған қиын. Ал мектепте оқу үшін назарды өз еркімен әдейі бөле білі білігін қалыптастыру қажет. Яғни бала өзі ұнатқан, өзі жасағысы келетін затты ғана емес, өзі жасағысы келмейтін, бірақ жасау қажет нәрселерді атқаруға дайын болуы керек;

– Үшіншіден, оқуға деген қызығушылығын, мүддесін тудыратын мотивтерін қалыптастыру керек. Бұнда білім алуға деген шынайы, терең мотивтерін тудыру туралы сөз болып отыр. Бұл үш бағыттың үшеуі де маңызды. Олардың ешқайсысын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Ал Л. И. Божович баланың мектептік оқуға даярлығы ойлау іс-әрекетінің, танымдық қызығушылықтарының, өзін-өзі тануының дамуы дәрежесінің қалыптасуынан, яғни бала өзін ересек сезініп, мектептік оқу үдерісінің қаншалықты маңызды екенін түсінуі деп белгілеген.

Р. В. Овчарова тұжырымдамасында, мектептегі оқуға дайын бала өзінің әрекеттерін жоспарлап және бақылай алады, қоршаған дүниенің заңдылықтарын, заттардың жасырын қасиетін бағдарлайды, оларды өз әрекеттерінде қолдана алады, басқа адамды тыңдай біледі және логикалық ойлау тәсілдерін орындай алу біліктілігін жатқызады.

Баланың мектепке даярлық мәселесін сөз еткен Д. Б. Эльконин оқыту іс-әрекетіне қажетті алдын-ала дайындықты талдай отырып, келесі өлшемдерді анықтаған: қалыптасқан іс-әрекет тәсілдеріне бала өз іс-әрекетін саналы түрде бағындыра алу қабілеті; белгілеген жүйе талаптарына бағыттала алу қабілеті; мұғалімді мұқият тыңдап және ауызша түрде ұсынылған тапсырманы нақты орындауы; талап етілген тапсырманы көру, қабылдау бейнесінде өз еркімен орындай алу қабілеті.

Сонымен қатар Д. Б. Элькониннің айтуы бойынша, «әр жас кезеңінің өзіне арналған, психикалық дамуын тексеретін ерекше мағыналы жүйелі диагностикалық әдістеме болуы тиіс».

Швейцар психологы Ж. Пиаже «Баланың мектептегі оқуға даярлығының ең жоғары деңгейі бұл баланың кеңістікте және уақытта бағдарлай алып, өзін басқа адамның позициясында сезіну біліктілігінің қалыптасуы», – деген. Яғни, мектепке дейінгі баланың кеңістікті және уақытты қабылдай алуы, оның оқу материалын меңгерудің жолын жеңілдетеді.

Н. И. Гуткина «Психологическая готовность к школе» атты еңбегінде «Мектепке даярлық» ұғымына физиологиялық (не функциональдық) психологиялық және әлеуметтік (не тұлғалық) дайындықты жатқызады.



**Функциональдық даярлық** – баланың физиологиялық жағынан жетілгендігін (баланың салмағы, бойы өз жасына сай дамуы) және оның денсаулық жағдайын анықтайды. Оны балалар дәрігері анықтайды.



**Психологиялық даярлық** – баланың есте сақтау қабілеті мен зейін, ойлау, сөйлеу, оқуға деген қызығушылығы мен мотивін қамтиды.



**Тұлғалық даярлық** – баланың үлкендермен, құрдас-тарымен, өз-өзімен қатынасын орната білу біліктілігін қамтиды.

Ал Е. Е. Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды:

*1-бағыт* – балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

*2-бағыт* – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

*3-бағыт* – оқу әрекеттерінің алғышарттары;

*4-бағыт* – баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі.


Республикамызда әр жылдары мектепке даярлау мәселесін зерттеумен айналысқан ғалымдар еңбектерін қарау барысында зерттеушілердің мәселені психологиялық тұрғыдан емес, педагогикалық тұрғыдан шешуді басшылыққа алғандары айқындалды. Мектепке даярлау мәселесі Қазақстан ғалымдары: Қ. Қойбағаров, К. Т. Шерязданова, Б. Баймұратова, М. С. Сәтімбекова, Ф. Н. Жұмабекова, Қ. Сейсенбаев, Ж. Рысбекова, Г. Қ. Айқынбаева, Р. Қ. Бекмағамбетова, Г. З. Таубаева және т.б. өз еңбектерінде зерттегені белгілі. Мысалы, «Баланы мектепке даярлау» деп аталатын Қ. Қойбағаровтың еңбегі мектепке даярлаудың қажеттілігін көрсетіп, қоғамдық тәрбие рөлін жақтайды.

Б. Баймұратова «Балаларды мектепке даярлау жөнінде» еңбегінде мектепке даярлау – мектепке дейінгі кезеңнің басты мәселелерінің бірі деген бағытты ұстана отырып, осы негізгі міндетті мектепке дейінгі мекемелер қызметі деп тауып, оны бала бақшадағы оқу-тәрбие үдерісі арқылы шешу жолдарын ұсынады: баланың тілін дамыту; сауат ашу жұмыстарын жандандыру; балаларға оқып беру үшін қосымша мәтіндер жасау.

К. Сейсенбаевтың «Отбасы тәрбиесіндегі баланы мектепке даярлауда қазақ халық педагогикасының прогресшіл идеялары мен тәжірибелерін пайдалану проблемасы» еңбегі ұлттық негізде жазылған. Этникалық педагогика мен психология ғылымының негіздеріне сүйене отырып, мектепке даярлауды – баланың сөздік қорын молайту, есте сақтау, ойлауын дамытуға арналған ауыз әдебиет үлгілерін және ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды пайдалану арқылы шешуді көздейді.

Ж. Рысбекованың «6-7 жасар балаларды мектепке оқуға даярлаудың педагогикалық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде мектепке психологиялық даярлық бағыттарына биологиялық кемел мен танымдық даярлығы, еріктік, көңіл-күйлік және жеке басының даярлықтарына сәйкес педагогикалық категориялар ретінде қарастырылады.

К. Т. Шерияданованың «Жоғары оқу орындарында болашақ педагог-психолог мамандарды даярлаудың негіздері» атты зерттеуінде, баланың мектепке танымдық даярлығы аса маңызды үш тұрғыда: зейіннің даму деңгейі (ырықты; ырықсыз); естің даму деңгейі және ойлаудың қарапайымнан жоғары формаға дейінгі дамуы қарастырылады.



**2-сурет.** Баланы мектепке дайындаудың психологиялық бағыттары

Сонымен қатар «Баланың мектепке психологиялық даярлығын айқындау» деп аталатын Л. К. Ермекбаева мен Қ. Н. Нығметова жазған еңбектерін де атап өтуді жөн көрдік. Онда мысалы: «Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық ерекшелігі мен интеллектуалдық қабілетін анықтауға арналған тапсырмалар жинағы, «Баланың мектепке деген дайындығын анықтау Керн-Йирасик тестісіне нұсқау», «Мектепке оқуға дайындаудың психологиялық сипаттамасының кейбір ерекшеліктері», «Баланың мектепке дайындығын, ойлау қабілетін анықтау тестісі», «Бастауыш мектепке келген балалардың даму деңгейін анықтап, білу әдістемесі» сияқты тесттер берілген.

Бүгінгі күнде «мектептегі оқуға даярлық» ұғымы комплексті және бала өмірінің барлық сферасын қамтиды.

Баланы мектепте оқуға даярлау мәселесін зерттеген психологтардың пікірлеріне талдау жасай отырып, М. К. Орақбаева «Баланы мектептегі оқуға дайындаудың психологиялық бағыттары» атты мақаласында оның төмендегідей бағыттарын бөліп көрсетті.

Баланың мектепте табысқа жетуінде бұл бағыттар аса маңызды болғандықтан, әрбір бағытқа жете тоқталу қажет.

### **1. Ақыл-ойының даярлығы**

Ақыл-ойының даярлығы – бұл мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі. Көп уақытқа дейін баланың мектепте оқуға даярлығының басты өлшемі оның ақыл-ой дамуының деңгейі деп есептелініп келді. Л. С. Выготский алғашқылардың бірі болып, мектепте оқуға даярлық баланың көптеген заттарды білуі ғана емес, оның танымдық үдерістерінің даму деңгейі деген пікірді қалыптастырды. Л. С. Выготский: «... быть готовым к школьному обучению – значит прежде всего обобщать и дифференцировать в соответствующих категориях предметы и явления окружающего мира», – деп жазды. Оның ойынша кез келген бала жазып, санаумен ғана шектеліп қана қоймай, ең маңыздысы салыстыра білуі, талдау жасай білуі, ойлай білуі, өздігінен қорытынды жасай білуі тиіс.

Ақыл-ойының даярлығы баланың ой-өрісінің, нақты білім қорының болуы, яғни баланың өзі, туысқандары, қоршаған табиғи ортада тұратындығы, үй тұрмысындағы мүліктер, кеңістіктер туралы тағы да көптеген мағлұматтары болуы. Ес пен қатар ойлау – білімді игерудің өте қажетті, әрі басты маңызды үдерістері. Сол себепті бала оқуға келгенде ойлаудың міндетті түрде 3 негізгі түрі қамтылуы қажет: көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық, көрнекі-әркеттік ойлау.



Көрнекі-әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен, мөлшерін ұйқастырғанда, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін орындап шығады.

Сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және өзіне сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Бала өз бетімен сөйлем құрастырып, ұқсас дыбыс тіркестерін анық айта алуы маңызды. Әрбір бала әңгімені құрастырумен қатар заттарды, суреттерді, әрекеттерді бейнелеп және оның мазмұнын айтып беруі қажет. Яғни, баланың сөздік қорының мөлшері, таным үдерістерінің даму деңгейі, логикалық операцияларды орындай алуы, баланың оқуда білімді табысты меңгеруінің негізі болып табылады.

## **2. Биологиялық кемелденуі**

Мектептегі оқу әрекеті – бұл ағзаның барлық жүйелерінің қатты жұмыс істеуін қажет ететін үдеріс. Баланың ағзасында жаңа ережелер мен іс-әрекеттерге үйрену өзгерістер туғызады. Оқушы мектептің талаптарын орындап, жаңа күн режиміне, сабақтарда тәртіп сақтап отыруға дағдылануы қажет. Алайда кез келген баланың денсаулық жағдайы мұндай өзгерістерге бірден бейімделе алмайды. Бірінші сынып оқушыларының ағзасына қойылатын жаңа жоғары талаптарға оқудың алғашқы аптасы мен айларында бас аурулары, шаршау, ашуланшақтық, наразылық, жылау, ұйқының бұзылуы сияқты шағымдар ретіндегі жауаптар пайда болады. Кейде жүректің айнуы, құсу, мұрыннан қан кету болады. Балалардың асқа тәбеті мен дене салмағы төмендейді. Психикалық сипаттағы қиыншылықтар да кездеседі, мысалы, қорқыныш сезімі, оқуға және мұғалімге деген жағымсыз, теріс қатынас, өз қабілеттері мен мүмкіншіліктері жөнінде теріс көзқарас. Мұндай мектептегі оқу үдерісінің басталуымен байланысты бала ағзасындағы өзгерістерді кейбір батыс ғалымдары «адаптациялық ауру», «мектептік шок», «мектептік күйзеліс», «мектептік дезадаптация» деп атайды. Мұндай қиын кезеңде балаға мектепте де, үйде де көбірек көңіл бөліп, жылы шыраймен қарап, оған шыдамдылық пен мейірімділік таныту керек.

Сонда белгілі бір уақыттан кейін қолайсыз, жағымсыз жағдай өтіп, ұйқы мен тәбеті нормаға келіп, түрлі шағымдар жоғалып, баланың денсаулығы жақсара түседі. Жағымсыз жағдайдың жоғалуы

басталып келе жатқан жайлы бейімделудің алғашқы белгісі болып табылады. Біртіндеп бала ағзасында және ең алдымен оның оқу жұмысының сәттілігін қамтамасыз ететін орталық жүйке жүйесінде өзгерістер болады. Тұрақты жұмысқа қабілеттілікті қамтамасыз ете отырып, жоғарғы талаптарға сәйкес бала ағзасының барлық функциялары жана жоғары деңгейде қайта құрылады. Бұл жағдайда мектепке бейімделу үдерісінің аяқталғандығы жөнінде айтуға болады. Бірінші сынып оқушыларының бейімделу уақыты әр түрлі болып келеді. Әдетте мектепке тұрақты бейімделу оқу жылының бірінші жарты жылдығында жүзеге асады. Бірақ бұл үдерістің бүкіл оқу жылы бойында аяқталмайтын кездері де аз емес. Жетістіктері әр түрлі балалар жаңа өмірлік іс-әрекет жағдайына бірігіп бейімделеді.

Сондықтан баланы мектепте оқуға даярлау үшін оның денсаулық жағдайы (дене салмағы, бойының ұзындығы т.б.) нормадағы 6-7 жасар баланың дене көрсеткіштеріне сәйкес болуына, сонымен бірге оған көру, есту, моторикасының дамуына, жүйке жүйесінің физиологиялық жағдайын баса көңіл бөлінуі қажет.

Баланы оқуға дайындауда үлкен және кіші моторикасына ерекше мән берген жөн. Ғалымдардың айтуынша, баланың саусақтарының дамуы ақыл-ойы мен сөйлеуінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

М. М. Кольцова өзінің еңбектерінде «Бала мектепке барар алдында көру-моторлы координациясы біршама дамыған болуы тиіс және қолдың саусақтары мидың сөйлеу аймағы болып табылады» деген. Яғни, бала жүгіріп, секіріп допты лақтырып және ұстап алу әрекеттерін еркін орындап, қайшымен, қарындашпен, қыл-қаламмен жұмыс істеу біліктілігі дамыған болуы керек. Балаға сурет салғызу, әртүрлі заттардан құрастыру, пластилинді илеу баланың саусақтарын дамытып қана қоймай, ойлау қабілетін де дамытады. Сурет сала алмайтын және пластилинмен жұмыс істей алмайтын баланың жазуға икемі болмайды. Кез келген 5-6 жастағы бала 3 минуттан артық жаза алмайды тез шаршап қате көп жіберетін болады және 2-3 минут сайын баланың қолын демалдырып отыруды қатал есте сақтағаныңыз жөн. Бала жазу дағдыларын меңгеруде әрбір жетістігін мақтап «Сенің қолыңнан келеді, біз көмектесеміз», «Сен істей аласың» деген сенімділік сөздерді жиі айтуыңыз қажет, өйткені қуатты сөздер баланың табысқа жетуіне әсерін тигізеді.

### **3. Жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы**

Жеке тұлғалық даярлық баланың мектепке, оқу әрекетіне, ұстаздарға, өзіне қатынасын көрсетеді. Сонымен қатар мотивацияның даму деңгейін де жатқызуға болады. Мектепте оқуға дайын балаға тек оқу құралдары, дәптер, кітап, парта немесе сөмке сияқты оқу құралдары ғана қызықты болып қана қоймауы керек, ең бастысы оқушы жаңа білім алуға, өзін дамыту, ой-өрісін ұлғайтуға даяр болуы қажет.

Мектепке келген бала өзінің тәртібін, таным әрекетін өзі басқара алуы керек, бұлар иерархиялық түрткілер жүйесінің құрылуына көп ықпалын тигізеді. Жеке тұлғалық даярлық баланың эмоционалдық даму деңгейін ұлғайтады.

Мектепке келген бала оқимын деген ниетпен мектеп табалдырығын аттайды. Бірақ кейде бала оқуға барғым келеді дегенмен, оның мотиві әртүрлі болады.

Біреуі мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен мектепке баруы мүмкін. Алайда мұндай ықыласпен мектепке келген балалар, біраз уақыттан кейін мектептің қатал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үдерісінің өзіне қызығуы қажет. Сонда ғана бұл баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік жасайды.

Әлеуметтік даярлыққа қоғамдық жүйеде орнының ауысуына баланың даярлық дәрежесі, яғни оқушы жағдайын қабылдауы жатады. Психологтардың айтуынша, бірінші сынып оқушыларының көбіне әлеуметтік бейімделу қиынға соғады, себебі бұл жаста мектеп тәртібіне бағынатын, мектептік жүріс-тұрыс нормаларын қабылдайтын, мектептік міндеттерді толығымен мойындайтын тұлға әлі қалыптаспаған.

Сонымен қатар Е. Е. Кравцова өз еңбектерінде баланың мектепке психологиялық даярлығының негізі ретінде бала дамуындағы қарым-қатынас рөліне көңіл бөледі. Осыған орай бұл қарым-қатынасты 3-ке бөліп қарастырған:

1. Үлкендерге қатынасы;
2. Құрдастарына қатынасы;
3. Өзіне деген қатынасы.

Мұндағы қарым-қатынас негізіне бала дамуының деңгейі мектепке психологиялық даярлық дәрежесін анақтап және ол оқу іс-

әрекетінің негізгі құрылымдық компоненттеріне анықталған түрде сәйкес келеді, яғни, жеке тұлғаның интеллектуалдық, психологиялық компоненттерін қарым-қатынассыз елестету мүмкін емес.

Сонымен, бала үшін мұғалімдермен, басқа балалармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті қасиеттердің қалыптасуы аса маңызды. Яғни, оқу әрекеті ұжымдық сипат болғандықтан, әрбір бала құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге жұмыс істеуге дағдылануға тырысады.

Кейбір балалар жаңа ұжымға тез еніп, балалармен тез тіл табысып кетеді. Ал кейбіреулері көпке дейін құрбыларымен тез тіл табыса алмағандықтан, ұжымнан тыс қалып, жалғыз жүреді. Сондықтан баланың ұжымда өзіне тиісті орын алуы үшін оның қарым-қатынасына ерекше мән берілу қажет.

#### **4. Ерік сапаларының қалыптасуы мен эмоционалдық даярлығы**

Ерік-жігердің басты мәселелерінің бірі адам өз өмірінің түрлі кезеңдерінде қабілетті болатын нақты еріктік әрекеттер мен қимылдардың мотивациялық шарттылығы туралы мәселе болып табылады. Мектепке дейінгі балалық шақтың барысында тұлғаның еріктік саласының сипаты күрделене түседі, оның мінез-құлықтың жалпы құрылымындағы үлестік салмағы өзгереді, бұл бірінші кезекте қиындықтарды жеңуге деген ұмтылыстан көрініс табады. Бұл кезеңдегі еріктің дамуы мінез-құлық мотивтерінің өзгеруімен, оларға сабақтаса бағынумен тығыз байланысты.

Белгілі бір еріктік бағыттылықтың пайда болуы, бірінші қатарға бала үшін аса маңызды болатын мотивтер тобының шығуы баланың өз мінез-құлқында осы мотивтерді басшылыққа ала отырып, аландататын әсерге берілмей, алға қойған мақсатқа қол жеткізуге тырысуына әкеледі. Ол біртіндеп өз іс-әрекетін әрекеттің мақсатынан айтарлықтай алыс тұрған мотивтерге, атап айтсақ, қоғамдық сипаттағы мотивтерге бағынышты ету қабілетін игереді. Онда мектеп жасына дейінгі балаға тән мақсатқа бағыттылық деңгейі пайда болады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жаста еріктік әрекеттер пайда болғанмен, оларды қолданудың саласы мен олардың баланың мінез-құлқындағы орны айтарлықтай шектеулі болып қалады. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, тек ересек мектеп жасына дейінгі бала ғана ұзақ еріктік күш салуларға қабілетті.

Болашақ бірінші сынып оқушысының еріктік даярлығын қалыптастыру ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Өйткені оны қызу жұмыс күтіп тұр, одан тек ол істегісі келетінді ғана емес, одан мұғалім, мектеп тәртібі, бағдарлама талап ететін нәрсені де орындау жүктеледі. Алты жасқа қарай еріктік әрекеттің негізгі элементтерінің қалыптасуы жүреді: бала мақсат қоюға, шешім қабылдауға, әрекет жоспарын белгілеуге, оны орындауға, кедергіден өту жағдайында белгілі күш салуға, өз әрекетінің нәтижесін бағалауға қабілетті. Бірақ та еріктік әрекеттің осы барлық құрамдағылары әлі жеткілікті түрде дамымаған.

Балалардың еріктілігін дамыту мектепке дейінгі жаста мақсатқа ойындық мотивация мен құрдастардың жағынан бағалау болған жағдайда табыстырақ қол жеткізіледі. Алты жасқа қарай баланың қимылдарының еріктілігі айтарлықтай өзгереді. Егер үш жаста бала затпен қимыл жасаудың нәтижесі мен әдісін түсініп, бірақ бөлек операциялар мен қимылдарды әлі түсіне алмаса, алты-жеті жаста қимылдардың өзі саналы еріктік қызметтің нысанасына айналады.

Алты жасар баланың мінез-құлқындағы еріктілік тек бұдан ғана көрінбейді. Ол тақпақты әдейілеп жаттауда, шынайы тілекті айту қабілетінде, қызықты істен, ойыннан үлкеннің тапсырмасын, қоғамдық тапсырманы (асхана бойынша кезекшілік және т.с.с.) орындау үшін, анасына көмек көрсету үшін бас тартуда, ол қорқынышты (қараңғы бөлмеге кіру, тіс дәрігерінің бөлмесіне кіру), ауруды жеңу, жарақаттанған кезде жыламауда да көрініс табады.

Мектеп табалдырығын аттау – бала өміріндегі үлкен оқиға. Ал, «үлкен оқиға» бар жерде эмоцияның да көлемі үлкен. Сондықтан, баланы еріктік бағыт пен көңіл-күйлік жағынан даярлау да маңызды мәселелердің бірі. Бұл баланың шешім қабылдай алып, мақсат қоя білуі. Сонымен бірге баланың әрекеттерді жоспарлап, олардың орындалуын жүзеге асыруда күш жұмсай білуі, қиындықтарды жеңуі баланың психологиялық үдерістерінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Егер баланың мектептегі оқуға даярлығы осы бағыттармен ұштасып жатса, баланың оқуға тез бейімделіп, жақсы оқып кетуіне мүмкіндік туғызады.

Мектепке дейінгілердің негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, оларға бірден оқу әрекетіне ауысу біршама қиындықтар туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала педагогтармен және балалармен кезіккенде мазаланады, оқу үдерісінің өзіне жағымсыз

эмоция сезініп, қорқыныш пайда болады. Осыдан келе нашар оқитын балалар пайда болады. Сонымен бірге баланың көңіл-күйінің болмай, себепсізден жиі ауыруы мектеп неврозы сипатында көрінеді, яғни мектепті еске алса болғаны жылап, уайымдайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стрессогендік факторға айналып, денсаулығының нашарлауына әкеліп соғады.

Австрия ғалымы Г.Эберлейн өзінің «Дені сау балалардың қорқынышы» атты еңбегінде «Кейбір балалар алдағы болатын жағдайлардан үрейленеді, олар үнемі «мектепте мұғалім берген тапсырманы орындай алмай қаламын ба?» деген қорқынышпен жүреді», – дейді.

Жалпы, тәжірибеге сүйенетін болсақ, баланың оқығысы келмеуі мына жағдайларға байланысты болады:

1. Мектеп алдындағы қорқыныш. Бұл баланы бағындыру, әрекеттерді орындату мақсатымен қорқынышты үйде қалыптастырады; («Мектепке барасың сонда саған көрсетеді»);

2. Оқу үдерісінде және қарым-қатынаста қиындыққа кезігуі;

3. Мектептің өміріне бейімделе алмауы;

4. Мектептің өмірінің шынайы қиындығымен кезіккенде, баланың көңілінде мектепке деген жағымсыз қатынастың пайда болуы;

5. Мұғалімнің өзіне тән психологиясына үйрене алмау.

Яғни, осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағлұматтарды айтып, баланың мектепке деген жағымды қатынас және сенімділік сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу керек. Ең бастысы баланы жолдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, басқа баланың ойымен санасуға үйрету болып табылады.

Мектеп өмірі баладан эмоциональдық тұрақтылықты талап етеді. Оқушылар арасында келіспеушіліктер, реніштер және конфликттік жағдайлар жиі кездеседі. Әсіресе ерке балалар мұғалімнің ескертулерін ауыр қабылдайды, яғни мектепке барудан бас тарту, жылау және т.б. әрекеттер арқылы көрінеді. Баланың өз бетімен шешім қабылдай алатындай және еріктілікті дамытуға жағдайлар жасап және бір жұмысты аяқтамай келесі жұмысқа кірісуіне рұқсат етпей, кез келген істі аяғына дейін жеткізуге үйрету керек.

Баланың мектептегі оқуға дайындығы біртіндеп қалыптасатын аса күрделі үдеріс және бұл үдерісті жүзеге асырудың бірден бір жолы – ата-ананың, мұғалімнің және психологтың бірігіп жұмыс істеуі. Бала балалық шақтан өзіне белгісіз, таныс емес дүниенің

есігін ашқаннан кейін, баланың өмір сүру тіршілігін түбегейлі өзгертеді. Яғни, баланың мектеп өміріне еніп және өзінің әлеуметтік ортада «МЕН» дегенін қалыптастыра алып, жоғарыдан көріне алуы, баланың білімді, табысты және нәтижелі игеріп кетуіне ықпал жасайды. Түйіндей келе, бұл баланың жеке тұлғасының қалыптасуы және ақыл-ойының, таным үдерістерінің дамуы болып табылады. Демек, баланы мектепке даярлау мәселесі өз өзектілігін жоғалтпайтын әлі де зерттеуді қажет ететін міндетті мәселелердің бірі болып қала бермек.



## **10.2 Отбасында баланың мектепке даярлығын диагностикалау**

Мектептегі бірінші сынып бала өміріндегі ең күрделі кезеңдердің бірі деп айтуға болады. Мектепке түсу – көп балалар үшін эмоционалдық-стресс жағдайында өтеді. Бала мектепке түскенде оған көптеген факторлар әсер етеді: сынып ұжымы, мұғалім, күнтәртібінің өзгеруі, қозғалу белсенділігі уақытының шектелуі, көңілге қоныссыз міндеттердің пайда болуы. Мектеп бірінші күннен бастап балаға оқуды ойдағыдай меңгеру, мектепте жүру тәртібіне үйрену, сыныптағы ұжыммен тіл табысу, жаңа ой жұмысына бейімделу сияқты талаптар қойылады. Баланың мектепке бірінші жылы дұрыс бейімделуі, оның болашақтағы оқу үлгеріміне және енбексүйгіштігіне тікелей байланысты. Баланың мектептегі оқуды табысты бастауы үшін оларды алдын ала даярлаудың мәні зор. Алайда даярлық жұмыстарын жүргізбес бұрын баланың мектепке дайындық деңгейін анықтау олардың оқудағы кейбір қиындықтардың алдын алып, бейімделу үдерісін жеңілдетеді.

Ата-аналар, психологтар мен мұғалімдер үшін баланың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын көптеген әдістемелер бар. Сол әдістемелер арқылы олар керекті бақылаулар, өлшеулер жүргізіп баланың мектепке дайындық деңгейін анықтай алады.

Мектепке дайындық диагностика әдістерін Н. И. Гуткина төмендегідей топтастыруды ұсынады: мектепке дайындық сынамасы, жетістіктер мен мүмкіндіктер сынамасы, психологиялық деңгейді анықтайтын тест әдістері. Мектепке дайындық деңгейі сынамасында, негізінен баланың психикасының оқуды меңгерудегі функ-

ционалдық мүмкіндігін анықтауға бағытталған. Мұндай тестілеудің пайда болуына неміс психологі А. Керннің концепциясы көп ықпал етті. Жетілудің басты көрсеткіші – көргенді қабылдап, образды бөлшектеп көру қаблеті. Бұл ережелер А. Керннің «Баланың мектепке дайындығын анықтаудың алғашқы үлгерім тестісі» еңбегінде көрсетілген. Ол сынамада алты тапсырманы ұсынады: сызу, қарапайым сөйлемді көшіру, бала пішінін салу, нүктелерді сызықша арқылы қосу, сандарды біруақытта қабылдауға арналған екі тапсырма. Кейіннен бұл тестіге Чехословакиялық психолог Я. Йирасек өзгертулер енгізіп, Керн-Йирасектің «Мектептік жетілудің бағдарлық тестісі» деген атаумен белгілі болды. Бұл тест баланың жалпы даму деңгейі туралы, оның айналаны көруін, кеңістіктегі бағдарын, еліктеуге бейімділігін қолының қиын-координациялық қимылдарға икемділігін және моторикасының даму деңгейінен ақпараттар береді.

Тест үш тапсырмадан тұрады:

1. Адамның сұлбасын салу
2. Трафареттен белгісіз таңбаларды көшіру
3. Трафареттен он нүктені көшіріп, оларды бір-бірінен бірдей қашықтықта тігінен және көлденеңінен орналастыру.

Тестілеуге алдын ала дайындалу керек. Әр балаға таза қағаздан таратылады. Ол қағаздың бір жағына баланың аты-жөні және тестілеу күні жазылса, беттің екінші жағына көлденеңінен екіге бөлініп, онда балалар екінші және үшінші тапсырмаларды орындайды. Ал беттің таза жағында бірінші тапсырма орындалады. Бірінші тапсырманы орындаған кезде балаға мынандай инструкция беріледі: бір ер адамның, ағаның суретін салу. Балалар әдетте көптеген қосымша сұрақтар қояды. Оларға: қалай сала алсаң, солай сал деп жауап берген дұрыс. Бала сенімсіз болса оны қолдап қойған жөн. Егер бала «әпкенің», «принцессаның» т.б. суреттерін салуға болама деп сұраса, оларға: барлығымыз «ағаның» суретін саламыз деп жауап беру керек. Мектепке дайын балалар бірінші тапсырманы орындау кезінде адам сұлбасының басын, денесін, қол-аяғын, көздерін, құлақтарын, мұрынын, шашын, мойынын, саусақтарын, т.б. сала алуы керек. Бала бірінші тапсырманы аяқтаған соң, бетті айналдырып, екінші тапсырманы беру керек «Бұл карточкада бір сөз жазулы, сен әлі жазу білмейсің, сондықтан осы сөзді айнытпай көшір». Сөз жазылған карточканы баланың алдына қою керек. Екін-



ші тапсырмаға 7-8 см және 13-14 см өлшеміндегі тығыз ақ қағаздан қиылған карточкалар дайындап қою қажет. Карточкаларға қара фло-мастермен тапсырмалар жазылады.

Мектепке бару – бала өміріндегі маңызды оқиға. Мектепте оқу – баладан дайындықты талап ететін қиын еңбек. Өз мінез-құлқын басқару, оны негізгі мектеп ережелеріне бағындыру, өзін қоршағандардың ойымен келісу, кездескен қиындықтарды жеңу – міне, бұл мектептің болашақ бірінші сынып оқушысына қоятын талаптарының кейбіреулері. Осы талаптарды орындау үшін ол ұйымшылдық, өз бетімен жұмыс істей алу, табандылық, тәртіптілік сияқты адамгершілік-еріктік қасиеттерін иемденуі қажет. Сондықтан баланың әр түрлі жағдайларындағы іс-әрекетін бақылай отырып, осы қасиеттерің жеткілікті тәрбиеленгенін анықтаудың маңызы зор. Ол қасиеттердің сипаттамасы төмендегідей.

#### ***Ұйымдасқандық:***

1. Өзінің немесе үлкендердің қойған мақсатына жете білуі, оған іс-әрекет барысында бағынуы;
2. Үлкендер берген жоспарды басшылыққа ала білуі және өз бетімен алға қойған істерді ретті түрде жүзеге асыруы;
3. Тапсырманы орындауға берілген уақытты үнемді пайдалануы, жұмыстың қарқынын жылдамдата білуі;
4. Үлкендердің ақылын басшылыққа ала отырып, өзін-өзі ұстай білуі, өз істерін бақылауы, өзінің бастапқы ойымен алынған нәтижені салыстыруы;
5. Өз жұмысын және жолдастарының жұмысын әділетті бағалай білуі, жетіспеушілікті таба білуі;
6. Сыртқы ұйымшылдығы – жұмыс үстеліндегі реттілік, жұмысқа арналған материалдарды қолданудағы ұқыптылығы, жұмыстан алаңдаудың болмауы.

#### ***Жауапкершілік:***

1. Жеке өз басы үшін ғана емес, өзгелер үшін де маңызы бар іс-әрекетті міндетті түрде орындаудың қажеттілігі мен мәнін түсіне білуі, тапсырылған іске жауап беруге дайындығы;
2. Кездескен қиындықтар мен кедергілерді жеңе білуі, егер сәтсіз орындалса, қайта жасай білуі, тиімді тәсілдерді іздестіруі;
3. Тапсырған істі місе тұтып, жетістік үшін алаңдауы;
4. Жұмыс нәтижесін бағалай білуі.

### **Өз бетімен жұмыс істеу:**

1. Бір нәрсені орындау туралы тапсырманы қуана құптауы, өзіне пайдалы істер таба алуы, ойын ойнау, еңбек ету, жұмыс істеу үшін жағдай туғызу;
2. Үлкендер тарапынан бақылау болмаған жағдайда да тапсырманы орындауы;
3. Басқалардың көмегінсіз тапсырманы орындай алуы;
4. Қиындықтарды жеңіп, нәтижеге жете алуы;
5. Өз бетімен орындаған жұмысына қанағаттануы.

### ***Тәртіптілік:***

1. Үлкендердің талаптарын, тапсырмаларын және өз міндеттерін қуана әрі уақтылы орындалуы;
2. Тәртіп талаптарына қайшы келетін қадам жасамауда өзін-өзі ұстауы;
3. Өзінің ойы мен тілегін басқалардың ой тілектерімен сәйкестендіре алуы.

### ***Табандылық:***

1. Алға қойған мақсатқа жету үшін, ұзақ уақыт бойы күш-жігерін жұмсай алуы, мақсатқа жетуі;
2. Мақсатқа жетер жолдағы қиындықтар мен кедергілерді жеңе білуі;
3. Бастаған істі аяқтау.

Мектепте табысты оқу үшін танымдық ынталанудан (мотивациядан) басқа, сонымен бірге психологиялық даярлығы да қажет. Балаларды мектепке шығарар алдында психологиялық даярлығын психолог тексереді. Бірақ бұл даярлықты ата-аналар да тексере алады.

**Бұл үшін болашақ мектеп оқушысы төмендегі талаптарды орындай ала ма, соны анықтау қажет:**

1. 20-30 минут бойы бір іспен (қызықты болуы міндетті емес) айналыса алу немесе ең болмаса бір орында отыра алу;
2. Бірінші реттен қарапайым тапсырмаларды дұрыс түсіну – мысалы, ер адам бейнесін салу (жай ғана адам, ханша, робот немесе ойына не келгенін емес);
3. Үлгі бойынша іс-әрекет жасай білу (мысалы, бөліктерін ауыстырмай, басқа түсті қолданбай қарапайым суретті көшіріп салу);

– берілген қарқын және шапшаңдықта қатесіз 4-5 минут бойы жұмыс істеу (мысалы, торкөзді дәптерге үлкеннің айтуымен қарапайым геометриялық өрнекті салу; «дөңгелек, шаршы, дөңгелек, шаршы», ал содан соң өз бетімен, бірақ сол қарқынмен);

4. Қағаз бетінде және кеңістікте жақсы бағдарлай алу (жоғары-төмен, астында-үстінде, оңға-солға ұғымдарын шатастырмау; үлкендердің айтуымен торкөз бойынша өрнек сала білу: «үш торкөз жоғары, үш оңға, бір төмен, бір оңға, бір жоғары, үш оңға, үш төмен» т.с.с.);

5. Артық-кем, ерте-кеш, алдымен-сосын, бірдей-әртүрлі, ұғымдарын түсіндіру;

6. Қысқа тақпақтарды есінде сақтау.



### **10.3 Отбасы жағдайында баланы мектепке даярлауға бағытталған әдістер мен жаттығу түрлері**

Соңғы жылдары мұғалімдер мен ата-аналар балалардың мектепке бейімделуі туралы қиыншылықтар туралы көбірек айтып жүр. Бұл жалаң сөз емес шынайы фактілер. Бұл қиыншылықтар сыртқы жағдайлардың салдары (мұғалімдердің кәсіби білімінің төмендігі, сыныптағы балалардың көптігі сияқты факторлар емес) ғана емес, сонымен қатар, мектепке баратын балалардың даму ерекшеліктерін көрсететін ішкі жан дүниесінің ерекшеліктеріне де байланысты.

Мектепке оқуға даярлық, шын мәнінде, оқи алуымен, жаза білуімен, ондықтар шеңберіндегі сандарға амалдар қолдана алуымен шектелмейді. Мұғалімдердің айтуынша, балаларды жаңа нәрсені жасауға үйрету оңайырақ, ал сабақ бойы оның назарын ұстап тұру өте күрделі жұмыс. Себебі баланың ерікті зейіні жеткіліксіз дамыған. Олар өз зейіндерін көп уақыт бір жерге шоғырландыра алмайды. Бұндай жағдайда баланы оқыту өте қиын. Мектепте оқу баладан ерікті зейінді қажет етеді. Бала сабақта тыныш отырып, мұғалімнің айтқанын тыңдап, есінде сақтауы, мұғалімнің басшылығымен қандай да бір әрекеттерді орындауы қажет.

Баланың ерікі оның мектепке дейінгі шақтағы өмірінің әртүрлі аспектілерінде қалыптасып, дамиды. Мысалы, ересектердің талабын орындау, жүріс-тұрыс, мінез-құлық ережелерін сақтау және ойын ережелерін сақтау және т.б.

Егер бала мектепке келгенде өз еркімен іс-әрекетін реттей алмаса, бұл ерте жастағы бала тәрбиесінде кеткен қателік. Бұл ата-аналардың баланы шектен тыс өбектеуі немесе шектен тыс қатал ұстауының салдары болуы мүмкін. Балаға қандай керемет жағдай жасасаңыз да, ол өз еркімен өз мінез-құлқын меңгере алмайды. Оған тек ересектермен қарым-қатынас, бірлескен іс-әрекет барысында ғана үйрене алады. Балалар бір нәрсеге қызықса ғана үлкен шыдамдылық танытып, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе алады. Сондықтан ата-аналардың басты міндеті – баланың қызығушылығын қолдап, бастаған ісін аяғына дейін орындауына қол жеткізу. Сонымен қатар, балаға қызықты емес, бірақ қажетті нәрселерді де аяғына дейін атқаруларына қол жеткізудің маңызы зор. Мысалы, ойыншықтарын жинау, өз киімдерін сөреге реттеп жинау, т.б. Ата-ананың міндеті баланың өз міндеттерін орындауға, ұқыпты болуға үйрету.

Баланың ақыл-ойымен денесінің дамуында тамаша нәтижелерге жету үшін, онымен бірге тер төгуге тура келеді. Ал бұл біріккен еңбек қидындық тудырмас үшін, оны ойын түрінде жүргізген дұрыс. Себебі ойын – балалардың ең сүйікті ісі, жұмысы. Ойын барысында бала ең қиын нәрселерде жеңіл меңгереді. Ал балаларды еркін тәрбиелеуде ережелі ойындардың маңызы зор. А. Н. Леонтьев ережелі ойынды меңгеру – өзіңнің жүріс-тұрысыңды меңгеру деп есептеген. Ойын барысында бала жеңуге тырысады, ол үшін өзінің барлық ерік-жігерін, күшін жұмылдырады, сондай-ақ жеңілісінде мойындауды үйренеді. Осылай балада табандылық, шыдамдылық, назарын бір нәрсеге аудару және басқа нәрсеге алаңдамау сияқты қасиеттер қалыптасады. Мысалы, балалардың көру есі мен байқағыштығын дамытатын: заттарды «суретке түсіреміз», заттарды «суретке саламыз», «Шерлок Холмс пен Доктор Ватсон» сияқты ойын-жаттығулардың маңызы зор.

Бұл ойындар тым әсерленгіш немесе қозғалғыш, мазасыз балаларды шамалы «салқындатуға» немесе «тежеуге» көмектесетіндіктен өте пайдалы. Сондықтан төменде осы ойын-жаттығуларды ұйымдастыру ережелерін ұсынуды жөн көрдік.

***Заттарды «суретке түсіреміз» атты ойын-жаттығуды ұйымдастыру ережелері.***

Бастапқыда алдына кесе, ойыншық, алма, т.б. заттар қойыңыз. 20-30 сек. сол затқа бар зейінімен қарасын да, «суретке түсіріп»

алғандай болсын. Одан кейін баланың көзін жұмдырып, сол затты анық көргендей етіп суреттеп берсін. Бұл бірден ойдағыдай шықпауы да мүмкін. Көзін ашып тағы көріп алсын да, көзін жұмып тағы дұрыстап суреттесін.

***Заттарды «суретке саламыз» атты ойын-жаттығуды ұйымдастыру ережелері.***

Бұл жаттығу біріншінің жалғасы. Затты «суретке түсіріп» болған соң, балаға ойдағы заттың суретін салуды ұсыныңыз. Баланың керемет суретші немесе суреттің өзі тамаша болуы шарт емес, сізге сол заттың әртүрлі қасиеттері, түрі-түсі, детальдарының толық суреттелгені керек.

***«Шерлок Холмс пен Доктор Ватсон» атты ойын-жаттығуды ұйымдастыру ережелері.***

Сонымен, сіздер екеуіңдер – атақты детектив пен оның көмекшісі. Үстелдің үстіне 5 зат қойып, үстін орамалмен жабыңыз. Оны 15 секундқа ашып, қайта жабыңыз. Балаңыз көрген заттарға неғұрлым көбірек сипаттама беруге тырысатын болсын. Бірте-бірте заттардың санын көбейте түсіңіз. Бұл ойында жаттықтырудың нәтижесі жақсы көрінеді. Бірақ уақыт өткен соң, өзінің байқағыштығының артқанына балаңыздың да көзі жетеді.

Қазіргі кездегі мектептің қойып отырған талабына дені сау, шыныққан, төзімді балалар ғана шыдай алады. Сондай-ақ оның көру, есту сезімдерінің дұрыс болуы да маңызға ие. Баланың дене және ақыл-ой үдерістерінің дұрыс жетілдіруде серуеннің алатын орны ерекше.

Баламен серуенге шыққанда, жылдың кез келген мезгілінде жиірек табиғаттың әртүрлі құбылыстарын бақылауға тырысу қажет. Бұны балаға қызықты етіп жасаудың маңызы зор. Мысалы, даланың, парктің немесе саябақтың күрделі емес картасын жасау. Табуға қажетті объектіні (ұяны, құмырсқаның ұясын, ерекше ағаш, ескірген ағаштың түбірі, т.с.с.) жасыру. Бала өзі картаны оқып, тапсырманы орындап көрсін (қымбат тастары бар ескі қазына, «сандық», т.б.). Өзінің жолын белгілесін. Саябақ учаскесінде бала мұндай тапсырмаларды өз бетімен орындай алады. Басқа нұсқада да болуы мүмкін: карта мен учаскенің жоспарын балаңызбен бірге қосылып жасауға болады. Қыста әртүрлі жануарлардың ізін бақылау және т.б. Әртүрлі карталар, схемалар жасау әрі зерттеу, оларды оқи білу баланың абстрактікалық ойын дамытып, кеңістікте бағдар ұстана білуге үйретеді.

Әртүрлі жыл мезгілдерінде бір объектілерді, мысалы: ағашты, алаңқайды, бұтаны, құсты, олар қалай өзгертетінін бақылатудың маңызы зор. Баланың дамуы үшін оның барлық сезім мүшелерін жұмысқа қосу керек. Әдетте, табиғатпен қарым-қатынас жасай отырып, «қарашы, қандай әдемі!» деген сөздермен шектелмей, балаға ағаштар мен бұталардың иістерінің айырмашылықтары қандай екенін анықтауына ұсынуға болады. Мысалы, жылтыр дінгекті ағашты табу, ағаштың жапырағын көзді жұмып тұрып сипап: «Сен бір жануарды сипап тұрмын деп елестет. Сонда бұл қандай жануар (немесе аң)?» деген сұрақ қоюға болады. Сондай-ақ бала өзіне аса бір ұнаған талдың жапырағын тандап, оның пішінін, ерекшелігін көзбен ғана емес, қолмен ұстап та есте сақтасын. Саусақтарымен жапырақты айнала пішінін сипап оның ұшы үшкір ме әлде доғал ма, шеттері тегіс пе әлде ирек пе, соны анықтасын. Сосын үйде сол жапырақты есіне түсіріп, суретін салсын. Сол суретті келесі жылғы серуенге алып шығып, шынайы объектімен салыстырып, баланың қаншалықты тапсырманы дұрыс орындағанын бағалау керек.

Сонымен бірге серуен кезінде балаға әртүрлі танымдық ойындарды ойнатудың маңызы ерекше. Мысалы, «**Артықты тап**» ойыны. (Бұл ойын ұғымдарды жалпылауға, объектілерді жіктеуге, олардың қасиеттерін анықтауға үйретеді). Ойынның мақсаты (демалыс кезінде алаңда, саяжайда) бір ағашқа оған қатысы жоқ әлдебір затты іліп қою арқылы баланың сәйкессіздікті анықтау және оны түсіндіру қабілетін дамыту. Мысалы, еменге шыршаның жаңғағын ілуге болады.

«**Бәрі қандай жасыл**» ойыны. (Баланың байқағыштық қабілетін дамытады, түстердің реңін ажыратуды, табиғаттың әртүрлілігін көруді үйретеді). Ол үшін балаға: Қайың жапырағының түсі қандай? Алманікі ше? Емендікі ше? Шыршаныкі ше? деген сұрақтар қою керек. Ол әрине, «жасыл түсті» деп жауап береді. Ал, барлық жасыл түстер бірдей ме? Олардың айырмашылықтары қандай? Деген сұрақтар қою керек. Ол түстерді баланың өзі табиғаттан тапқаны дұрыс. Қанша жасыл түсті рең тапқандарын санату керек.

«**Кім кімнің туысы?**» ойыны— белгілі бір ағашты жасына немесе түріне қарай топтастырту арқылы баланың жіктеу және жалпылау сияқты ойлау операцияларын дамытуға бағытталған ойын түрі. Тапсырмаларды орындай отырып, бала алдымен ағаштарды белгілі қасиеттері бойынша топтастырады. (бұл жағдайда – олардың бәрі қайыңдар), кейін ұқсастардың ерекшеліктерін анықтайды (кәрі-жас, үлкен-кіші, жуан-жіңішке).

**«Өзен не туралы айтты»** ойыны. Бұл ойын баланың тілін, қиялын дамытады. Ойынды өзеннің жағасында дем алып жатқан кезде немесе серуендеп жүрген кезде өткізуге болады. Ол үшін баланың назарын өзеннің үнемі ағып тұратынына аудару қажет. Оның қайдан басталатындығы, жолында қандай кедергілерге кездесуі мүмкіндігі және т.б. туралы сұрап, баламен бірге әңгіме құрастыру керек.

Балада мектеп туралы нақты көрініс және жағымды әсер қалыптастыру үшін барлық отбасы мүшелерімен бірге ойнайтын арнайы ойын түрлерін қолдану кеңес береді. Мысалы:

- **«Сөмкеде не бар?»** Үлкендер балаға доп лақтыру арқылы қандай да бір затты айтады, мысалы: қалам, дәптер, жастық, т.с.с. Егер, баланың ойынша ол зат сөмкеде жату керек болса, ол допты қағып алады.

- **«Мен сөмкеме не салып алып кетемін».** Бір немесе бірнеше баламен, сөзді кезекпен айтып ойнауға болады. Бірінші қасушы: «Мен өзімнің сөмкеммен бірге аламын...» дейді де өзіне мектепке қажетті қандай да бір затты айтады. Келесі ойыншы оған дейінгі ойыншылардың айтқан заттарды қайталап, оған өз затын қосады. Бұл ойын қатысушылардың біреуі қателескенше жалғасады.

- **«Сабақ пен қоңырау».** Ең алдымен жүргізуші әр түрлі іс-әрекеттерді атайды («Сен оқисың», «Сен жазасың», «Сен ойнайсың»), ал бала бұл іс-әрекеттердің («Сабақта» немесе «Қоңырауда») деп жауап береді.

- **«Мектепке дейінгілер мен оқушылар».** Ата-ана баладан мектеп жасына дейінгі және мектеп оқушысы сияқты жүріп-тұруын, сөйлеуін сұрайды. Ата-ана бір шапалақ ұрғанда, мектеп жасына дейінгі бала, екі рет шапалақ ұрғанда мектеп оқушысының қалай жасап беруін көрсету керек. Ата-ана баланы мектепке күнделікті байқатпай дайындауы керек.

Көп жағдайда ата-аналар баланы мектепте оқуға ынталандырудың қажеттілігі туралы ойланып жатпайды. Алайда бұл бала үшін өте маңызды. Ең алдымен балаға «Сен енді оқушысың» деген сөздің өзі үлкен әсер етеді. Сондай-ақ баланың болашақ жұмыс орнын дайындау, оған оқуға қажетті заттарды сатып әперу оның оқушы рөліндегі позициясын бекіте түседі. Алайда бірінші сыныпқа баратын балалардың кейбіреулері өздерінің мектепке барғысы келмейтіндігі туралы айтады. Бұл көбіне баланың мектепке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыра алмаған ата-аналардың такти-

касына байланысты. Олар балаларын оқудың қиыншылығы туралы айтып қорқытқанша, мектепте оқыған қиын, бірақ талаптанса жеңе білетіндігі, мектепте оқу арқылы көп нәрселерді білетіндігі туралы айтулары керек.

Бірінші сынып оқушыларына қойылған сұрақтардың нәтижесі олардың ең алдымен мектептен «Жаңа достар табу», «Әдемі портфель ұстау», «Күндіз ұйықтамау», т.б. күтетіндігін көрсетеді. Міне, сондықтан да ата-аналар бес жастан бастап мектепке неліктен баратындығын түсіндіруі қажет. Мұны ойын түрінде (Мысалы, «Ойлан, тек мектепте ғана ерекше не істейді?») немесе шын ниетті әңгіме түрінде өткізуге болады.

Баланың интеллектуалды қалыптасуы мен дамуы үшін арнайы дамытушы ойындар қолданыңыз. Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың басты іс-әрекетінің бірі және ойын барысында баланың жеке қасиеттері қалыптасады.

Сондықтан мектепке дейінгі балаларға көбінесе танымдық үдерістерін дамытуға бағытталған төмендегідей ойындарды ұйымдастырған жөн.



## **БАЛАНЫҢ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТАТЫН ОЙЫНДАР**

### **«Есте сақтағаныңды сипатта»**

Қысқа уақытта балаға қуыршақ немесе басқа бір затты, суретті көрсетіп, содан кейін бірқатар сұрақтарға жауап беруін өтініңіз. Мысалы, қуыршақтың шашы қандай, көйлегі қандай, көзінің түсі қандай, шашында бантигі болды ма?

### **«Картинаның жұбы»**

Бір-бірімен мағыналас 7-8 картинаны таңдап алыңыз. Оларды бір-біріне қарама-қарсы қойыңыз. Мысалы, ағаштың суреті бейнеленген картинаны орманның суреті бейнеленген картинаның жанына, ал үй бейнеленген картинаның жанына терезенің суреті бейнеленген картинаны қойыңыз. Балаңызға барлық суреттерге ұқыпты қарап, оң жақтағы картиналарды мүмкіндігінше көбірек есте сақтауларын өтініңіз. 1-2 минуттан кейін сол жақтағы картиналарды қалтырып, оң жақтағы картиналарды алып тастаңыз.



Содан кейін балаңызға сол жақта қалған картиналарға қарап, оң жақтағы алып тасталған картинадағы суреттің атын атауын, не оны көрсетуін өтініз. Егер бала бірден жауап бере алмай қиналса, бір-екеуін өзіңіз көрсетіңіз. Бұл ойынды бірнеше рет қайталап ойнатқаннан кейін, ойын шартын күрделендіруге болады. Мысалы, екі пар картина емес оның санын үшеу, төртеу етіп, есте сақтау уақытын қысқартуға болады. Бұл баланың есте сақтау қабілетін жетілдіреді және заттардың арасындағы байланысты аңғаруға мүмкіндік береді.

### «Сөздің жұбы»

Бұл ойын «Картинаның жұбы» ойынының бір варианты. Балаңызға бірнеше жұп сөздерді айтып, сөздердің екінші жұбын есте сақтауын өтініз. (5-6) сөзден бастауға болады. Мысалы, мысық – сүт, бала – машина, қыз – қуыршақ, үстел – бәліш және т.б. Содан кейін алғашқы жұптағы бірінші сөзді айтыңыз, ал балаңыз екінші жұбын атауы тиіс. Тапсырманы сөз жұптарын біртіндеп көбейту арқылы қиындатуға болады.



## БАЛАНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТАТЫН ОЙЫНДАР

### «Ойнайық та ойлайық»

Балаға жыл мезгілдеріне байланысты жұмбақ өлең айтап беру керек. Бала өлеңнің мазмұнына қарай қай жыл мезгілі екенін айтады.

Күн ұзарып,  
Қар еріп,  
Су сайларға толады.

*(көктем)*

Күндер ысып,  
Шөп пісіп,  
Ел пішенін орады.

*(жаз)*

Жауып жаңбыр,  
Жер сабыр,  
Шөп, жапырақ солады.

*(күз)*

Суда мұз бар,  
Жерде қар бар,  
Боран борап соғады.

(қыс)

### «Ойнада, ойлан»

Бір көжекке бір көжек,  
Келе қалды қонаққа,  
5 сәбізден бірден жеп  
Тойып алды тамаққа.  
Айтыңдаршы балалар  
Қанша сәбіз барлығы?

(10).

Ұла жүнін қыздырып,  
Күн шуақта бір күшік  
Отыр еді маңына  
Келді тағы бір күшік.  
Нешеу болды сен сана?

(2).



## БАЛАНЫҢ ЗЕЙІНІН ДАМЫТАТЫН ОЙЫНДАР

### «Не өзгерді» ойыны

Баланың алдына 3-7 ойыншық қойыңыз. Содан кейін мұқият қарап алғаннан соң, көзін жұмуын өтініңіз. Бала көзін жұмған кезде біреуін жасырып қойыңыз, не бір, екі ойыншықтың орнын ауыстырыңыз. Бала көзін ашқаннан кейін қандай өзгеріс болғанын сұраңыз.

### «Жеуге жарайтын – жарамайтын заттар» ойыны

Балаңызға әр түрлі заттардың атын атап допты лақтырыңыз. Ол тек жеуге жарайтын заттың аты аталған кезде ғана допты қағып алуы керек.

### «Ұшты – ұшты» ойыны

Балаңызға әр түрлі заттардың атын атаңыз. Бала тек ұшатын заттың аты аталған кезде ғана екі қолын жайып құс сияқты қолын сермеуі керек.

## **«Бір орында қатып қал» ойыны**

Бала әр түрлі қимылдар жасауы керек. Белгі берілгенде бала қандай қалыпта болса, сол қалыпта қатып қалуы керек. Егер бала 30 секунд ішінде қимылдап қойса, жеңілгені, онда бала білетін тақпағын, өлеңін айтуы керек.



## **ҚИЯЛЫН ДАМЫТАТЫН ОЙЫНДАР**

### **«Иттер қандай болады?»**

Баланың көз алдына өзінің сүйікті немесе жақсы көретін иті туралы суреттеп айтып беруін өтінуге болады: оның түрі, түсі қандай, ол үлкен бе, кіші ме, қайырымды ма, әлде қабаған ба, ол не жегенді жақсы көреді т.с.с.

### **«Сипаттама бойынша сурет сал»**

Төмендегі мәтінді оқып беріңіз: «Үлкен әрі аппақ үй тұр екен. Оның шатыры дөңгелек. Үлкен терезесі қызыл, кіші терезесі сары түске боялған. Есігі қоңыр». Мәтінді тағы бір рет баяу оқып беріңіз. Бала көзін жұмыс үйді көзіне елестетуі қажет. Содан кейін оның суретін салуды өтініңіз.

Бала мектепке бармас бұрын қай мектепке беретініңізді алдын ала ойланып, бірақ шешім қабылдаңыз. Ол үшін мектептің орналасқан жерін, сіздің үйіңізбен ара қашықтығын, қандай сала бойынша дайындайтын мектеп екенін ескеріңіз.

Көп жағдайда үлкендер өздерінің қалай оқу мен жазуды үйренгендіктерін, таяқшаларды қалай түзу жаза алмай, әріптерді қосып оқи алмай қиналғандықтарын ұмытып кетеді. Егер балаңыз оқу не жазу барысында қиналса, әлі-ақ бәрі жақсы болатындығына сендіріңіз. Ол үшін тек сәл тырысу керектігін ескертіңіз. Ата-ананың басты міндеті мектепке дейінгі ересек жастағы баланы тыңдай білуге, назарын аударуға үйрету.

Жоғарыда айтылған ақпараттарға талдау жасай келе, ата-аналардың бала тәрбиесі мен мектепте оқуға балаларын даярлауға көмектесетіндей төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

- балаңыздың әр жетістігіне қуана біліңіз;
- балаңызды әңгімесін аяғына дейін мұқият тыңдаңыз, оның

әңгімесі сізге қызықсыз, не сізді толғандырмайтынын балаңызға білдірмеңіз;

- баламен ілтипатты сөйлесіңіз;
- балаға тым көп сұрақ қоймаңыз;
- бала сізбен сөйлескенде бар назарыңызбен тыңдап, оған қомқорлық көрсетіңіз;
- баланы өзі дайын емес іске зорламаңыз;
- балағы нақты талаптар қойыңыз;
- бірден көп нәрсені талап етпеңіз, бала өз ойыншығын өзі жинауы үшін біраз уақыт қажет;
- балалармен әңгімелескенде әр түрлі заттарды көбірек атаңыз;
- баланы бірден сынаудың қажеті жоқ, әсіресе өзге адамдардың көзінше сынамаңыз;
- сіздің түсіндірулеріңіз қарапайым әрі ұғымды болуы керек;
- балағы өте көп талаптар қоюға болмайды, олар оған назар аудармайтын болады;
- ақырын сөйлеп, шыдамды болыңыздар;
- балаға күнделікті ертегі, әңгіме оқып беріңіз;
- балаңызды басқа балалармен, ағасы не әпкесімен, не басқа туыстарыңызбен салыстырмаңыз;
- баланың сауалдарын қолдап, оған тиянақты жауап беріңіз;
- баладан мейіріміңізді аямаңыз;
- балаңыздың білуге деген құмарлылығы мен қиялын марапаттап отырыңыз;
- басқа балалармен ойнауын қолдаңыз.



## **БАЛАНЫҢ ЗЕЙІНІН ДАМУЫ ОЙЫНДАРЫ**

Отбасы жағдайында баланы мектепте оқуға дайында барысында оның зейінін дамыту өте маңызды. Зейін – адамның ерекше психикалық қасиеті. Мектепке дейінгі кезеңде балада ырықсыз зейіні басым болғанымен 5-6 жаста ырықты зейіннің дами бастағанын байқауға болады. Зейіннің: көлемі, тұрақтылығы, бір жерге шоғырлануы, бөлінуі, ауысуы сияқты қасиеттері де дамиды.

***Зейіннің ауысуы мен бөлінуін дамыту үшін төмендегідей жаттығуларды пайдалануға болады.***

Балаға әр түрлі фигуралар (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш, трапеция, т.б.) аралас салынған парақты беріп, дөңгелекті тік сызықпен, үшбұрышты көлбеу сызықпен сыз, ал басқа фигураларды сызба деген тапсырма беруге болады.

Сондай-ақ мектепке дейінгі баланың дамыту үшін мынадай тапсырмалар берген жөн:

- көзінді жұм да өзіннен басқа балалардың көзінің, шашының түсі қандай екенін сипаттап берші;
- жаныңда ойнап жүрген балалар қандай киім киіп жүргенін сипаттап берші;
- бұрылмай тұрып арт жағыңда тұрған заттардың формасы, көлемі, түсі қандай екенін сипаттап берші;
- көзінді жұмып тұрып, естіген дыбыстарыңды ата;
- күн сайын үйіңнің қасынан өтіп бара жатып, сен ылғы белгілі бір заттарды көресің. Ертең өзің бұрын байқамаған бір затқа, құбылысқа суретке мән бер. Бірсүгіні басқа затты байқа. Осылайша күнде көрген жаңа заттарыңды, құбылысты бақыла. Мысалы: пәтеріңе дейін қанша баспалдақ бар, бөлмеңде неше терезе бар екенін маған айтып бер.

### **«Не өзгерді?» ойыны**

Үстелдің үстіне 10-15 шақты ұсақ заттарды (қарындаш, қалам, сіріңке, өшіргіш т.б.) қойып, баланың орны мен түрлерін есінде сақтауы үшін балаға 30 секундтай уақыт беру керек. Содан кейін теріс айналдырып, заттардың орнын ауыстыру керек. Жасалған өзгерістерді анықтау үшін балаға тағы да 30 секунд уақыт беріледі. Содан кейін бала өзгерген заттарды тауып орнына қоюы керек.

### **Зейіннің бөлінуін және тұрақтылығын дамытатын жаттығулар**

Балаға жануардың аты аталған кезде алақанын шапалақтау керек екенін алдын ала ескертіп, әр түрлі заттар мен жануарлардың атын атау керек.

Бала зейінінің тұрақтылығын дамыту үшін журнал не газеттің ішіндегі бір мәтіннің үзіндісінен «а» деген әріпті тауып, астын сызуды өтініңіз. Баланың қанша уақытта орындағанын және неше қате жібергенін жазып алыңыз. Келесі жолы тағы қайталағанда қандай өзгеріс болғанын байқаңыз.

### **Зейіннің шоғырлануын дамытатын жаттығулар**

Балаға бір жартысы ғана боялған суретті беріп, келесі жартысын дәл сондай етіп бояуын өтініңіз. Бұл тапсырманы қиындатуға да болады. Ол үшін бала суреттің екінші бөлігін өзі салып, бояуы керек. Бұл шырша, үкі, көбелек және тағы басқа болуы мүмкін.

### **«Цифрлық кесте» жаттығуы**

Балаға 1-ден 25-ке дейінгі цифрлар салынған кестені көрсету керек. Цифрлар ретсіз орналауы керек. Баладан оларды ретімен тез айтып беруін сұраңыз. Көптеген балалар бұл тапсырманы 1,5-2 минут ішінде орындайды. Бұл тапсырманы орындатпас бұрын балаңыздың аталған цифрлерді білетініне көзіңізді жеткізіңіз.

### **Баланың зейінін (бір уақытта бірнеше тапсырманы орындай алу білігі) бөлу деңгейін ұлғайтуға бағытталған жаттығулар**

Кішігірім сөйлемді дауыстап оқыңыз. Оқып отырғанда үстелдің үстін қарындашпен ақырын тықылдатыңыз. Бала мәтінде есінде сақтауы керек, сондай-ақ үстелді неше рет тықылдатып ұрғаныңызды айтып беруі қажет.

Бала дөңгелектің суретін салып отырған кезде бірнеше рет шапалақтау керек. Орындау уақыты – 1 минут. Бір минуттан кейін бала салған дөңгелектері мен неше рет шапалақ ұрылғанын айтуы керек. Бала неғұрлым дөңгелекті көбірек салса және шапалақтың санын дұрыс тапса, соғұрлым жақсы.

*Отбасы жағдайында баланың есте сақтау қабілетін дамыту үшін төмендегідей жаттығуларды пайдаланған орынды.*

- **Өленді тындап, онда айтылған заттардың суретін сал.**

Әппақ қоян, ақ қоян,  
Сондай қорқақ сақ қоян.  
Біздің үйге тығылсаң  
Сандығыма сап қоям!

Таудай үлкен піл деген  
Жалпылдайды құлағы.  
Тұмсығымен ағашты  
Көтеріп ап тұрады.

Немересін атасы  
Мінгізеді арқаға.

Ал кенгуру секіреді  
Баласын сап қалтаға  
Қысы-жазы адамға  
Серік болып жүреміз.  
Күзетеміз қойларды  
Қасқыр келсе үреміз.

- **Әңгімені тындатып, оның мазмұнына сай сурет салдыру.**

Демалыс күні әдемі үш аққала жасадым. Оның біреуі үлкен, екіншісі кішірек, ал үшіншісі мүлде кішкентай болып қалды. Біріншісі мен екіншісінің қолдарын қар кесектерінен, ал үшіншісінің қолын бұтақтардан жасадым. Мұрындарының орнына сәбіз, көздерінің орнына көмір қойдым.

- **Бір-бірімен мағынасы жағынан жақын 10 сөздің жұбын атаңыз.** Содан кейін әр жұптың бірінші сөзін өзіңіз айтыңыз, ал балаңыз екіншісін айтсын. Бала 10 жұптың алтауын айтып бере алса, онда оның есте сақтау қабілеті қанағаттанарлықтай дамыған деп есептеуге болады.

**ШУ – СУ, КӨПР – ӨЗЕН, ОРМАН – АЮ,  
ҮСТЕЛ – АС, АҒАШ – ЖАПЫРАҚ және т.б.**

- **Үстелдің үстіне таяқшалардан әр түрлі фигуралар немесе үйшік жасаңыз.** Балаңыздың дұрыстап назар аударуын өтініп, содан кейін оны жауып қойып, өзіне дәл сол фигураны қайта жасауды ұсыныңыз. Нәтижесін салыстыртыңыз.



### **Баланың қолын жазуға дайындау**

Баланың бірінші сыныптың бағдарламасын сәті меңгеруін қамтамасыз ету үшін ата-аналардың көптеген міндеттерді атқаруларына тура келеді.

Соның бір баланың жазу дағдыларын меңгеруге ықпал ететін саусақ қимылдарын қалыптастыру. Ғалымдардың айтуынша баланың саусақтарының дамуы ақыл-ойы мен сөйлеуінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Сондықтан баланы мектепте оқуға дайындауда оның үлкен және кіші моторикасына ерекше мән берген жөн. Балаға сурет салғызу, әртүрлі заттардан құрастыру, ермексазды илеу баланың саусақтарын дамытып қана қоймай, ойлау қабілетін

де дамытады. Сурет сала алмайтын және ермексазбен жұмыс істей алмайтын баланың жазуға икемі болмайды. Әсіресе сурет салудың мәні зор. Себебі ол жазумен тығыз байланысты. Сурет салу және жазу үдерісінде баланың оқу қалпы қалыптасады. Ол графикалық біліктерді меңгереді, қол қимылдарын реттеуге үйренеді.

Жаттығу барысында бала қарындаш қаламды еркін ұстап, саусақтарын әр түрлі бағытта еркін қимылдатуды үйренулері қажет.

Ол үшін балаға тік, көлбеу, қисық сызықтарды сыздырып үйрету керек. Бұл жаттығулардың мазмұны, формасы жағынан қызықты болғаны жөн. Мысалы, декоративті суреттерді, ою-өрнектерді салу.

Ою-өрнектерді салу барысында жазықтықта элементтерді орналастыруды (астында, үстінде, жанында, арасында, шетінде және т.б.) үйренеді, ұзындық, биіктік, ені сияқты ұғымдарды меңгереді, сызық бағыттарын (сол жақтан, оң жақтан, түзу т.б.) анықтауды, көзбен өлшеуді (кіші, үлкен, бірдей, тегіс, жартысы және т.б.) үйренеді.

Сонымен өрнектерді салу барысында баланың саусақ, буын, қол қимылдары, көзбен өлшеу қабілеті жақсы дамиды. Бұл фигуралар әріпке ұқсамайды. Алайда мұндай жаттығулардың міндеті балаға жазу белгілерін үйрету емес, жазу аппараты ретінде баланың қолын дамыту.

5-6 жастағы бала 3 минуттан артық жаза алмайды және тез шаршап, көп қате жібереді. Сондықтан 2-3 минут сайын баланың қолын демалдырып отыру қажет. Сонымен қатар баланың жазу дағдыларын меңгерудегі әрбір жетістігін мақтап «Сенің қолыңнан келеді, біз көмектесеміз», «Сен істей аласың» деген сенімділік сөздерді жиі айту баланың табысқа жетуіне өз әсерін тигізеді.

Кешенді оқуға даярлық тек ақыл-ой дамуын ғана емес, эмоционалдық-тұрмыстық сферасының дамуын, сонымен бірге дене жетілуінің белгілі бір деңгейде болуын қарастырады. Бірақ та әлеуметтік, эмоционалды-тұлғалық және дене дамуы саласында қысқа мерзімді және қарқынды ықпал етумен табысқа жету мүмкін емес.

Баланың әлеуметтік және эмоционалдық жетілуі оның басқа адамдармен (балалармен және үлкендермен) қарым-қатынас жасай білуінен, ережесі берілген ойындарды ойнай алуынан, ойын талаптарын өздері орындай отырып, оны басқалардың да орындауын қадағалай білуінен көрінеді.

Әлеуметтік құзырлы бала адамдармен қарым-қатынас орната



алуға, олармен дау-дамайсыз келісе білуге, ешкімді жәбірлемей өз көзқарасын дәлелдей алуға, белгілі бір сұрақ маңайында серігінің пікірімен келісе білуге қабілетті.

Эмоционалды жетілген бала жиі ренжімейді, басқа адамдардың сезімдерін түсінеді және оларды өз тәртібінде ескеруге қабілетті. Ол өз сезімдерін және оның себептерін түсіне сипаттай біледі (мысалы, «Мен мұңайып тұрмын, өйткені бәрі кетіп қалды, ал мен жалғыз болғанды ұнатпаймын»). Мұндай бала мерекеде ұмытылып, өзіне жалауша берілмей қалса, еңіреп жыламай, жай ғана тәрбиешіге келіп, сұрап алады.

Мектепке түскенде өз эмоцияларын басқара алмайтын балалар қиын жағдайда болады. Кез келген реніш оларды күйзелтеді. Бір істеріндегі сәтсіздік көпке дейін оларды өзін кемсіту, ал қанағаттану үлкен қуаныш сезіміне әкеледі. Бұл жағдайда айналаны (оның ішінде оқу материалын) қабылдау қабілеті күрт төмендейді. Өз уайымдарынан шыға алмаған балалар айналадағы оқиғаларды бағдарлай алуға мүмкіндігі жоқ, олардың зейіні төмендейді, ой қорытуға, логикалық ойлауға қабілеті жойылады.

Кейде балалар қабілетсіз болып көрінуі мүмкін, әсіресе стресс жағдайында: мектепке қабылдау әңгімелесуінде, тестілеуде, одан кейін тақта алдында жауап беруде. Сондықтан 6-6,5 жасқа қарай балаға өз сезімін және уайымын бақылауды үйрету, оны «өзін-өзі жұбату» тәсілдерімен таныстыру қажет (мысалы, «өзін-өзі көндіру, иландыру», «Бәріде жақсы болады, бәрі өтеді, мен сабырлымын, мен істей аламын...»). Бұл жерде болымсыз етістіктің бұйрық райын қолданбауға тырысу қажет. «Жылама», «қорықпа», т.с.с.

Балаға қарапайым дем алу жаттығуларын (10 терең дем алу-дем шығару), «шеттету» техникасын (барлық жағысыз жағдайлар қалың шынымен, ағынды сумен және т.с.с. бөлек қоршалған деп елестету) үйрету қажет.

Жалпы алғанда, баланың ақыл-ой, дене және эмоционалдық дамуының деңгейіне қарамай, олардың өзіне сенімділігін қолдап, үнемі эмоциональдық жайлылығын қамтамасыз ету қажет. Көңіл-күйі жақсы, бақытты балалар жақсы оқиды, жана жағдайларға тез үйренеді және үлкендерге мұндай балалармен жұмыс істеу өте қызықты да, жеңіл болады. Баланы адамзат мәдениетінің әртүрлі саласына бейімдеу, оны мектепке баруға қажетті білім, білік, дағ-

дылармен қамтамасыз етіп, қажетті қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.



## Сұрақтар мен тапсырмалар

1. М. М. Мұқановтың «Жас және педагогикалық психология» атты еңбегін оқып, талдау жасаңыз. Одан баланың даму ерекшеліктері туралы ата-аналарға кеңес ретінде ұсынатын ақпараттарды дайындаңыз.

2. А. А. Люблинскаяның «Бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде» атты еңбегін оқып, талдау жасаңыз. Одан кіші мектеп жасындағы балалардың даму ерекшеліктері туралы ата-аналарға кеңес ретінде ұсынатын ақпараттарды дайындаңыз.



## Әдебиеттер

1. Кравцова Е. Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. – М., 1991. – С. 152.

2. Божович Л. И. Избранные психологические труды. – М., 1995. – С. 6-51.

3. Мухина В. С. Детская психология. – СПб., 1992.

4. Эльконин Д. Б. Психологические аспекты проблемы готовности к обучению в школе. – М., 1971., ч. 1. С. 9-61.234.

5. Пиаже Ж. Экспериментальная психология. Вып. 5. - М.: Прогресс, 1975.

6. Гуткина Н. И. Психологическая готовность к школе СПб.: Питер, 2004. – 208 с: ил. 4-е изд., перераб. и дополн. – Серия «Учебное пособие».

7. Венгер Л. А. Психологическая готовность ребенка к школе. // Вопросы психологии, – 1984. №4

8. Непомнящая Н. И. Становление личности ребенка 6-7 лет/ Науч.-исслед. ин-т общей и педагогической психологии Акад. пед. наук СССР.-М., 1992. - 160 с.

9. Выготский Л. С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991. – С. 412.

10. Кольцова М. М. Ребенок учится говорить. – М.: «Сов. Россия», 1973.
11. Авраменко Н. К. Подготовка ребенка к школе. М., 1972.
12. Агафонова И. Н. Психологическая готовность к школе в контексте проблемы адаптации//Начальная школа, 1999. – № 1.
13. Марлова Г. А. Подготовка детей к школе в семье. – М., 1976.
14. Анастаси А. Психологическое тестирование. Т.1. – М., 1982. – С. 114-119.
15. Леонтьев А. Н. Психическое развитие ребенка в дошкольном возрасте. – М-Л., 1948.
16. Запорожец А. В. Подготовка детей к школе. Основы дошкольной педагогики /Под редакцией А. В. Запорожца, Г. А. Марковой. – М. 1980.
17. Люблинская А. А. «Детская психология». Учебное пособие для студентов педагогических ин-тов. – М., «Просвещение», 1971.
18. Овчарова Р. В. Практическая психология в начальной школе. – М., 1996.
19. Қойбағаров Қ. Баланы мектепке даярлау. – Алматы, 1965. – 56 б.
20. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1981. – 76 б.
21. Тәжібаев Т. Т. Баланың психикасының дамуы туралы // Бастауыш мектеп, 1990. – 21-22 б.
22. Шеръязданова Х. Т., Суркова Т. И. Педагогу остиле общения с детьми. – Алматы, 1996. – С. 145.
23. Баймұратқызы Б. [және т.б.] Отбасында баланы мектепке дайындау: ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқау. – Алматы: Шартарап, 2000.–192 б.
24. Сәтімбекова М. С., Жұмабекова Ф. Н. және т.б. Отбасында баланы мектепке дайындау. – Алматы: Шартарап, 2000.
25. Сәтімбекова М. С., Жұмабекова Ф. Н. және т.б. Отбасында және балабақшада баланы мектепке дайындау. Бағдарлама. – Алматы: Шартарап, 2000.
26. Орақбаева М. К. Баланы мектептегі оқуға дайындаудың психологиялық бағыттары // Вестник КАСУ, 2005. – №1.
27. Айқынбаева Г. Қ. Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі баланы мектепке оқуға даярлау мәселесі ... [kk.convdocs.org/docs/index-39181.ht...](http://kk.convdocs.org/docs/index-39181.ht...)

28. Бекмагамбетова Р. К., Тотанова А. С., Ким О. В., Закирьянова Н. Е. Подготовка ребенка к обучению в школе в условиях семьи. – Алматы, 2013.

29. Таубаева Ғ. З. Демеуова Л. Н., Жүндібаева Т. Н. Отбасы жағдайында баланы мектепке даярлау. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2013.

30. Стыбаева А. Ш. Первичная психологическая адаптация детей 6-7 лет к условиям школы. – Тараз, 2003.

31. Ермекбаева Л. К., Нығметова Қ. Н. Баланың мектепке психологиялық даярлығын айқындау. – Алматы, 2003.



## ОТБАСЫНДА БАЛА ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ



### 11.1 «Отбасында бала тәрбиелеу әдістері» туралы ұғым. Отбасында бала тәрбиелеу әдістерінің сипаттамасы

Білім беру ұйымдарындағы бала тәрбиелеу әдістерінен отбасындағы тәрбие әдістерінің өзіндік айырмашылықтары бар. Отбасындағы тәрбие әдістері табиғилығымен, әр отбасының өмірлік тәжірибесімен, әдет-ғұрыптарымен ерекшелінеді. Ол өмірге қажетті жанды әрекеттер арқылы жүзеге асып отырады. Отбасының бала тәрбиелеу әдістері ғылыми тұрғыдан емес эмпирикалық жолмен күнделікті өмір тәжірибесі барысында қалыптасып, дамиды. Отбасы бала тәрбиесінде алдымен өзіндік өмір тәжірибесіне, сондай-ақ халықтың салт-дәстүрлеріне сүйенеді. Бірақ әр адамның өзіндік тәжірибесі соншалықты бай болмауы мүмкін, ал халықтық салт-дәстүрлердің озығы мен тозығы болады. Сондықтан бала тәрбиелеуде көптеген кемшіліктер де орын алып жатады.

Отбасы жағдайында жүйелі, ретке келтірілген бала тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру үшін әрбір ата-ана сонау заманнан қазірге дейін өзіндік мәнін жоймай келе жатқан бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгеруі қажет.



Отбасындағы бала тәрбиелеу әдістері – бұл баланың тәртібі мен мінез-құлқына ата-ананың мақсатты тұрғыда ықпал ету амалдары. Әр отбасының дербес бала тәрбиелеу әдістері бар. Тәрбие әдістерін таңдап алуы ата-аналардың педагогикалық мәдениетіне, яғни тәрбие мақсатын, өзінің ата-ана ретіндегі рөлін түсінуіне, құндылықтар туралы түсініктеріне, отбасындағы қарым-қатынас стиліне және т.б. байланысты болып келеді. Сондай-ақ төменде көрсетілгендей бірқатар жағдайларға да байланысты болуы мүмкін:

– ата-ананың өз баласының жағымды, жағымсыз қасиеттерін білуі, яғни неге қызығады, нені ұнатпайды, нені ынтамен орындайды, неге құлықсыз, қандай қиыншылықтарды басынан кешірді және т.б.;

– әр ата-ананың өзіндік тәжірибесі, беделі, өзінің жеке үлгісі негізінде тәрбиелеуге тырысуы;

– ата-ана отбасында барлығын бірлесіп істегенді қаласа, онда практикалық әдістерді көбірек пайдалануы мүмкін.



Отбасы жағдайында көбіне төмендегідей әдістер пайдаланылады:

1) *Сендіру әдісі*. Бұл өте күрделі әрі қиын әдістердің бірі. Оны өте сақтықпен орынды пайдаланған жөн. Себебі сендіру баланың сан сезіміне ықпал етеді. Отбасы тәрбиесін жақсы меңгерген ата-аналар дау-дамай, айғай-шусыз-ақ балаларына белілі бір талаптарды қойып, орындата біледі. Олар нақты жағдайға талдау жасай алу сырын жетік меңгерген. Сондықтан балаларының мінез-құлықтарының себебі мен салдарларын, олардың берер жауаптары мен әрекеттерін алдын ала болжап біліп отырады. Соған байланысты әр түрлі тәсілдерді пайдаланады. Дер кезінде, дәл орнында айтылған сөз бірнеше сағат мораль оқығаннан әлдеқайда тиімді. Сендіру құралы ретінде кітапты, кинофильмдерді, музыка мен суретті орынды қолдана білудің маңызы зор. Олар баланың жан жүйесіне, сезіміне үлкен әсер етеді. Сендіру әдісін пайдаланғанда сөз бен істің алшақ болмауы қажет. Себебі балалар, әсіресе кіші жастағылар ата-аналарының жағымды да жағымсыз да әрекеттерін қайталауға тырысады. Ата-аналар өздерін күнделікті өмірде қалай ұстаса, балалары да соны істеуге бейім болып келеді.

2) *Талап*. Талапсыз тәрбие де болуы мүмкін емес. Талапты біртіндеп күрделендіріп және оның орындалғандығын үнемі қадағалап отырудың маңызы зор. Сонымен бірге балаға қажет болған жағдайда көмекке келе білудің мәні ерекше. Балаға талап қоюдың негізгі формасы – әр түрлі тапсырмалар беру. Тапсырманы ашуланбай, байсалды түрде берген орынды. Қойылатын талаптың баланың жас ерекшеліктері мен күшіне сәйкес болуы орынды. Сондай-ақ не әкесі не анасы тарапынан қойылған талаптың екіншісі тарапына бұзылмауы керек. Сонда ғана бала талапты орындауға үйренеді. Керісінше болған жағдайда бала жеңілдің астымен ауырдың үстімен жүруге, ешкімді тыңдамауға үйренеді.

3) *Мадақтау, мақтау* – отбасы жағдайында кеңінен қолданылатын әдістердің бірі. Балалық шақта оның жүріс-тұрысы мен мінез-

құлқы қалыптасу үстінде болатыны белгілі. Олар өз әрекеттерінің дұрыстығын мақұлдауды қажетсініп тұрады. Сондықтан баланың жағымды, дұрыс әрекеттерін мадақтап, қолдап отыру керек. Мадақтау – ата-ананың баланың белгілі бір әрекеттері мен мінез-құлқындағы жағымды көріністерге қанағаттануын көрсету амалы. Мадақтауды баланың орынды әрекетін, жақсы қылығын қолдау үшін пайдаланудың мәні зор. Алайда оны шектен тыс пайдалану жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін. Мадақтау кезінде баланың жас және дербес ерекшеліктерін, тәрбиелік деңгейін, мінез-құлық ерекшелігін, әрекет ету сипатын ескеру қажет.

4) *Сенім*. Сенім білдіру балаға деген құрметтің белгісі. Сенім білдіру кезінде баланың жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндігін ескерген жөн. Егер ата-ана баласына: «Сенен түк шықпайды, сен ешуақытта түзелмейтін шығарсың, саған ештеңені сеніп тапсыруға болмайды» деген сияқты сөздерді айтса, онда баланың ерік жігерін басып, оның өзіне деген сенімділікті, құрметті жоғалтуына алып келуі мүмкін. Сенімсіз жағымды нәрселерге баулу мүмкін емес.

5) *Жазалау*. Жазалау әдісін пайдалану кезінде төмендегідей талаптарды ескерген орынды:

– жазалау әдісі жиі пайдаланылатын болса, оның күші мен тиімділігі төмендеуі мүмкін;

– жазалау кезінде баланың жас ерекшелігін ескеру қажет. Мысалы, үлкен адамдарға дөрекі сөйлеген мектепке дейінгі жастағы бала мен ересек жастағы балаға бірдей жазалау әдісін пайдалануға болмайды. Себебі біріншісі өзінің әрекетін толық түсінбегендіктен, ал екіншісі әдейі жасауы мүмкін;

– баланы ашу үстінде жазалауға болмайды. Жазалау үшін оның себебін анықтап алған жөн. Негізсіз жаза баланы кекшілдікке, ызакорлыққа және ата-анасымен қарым-қатынасының бұзылуына алып келуі ықтимал.

– жазаның нақты әрекетке сай болуы және оның орынсыз бұзылмауы.

Әр елдің бала тәрбиелеу дәстүрлері сияқты әдістерінде де өзіндік ерекшеліктер бар. Г.Н.Филоновтың пікірінше, белгілі бір халықтың белгілі бір жерде қолданылатын тәрбие тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы болады. Олар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отырады және олар ең алдымен адамдардың тіршілік ету барысында ие болған белгілі бір дағдылары мен білімі ретінде

меңгеріледі. Адамзат баласының пайда болған кезінен бастау ала отырып, ол өз бойына бала тәрбиесіне деген ғасырлық ғұрыптары мен талаптарын сіңірген. Бұл пікір әр халықтың бала тәрбиесінде өзіндік ерекшеліктері болуының заңды құбылыс екенін дәлелдей түседі.

Қазақ отбасында ежелден қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдері жетерлік. Оларды біршене топтарға бөліп қарастыруға болады:

– адамгершілік сезімдеріне әсер ету барысында пайдаланатын әдіс-тәсілдер. Оларға балаларға қайрымды, ізгі қатынас жасау, жанама ықпал жасау, қолдау, өзіне деген сенімін нығайту, сенім арту;

– үйрету мақсатындағы әдіс-тәсілдер. Олар: түсіндіру, мысал келтіру, үлгі-өнеге, ғибрат айту және т.б.;

– тыйым салу, ескерту жасау мақсатында пайдаланатын әдіс-тәсілдер. Олар: реніш, наразылық білдіру, тыю, айыптау, бұйыру, еркелікте кінәсін мойындату, ұрсу, ымдау, қас-қабақпен айтайын деген ойын білдіру т.б.

Бұлардың көпшілігі қазіргі педагогика саласында қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер болғандықтан біз тек солардың ішіндегі бірқатарына тоқталып кетуді жөн көрдік.

Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген. Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілік арту әдістерін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосқан, қозы баққызып, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу, т.с.с. істерге бірге ертіп жүрген.

Қазақ отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер қатарына жататын әдіс-тәсілдердің бірі, бұл – тұспалдап айту арқылы шешендікке баулу. Сонымен қатар тұспалдап сөйлеуді – сыйластықтың керемет бір үлгісі деуге болады, өйткені ол белгілі біреуге қадап, айыбын бетіне басып айтылмайды.

Сондай-ақ қазақ халқы айтайын деген ойын ымдау арқылы жеткізу, қас-қабақпен білдіру тәсілдерін өте ұтқыр қолданылған. Ымдау – бұл өте нәзік тікелей немесе жанама түрдегі тежеу әдістерінің бірі. Бала әке-шешесінің қас-қабағынан олардың көңіл-күйін байқап, ым арқылы айтқанын түсініп, өз әрекетінің орынды не орынсыз екенін байқап, соған байланысты әрекет еткен.



Балалар алғаш өзіне еркелетіп, тұспалдап айтылған мазақтама-лар арқылы зеректікке, тапқырлыққа жаттықса, өсе келе өзіндік шы-ғармашылық танытатын болған. Ол үшін қазақ отбасында даярлық ерте жастан жүргізілген. Мысалы, үйге қонақ келгенде алдымен қонаққа арнап балаларға өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айтқызатын болған.

Этикалық ізгіліктерді адам бойына дарытуда әл-Фараби тәр-биелеудің екітүрлі әдісін атап көрсетеді: бірінші – иландырғыш нақыл сөз, сезімге әсер еткіш нақыл сөздер әдісі; бұл әдіс арқылы адамдарды өз еркімен игілікті істер жасауға жігерлендіруге болады; екіншісі – өз еркімен, өз қалауы бойынша жөнге келмейтін және сөзге құлақ аспайтын «бүлікші, көнімсіз», ересек адамдарға қолданылатын күштеу әдісі.

Осы әдістердің ішінде әл-Фараби иландыру немесе ерікті түрде тәрбиелеу әдісін жоғары бағалайды. Адам сезіміне ерекше әсер ететін, оның жан-күйін баурап алатын этикалық нақыл сөздермен адамды дұрыс бағытқа, игілікті мінез-құлыққа тәрбиелеуге болады. Тәрбиенің нәтижесінде адам бойында пайда болған ізгілікті қа-сиеттерді, мінез-құлықты тұрақты күйге айналдыру үшін дағды қажет. «Жаратылысынан біткен бейімділік, – деп жазады Фараби – қайырымдылық әрекеттерге бағытталса және бұл әрекеттер қайталана келе адам жанында сол әрекеттердің өзін тудыратын күй-ді тудыратындай дәрежеде әдет түрінде нығайып, бекісе, әрекетпен орныққан бұл күй қайырымдылық деп саналады».

Қазақ табиғатында отбасы иелері ең әуелі өз ұлы мен қызының алдында тәрбиелі, өнегелі, көргенді, үлгілі болуға тырысқан. Оның ең басты себебі, «ұлдың ұяты – әкеде, қыздың ұяты – шешеді» деп бағалағандықтан. Алғашқы мүшелі 13 жасқа таяған кезінен бастап ата-ана өз балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеген. Сол кезеңнен бастап-ақ, әке қызына айтар ескертпесі мен қолқасы болса анасы арқылы жеткізген. Қызын – арға, ұлын – нарға балаған. Алайда, осылайша үкілеп, үлбіретіп отырған қыз баланың өзіне де қатал талап қойылған. Анасы қызына шолпы таққан шашы ажарлы, сүмбіл, сұлу болсын деп не қатықпен, не ірімшіктің сары суымен мезгіл-мезгіл жуғызып, ең әуелі өз басын қадірлеуді үйретеді. Аналар өз қыздарына киім киісі, төңірегіне деген көзқарасы, кісіні жатсынбауы, кең пейілділігі, мейірімді жүзі арқылы ықпал еткен.

Жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдермен қатар бүгінгі таңда отбасы мүшелерінің өздерінің қуанышы мен қайғыларын ортаға салып бөлісудің, өмірде кездесетін түрлі саяси, әлеуметтік мәселелерді, жаңа көркем фильмдерді, кітаптарды бірлесе отырып талдаудың, сүйікті әндерін орындап отырудың мәні зор.

Отбасы тәрбиесінде балаларды таза, дені сау етіп өсіру, алысқа жібермей үйде тәрбиелеу, жақсы әдеп пен тәрбиеге үйрету, жақсы мінез-құлық қалыптастыру, ұл мен қызға білім үйрету, балаларды еңбекке баулу, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу, оларды қанағатшыл болуға үйрету, әділдік қасиеттерді бойына сіңіру, уақыты келгенде қызды тұрмысқа беру мен ұлды үйлендіру бәрі де осы әдістер негізінде іске асырылып жатқан.

Бұдан біз, шығыс халықтарының отбасы тәрбиесінде үлгі-өнеге көрсету, сұхбат, жаттығу, машықтану, орта шаманы табу, түзету, мадақтау, жазалау және т.б. әдістердің тәрбиеде қолданылғандығын байқауымызға болады.

Сонымен қатар отбасы жағдайында қолданылып келе жатқан кейбір әдістердің тәрбие ісінде оң нәтиже бермейтінін байқауға болады. Мысалы, кейбір ата-ана баласының әрбір әрекетін жақтырмай оған өте жоғары талаптар қояды. Баласына қажетті дәрежеде жан жылуын бере алмай, сәл ғана жіберген қателіктері үшін жазалауға дайын тұрады. Мұндай жағдайда өскен балалар өздеріне сенімсіз, қорқақ, өздерін қорғай алмайтын ынжық болып өседі.

Кейбір ата-аналар балаларының барлық талап тілектерін орындауға дайын тұрады. Олардың айтқандарын екі етпей, шектен тыс еркелетіп өсіреді. Мұндай жағдайда өскен балада өз дегенін ғана жасату, менменділік, қой дегенді түсінбейтін бірбеткейлік, жауапсыздық, қанағатсыздық сияқты жағымсыз қасиеттер пайда болады.

Сондай-ақ баланы шамадан тыс өбектеу де оң нәтиже бермейді. Баланың өзбетінділігі мен белсенділігі басылып, мүмкіндіктері дамымайды. Ондай балалар өмірге бейімсіз, әлжуаз, өзбетінше шешім қабылдауға қабілетсіз болып өседі. Себебі ол ата-анасының өзі үшін бәрін жасап беретініне сенеді.

Кей жағдайда ата-ана өзінің баласының әлеуметтенуіне, өмірде ненің жақсы ненің жаман екенін ажыратуына мүлде көңіл бөлмейді. Бала өзбетінше өмір сүреді. Ал кейде баласының мүмкіндіктерін ескермей, оған өте жоғары моральдық талаптар қояды. Олардың ойынша, бала ата-анасының үмітін ақтауы тиіс. Сондай-ақ дене жа-

засын пайдалану да орын алады. Мұндай әдістер баланың жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, оның бойында әлеуметтеніп алмай, басқа адамдармен тіл табыса білмеу, қатігездік сияқты жағымсыз қасиеттің қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе әр отбасы тәрбие әдістерін таңдап алуға жете мән беруі керек. Себебі баланың қандай болып өсуі көбіне отбасына байланысты.



## 11.2 Қазақ отбасының бала тәрбиелеу құралдары

Қазақ отбасы тәрбиесінің құралдары дегенде халық ауыз әдебиетін: шешендік сөздерді, өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді, ертегі, аңыз-әңгімелерді, айтыс, шежіре, сондай-ақ ұлттық ойындарды, ойын-сауықтарды айтамыз.

Халық ауыз әдебиеті шығармалары ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылық ретінде баланың қиялын тербеп, сезімін оятады, ұлттық дербестігін ұғынуға көмектеседі. Бұған қазақтың зиялы қауымы Шоқан мен Абайдың және басқа да ірі тұлғалардың бәрі халық ауыз әдебиетінен сусындап өскенін дәлел ретінде көрсете аламыз. Мысалы, Шоқан он жасына дейін өзінің туған ауылында әжесі Айғаным мен әкесі аға сұлтан Шыңғыстың тәрбиесінде өседі. Уәли, Шыңғыс ауылдары қазақтың ақын-әнші, сал-сері, өлеңші-жыршы, бақсы-балгер, құсбегі-саяткер сияқты өнер қуған қауымның жиі жиналып, сөз сайысына түсетін өнер ортасы болған. Орынбай, Жанақ, Шөже, Нысанбай сияқты атақты айтыс ақындары Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай сияқты жезтаңдай әнші-ақындар Тәттімбет, Тоқа, Қанғожа сияқты күйші-композиторлар Абылай тұқымының маңына үйіріліп, өз өнерлерін дүйім жұртқа жайған. Міне, осындай той-думан, өлең-жыр, аңыз-ертегі, айтыс өнерінің ортасында өскен Шоқанның дүниетанымы кеңейіп, ұлы тұлға болып қалыптасты.

Қазіргі кезде балаларды халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырудың басқа да жолдары дамып отыр. Бұл тұста радио, теледидардан берілетін хабарлардың мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланған жөн. Мысалы, «Тыңда балам, ертегі» айдарымен ұсынылатын әжелердің ертегілерін тыңдату, «Балапан», «Еркетай», «Толағай», «Сөз мерген», «Сөнбес сәуле», «Сегіз қырлы», «Жүзден жүйрік», «Жан жылуы», және т.б. бағдарламаларын бірлесе тамашалаудың мәні зор.

Қазақ халқының басты тәрбие құралдарының бірі– дастарқан басында айтылатын әр түрлі тәрбиелік мәндегі әңгімелер, өмірден алынған мысалдар. Бұлар балаларды отбасының рухани және тарихи өмірімен таныстырып, тәрбиелейді.

Жоғарыда аталған тәрбие құралдарының бәрінің мәні өте зор. Халқымыз оларды баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұтымды пайдалана білген.



### Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ отбасында тәрбие түрлерін жүзеге асыруда ежелден қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдерін неше топқа бөліп қарастыруға болады?
2. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер қатарына жататын қандай әдіс-тәсілдерді білесіз (дер) ?
3. Отбасының бала тәрбиелеу құралдары қандай?



### Әдебиеттер

1. Лесгафт П. Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение. – М., 1990.
2. Педагогикалық ойлар анталогиясы. – Т. 1 / Құрастырған Қ. Б. Жарықбаев, С. К.Қалиев. – Алматы, 1995.
3. Қоянбаев Ж. Б. Қоянбаев Р. М. Педагогика. – Алматы, 2000.
4. Бегалиев Т. Б. Педагогика. Лекциялар курсы. – Тараз, 2002.
5. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: «Қайнар», 1996.
6. Сүлейменов, П. М. Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы. – Алматы, 2011.



## АТА-АНАЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН КӨТЕРУ ЖОЛДАРЫ



### 12.1 Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру туралы ұғым

Бала – ата-аналардың өміріне мән мен мағына, импульс беретін таусылмайтын қайнар көз. Әр ата-ана өз баласының болашағына қажетті қабілеттерді дамыту үшін өзін үнемі жетілдіріп отыру қажет. Отбасы тәрбиесі дегеніміз алдымен ата-аналардың өзін-өзі тәрбиелеуі деп өткеннің ұлы педагогтары бекер айтпаған. Себебі, өзінде жоқ қабілетті бала бойында қалыптастыру және өзін күнделікті жіберіп отырған қателіктеріңді балаңның жібермегенін талап ету де өте қиын.

Көбіне ондай қателіктер отбасы мүшелерінің өмір сүру, өзара қарым-қатынас жасау әдеттеріне, бала тәрбиесіне қатысты дұрыс қалыптаспаған пікірлеріне байланысты. Мысалы, баласын тыңдау үшін өтірік алдайды немесе қойылатын талаптарында белгілі бір жүйелілік жоқ. Л. Н. Толстой «Ата-аналардың басты қателігі – олардың ең алдымен өздерін тәрбиелеп алмай, балаларын тәрбиелеуге тырысатындығында» деп бала тәрбиесі туралы отбасы мүшелеріне құнды пікір айтады.

Тәрбие – ересектердің мақсатты іс-әрекеттері. Оның нәтижелі болуына бірқатар жағдайлар: отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, ата-аналардың рухани-адамгершілік мәдениеті, әлеуметтік қатынас тәжірибесі және т.б. әсер етеді. Соның ішінде, ата-аналардың педагогикалық мәдениеті ерекше рөлге ие.

Педагогикалық мәдениет бірқатар компоненттерден тұрады. Олар: бала тәрбиесімен айналысу қажеттілігін түсінуі мен оған деген жауапкершілігі, бала тәрбиелеу, оқыту, дамыту туралы білімі, отбасында баланың іс-әрекеті мен өмірін ұйымдастыру туралы нақты практикалық білігі, тәрбиелік іс-шараларды жүзеге асыруы, басқа тәрбие институттарымен байланысы.

Адамзат ата-аналарға бала тәрбиесі туралы арнайы дайындықтың қажет екендігін ежелден-ақ түсінген. Бұл мәселе ұлы ойшылдар мен педагогтардың еңбектерінде негізделген. Алғаш рет бала тәр-

биесі мен оларды оқыту туралы аналарға арналған бағдарламаны Я. А. Коменский «Аналар мектебі» атты еңбегінде ұсынды. Ал, аналарға практикалық көмек көрсетуге талпыныс жасаған Ф. Фребель болды. Ол аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру мақсатында балаларға дұрыс тәрбие беру тәсілдерін үлгі ретінде көрсететін балалар бақшасын құрды. Осылайша әр елде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеретін өзіндік жүйесі қалыптаса бастады.

Қазіргі кезде де бұл мәселе өзінің өзектілігін жойған жоқ. Бұл тәрбие үдерісі мен отбасының тәрбиелік міндеттерінің күрделенуіне байланысты болып отыр. Педагогикалық мәдениет тәрбие мәселелерін ұтымды шешуге мүмкіндік береді. Балаға педагогикалық сауатты әсер ету ерте жастың өзінде-ақ маңызды болып отыр. Себебі баланың бүкіл психикалық, рухани жан-дүниесі жаңа қалыптасып келе жатқан кезде ананың тәрбие әдістері мен құралдарын ұтымды пайдалана білуінің маңызы зор.

Сонымен, қазіргі кезде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру қоғамдық қажеттілік болып отырғанын аңғару қиын емес.



*Педагогикалық мәдениет* – нақты білім беру ұйымдарының мәдени ортасын ұйымдастыру ерекшелігі мен мәнін зерттейтін педагогикадағы жаңа бағыт. Педагогикалық мәдениет – бұл адамзаттың жалпы мәдениетінің бір компоненті.



*Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті* – олардың тәрбиелік қызметтерінің негізі. Отбасындағы бала тәрбиесінің сәтті болуы мен нәтижелелігі ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейіне де байланысты. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті – тәрбие үдерісін қоғамдық талаптарға сәйкес ұйымдастыруға мүмкіндік беретін арнайы механизмдер мен құралдардың жиынтығы.

Бұл механизмдер мен құралдарға ата-аналардың нақты тәрбие мақсаттары мен оған жету амалдарын ұғынуы, тәрбиелеу туралы ғылыми білімдері (психологиялық-педагогикалық, этикалық, физиологиялық-гигиеналық), педагогикалық біліктері мен дағдылары жатады. Алайда, бұлар туралы барлық ата-аналардың білімі жеткілікті деп айта алмаймыз.



Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің мәні – от-

басының алдына қойған тәрбиелік міндеттерді саналы түрде шешу амалдарын меңгеру. Педагогикалық мәдениеттің құрамды бөлігі ата-аналардың педагогикалық білімімен, оларды тәжірибеде пайдалану амалдарын игеру барысында қалыптасатын педагогикалық шеберлігі болып табылады. Педагогикалық шеберлікке: педагогикалық такт, балаға әділ, дұрыс талап қою, педагогикалық техниканы меңгеру, баланың даму ерекшелігін болжай білу, оны бақылай білу қабілетіне ие болу жатады.

Ата-аналардың педагогикалық позициясының күшті немесе әлсіз болуы, олардың интеллектуалдық деңгейіне де байланысты. Ал интеллекттің басты көрсеткіштерінің бірі – білім. Ата-аналардың интеллектуалдық деңгейі олардың бала тәрбиесіне қатысты жауапкершіліктері мен мүдделерін ғана анықтап қоймайды, сонымен бірге, балалардың ержету үдерісінде қандай өзгерістер болатынын дұрыс түсіну қабілетін де анықтайды. Сонымен қатар интеллектуалдық мәдениет педагогикалық мәдениеттің синонимі болып табылмайды. Ата-аналардың жоғары білім деңгейі өз-өзінен олардың нақты ойланған педагогикалық стратегиясы мен тактикасына кепілдеме бола бермейді. Кей жағдайларды жоғары білімі бар адамдардың өзінің бала тәрбиесіндегі педагогикалық әлсіздігін өмірлік тәжірибе көрсетіп отырады. Ал кейбір ата-аналар жоғары білімсіз-ақ балаларын сәтті тәрбиелеп жатады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті отбасының тәрбиелік тәжірибесінен, тәрбие мақсаттарын ересек отбасы мүшелерінің жете түсінуінен және оны жүзеге асыру барысында пайдаланылған тәрбие құралдарынан көрініс табады. Бұл әр түрлі объективті және субъективті алғы шарттарға байланысты өте күрделі әрі қарама-қайшылықты сипат алады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің негізгі көрсеткіші қоғамның тұлғаға қойып отырған талабына, әлеуметтік сұранысқа сай тәрбие мақсаттарын дұрыс түсініп, оны жүзеге асыру дәрежесі болып отыр. Бұл тұрғыдағы басты бағыттар қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- баланың қажетті деңгейде білім алуы;
- белгілі бір адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- болашақ еңбек және кәсіби іс-әрекетке даярлау;
- болашақ отбасылық рөлдерді атқаруға даярлау.

Бұл мақсаттар баланы ересек өмірге даярлау қажеттілігі ғана емес, сонымен бірге әрбір отбасының тәрбиелік мүмкіндіктеріне де сәйкес келеді.

Ата-аналардың мақсатты анықтаудағы қателіктерінің бірі балаға кәсіпті таңдауға бағыт беруінде болып отыр. Себебі, олардың берген бағыттары баланың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне, икемділіктері мен қызығушылықтарына сәйкес келе бермейді. Оған ата-аналардың өз баласының қабілеті мен икемділігін ерте жастан байқап, дамытпауы, мектепте дұрыс білім алуын қадағаламауы, отбасының материалдық мүмкіндіктері, қоғамның, ауылшаруашылығының кадрларға деген сұранысы сияқты әртүрлі себептер әсер етеді.

Қазіргі кезде отбасында баланың мінез-құлық, жүріс-тұрыс мәдениетіне де қажетті дәрежеде көңіл бөлінбей отыр. Жүріс-тұрыс мәдениеті – бұл адамдардың басқа адамдармен өзара қарым-қатынас жасау мәдениетін, сыртқы келбет мәдениетін, қажеттіліктерді қанағаттандыру және т.б. мәдениеттерді қамтитын жан-жақты әрі өте бай сала. Бала бойында жүріс-тұрыс, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуде отбасының мүмкіндіктері зор. Алайда бұл өз дәрежесінде жүзеге асып жатпайды. Себебі, оны баласының бойында қалыптастыратында ата-аналардың өздері бұл мәдениетті игермеген.

Отбасы тәрбиесіне қатысты тағы бір айта кететін жағдай ата-аналардың өз балаларын отбасылық өмірге даярлау мәселесі. Қазіргі кезде бұл өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі қазіргі жастардың көбі отбасылық өмірге дайын емес. Сондықтан ата-аналардың басты міндеттерінің бірі кіші жастан бастап отбасылық қарым-қатынастың мәні мен маңызы, әке мен ананың бала алдындағы жауапкершілігі, олардың отбасындағы рөлі туралы түсініктерді қалыптастыруында болып отыр. Отбасы тәрбиесінің бұл жағы әлі күнге дейін күрделі мәселе ретінде қалып отыр.

Қоғамдық сұраныстарға сай, қазіргі кезде кейбір ата-аналар балаларын музыкаға, спортқа, шеттілдеріне, математика мен физикаға беріп, оларға жан-жақты тәрбие беруге тырысады. Бұл әрине қуантарлық жай. Балалардың қосымша білім алуы олардың ақыл-ойы мен дүниетанымын кеңейтіп, болашағына қажетті біліммен сусындауына мүмкіндік береді. Дегенмен, кейде бұл шектен шығып, баланың шамадан тыс еңбектенуінің арқасында дене және психикалық денсаулығына жағымсыз әсер етіп те жатады. Яғни



ата-аналардың алға қойған мақсаттарына қарама-қарсы нәтижеге де алып келуі мүмкін.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе ата-аналардың отбасылық тәрбиені жүзеге асыруға қажетті педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын байқауға болады.



## **12.2 Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудегі білім беру ұйымдарының рөлі**

Кез келген ата-ана өз балаларына дұрыс тәрбие бергісі келеді, алайда өзіндік тәжірибесі мен баланы тәрбиелеу әдістері мен тәсілдері, балаға ықпал ету амалдары туралы педагогикалық білімдері жеткіліксіз болып жатады. Сондықтан ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын, педагогикалық мәдениетін көтеру мақсатында көмек ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, оларға бала тәрбиесіне қатысты көмек көрсету қажеттілігі туралы Е. П. Арнаутова, Л. В. Загик, О. Л. Зверева, Т. А. Маркова, Қ. Т. Атемова, К. Ж. Қожахметова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды.

Отбасындағы бала тәрбиесінің табысты болуына бірқатар жағдайлар әсер етеді. Олар:

- отбасының этникалық құрамы және құрылымы: толық емес отбасы, бір балалы, көп балалы отбасы, бір ұлттық, көп ұлттық отбасы;
- тіршілік әрекетінің жағдайлары: отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, еңбектену, кәсіптік құрамы, бюджеті, жалпы материалдық әл-ауқаты, ауылдық және қалалық отбасы;
- отбасының мәдени потенциалы: күнделікті тұрмыстың жалпы мәдениеті, күн ырғағы, демалыс, оның формалары, кітапхананы, теледидарды, музыка аспаптарын пайдалана білуі, спортпен айналысу, отбасылық дәстүрлік мерекелер;
- ішкі отбасылық қатынастар микроклиматы отбасындағы көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, отбасы мүшелерінің өз міндеттеріне көзқарасы;
- қоғамға көзқарасы: еңбек пен қоғамдық міндеттерге, қоғамдық тәрбие институттарына қатысы;

- отбасының тәрбиелік мүмкіндігі: отбасылық тәрбие, әдістер, ата-аналардың және басқа мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі.

Отбасының осы ерекше белгілерінің тәрбиелік ықпалы өте күшті, оларды тәрбие барысында ескеру қажет.

Отбасының өзіне тән ерекше қызметтері бар. Олар халықтың өсуі, адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыру, қажеттілік, шаруашылық қызметі, отбасы мүшелерінің өзара және туған-туысқандарымен қатынас жасау қызметі. Отбасындағы тәрбие түгел іске асып отырмайды. Тәрбиенің сәтсіздікке ұшырауының басты себебі – тәрбиені жүргізіп отырған адамның педагогикалық көзқарастарының жеткіліксіздігі, адамның көңіл-күйі мен материалдық, әлеуметтік жағдайының нашарлығы. Отбасылық тәрбие тиімсіздігінің себептері:

- отбасындағы өктемдіктің баланы өзін-өзі басқарудан, билеуден айырып, өз күшіне, мүмкіншілігіне сенуден қалып, оған қарсы қоярлық ішкі күш-жігерінің төмендеуі, сезімінің мұқалуы;

- баланы өз еркімен жіберушілік, еркелік, бәрін кешірушілік. Баланың дегеніне көніп, жетегіне еру оны өзіншілдікке тәрбиелейді;

- отбасында бірыңғай талаптың болмауы, ересектер арасындағы алауыздықты пайдаланып, баланың екі жүзді және жағымсыз нерсеге бейім болып өсуі;

- ата-ананың баланы ұжымнан аулақтатып өсіруге тырысып, баланың қалыптасуына кері әсер етуі;

- ата-ананың баласының іс-әрекетіне немқұрайды қарап, жауапсыздық танытып, баланың, кездейсоқ, күмәнді адамдармен танысуға мүмкіншілік алуы. Ата-ана абыройы дегеніміз – бала көзімен көріп тұрған, жасы үлкен кісінің күдіксіз қасиеті, күші, ішкі қуатты берік логикаға негізделген ісі мен қасиеті. Осы қасиеттерді баланың бойына сіңіре білу – отбасы тәрбиесінің мақсаты, борышы, міндеті.

Қоғамның қарқынды даму барысында балаларды тәрбиелеу күрделі әрі ұзақ жүретін үдеріс. Бала тәрбиесі тек отбасының ғана міндеті емес. Сондықтан ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге қоғам мен білім беру ұйымдары, педагогтар көмекке келуі шарт.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру мәселесі баспасөз беттерінде, радио, көгілдір экран арқылы, педагогикалық

білімдер жетілдіру университеттерінде, лекторияларда, семинарларда, ғылыми-практикалық конференцияларда, білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Соның ішінде, ата-аналарды педагогикалық мәдениетін көтеру мақсатында олармен психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізу білім беру ұйымдарының негізгі бағыттарының бірі. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру – әрбір педагогтың кәсіби міндеті.

Бұл жұмысты нәтижелі жүзеге асыру үшін оның өзіндік ерекшелігін білу қажет. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру мәселесі мақсатты түрде белгілі бір бағытпен жүзеге асырылуы керек. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын көтерудің нақты мазмұны мен формаларын, әдіс-тәсілдерін таңдап алу үшін алдымен қай ата-ананың қандай сала бойынша педагогикалық мәдениетін көтеру қажеттілігін, олардың тәрбие қызметіне даярлық деңгейін алдын ала анықтап алу қажет. Сонымен қатар, ата-аналардың бала тәрбиесіне қажетті білімге, практикалық көмекке деген сұранысын қанағаттандыру үшін, ата-ананың білімі мен мәдени деңгейін, тәрбие қызметіне деген көзқарасын, өмірлік ұстанымдарын, отбасылық дәстүрлерін және т.б. білуі шарт. Соған байланысты нақты ата-анаға, отбасы мүшесіне кеңес беру мазмұны мен формалары, құралдары мен амалдары анықталады. Көп жағдайда педагогикалық ағарту жұмыстарының сәтті болуы осы жағдайларға тікелей байланысты.

Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын жетілдірудегі білім беру ұйымдарының ақпарат құралдарынан артықшылығы оның кері байланыс орната алуында. Педагог ата-аналар диалогқа тарта отырып, олардың бала тәрбиесіне қатысты білімдері мен көзқарастарын анықтауға, қажет болған жағдайда кеңес беруге, олардың кері пікірлерін түзетуге, сенімдерін қалыптастыруға мүмкіндігі бар. Өзара диалог кезінде ата-аналардың тәрбиелік іс-әрекет туралы мотивтерін қалыптастыруға, өзінің іс-әрекетіне талдау жасай отырып, бала тәрбиесі туралы педагогикалық позициясын өзгертуге көмектесуге мүмкіндік туады.

Білім беру ұйымдары нақты отбасының педагогикалық мәдениетін жетілдіру мақсатында баланың жасерекшелігі, тәрбие мен оқытудың заңдылықтары мен ұстанымдары туралы білімдерді игертуге және сол білімдерін өмір барысында пайдалана білуге тырысады.

Ата-аналардың баланың даму ерекшеліктері туралы алған ғылыми білімдері көптеген практикалық мәселелерді сауатты шешуге көмектеседі. Мысалы, отбасындағы басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру: баланың тәртібі, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру. Бала өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі – ұтымды күн ырғағын жасау. Күн тәртібі – өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың парасаттылықпен кезектесіп өтуі, баланы жинақылыққа, тілалғыштыққа, дәлдікке, мұқияттылыққа үйретеді, денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады. Дұрыс ұйымдастырылған күн ырғағы белгілі дағдыға үйретеді, дағды әдетке айналады. Әдет келешекте бала қажеттілігін қанағаттандырады. Күн тәртібін жасауда ата-ана баланың жасын, үй жағдайын, денсаулығын мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің кеңесін, отбасы мен мектеп ырғағының бірлігін еске алуы тиіс. Отбасында күн тәртібінің негізгі құрамды бөліктері – еңбек, демалыс, ойын, сабаққа дайындалу, тамақтану, ұйқы, т.б. дұрыс алмасып отыруы қажет. Балалардың күн тәртібі жұмыс қабілетін толық сақтау үшін еңбек пен демалыстың кезектесіп өтуінің қажет екендігін көрінетін И. П. Павловтың іліміне негізделеді.

Педагогтың міндеті теориялық білімге практикалық сипат беру. Бұл ретте ата-аналарды өз іс-әрекетіне талдау жасауға үйретудің, басқа ата-аналармен пікірлесу, тәжірибе алмасуды ұйымдастырудың, жалпы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің әртүрлі формаларын іздестірудің мәні зор.

Педагогикалық әдебиеттерде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жетілдірудің көптеген формалары көрсетілген. Олар: ата-аналар жиналысы, семинар-практикумдар, ашық есік күндері, дәрістер, жеке кеңес беру, ата-аналар конференциялары, дөңгелек үстелдер, сұрақ-жауап кештері, тренинг сабақтар, «Жылжымалы папка», эссе жаздырту және тағы басқа. Педагогикалық дәрістер көптеген көкейкесті тақырыптарды қарастырады және ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеуде көптеген сұрақтарына жауап алуға көмегін тигізеді.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің басты формасы – ата-аналар жиналысы. Онда күнделікті өмір, еңбек, демалыс, оқушылардың бос уақыты, кәсіптік бағдар, оқу және тәрбие жұмысы, т.б. талқыланып, оларды одан әрі жетілдірудің

нақты жолмен қарастырылады. Сынып ата-аналары жиналысында ата-аналар комитеті, олардың төрағасы сайланады. Мектептің ата-аналар комитеті мұғалімдерге, ата-аналарға көмектесіп, балалардың демалысын, қиын отбасыларын қамқорлыққа алып, балалардың тұрған жеріндегі жұмыстарды ұйымдастыруға қатысып, ата-аналар жиналыстарын, конференцияларын, пікірталастарды, балалар мерекелерін өткізуге арналған дайындық жұмыстарына қатысады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің тағы бір формасы – педагогикалық насихат, яғни ата-аналарға педагогикалық білім беру. Қазіргі ата-аналар және бұқара арасында психологиялық және педагогикалық білімді насихаттаудың маңызы өте зор. Насихат жұмысы оқыту мен тәрбие міндеттерін шешуге әсер етеді. Н. К. Крупская ата-аналарды педагогикалық минимуммен қаруландырудың қажет екенін бірінші рет айтқан болатын. Тәрбие үдерісінде жеке адамның қалыптасуына ата-аналардың ықпалы, олардың жалпы және педагогикалық мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан педагогикалық-психологиялық білім негіздерімен ата-аналарды қаруландыру білім беру ұйымдарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі.

Сонымен қатар ата-аналарды өз балаларының жетістіктерімен таныстыру мақсатында «Бала тілі – бал» тақырыбында арнайы топ газетін шығарып, балалардың қызықты сәттері мен өз қиялдарымен жазған әңгіме, ертегілерінен арнайы кітапша құрастырып, балалардың өз қолдарымен жасаған бұйымдары, салған суреттерінен көрмелер ұйымдастырудың да маңызы зор.

Кей жағдайда ата-аналармен жұмысты шағын топтарда жүзеге асырған тиімді. Мысалы, бала тәрбиесі жайлы тәжірибелері, көзқарастары ұқсас 3-4 отбасымен бірлесіп, түрлі тәрбие мәселелерін көтеру орынды. Мұндай жағдайда олар бала тәрбиесінде, оқыту барысында туындаған қиыншылықтары туралы өз ойларын ортаға салады, бірін-бірі тыңдайды, толықтырады, өзара қарым-қатынасқа түседі.

Қазіргі кезде орын алып отырған кемшіліктердің бірі – бала тәрбиесіне тек ата-ананың біреуінің ғана көңіл бөлуі. Көбіне жиналыстар мен кездесулерге анасы барады да әкелері білім беру ұйымдарымен ынтымақтастыққа сирек түседі. Сондықтан соңғы жылдары баланың ата-анасының екеуінің, сондай-ақ бала

тәрбиесімен айналысып отырған басқа отбасы мүшелерінің де педагогикалық мәдениетін көтеру қажеттілігі туындауда.

Тәжірибеде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудің жоғарыда аталған түрлерінен басқа да формалары кездеседі. Мысалы, ата-аналар, балалар және білім беру ұйымдарының қызметкерлері бірлесіп өткізетін мерекелер, спорттық шаралар, концерттер, жарыстар және т.б. Бұл формалардың артықшылығы отбасының бос уақытын ұйымдастыру мазмұнына ықпал етеді. Ата-аналар балаларымен бірлесіп әрекет етеді. Өз балаларын басқа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге бағытталған жұмыс түрлері мен формаларын таңдап алумен қатар, оның мазмұнына, ондағы көтерілгелі отырған мәселелерге, оның отбасы үшін қаншалықты маңызды екендігіне де мән берілуі керек.

Тақырыптар мен олардың мазмұны ата-аналардың тәжірибесіне, сұраныстары мен қажеттілігіне, балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалып алынуы қажет. Сондай-ақ ата-аналарды бала тәрбиесіне қатысты қандай мәселелер ойландырып жүргендігі туралы сұрап, бала тәрбиесіне, өзара қарым-қатынас және тағы басқа мәселелерге байналысты нақты тақырыптарды да ұсынуға болады.

Қазірге кезде байқап жүргеніміздей, ата-аналар жиналысында тек балалардың үлгерімі, тәртібі, мектептің қойып отырған талаптары туралы сөз болады да, ата-аналарға қажетті ақпараттар айтыла бермейді. Отбасына қажетті ақпараттарды, тақырыптарды іздестіріп жату мұғалімнен арнайы дайындықты талап етеді. Сондықтан біз ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, жалпы сауаттылығын көтеруге, туындаған мәселені шешуге көмектесетіндей бірнеше тақырыптарды ұсынуды жөн көрдік. Олар:

1. Мектеп жасына дейінгі (бастауыш мектеп, жеткіншектердің) балалардың таным үдерісінің дамуы;
2. Кемтар баланың құқын біл, ата-ана;
3. Отбасылық кикілжіңнің баланың рухани және психикалық даму үдерістеріне кері әсері;
4. Балалардың кітапқа деген қызығушылығын қалай ояту керек?;
5. Теледидардың, ақпарат құралдарының балаларға әсері;
6. Компьютерлік ойындардың бала психикасына әсері;
7. Баланың бос уақытын қалай ұйымдастыруға болады?;

8. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері;

9. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі ата-аналардың құқықтары мен міндеттері;

10. Немере тәрбиесіндегі ата мен әженің рөлі;

11. Ата-аналар беделі және оның балаға әсері;

12. Қазақ отбасының бала тәрбиелеу дәстүрлері;

13. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер қатарына жататын әдіс-тәсілдер;

14. Отбасындағы тәрбиелік ахуал және оның баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әсері;

15. Отбасында баланы мектепке оқуға даярлау;

16. Жастар мен балаларды отбасылық өмірге даярлау;

17. Тұлғаны әлеуметтендірудегі отбасының рөлі;

18. Солақай балалармен ата-аналардың жұмыс жасау ерекшеліктері;

19. Отбасында мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері;

20. Отбасында кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мәселесі;

21. Отбасында жеткіншектерді тәрбиелеу мәселесі;

22. Отбасында дарынды балаларды тәрбиелеу мәселесі;

23. Отбасында баланың жағымды көңіл-күйін дамыту.

Сондай-ақ оларды ата-аналарға жеткізу әдістеріне де жете мән берген орынды. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарға мұғалімдер алдын ала дайындалуы қажет. Ол үшін сол мәселеге қатысты ғылыми әдебиеттерге, озат тәжірибелерге талдау жасап, негізгі жағдайларды бөліп алу, ата-аналарға қойылатын сұрақтарды іріктеу керек. Ата-аналар қойылған сұрақтарға көбірек жауап беріп, мәселені талқылауға белсенді қатысатын болса, өткізіліп отырған шараның сапасы да соғұрлым нәтижелі болады.

Білім беру ұйымдарының тағы бір назарында болатын нәрсе, ата-аналардың өзбетімен білімдерін жетілдіру мәселелері. Бұл бағытта отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналарға көмек ретінде ұсынылатын әдебиеттер мен газет-журналдардың тізімін («Отбасы және балабақша», «Мұғалім», «Бала тәрбиесі», «Дошкольное образование в Казахстане», «Мектепалды даярлық - Предшкольная подготовка», «Начальная школа Казахстана», «Отбасы және денсау-

лық», «Мой ребенок: Казахстан», «Мәдени мұра», «Мәдениет», «Қазақстан әйелдері», «Женщины. Восток-запад», «Добрые советы: Казахстан», «Домашний мир», «Ақ босаға», «Шапағат-нұр», «Ұлағат», «Парасат», «Педагогика және өнер», «Ана мен бала және отбасы», «Педагогикалық альманах», «Ребенок и право» және т.б. Ресейлік басылымдар: «Воспитание и обучение детей с нарушением развития», «Воспитание школьников», «Воспитательная работа в школе», «Современное дошкольное образование. Теория и практика», «Чем развлечь гостей», «Читаем, учимся, играем», «Чудеса и приключения», «Домашняя энциклопедия для вас», «Дошкольное воспитание» т.б.) алдын ала дайындап, ондағы кейбір мақалаларға талдау жасап, насихаттау педагогтар міндеттерінің біріне жатады.

Оны әртүрлі формада ұйымдастыруға болады. Мысалы, мүмкін болған жағдайда оқулық авторымен кездесу ұйымдастыру, кітаптар көрмесін ұйымдастыру, ата-аналар жиналысында отбасы тәрбиесіне қатысты жаңа шыққан әдебиеттердің, мақалалардың мазмұнына қысқаша аннотация жасау, педагог-психологтардың отбасына беретін кеңестері ұсынылған папкаларды ата-аналарға тарату және т.б. Педагогтардың негізгі мақсаты ата-аналардың қызығушылықтарын ояту, көптеген ақпараттардың ішінен қажеттісін таңдап алуға көмектесу.

Бұл жұмыстар мұғалімнен үлкен шығармашылықты қажет етеді. Ол үшін мектеп мұғалімдердің білімін жетілдіру институттарымен, жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатуы керек.



### **12.3 Шетелдердің отбасының педагогикалық мәдениетін көтеру тәжірибесі**

Отбасындағы бала тәрбиесі мәселесі қоғам мен көптеген елдердің ғалымдарын да ойландырып отыр. Осыған байланысты ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге бағытталған арнайы бағдарламалар: ата-аналарды тәрбиелеу бағдарламалары, ата-аналарға педагогикалық білім беру бағдарламалары дайындалған.

«Ата-аналарды тәрбиелеу» туралы ұғымдар өткен ғасырдың соңында Америка мен Еуропада отбасы тәрбиесіне көмек көрсетуге бағытталған ассоциациялардың шығуымен байланысты болды. Қазіргі кезде бұл термин халықаралық деңгейге таралып отыр.



Ата-аналарды тәрбиелеу ұғымының мәні – отбасының тәрбие беру қызметтерін атқаруға кәсіби тұрғыда көмек беру. Өткен ғасырда әр елдің ғалымдарының күшімен ата-аналарды тәрбиелеу теориясының негізін қалауға үлкен қадамдар жасалынды. Бұл теорияның негізгі мәселелері, негізгі ұғымдары «отбасында өзара әрекет етудің психологиялық-педагогикалық негіздері», «ата-аналарды тәрбиелеудің мазмұны мен формалары» болып табылады.

Алғашында ата-аналар тәрбиесі тек бала тәрбиесіне қатысты білімдерді формальды түрде хабарлаумен шектелді. Қазіргі кезде оның мазмұны үлкен өзгерістерге ұшырады. Оның мазмұны отбасының өмір сүруіне қажетті білімдердің кең ауқымын (педагогикалық, психологиялық, экономикалық, медициналық, құқықтық, этнографиялық, этникалық және т.б.) қамтиды. Бағдарламаны жүзеге асыру әртүрлі формальды және формальды емес іс-шараларды қарастырады. Мысалы, кеңес беру, әңгіме, нұсқау, тренингтер, курстар мен семинарлар, видеотехника қызметі, шіркеулік бірлестіктердің қызметі және басқа. Ата-аналарды тәрбиелеу ересектердің өз тұлғасын саналы түрде жетілдіруге бағытталған өзін-өзі тұрақты дамыту үдерісі ретінде қарастырылады.

Еуропа елдерінде ата-аналарды тәрбиелеу бағдарламалары әртүрлі модельдер арқылы жүзеге асады. Мысалы, адлерлік, оқытушы-теориялық модель, сезімдік қарым-қатынас моделі, Эрик Берннің трансакттік талдауына негізделген моделі, Хайм Джикоттың топтық кеңес беру моделі, ата-аналарды христиандық тәрбиелеу және т.б.

Ата-аналарды тәрбиелеу адлерлік моделі ата-аналар мен балалардың (құқықтық та, жауапкершілік те саласы бойынша) теңдігіне негізделген. А. Адлер адамның «Мен» қасиеті мен жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігіне (оның мотивтеріне, мінез-құлық сипатына, құндылықтарына) баса назар аударады. Ол баланың басқа отбасы мүшелеріне, әсіресе ата-анасына деген қатынасына басты көңіл бөледі.

Ата-аналарды тәрбиелеудің адлерлік моделінің негізгі қағидалары төмендегідей:

- адам – белгілі бір адамдар тобына жататындығын сезінуі мәнді болып табылатын әлеуметтік жан иесі;
- адамдардың әлеуметтік мүдделері олардың негізгі іс-әрекет мотивтері болып табылады;

– адамдардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы белгілі бір мақсаттарға бағытталған, оның мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын түсінгің келсе, оның қандай мақсатты көздеп отырғанын білу қажет;

– әр адам өзінің тұлға ретінде алға қойған мақсаттарына жету және өмірде өз орнын табу үшін өзіндік өмір сүру салты мен стилін өзі құрады;

– қоғамда қабылданған теңдік ұстанымы отбасының барлық мүшелеріне де қатысты;

– жауапкершілік сезім болмаған жағдайда отбасы мүшелері арасындағы ынтымақтастық та болуы мүмкін емес;

– әр адам отбасындағы өзіндік орнына және күтілетін өзіндік үмітіне сәйкес әрекет етеді.

А. Адлердің теориясы бойынша отбасындағы ахуал, құндылықтар мен ұстанымдар, отбасылық қарым-қатынас тұлғаны дамытудың бірінші факторы.

Балалар қоғамдық нормалар мен мәдениетті өздерінің ата-аналары арқылы қабылдайды. Сондықтан отбасы баланы адам ретінде өмір сүруге үйрететін, өзіндік идеалдары мен тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастыратын алғашқы топ.

Оқытушы-теориялық модель ата-аналарды өздерінің және балаларының мінез-құлқы мен жүріс-тұрысын басқаруға және қажет болған жағдайда оны өзгертуге көмектесуге ұмтылған бағыт. Бұл бағыттың негізгі міндеті ата-аналарды диагностикалық есеп жүргізуге даярлау. Ата-аналар үш бағыт бойынша:

– адам бір нәрсені артық жасай ма немесе нені артық жасайды?

– бір нәрсені өте аз, жеткіліксіз жасай ма немесе нені өте аз, жеткіліксіз жасайды?

– жалпы қабылданған және дұрыс деп есептелінген нәрселерді ылғи да жасау адамға қиын емес пе?

Оқытушы-теориялық модельдің міндеттері бірнеше бағыттар арқылы жүзеге асады. Алдымен ата-аналарда әлеуметтік бақылау дағдыларын қалыптастырады; оларды оқытады және алған білімдерін тәжірибеде қолдануға үйретеді. Оларды баланың тиімді жүріс-тұрысын қалыптастыру немесе өзгерту үшін белгілі бір бағалау бағдарламаларын құруға үйретеді.

Ол үшін төмендегідей үш сұрақ қоя білу қажет:

– не болып жатыр (мінез-құлықты анықтау)?

- бұғанға дейін не болып еді?
- бұл мінез-құлық неге алып келді, әрі қалай не болуы мүмкін?

Бұл модельдің мақсаты ата-аналарда және солар арқылы балаларда әлеуметтік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

«Әлеуметтік дағды» ұғымы ретінде индивидтің әр түрлі жағдайларда әлеуметтік ортамен әрекеттесе отырып, мақсатты іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей бекітілген, қалыптасқан мінез-құлық дағдылары түсіндіріледі. Ондай әлеуметтік дағдыларды игерген ата-ана өзінің мінез-құлық, жүріс-тұрысы арқылы балаға береді.

Томас Горданның сезімдік қарым-қатынас моделі көптеген елдерге тараған. Томас Горданның отбасы тәрбиесі мәселесіне қатысты көзқарасының негізіне К.Роджерстің тұлға теориясы алынған. К. Роджерс адамзаттың бастапқы кезден бастап жақсылықты жасауға және жақсы жаққа қарай өзгеру қабілетіне сенген. Оның ойынша, адамның іс-әрекет мотиві оның өзін-өзі көрсету қажеттілігі болып табылады. Сондықтан ол адамдардың өзін-өзі көрсетуіне жағдай жасауды ұсынады. Оған идеал «Мен» мен шын мәніндегі «Мен» арасындағы айырмашылықты жою арқылы қол жеткізуге болады.

К. Роджерс адамға тән екі түрлі қажеттіліктер туралы: біріншісі, позитивті қатынас қажеттілігі туралы (яғни, қоршаған ортаның махабаты мен қолдауынан туындайтын қанағаттану сезімі); екіншісі, бірінші қажеттіліктің қанағаттандырылуына байланысты дамитын өзін-өзі құрметтеу қажеттілігі. Баланың дұрыс дамуы үшін идеал «Мен» мен шын мәніндегі «Мен» арасындағы қарама-қайшылық жойылуы керек.

Т. Гордонның моделінде басты назар қарым-қатынасқа және қарым-қатынас дағдаларына шоғырланады. Оның орталығында адамның адамға сезімдерін білдіруі тұр. Бұл моделге сай ата-аналар үш түрлі іскерліктерді игерулері қажет:

- белсенді тыңдау, яғни баланың не айтқысы келіп тұрғанын ата-аналары тыңдай білуі керек;
- өзінің сөзін баласының санасына жеткізе білу, басқа сөзбен айтқанда,
- өзінің сезімін балаға көрсете білуі;
- талас тудыратын мәселелерді шешуде «екеуміздікі де дұрыс» ұстанымын пайдалану, яғни баламен нәтижесіне екеуі де қанағаттанатындай сөйлесе білу.

Бұл аталған дағдылармен туындап отырған мәселені көре білу, сезім туралы немесе адамдардың өзара қарым-қатынас туралы мәселелерді баламен бірге талқылай білу қабілеті де тығыз байланысты.

Т. Гордон шешімдерді іздеу жауапкершілігін біртіндеп балалардың өздеріне көшіретіндей етіп ата-аналар балаларына өз мәселелерін өздері шешулеріне көмектесулері керек. Керісінше, егер ата-ананың біреуі қандайда бір қиындыққа тап болса, оны балаларына айта білуі керек деп есептейді. Оның ойынша, кез келген мәселені ата-ана балаларымен бірлесіп шешулері керек. Мәселелерді шешу төмендегідей бағытта жүреді:

- мәселенің өзі анықталады;
- оны шешудің варианттары қарастырылады;
- әр вариант өлшемге салынады;
- мәселені шешудің амалдары қарастырылады;
- нәтижеге жетудің мүмкіндігі бағаланады.

Әр түрлі мәселелерді шешуге балаларды қатыстыру олардың ойлау қабілеттерін дамытады, кикілжің жағдайлардың туындауын азайтады, баланы басқа да отбасылық істер мен мәселелерді шешуге қатысуға деген ниетін тудырады. Т. Гордонның тәрбие моделінде К.Роджер терапиясының әр адам өз таңдауы мен қылығына өзі жауап және өзін-өзі өзгерте алады деген негізгі ұстанымы көрініс тапқан. Отбасындағы жылы қарым-қатынас әр баланың өзін көрсетуіне ықпал етеді, өзінің өмірлік мәселелерін өздері шеше білулеріне тәрбиелейді.

Гордан тәрбиедегі ата-аналардың басты міндеті өмірдің барлық жағдайын қажетті дайын рецептерді бермеу, өздерінің құндылықтары мен көзқарастарын балаға жапсырмау деп баса айтады. Жалпы қабылданған пікірлерге қарсылық ретінде ол ата-аналардың өздерінің ұсынып отырған жетекші пікірлері, оның балаларын барлық жағдайда жақсылыққа алып келе бермейді. Сондықтан ол ата-аналар өздерінің айтқанын балалар қаз-қалпында орындауын талап етуден аулақ болу керек деп есептейді.

### **Эрик Берннің трансакттік талдауына негізделген моделі**

**Трансакттік талдау** – бұл адамдардың өзара қарым-қатынасы мен өзара ықпалына қатысты тұлғаның әлеуметтік ортада дамуын қарастыратын психологиялық теория. Бұл бағыттың негізін **Эрик Берн** қалады. **Трансакттік талдау** теориясына сәйкес әрбір инди-

видтің жеке тұлғасы «Мен», өзіндік жағдайым деп атауға болатын факторлар арқылы анықталады. Бұл шындықты қабылдау, алынған ақпараттарды және бұл шындыққа деген индивидтің реакциясын талдау амалы. Адамның шындықты сезінуі, бағалауы және әр түрлі жағдайларда үш түрлі амалдар арқылы: балаша, ересектерше, ата-анаша өздерін ұстауы мүмкін.

Тұлғаның ішіндегі «бала» аяқ асты, шығармашыл және интуициямен әрекет етеді. Бұнымен адамның биологиялық қажеттіліктер мен негізгі сезімдері байланысты.

Тұлғаның ішіндегі «Ересек» жүйелі әрекет етеді. Бұған адамның жүйелі бақылау жасауы, рационалды әрі объективті шешім қабылдауы, логика заңына сүйену қасиеттері тән.

Тұлғаның ішіндегі «ата-ана» жағдайы З. Фрейдтің тұлға теориясындағы «superego» категориясына сәйкес келеді. Оған жинақталған мінез-құлық нормалары, әдеттер мен құндылықтар енеді. Тұлғадағы осы үш бастаудың барлығы әлеуметтік қоршаған ортамен өзара әрекеттестікте біртіндеп дамиды.

М.Фин трансакттік талдаудың негізгі бағыттарына тән тұжырымдарды бөліп көрсетті. Олар:

- барлық адамдар бақытты болып туылады, бірақ өмірде бақытты ғана сезінбеуі мүмкін;
- әрбір адам тұлғасында бала, ересек және ата-ана отырады;
- өмір барысындағы сынақтар денісау немесе денісау емес тұлғаны қалыптастыруы мүмкін;

- бала өзіне қатысты белгілі бір қорытындыларды ерте (мектепке дейінгі) жаста жасайды және бұл оның өмір туралы көзқарасындағы сенімінде және мінез-құлқында көрініс табады;

- адамдар өзіндік сана-сезімге ие және өзін-өзі дамытуға белсене қатыса алады;

- жағымды ықпалдар (қамқорлық, өзін тыңдату мүмкіндігі, жағымды қарым-қатнынас, сүйіспеншілік) мен позитивті қабылдаулар дені сау тұлғаның дамуын анықтайтын негізгі факторлар.

Бұл модель ата-аналарды балаларымен тіл табысуға, өздерінің делелдерін балаларының санасына жеткізе білуге және балалардың қажеттіліктерін, сұраныстарын түсінуге үйретеді.

Бұл теория бойынша адамдардың арасындағы қарым-қатынастың үш типі бар:

1) бірін-бірі толықтырушы трансакция, қарым-қатынас бір деңгейде жүзеге асады;

2) қарама-қарсы, екі жақтың да жағдайы бір-біріне сәйкес келмейді

3) жасырын трансакция, қарым-қатынас кезінде ақпарат жасырын беріледі.

Бұл модель бойынша баланың мінез-құлқын өзгертудің кілті ата-ананың баламен қарым-қатынасын өзгертуде жатыр. Бұндай сапалық өзгерістің нәтижесі өзін көп күттірмейді. Сондықтан Т.Харристің пікірінше, балаға оның ата-анасына көмектесу арқылы қол жеткізуге болады. Отбасының өмір салты трансакттік талдауды қолдану арқылы өзгеруі мүмкін.

Топтық кеңес беру моделін Хаим Джинот жасады. Ол балалар психотерапевті болған және 50 жылдары ата-аналарға арналған топтық терапия моделін ұсынды. Бұл модельдің негізіне ата-аналарды өздерінің талаптарын бабаларының қажеттіліктеріне қарай қайта өзгерту жатыр. Оның ойынша, ата-ана дамыған сана сезімге ие болғанда және өз балаларын барлық қылықтарымен сезімдеріне қарай қабылдай білгенде ғана дені сау баланы тәрбиелей алады.

Хаим Джинот үшін ата-аналардың өздерін-өздері білуі және өздерінің сезімдерін анықтай алуы өте маңызды. Сондай-ақ баланың сана сезімін дамытудың басты шарты ата-аналардың бала тәрбиелеудегі міндеттерін дұрыс түсінуі, өздерінің әке мен ана ретіндегі рөлдерін дұрыс орындап отырғандығына сенімділігі. Модель осыған бағытталған.

Дж. Лэм және У. Лэм Джинот бойынша тәрбиелеу ұстанымдарын төмендегідей баяндап берді:

– мұқият тыңдау: ата-аналар балаларын мұқият тыңдау арқылы, өздерінің олардың пікірімен санасатындығын, оны бағалайтындығын көрсетеді, өзіне деген баласының құрметін бекіте түседі;

– «қызғаншақтық ұрығының» дамып жетілуіне жол бермеу: өктемдік тон мен жазықсыз кінәлауға, қорқытуға, жол бермеу және намысына тиетіндей сөздер мен әрекеттерден аулақ болу;

– сезімің мен ойыңды ашуланбай білдіру: балаларына өздерін қалай сезініп тұрғанын анық айтулары керек және өздерінің сезімдерін көрсетуде баланың жеке басын сыйлау;

Джинот моделі тәжірибеге мейілінше жақындауға тырысты. Оның мақсаты – ата-аналардың өз күшіне деген күшін нығайту және бала тәрбиесіне қатысты практикалық дағдыларды беру арқылы көмектесу.

Джинот ата-аналарды тәрбиелеудің үш түрлі формаларын: психотерапия, кеңес беру және нұсқау беру бөліп көрсетті. Бұлардың барлығы ата-аналардың балаларына жақсы тәрбиеші болуына көмектесуге бағытталған. Бұнда ата-аналарға деген жағымды қарым-қатынас, оларды толғандырған мәселелерді түсіну және көмектесуге деген ниет маңызды болып табылады.

Топтық терапияның мақсаты ата-аналардың тұлғалық құрылымындағы өзгерістерге қол жеткізу. Топтық кеңес ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты туындаған мәселелерді шешуге, әр түрлі отбасылық жағдайларға сәйкес қажетсіз стрестерден құтылуға мүмкіндік береді. Кеңес кезінде ата-аналар өздерін кінәлау сезімдерінен құтылады, өздерінің қиыншылықтары және одан шығу тәжірибелерімен бөліседі. Осылайша олар өздерінің отбасылық мәселелері мен отбасылық өмірлеріне объективті қарауға үйренеді. Бұл модельдің орталық міндеттерінің бірі ата-аналарды өздерінің рөлдеріне қанағаттану, өз-өздерін құрметтеу сезімдерін бекіту болып табылады.

Сонымен қатар, Джинот баланың сезіміне құрметпен қарау қажеттігін баса айтады. Ол баланы қаз қалпында қабылдауды ұсынады. Өзінің еңбектерінде ол бала тәртібінің шегі болатындығын, бала нені жасауға болатындығын, нені болмайтындығын түсінуі керектігі жайлы да айтады.

Сонымен, жоғарыдағы әр түрлі бағыттардың өзіндік тарихы бар екендігін мен белгілі бір теориялық жағдайларға негізделетінін байқадық. Олардың барлығы бала тәрбиесіне қатысты ата-аналарға әр түрлі нұсқаулар береді. Бұл бағыттардың, қоғамда, ата-ана да жақсы болу үшін өз-өзіне көмектесе алатындығы барлығына ортақ нәрсе.

Батыс Еуропада мектеп пен отбасының байланысы біртіндеп күшейіп келеді. Бұл тұрғыда Францияны үлгі ретінде айтуға болады. Осыдан бірнеше жылдар бұрын дәстүрлі педагогиканың өкілдері ата-аналарды оқыту үдерісіне қатыстырмау керек деген пікірді ұстанған болатын.

Француз философы әрі жазушысы Ален отбасы баланың өмірін нағыз трагедияға айналдыратын өзінің қандық, биологиялық байланыстарымен өмір сүреді деп есептеді. Оның ойынша, ата-аналар өздерінің беделімен балаларының арманы мен қызығушылық-

тарын басады, ата-ананың соқыр махаббаты жақсы ұстаз болуға кедергі болады. Сонымен қатар, ол отбасы бала дамуының маңызды ортасы екенін түсінді.

«Мектеп – отбасы – бала» мәселесіне қатысты басқа көзқарасты «жаңа тәрбие» деп аталатын дәстүрлі емес педагогика ұстанды. Француз ғалымы Г. Миалар бала туыла салысымен анасының тәуелділігіне тап болып, соның ықпалымен дамиды деп санады. Оның пікірінше, ата-ана баланы қоршаған ортамен байланыстыратын алғашқы звено. Сондықтан ата-аналар баланың оқуға деген ниетін дамытулары керек. Ол үшін оқуға деген мотивациясын тудыратын желеулер ойлап табулары қажет. Ата-аналарға балаларының сұрақтарынан қашпай оларға шыдамдылықпен жауап беруге, өзбегімен білім алуларын қолдап отыруға кеңес береді. Сондай-ақ балаларының мектептегі сәтсіздіктері үшін оған кінә тағуға асықпауға, алдымен оның себебін анықтауға шақырады. Педагогикалық сәтсіздіктерден алшақ болу үшін ата-аналарға отбасылық жағымды психологиялық ахуал тудыруға, мектеппен тығыз қатынас орнатуға, ал мұғалімдерге өз оқушыларының мектептегі және мектептен тыс кездегі өмірі туралы көбірек білуге кеңес береді.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығының белсенді жақтаушылары – оқушылар ата-аналарының қоғамдық ұйымдары. Олар оқушылар мен олардың отбасыларының білім алу қажеттіліктері мен мүдделерін қорғайды.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың жалпыхалықтық бірлестіктерінің үш түрі бар: екеуі қоғамдық, біреуі жеке білім беру саласы бойынша. Солардың ішіндегі ең көбі әрі ықпалдысы 1946 жылы құрылған қоғамдық мектеп оқушыларының ата-аналар федерациясы. Бұдан басқа 1968 жылы құрылған «Барлық типті мектеп оқушыларының ұлттық автономиялық ассоциация одағы», 1970 жылы құрылған «Ата-аналар мен педагогтардың ұлттық федерациялық мектептері» шықты. Бұл бірлестіктердегі негізгі идея мектеп тек оқыту орны ғана емес, тәрбие беретін де орын. Олар мектеп әкімшілігімен диалогқа түседі. Олардың мүшелері әртүрлі білім беру құрылымдарына кіреді. Мысалы, мектеп және сынып кеңесіне, көптеген комиссия мүшелерінің құрамына енеді.

Кейбір мектептерде ата-аналар үйірмелерге жетекшілік етеді, шет тілін оқытуға қатысты факультативті, деше шынықтыру сабақтарын жүргізеді т.б.



АҚШ-та ата-аналарға педагогикалық білім беру деп аталатын отбасы тәрбиесіне көмек ретінде жасалынған көптеген бағдарламалар бар. Оларды педагогтар, психологтар, социологтар, психотерапевтер және басқа да мамандар бірлесіп отырып құрастырғандықтан, бағдарламаның мазмұны кешенді сипат алып отыр.

Бұл бағдарлама отбасы тәрбиесінің барлық салаларын, соның ішінде, ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жетілдіруге, бекітуге бағытталған.

Онда әр түрлі отбасы топтарының ерекшеліктері есепке алынады. Сондықтан әр топтағы отбасына көмектесетіндей бағдарламалар құрастырылады. Мысалы, бала дамуында психофизиологиялық бұзылушылықтары бар отбасыларына, асыранды баласы бар отбасыларына, әлеуметтік қиын жағдайдағы отбасыларына және т.б.

Сондай бағдарламалардың бірі «Хэд Старт» (Head Start) жобасы. Бұл жоба аз қамтылған отбасы балаларына жан-жақты білім беру, денсаулық және әлеуметтік қызмет көрсету мақсатын көздейді. Сонымен бірге әрбір баланың отбасының ерекшелігін ескере отырып, оларды ұсынылып отырған бағдарламаға қатыстыру көзделеді. 1965жылдан бері 5млн. бала «Хэд Старт» жүйесі бойынша оқуға қамтылған. Жыл сайын 1400 Хэд Старт орталығында 400000 бала және сондай шамада ата-аналар оқытылады. Ата-аналармен жұмыс бірқатар аспектілерді қамтиды. Мысалы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмысын жоспарлауға және оларды жүзеге асыруға ата-аналарды тарту; отбасы жағдайында балаларға білім берудің қазіргі заманғы әдістері туралы ақпарат беру; отбасында туындап отырған мәселелерін шешуге көмектесу мақсатында жеке кеңес беру, және т.б. Ата-аналарды ерікті көмекшілер ретінде білім беру ұйымдарының ұйымдастырған әр түрлі іс-шараларға (мұражайға, кітапханаға бару, сабаққа қатысу, спектакльге дайындалу және т.б.) тарту.

Мамандар жетекшілігімен ата-аналардың балаларымен тәрбие жұмыстары ұйымдастырылады. Мысалы, балалардың жеке гигиенасын қалыптастыруға аналарын үйрету, кітап оқыту әдістемесіне үйрету және т.б. Ата-аналарға педагогикалық білім беруге бағытталған АҚШ-тағы басқа да бағдарламалар сияқты «Хэд Старт» жобасы да ересектер мен балалардың теңдігі ұстанымына негізделген отбасы мүшелерінің өзара әрекетінің психологиялық негізіне көп көңіл бөледі. Ата-аналар балаларының пікірлерін

қызығушылықпен тыңдайды, олардың тәртібін түзетудің ізгілікті тәсілдерін пайдаланады.

АҚШ-та ер адамдарды бала тәрбиесіне, балабақшалар мен мектептерде жұмыс жасауға тарту үшін арнайы курстар бағдарламалары жасалынған. Онда ер адамдарға балалар күтімі туралы білімдер мен практикалық біліктер беріледі.

АҚШ-тағы ірі мектептердің барлығында ата-аналар мен оқытушылар ассоциациясының жалпыхалықтық филиалы бар. Ата-аналар мектеп реформаларының белсенді мүшелері. Кейбір мектептерде оқыту үдерісін ұйымдастырудан оқыту әдістері мен бағдарламаларын бекітуге дейін ата-аналардың пікірлері басым рөл атқарады. Ата-аналар мен мектептің байланысы өте ертеден бері берік жүзеге асып келе жатқан дәстүр. Мектеп қоғамдық өмірдің орталығы. Бірқатар мектептерде ата-аналармен тығыз әрекет етуге ұмтылыс жасалғанын байқауға болады. Мысалы, кейінгі қалдыруға болмайтын тығыз жағдайларды ата-аналарға кеңес беру мақсатында «тығыз телефон байланысы» орнатылған. Ол үшін тәжірибелі мұғалімдердің кезекшілігі ұйымдастырылған. Сондай-ақ балалардың сабақтарына қатысқысы келген ата-аналарға ниеті құпталады. Ата-аналар балаларымен бірге үзіліс кезінде серуендейді, оқушыларды экскурсияға алып шығады, үй шаруашылығын жүргізуге байланысты сабақтар жүргізеді, қайырымдылық шаралар, жәрменкелер, дәрістер ұйымдастырады. Қонақтар ретінде дәрігерлер, программистер, ғалымдар, спортсмендер, әртістер шақырылады. Алайда, барлығы кемел ойдағыдай деп айту қиын. Көптеген мұғалімдерді кейбір ата-аналар ұйымдарының өздерінің ерекше талаптарын мектепке таңуы толғандырады.



## ОТБАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ



### 13.1 Отбасын зерттеуге қарасты қазіргі кездегі көзқарастар

Соңғы жылдары отбасы тәрбиелеу институты ретінде педагогика, психология, әлеуметтану және т.б ғылымдар тарапынан зерттеуге көп көңіл бөлінді. Алайда, отбасы қоғамның айтарлықтай жабық ұйымы болғандықтан және өмірлік іс-әрекеті, өзара қарым-қатынасын өзгелерге хабардар етпеуіне байланысты, ғалымдардың зерттеудегі мүмкіндіктері шектеулі. Адамға өзінің нақты болмысынан өзін әлдеқайда жақсырақ сезіну тән, сондықтан отбасы ешқашан толық ашылмайды, өзінің өміріне олар жайлы азды-көпті жағымды көзқарастағы басқа адамдарды араластырады. Әрбір отбасының бірегейлігі мен қайталанбастығын да ескерген жөн. Білімділік, жалпы мәдени деңгей, әдет-ғұрыптық-психологиялық шарттарды, өмірлік тәжірибесін, балалардың іс-әрекетін ұйымдастыра алуын, ата-ананың және отбасының басқа мүшелерінің типологиялық ерекшеліктерін және т.б. ажырата алу – осының барлығы отбасының қайталанбас жағдайын тудырады. Осылайша ғалымдар, тұрмыстық тәрбиенің ерекшелігі жайында айтарлықтай нақты ақпарат алуда, қазіргі заманғы отбасын зерттеуде, көптеген қиыншылықтармен кездеседі. Мүмкін, зерттеушіге өзін қызықтырған ақпараттарды алуда, отбасына қарым-қатынаста табандылық көрсету керек шығар? Жоқ, өйткені ол отбасына «басып кіруге» мүмкін шектеулерді естен шығармауы тиіс. Бұл шектеулердің заңды белгілері бар: адам құқығын сақтау, отбасының жеке өміріне қол сұқпаушылық. Осыған байланысты, зерттелетін объектінің параметрлері (отбасы тәрбиесінің қай аспектісі зерттелінуі мүмкін), жұмысты жүзеге асырудың әдістері анықталады.

Отбасын зерттеудің әдістері, оның көмегімен жиналып, талданып, отбасын сипаттайтын ақпараттарды жалпылайтын, отбасы тәрбиесінің өзара байланыстары мен заңдылықтарын ашатын құралдарды ұсынады. Зерттеушімен болжанатын отбасын немесе кез келген әлеуметтік құбылысты зерттеуде, біріншіден, әдістердің

жиынтығы, екіншіден, сол әдістер зерттелінушіге адекватты болуын талап етеді. Отбасы мен ондағы тәрбиені зерттеуде педагогикалық эксперимент аз қолданылады. Өйткені, экспериментке жаңа педагогикалық құрылым мен оның тәрбие үдерісінде тиімділігін тексеру тән. Эксперименттің отбасы шеңберінде ұйымдастырылғанын көз алдыңызға елестетіңізші. Айтарлықтай ұзақ уақыт бойы оның табиғи өмірлік іс-әрекетінің жолы бұзылады. Бұған зерттелінушілердің өзіндік сезінулеріне зиян келтіретін экспериментатордың «көзі», отбасы мүшелерінің жүріс-тұрысы, өзін үнемі қадағалап отыруды қосыңыз. Сондықтан аталған тақырыпқа арналған проблеманы зерттеуде, ғалымдар балалар бақшасында жүргізілетін және отбасы жағдайында жалғасып, нығайтуды талап ететін эксперименталды жұмысқа ата-аналарды белсенді қызықтырады. Осындай негізде Е. П. Арнаутова, Т. М. Баринаова, В. И. Безлюдно, Г. Н. Гришина, Н. А. Стародубованың зерттеулері құрылған.

Отбасын зерттеудің әдістері арасында әлеуметтік әдістер кең тарады: әлеуметтік сауалнамалар, интервью және анкета.

*Интервью әдісі* респонденттердің шынайы мүмкіншілігіне жағдай жасауды талап етеді. Интервью формалды емес жағдайда, зерттеуші мен зерттелінуші арасындағы қатынас жеке симпатияларға негізделіп өтілсе, оның өнімділігі арта түседі.

*Анкеталау әдісі* (жазбаша сауалнама) зерттеушіні қызықтыратын көптеген ақпараттарды жинауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс ақпарат алу мен алынған мәліметтерді өңдеуде тиімділігімен ерекшеленеді. Анкета әдісін жүргізудің әр түрлі түрлері бар: контактілі (анкеттеу әдісін зерттеушінің өзі ұйымдастырып, сауалнама парақтарын жинайды), сырттай (корреспонденттік байланыстар негізінде, жүргізілу тәртібі бойынша респонденттерге жіберіліп, кейін зерттеушінің өзіне қайта оралады). Зерттеушінің алдына қойылған міндеттеріне және отбасының ерекшеліктеріне байланысты анкетаның түрлі типтері болуы мүмкін: ашық (зерттелінушінің жауап беруіне мүмкіндік беретін сұрақтар құрылады), жабық (сұрақтарға мүмкін болатын жауаптар беріледі), аралас (мүмкін болатын жауаптар ұсынылады және сонымен қатар кейбір жауаптарды зерттелінушінің өзі, әсіресе олар сұрақтар шегіне шығып кеткен жағдайда тұжырымдауына мүмкіндік беріледі).

Отбасын зерттегенде әлеуметтанушылар жабық типтегі анкеталы сырттай анкеталауды қолданады. Педагогтар жиі тікелей ан-

кеталауды және ашық және аралас типтегі анкеталарға көңіл бөледі. Отбасы тәрбиесінің тәжірибесін зерттеуде респонденттермен жүргізілген анкета ұтымды, алайда жауаптардың шынайы болмауы мүмкіндігін ескеру керек. Мысалы, балаларын физикалық жазалауға жиі жүгінетін ата-аналар, жабық анкетадағы тиісті жауапты белгілейтініне күмән келтіруге болады, олар ешқашан «физикалық жазалауға жүгінбейміз» немесе «кейде физикалық жазалауға жүгінеміз» деген жауаптардың біреуін белгілеуі мүмкін.

Қазіргі зерттеушілердің бар күш-жігері зерттелінушілерді әлеуметтік белсенділікке жұмылдыру негізінде отбасы өмірінің түрлі аясында жағымды көзқарас, тәрбие тәсілдерін, тұрмыстық шаруашылықты жүргізудің тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған. Отбасын объективті зерттеуді іздеудің жолдары оның көмегімен қазіргі отбасы туралы көзқарастардың тереңдеуіне және кеңеюіне және сондай-ақ зерттелінушілерді туыстарымен өзара қарым-қатынасын түсінуді, балаларымен қарым-қатынаста жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік беретін психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік әдістердің жасалуына алып келді. Мысалы зерттеуші ұлттық ойындар арқылы эмоционалды өзара әрекетті оңтайландыру тәсілдерін көрсету үшін, ата-аналарды балаларымен бірге бірлескен іс-әрекетке жұмылдырады (Г. Н. Гришина), өндірістік фольклор (Г. В. Лунина), театрланған ойындар (Р. К. Серезникова), балалар ойынының жетілуінің жолдарын айту (В. М. Иванова).

Көптеген педагогикалық, психологиялық зерттеулерде бір уақытта ата-аналардың педагогикалық ұстанымдарын зерттеуге және түзетуге мүмкіндік беретін әдістер қолданылады (Е. П. Арнаутова, Л. А. Арутюнова, Д. О. Дзинтаре, В. П. Дуброва, О. А. Шаграева). Зерттеушінің респонденттерге (ата-аналарға) осындай тұрғыдан келуінің нәтижесінде олар ұсынылған жаңалықты проблемаға өзіндік үлес деп қарастырып, отбасы тәрбиесіндегі тәжірибесінде жүзеге асыруға тырысады. Мұндай зерттеуші мен ата-аналардың ынтымақтастығы қойылған міндеттерді емес, сонымен қатар мінез-құлықтың жаңа нормаларын қабылдап, балаларға әсер етудің тәсілдерін алдын ала айқындайды. Осылайша, отбасын зерттеуде бақыланатын ғылыми әдістер мамандардың тәжірибелік іс-әрекетіндегі әдістерге айналатынын айтуға болады.

Отбасын зерттеуде педагогикалық-психологиялық тренинг секілді зерттеу әдісі де басты рөл атқарады. Онда әдетте бірін-бірі

ұнататын, отбасы тәрбиесінде ұқсас проблемалар бар отбасы мүшелерін қамтиды. Қатысушыларға анық дағдыларды қалыптастыратын, ұстанымдар мен көзқарастарды түзететін, рефлексивті іс-әрекетті белсендіретін бірлескен талқылаулар мен оларды орындайтын түрлі тапсырмалар беріледі. Педагогикалық-психологиялық тренингтің тақырыптары «Мен өз баламды білемін бе?», «Агрессивті баламен өзін қалай ұстау керек?», «Егер бала дамуында кеш қалса не істеу керек?», «Әкесіз баланы қалай тәрбиелеу керек?» және т.б болуы мүмкін. Зерттеушінің тиімді басшылығының негізінде тренинг қатысушылары өз кезегінде өзіндік көмектің және өзара көмектің тобына айналады. Сын, талқылау болмайды, проблеманы ашық талдауға, тәжірибе алмасуға, күйзелген сезімдерін білдіруге жағдай жасалынады. Кездесудің жиілігі аптасына бір реттен кем болмауы – жалпылық пен тұтастық сезімдерін қамтамасыз етеді. Топ мүшесі өзіндік көзқарастар мен пікірлеріне басшылық жасауы, сондай-ақ өзгелерді есітіп және тыңдай алуы, онымен бірге мұндас болуы, жалпылық сезімін қалыптастырып, өз эмоциясын вербалды емес көрсетуі тиіс. Топтың іс-әрекеті өзгелер үшін құпия және жабық болады. Топтық кездесулер нәтижесінде тренингтің қатысушылары отбасы тәрбиесінде жағымды көрініс беретін, өзіндік біліктілігін, қарым-қатынас мәдениеті деңгейін көтереді.

Сонымен, қазіргі ғылым саласы отбасын әлеуметтік құбылыс және тәрбие институты ретінде зерттеудің түрлі әдістерін қолданады.



### **13.2 Отбасының бала тәрбиелеу тәжірибелерін зерттеу**

Отбасы тәрбиесін сипаттайтын нақты ақпаратқа тек ғылым емес, мектепке дейінгі мекемелер де зәру. Бұл ақпаратты алудың мақсатының мәні – отбасы туралы түсінік, оның тәрбиелік мүмкіндіктері туралы құрастыру. Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктерін білу, педагогқа отбасындағы педагогикалық үдеріске мақсатқа бағытталған әсер етуіне көмектеседі. Отбасы тәрбиесідегі тәжірибені зерттеу әдістерін меңгеру тәрбие жұмысы мен басқа әлеуметтік институттардың (мектепке дейінгі мекеме, мектеп және т.б) келісінде маңызды жағдай болып табылады.

Мектепке дейінгі мекеменің зерттеу пәні тәрбиелеудің отбасылық тәжірибесі болып табылады. Тәрбиелеудің отбасылық тәжірибесі көптеген факторлардың әсерінен пайда болатыны, әсіресе отбасындағы өзара қарым-қатынас маңызды орын алатыны жоғарыда аталып өтті. Қиындықтар өзара қалыптасқан отбасы ұжымының моральді – психологиялық ахуалы, отбасы мүшелерінің тұлғалық сапалары туралы объективті ақпарат алуда туындайды.

Отбасын зерттеу дәйекті, жүйелі болуы тиіс, сондықтан жұмыстың бағыты мен өзіндік жоспар жоспарлануы тиіс. Нұсқаулық жоспар ретінде В. В. Котырло, С. А. Ладывир ғалымдардың сипаттама-сын ұсынамыз:

1. Бала тәрбиесіне қатысатын отбасы құрамы, мамандығы, ата-аналардың және басқа отбасы мүшелерінің білімділік деңгейі;

2. Жалпы отбасылық ахуал, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынас ерекшеліктері. Олар:

- бір-біріне достық қарым-қатынас;
- өзгермелі, қарсылықты сипаттағы қарым-қатынас;
- отбасы мүшелерінің өзіндік автономды қарым-қатынасы.

3. Баланы отбасылық тәрбиелеудің мақсаты;

4. Бала тұлғасының қалыптасуына мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінің маңыздылығын ата-аналардың түсінуі;

5. Бала тәрбиесіндегі отбасының мүмкіндіктері: денсаулығы, адамгершілік, ақыл-ой қасиеттерінің дамуы, шығармашылық қабілеттері, баланың ерте білімі;

6. Ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімінің, практикалық біліктілігінің деңгейі:

- нақты білімдердің барлығы және оларды толықтыруға, тереңдетуге дайын болу;
- білімділік деңгейінің шектеулілігі және педагогикалық ағартуға көнгіштігі;
- білім деңгейінің төмендігі және оны алуға жағымсыз қатынастың болуы.

7. Тәрбиелік әсер етудің ерекшеліктері:

• барлық үлкендердің тәрбиелеуге қатыстылығы, тәрбие іс-әрекетіне келісімділіктің деңгейі;

• тәрбиелеудегі дәйексіздік, келіспеушілік, тәрбиелеу үшін кикілжіндердің туындауы, тәрбие қызметі басымырақ отбасы мүшесінің болуы;

- баланың толық дамуына жағдайдың, мақсатқа бағытталған әсер етудің болмауы.

8. Отбасында бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру:

- отбасындағы жұмысқа, қамқорлыққа баланы қызықтыру, отбасы әрекетінің жалпылығы;

- отбасындағы жұмыстың үлкендер арасында жіктелуі, баланы отбасылық әрекетке ауқын-ауқын қызықтыру;

- отбасы іс-әрекетіндегі бытыраңқылық, баланы отбасы жұмысы мен қамқорлығынан бөлек ұстау.

9. Отбасының мектепке дейінгі мекемелерге деген қарым-қатынасы:

- балабақшаның мүмкіндігін жоғары бағалап, онымен ынтымақтасуға дайын;

- балабақшаға сақ және сенімсіздікпен қарап, онымен ынтымақтасудың қажеттілігін көрмейді;

- бар жауапкершілік пен тәрбиелік қызметті балабақшаға артып, олармен ынтымақтасуға дайын емес;

- балабақшаға салғырт қарап, өз баласының тәрбиесіне қызықпайды.

Тәрбиелеудің отбасылық тәжірибесін зерттеудің жоспары түрлі әдістердің көмегімен жүзеге асады, соның ішінде әңгіме және бақылау әдістері кең тараған.

Әңгімелесу интервьюден ұйымдастыру мен құрылысының еркіндігімен, әңгімелесушілер арасында формальды емес ахуал және қарым-қатынасымен ерекшеленеді. Алайда бұл әңгімелесу күні бұрын ұйымдастырылмауы тиіс деген мағынада емес. Қойылған мақсатқа орай педагог әңгіменің жоспарын құрып, кілтті сұрақтарды ерекшелеп қояды. Әңгімелесу барысында сырт көзге жасырын отбасы тәрбиесінің кезеңдері туралы керекті мәлімет алуға болады. Бұл – тиімді мақсатқа бағытталған, оперативті-түзетуші әдіс. Әңгімелесу алдын ала басқа әдістер арқылы тәрбиелеудің отбасылық тәжірибесін зерттеген болжамдық қорытындыларды дәлелдеу, нақтылау немесе теріске шығару үшін керек. Әңгімелесуді табысты жүргізу үшін өзіне ықылас аударта алу, қажетті салаға әңгімені бағыттап сенімділік орнату керек. Педагогқа ең алдымен мәні қызықтырған әңгімелесудің ахуалын туындатып, ақиқатқа жетуді бірлесіп іздеу болатын (көпшілік тәжірибесінде болатын өзінің дұрыстығын дәлелдемеу), эмпатиялық тыңдау (К. Роджерс,



Т. Гордон) әдісін қолдану маңызды. Е. Р. Смирнованың бейнелі сөзін «басқа адамның аяқ киімін киіп көруге» талпыну, яғни өзінің сезімін ұқсас жағдайда елестету керек. Эмпатиялық тыңдаудың маңызды жағдайы байқағыштықты қалыптастыру болып табылады. Педагог әңгімелесушінің тек сөзіне ғана емес, сондай-ақ дауыс ырғағына, жест, мимикасына да көңіл аудару да керек. Әңгімелесушінің бет кескіні, қойылған сұрақтарға қатынасының өзгеруінен психологиялық жағдайы жайында білуге болады, сондықтан әдеп көрсетіп, сенімді қарым-қатынас сақтауға тырысу керек.

Әңгіме барысында ата-аналар педагогтың көмек көрсетуден басқа өзге ойы жоқ екенін сезінулері керек. Бұл сенімнің өсуіне ықпал етіп және әңгіменің педагогикалық тиімділігін арттырады. Отбасы мүшелерінің, әсіресе баланың тұлғалық қасиеттерін бағалағанда абай болу қажет, жағымды қасиеттерді ерекшелеп, ата-аналардың айқын «педагогикалық үмітін» тудыру керек.

Бақылау отбасын зерттеудің әдісі ретінде мақсатқа бағыттылығымен сипатталады. Педагог ата-аналардың балаларымен өзара қарым-қатынасын қандай мақсатпен, қай жағдайда бақылау керектігін алдын ала анықтайды. Әдетте бұл балабақшаның таңертеңгілік қабылдауы мен баланың балабақшадан қайтқан уақытында болады. Байқағыш педагогқа үлкендер мен баланың қарым-қатынасы арқылы олардың эмоционалды құштарлығы мен қарым-қатынас мәдениеті туралы жорамалдауына мүмкіндік беретін көптеген ерекшеліктері көзіне түседі. Ана-ананың баласынан кешке не жайында сұрайтыны, таңертең қандай міндет жүктейтінінен отбасы тәрбиесінің артықшылығын, мектепке дейінгі мекемеге қатынасын жобалауға болады.

Педагог тек сырттай бақылауды ғана емес, енгізілген бақылауды да қолданады. Ол үшін педагог сыртқы бақылауда кейде жасырын болатын, отбасы тәрбиесінің кейбір жақтарын көруге мүмкін болатын арнайы жағдаяттар ұйымдастырылады: бірлескен іс-әрекет, бос уақыт, ата-аналар және балалармен жаттығу. Мысалы, Аликтің тыңдамайтындығы – әкесінің авторитарлы ұстанымына жауапты реакциясы, Светаның мінез-құлық нормалары мен ережелерін бұзуы – әкесі мен анасының тәрбиелеу тәсілінде келіспеушілігінің нәтижесі. Формалды емес ортада үлкендер де, балалар да түрлі жақтарымен көрінеді, сондықтан ата-аналар мен отбасының басқа да мүшелерін мерекелерге, ойын-сауықтарға, экскурсияларға қы-

зықтыру керек. Әдетте мұндай жағдайда барлық үлкендер балалардың іс-әрекетіне, қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, өздерін белсенді көрсетеді, сондықтан педагог өз көмекшілерінің көптеген тәрбие тәсілдерін көріп, отбасы тәрбиесінің әдістері мен стилі туралы болжауға негіз болады.

Отбасы тәрбиесінің ерекшелігі анасының (әкесінің, әжесінің) қатысуымен практикалық тапсырманы орындау әдісін ашуға мүмкіндік береді. Педагог жағдаятты арнайы құрастырады: анасының келуінен бұрын Юлияға қуыршағының көйлегін жууды, Сашаға құрастырғыштың бөлшектерін бөліп, бөліктерді әрбір торға орналастыру тапсырмасын береді. Педагог баласының жұмысына анасының реакциясын, оның көмегінің сипатын, баланың ынтасы немесе дербестігінің төмендеуін, жұмыстың сапасын бағалауын бақылайды. Анасының қызын ығыстырып, қуыршақтың көйлегін тез жуып тастауынан қызының жалқаулығын, міндеттерді басқа адамдарға орындатуға тырысуын көруге болады. Ал Сашаны анасы сергітіп, бағыттап, оның ептілігіне танданып отырды. Ол басқарудың осындай стилімен баласында сенімділік пен жауапкершілік сезімдерін тәрбиелей алады. «Юлияның анасын топқа жиі шақыру керек, басқа балалардың қалай еңбектенгенін көрсін. Сашаның анасын «Балаларды дербес өсірейік» атты тақырыпта кеңес беру сабағын өткізуге шақырамын» – деп, педагог өзіне белгілеп алады. Әрине, бірыңғай бақылаудың нәтижесінде отбасы тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктеріне қорытынды жасауға болмайды, зерттелінетін құбылысты ұқсас және түрлі ортада қайта-қайта бақылау қажет.

Баланы түсіну мен оның дамуының кезеңдері жайында «Менің балам» атты тақырыпта ата-аналарға қысқа шығарма жаздыру көптеген ақпараттар береді. Отбасы мүшелерінің түрлі мүшелерімен баланың мінез-құлқы, оның қызығушылықтары, қабілеттері, сүйікті әрекеті, дамуының күшті және әлсіз жақтары жайлы әңгімелесе отырып, оны өзінің бақылауларымен толықтырып, тәрбиеленушілердің тәуелсіз мінездемесін жасауға мүмкіндік алады.

Осылайша, педагог ең алдымен баланың қызығушылықтарын есепке ала отырып, отбасын, тәрбиенің отбасылық тәжірибесін зерттейді. Алынған мәліметтер негізінде, отбасылық тәрбиені өзара толықтыру міндетін шешуге, нәтижелілігін көтеруге болады.



### 13.3 Отбасы бала көзқарасымен

Балада оның ата-анасы, отбасының басқа мүшелері, өз үйі туралы көзқарас қалыптаспағанымен, олармен эмоционалды қарым-қатынас ерте орнайды. Бұл түсініктер басқа жолдармен ұғыну қиынға түсетін, отбасы және отбасы тәрбиесінің кейбір жақтарын ерекшелейді. Мысалы, бала үшін ең бастысы отбасы мүшесі кім, кімге құштарлығы басым, отбасында өзінің орнын қалай көреді және т.б.? Әрине бұл жайында ата-анадан, атасы мен әжесінен, басқа да туыстарынан сұрастыруға болады, алайда біз істің нақты жағдайын әрдайым айқындай бермейтін проблемаларын көреміз. Сондықтан ненің көмегімен баланың отбасындағы жағымды эмоциясын, отбасы ұжымында өзіндік орнын елестетуін зерттейтін арнайы әдістемелер бар.

Суретті әдістеме. Балаға өз отбасы жайлы сурет салу ұсынылады, не салу керектігі жайлы нұсқау берілмейді. Сурет салу аяқталғаннан кейін кейбір бөліктер нақтыланады, бала отбасы мүшелерін атап шығады. Суретті талдай отырып, бөліктерге назар салу аса маңызды: тапсырманы орындаудың дәйектілігі, суреттің сюжеті, орналасуы, отбасы мүшелерінің топтасуы, олардың бір-бірінен алшақтығы, олардың арасындағы баланың өзіндік орны, отбасын суретке салғанда ол кімнен бастады, кімнен аяқтады, кімді салуды ұмытып кетті, кімді суретке қосты, кім қалай киінді, кім контурмен ерекшеленген, кім бөліктеріне дейін жақсы салынған және т.б.

Психологтар бала суретінің мәнін есептеуді үйренген. Ереже бойынша, отбасы мүшелерінің суретте болмауы немесе оларды салуға уақытты ұзарту – баланың отбасындағы психологиялық келеңсіздігінің белгісі және кішкентай суретші араласқан отбасылық кикілжіндердің белгісі. Егер суретте суретшінің өзі жоқ болса, онда оның отбасымен немесе отбасы мүшесімен конфликттің сигналы. Осылайша бала өз отбасына қарсылық реакциясын көрсетеді. Егер бала отбасының орнына тек өзін ғана салса, онда ол – жалғыздықтың жан айқайы, отбасылық жайсыздықтың үлкен белгісі. Ата-анасының бірі немесе басқа туыстарының (мысалы, кіші інісінің) суретте болмауы, «ұмытылған» туыс – келеңсіздіктің, баланың қиналуы мен күйзелістерінің бастауы. Кейде бала суретті мәнсіз туыстармен не-

месе бөгде адамдармен толықтырады. Мұнымен ол отбасылық өмірді жақсартып, отбасы мен сезімдегі бос орындарды толтырғысы келеді. Отбасы мүшелерінің беделділігін бала фигуралардың өлшемімен көрсетеді, аса құрметті туыстар үшін парақта орын жетіспейді және суретті соларды салудан бастайды. Егер балаға отбасында жайлы болса, онда бала өз бойын ата-анасының бойына жақын етіп салады, жиі ата-анасының ортасында болады. Суретші өзін отбасылық портретте аға-қарындастарынан кейін, ата-анасынан алшақ салса, онда ол ата-анасын басқа балалардан қызғанатындығын көрсетеді. Туыстардың эмоционалды жақын немесе бытыраңқылығын автор аса немесе кем тығыздықпен бейнелейді. Отбасы мүшелері бір-бірін қаншалықты жақсы көрсе, соншалықты жақын орналасады. Жағымсыз конфликтілі отбасындағы туыстар суретте бір-бірінен алшақ орналасып, бос орындар заттармен, бөгде адамдармен толықтырылады.

Шындығында жай ғана болмашы нәрсе – «Менің отбасым» тақырыбындағы бала суреті, алайда ол дұрыс шеше білген жағдайда терең ішкі мәнді ашуға және отбасышілік қарым-қатынасты диагностикалауға мүмкіндік береді.

«Менің отбасым» әдістемесінің түрленген түрі «Мен қалайтын отбасы» әдістемесі баланың құпия тілектері мен орындалмаған үміттерінің шымылдығын ашады. Балалардың үлкен болып, өскенде, болашақтағы суретін салмайтыны қызық. Жоқ, олар көп жылдар өткен соң емес, дәл қазіргі сәтте өздері қалайтын отбасын суретке салады. Бала отбасын өзіне жайлы, сенімді, жылы болатындай етіп құрастырады. Ол үшін ол туыстарының барлығын алып тастап, өзгелердің орнын ауыстырып, өзін ата-анасына жақындатып, тізесіне ұзақ уақыт армандаған итті салады және т.б.

Проективті әдістер проекция принципіне – өзіндік қажеттіліктер, сапалар, қарым-қатынасты өзге адамдарға ауыстыруға негізделген. Балаға оның өмірлік тәжірибесіне, қоршаған дүниені елестетуіне, қажеттіліктері мен қалауларына байланысты түрлендіріп жасауға мүмкіндік беретін тапсырмалар беріледі. Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктерін зерттеуде ойын тапсырмаларын, суретті түсіндіру әдістемесі, хикаяны аяқтау және аяқталмаған сөйлемдер әдістемелері.

**Ойын тапсырмалары.** Эмоционалды климат қалыптастыру мақсатында педагог баланы өзіндік «Мен анамды, (әкемді, әжем-

ді, атамды) немен қуантамын, немен ренжітемін» ойынына қызықтыруына болады. Адам бет пішінінің екі контуры (мұңды және қуанышты) және өмірлік оқиғаларды көрсететін сюжетті суреттерді жинау ұсынылады (бала кесені сындырды, шалшыққа құлады, сәбиді ұруда, өзінің аяқ-киімін тазалауда, қолында раушан гүлін ұстап тұр, мысықты құйрығынан ұстап тұр, қыз шаң сүртуде, өсімдіктерді суаруда, төсек жинауда, анасына сөмкесін көтеруге көмектесуде, дорбадағы конфетті жеуде, жасырын жерге тығылуда, үй есігінің алдында мысықты қолында ұстап тұр және т.б.). Балаға суреттерді қарап шығып, олардың кейіпкері етіп өзін елестетіп, төмендегідей етіп орналастыру ұсынылады. Егер жасаған іс-әрекет анама (әкеме, әжеме) ұнаса, суретті қуанышты бет әлпетіне, егер ұнамаса мұңды бет әлпетіне қою керек. Тапсырмаларды орындауды талдау үлкендердің балаларға қатынасын жобалауға негіз болады (бала әрекетінің ешқайсысы қуантпайтын отбасылар болады), отбасы тәрбиесіндегі келісушіліктер (отбасы мүшелерінің түрлі мүшелерінде келіспейтін бір әрекетке реакция туындайды), отбасының құндылықтары жайында (үлкендерді тікелей не қуантады және ренжітеді).

**Суреттерді түсіндіру әдістемесі.** Балаға кезекпен әдеттегі отбасылық сахна салынған суреттер ұсынылады (таң, бала ұйқысынан оянды, бөлмеге анасы кірді, кеш, бала теледидар алдында отыр, есікте әкесі тұр, баласы анасына ыдыс жууға көмектесуде, әкесі кірді және т.б.). Суретті бейнелеу ұсынылады (Не салынған?) және (Қалай ойлайсың, ұйқысынан оянған қызына анасы не деп айтты? Теледидар алдында отырған баласына әкесі не айтуда?). Бала сурет жайында өзінің жеке тәжірибесіндегі уайымы мен атқаратын шаруасын кейіпкерлерге бөліп суреттейді. Үлкендердің сөзі ретінде балы ата-анасынан естіген сөздерді қолданады. Мысалы, ыдыс жуып жатқан баласына әкесінің айтқан сөзі: «Тезірек бітіріп, дойбы ойнауға кел!», «Бұдан қызықты ештеңе таба алмадың ба?», «Сен – қызсың ба? Ас үйден шық!». Демек әрдайым ұйқыдан оянған баласына қайырлы таң тілейтін, нәзік сөздер айту барлық отбасыға тән емес екен. Балалар көбінесе мына сөздерді: «Тезірек тұр, мен сенің кесіріңнен жұмысқа кешігемін» жиі естиді.

**Хикаяны аяқтау әдістемесі.** Педагог балаға бірге ұл бала (қыз) туралы хикая құрастыруға ұсыныс жасайды: «Мен басын ойластырамын, ал сен соңын жалғастырасың. Анасы дүкенге кетті, ал Лиза інісімен үйде қалды. Інісі мазасыздана бастады, Лиза оған

сурет салуға шешім қабылдады. Ол парақ, бояу, су құйылған ыдысты алып, сурет сала бастады. Ол сәбіз ұстаған қоянды салуға өте талпынды, ал інісі қызығып қарап отырды. Інісі абайсызда су құйылған ыдысты қозғап қалды, ал көмескі су үстел бетіне төгіліп кетті. Лиза ренжіп қалды, бірақ бұл уақытта анасы келіп қалды». Хикаяның соңын бала өзі анасының мұндай жағдайда қалай әсерленгеніне байланысты аяқтайды. Кейбір балаларда анасы баласын жұбатып: «Мұның жаман ештеңесі жоқ! Мұндай кімнің басында болмайды! Қазір барлығын орнына қоямыз! Ең бастысы, Лиза інісіне жақсы қарады». Кейбір балалардың соңғы аяқтаған хикаялары мұңды болды: «Анасы Лизаны оның ебедейсіздігіне бола ұрысты».

**Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі** айтарлықтай жиі қолданылады. Педагог балаға: мен сөйлемді бастаймын, ал сен аяқтайсың. Мысалы: «Әкемнен маған балмұздақ әперуін өтінген кезде, әкем...», «Егер мен құлап немесе бір жерімді ұрып алсам, онда анам...», «Егер мен қолымды нашар жусам, онда анам...», «Егер анамның басы ауырса, онда әкем екеуміз...», «Анам мені мақтайды, егер мен...», «Әжем ренжиді, егер мен...».

Балалар ойнағанды жақсы көреді, сондықтан олардың отбасы туралы көзқарастарын, «ересек-бала» қарым-қатынасының ерекшеліктерін қалыптастыруда, мақсатты түрде отбасы тақырыбындағы ойындарды қолдану керек. А. Д. Кошелева мынадай әдістемені ұсынады. Ана баланың, ал бала ананың (әкенің) рөлін ойнайды. Ойын барысында бала анасына өтініштер айтады: қандай да бір іспен бірлесіп шұғылдану, кітап оқу, бірге ойнау, т.б. Проективті әдістемелердегі сияқты күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттар ұсынылады. Жағдаятты шешуге мысал келтірейік: «Бала» (ана): «Ана, менімен бірге ойнашы!» – «Ана» (бала) «Өзің ойна! Менің шаруаларым көп!»

Проективті әдістемелер және ойын әдістері педагогқа отбасының алғашқы әрекеттері, қарым-қатынасы, бағалауы, күнделікті өмірдегі стереотиптерін «бала көзімен» көруге мүмкіндік береді. Отбасын «бала көзімен» зерттеуде педагогқа этикалық нормаларды бұзбау үшін, ерекше әдеп керек. Алынған мәліметтерді біреумен, әсіресе баланың қатысуымен ата-анамен талқылауға жол берілмейді. Педагог ғылыми әдістер көмегімен бала жанының құпия бұрышына, сырт көзден жасырылатын отбасы өмірінің жағдайына көз

тастағанын әрдайым естен шығармауы тиіс. Мұндай отбасы өміріне, баланың ішкі әлеміне басып кіру, баланың қызығушылығында қолдануда нәтижелі болды. Егер педагог отбасын «бала көзімен» зерттеуге қызықпаса, онда оның зерттемегені абзал.



### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Қазақ отбасында тәрбие түрлерін жүзеге асыруда ежелден қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдерін неше топқа бөліп қарастыруға болады?
2. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер қатарына жататын қандай әдіс-тәсілдерді білесіз (дер)?
3. Отбасының бала тәрбиелеу құралдары қандай?



### **Әдебиеттер**

1. Венгер Л. А., Венгер А. Л. Домашняя школа. – М., 1994.
2. Ковалев С. В. Психология современной семьи. – М., 1988.
3. Семья глазами психолога. – М., 1995.
4. Семья и психолог. – Воронеж, 1996.



## ШЫҒЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫН- ДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕЛЕУ ДӘСТҮРЛЕРІ



### 14.1 Шығыс халықтарына тән отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері

Еліміздегі басқа ұлт өкілдерінің отбасындағы бала тәрбиелеудегі дәстүрлік ерекшеліктерін меңгеру – бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе, ұлттық педагогикада жас ұрпақ тәрбиесіне халқымыз бен көршілес шығыс халықтарының рухани, мәдени мұраларын тиімді пайдаланудың жолдарын жетілдіру талап етіліп отыр.

Дәстүрлі дүниетаным бойынша күнделікті отбасылық тіршілік ырғағының қалпы қоршаған ортаның үйлесімділік немесе үйлесімсіздік жағдайларына, әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне, діни наным-сенімдеріне байланысты болды. Тіршілік циклі салт-жоралғыларының әрқайсысының ішкі құрылымдық ұстанымдары мен атқарылу тәсілдері әртүрлі болды, бірақ түпкі мақсаттары бір – ол отбасылық және қоғамдық қатынастардың, материалдық және рухани жағдайлардың, экономикалық іс-әрекеттердің ұстанымдарын сақтау болды. Осы салт-жоралардың бәрі қазақтар мен шығыс халықтарының қалыпты тіршілік тынысының, ғұрпы мен дәстүрінің, дінінің, негізі болды.

Қазақстан – көп ұлттық мемлекет. Оның өзге ұлттармен мәдени-тарихи мұралармен байланысы сонау көне дәуірден басталатыны баршаға мәлім. Олай болса, осы байланыстың қазақ халқының өміріне, тұрмыс, қарекетіне, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне, көзқарасына, тәрбие саласына өзгерістер енгізбеуі мүмкін емес.

Қазақстанда көптеген диаспоралар, ұлттар бар екені белгілі, бірақ та президентіміз Н. Назарбаев айтып өткендей: «Қазақ халқы – сол ұлттық диаспоралардың, ұлттардың жарасымды өмірлеріне ұйытқы болатын, ұйытқы болуға тиіс бірден-бір тірек ұлт». Сондықтан осы елде тұрып жатқан, ежелден ұлт болып қалыптасуымызға септігін тигізген шығыс халықтары тарихын, мәдениетін, отбасындағы бала тәрбиелеу дәстүрлерін, менталитетін, тілін, дінін білуіміз шарт. Сонда ғана біз мәдени-өркеніеттік дамуға қол жеткізгенімізді айқындайтын боламыз.



Дәлірек айтсақ, шығыс халықтарының мәдени-рухани мұрасындағы олардың өсиеті мен өнегесін дұрыс пайдаланып, ұлттық мәдениет пен рухани мұраны жастарымыздың қажетіне жаратқанда ғана жиырма бірінші ғасырда салтанатты, салауатты өмір сүріп, жалпы адамзаттық өркениет дәрежесіне көтерілуге мүмкіншілік пайда болады.

Шығыс халықтары отбасындағы бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайды және өзінің мол тарихына, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлеріне, тілі мен дініне сүйенеді. Шығыс отбасыларында негізгі туыстық қатынас ерлер жағымен есептелген және ата-ананың тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Қариялар әрқашан жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған.



Қазіргі кезеңде шығыс халықтарының отбасында бала тәрбиелеуінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Шығыс халықтарына тән отбасы тәрбиесінің бірінші ерекшелігі, оның тұлғалық-бағыттық негізінде ұйымдастырылуы. Өйткені, кез келген ғұлама мұрасындағы отбасы тәрбиесін ұйымдастыру туралы идеялары халықты бақытты өмір сүруге жетелейтін мемлекет басшысы тұлғасын қалыптастыруға бағытталады.

Отбасы тәрбиесінің екінші ерекшелігі – оның халықтық сипат алуы. Өйткені, шығыс халықтары қашан да көп баланың болғанын қалаған, ол отбасындағы тәрбиенің міндеттерін біршама жеңілдеткен. Балаларды тәрбиелеу ата-анасы мен ата-әжелерімен бірге, ауыл қариялары мен ересек адамдар, көрші-қолаң, тума-туыс, құрбы-құрдастар, тіпті келген қонақтар және т.б. тарапынан да жүзеге асырылған.

Отбасы тәрбиесінің үшінші ерекшелігі – оның ізгіліктілігі. Отбасындағы әрбір әрекет, қарым-қатынас, ұлттық мерекелер мен салт-дәстүрлер барлығы да тек баланы ізгілікке баулуға мүмкіндік жасаған.

Отбасы тәрбиесінің төртінші ерекшелігі оның табиғатпен тікелей байланыстылығы. Өйткені, шығыс халықтарының тәрбиедегі ықпал ету құралдарының бәрі де баланы қоршаған табиғатпен байланысты қарастырылады.

Отбасы тәрбиесінің бесінші ерекшелігі – оның дінмен байланысты ұйымдастырылуы. Баланы жастайынан бір бақылаушы

күштің бар екендігіне сендіру арқылы оның барлық іс-әрекеттерін ар-ождан таразысына салып салмақтауға бағыттап отырған.

Отбасы тәрбиесінің алтыншы ерекшелігі – оның жеке даралығында. Ұл балалары мен қыз балалары үшін амандасудан бастап, отыру, жүріс-тұрыс, мінез-құлық, күлу, қарым-қатынас және т.б. көптеген ерекшеліктер оның тәрбиесінде ескерілген.

Отбасы тәрбиесінің жетінші ерекшелігі – оның тұтастығы мен кешенділігі. Шығыс халықтарында бала тәрбиесі өз баласынан басталып көрші баласын да тәрбиелеуді қамтыған. Баланың бойында тұлғалық қасиеттерді тұтас сабақтастықта қалыптастыра отырып, кемелділікке жеткізуді мақсат тұтқан.

Шығыс ғұламалары мұраларындағы отбасы тәрбиесінде әрбір өскелең ұрпаққа жеке дербес тұлға деп қарап, оған құрмет көрсету, қоғамдық әлеуметтік маңызы зор істерге араластыру көзделген. Сол кездегі баланың жеке тұлғасының дамуы мен мінез-құлқында кездесетін ауытқуларды түзетуде қоғамдық және отбасылық тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету үнемі қарастырылып, мұндай тәрбиелік мүдделер дін талаптарынан туындап отырды.

Орта ғасырдағы шығыс ғұламалары мұраларына жүгінер болсақ, олар отбасы тәрбиесінде баланың қалыптасуына ықпал етуші бірінші фактор – оның арғы тегінен туа берілетін генетикалық ерекшелігі деп біледі. Ал, екінші фактор ретінде отбасының рөлінің өте маңызды екендігін, отбасы ғана бала тәрбиесін толыққанды іске асыру ортасы ретінде қызмет атқаратынын атап көрсетті. Шығыс ғұламаларының педагогикалық мұраларында отбасы тәрбиесіндегі баланы бақытқа жетелейтін үшінші фактор – білім деп есептелген.

XI ғасырда (1082-1083) жарық көрген «Қабуснама» атты еңбекте шығыс ғұламаларының бала тәрбиелеу дәстүрлері қарастырылған. Ол еңбекте отбасында перзент тәрбиелеу туралы:

– егер перзент көрсең, оған жақсы ат қойғын – ол нәресте алдындағы алғашқы борышың;

– перзентіңді ақылды, мейірімді тәрбиешіге тапсыр;

– есейіңкіреген кезде ол перзентіңді өнеркәсіпке үйреткін. Ол өнерді игеріп алса, дене шынықтыру, суда жүзу сияқты өнерлерді үйренсін;

– әрбір ілім үйретуде ұстаздары тағылым беру үшін ұрып-сокса да, сен араша түспегін;

– перзентіңнің көзіне өзіңді айбатты көрсет, сені аяқ асты қылмасын;

- егер перзентің әр нәрсені талап етсе, құдіретің жеткенше аямағын;
- егер перзентің балиғатқа жеткен болса, отан тербетіп, үй-тұрмыс қабілеті жеткен болса, оның жақсы мінез-құлықты екеніне көзің жеткен болса, балаңды үйлендіріп қойғын.
- ұлың отау көтеріп, кожалық құрып, әйел алуға лайықты болмаса, бір мұсылман қызын бәлеге душар етпегін;
- егер қызың болса, оны таза тәбет тәрбиешілерге тапсыр, олар жақсылап тәрбиелейді. Шығыс халықтарындағы балаға тәрбие берудің негізгі арналарын А. Э. Исмаилов жете зерттей келіп, оны жіктеп көрсетті (3-сурет).



**3-сурет.** Шығыс халықтарында балаға ұлттық тәрбие беру арналары



## **14.2 Шығыс халықтарының отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлері, олардың өзіне тән ерекшеліктері мен ұқсастықтары**

«Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар», – деп Л. Н. Толстой айтқандай, ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқы-

мыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес.

Шығыс халықтарының ішінде бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін халықтардың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқында баланы дүниеге келуіне байланысты шілдехана, бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізер, тоқым қағар, қыз ұзату, үйлену тойлары, ауыл азаматтарының бірлесіп еңбек етуі (киіз басу, үй салу т.б. көпшілік еңбек түрлері), адамның дүниеден қайтуына байланысты естірту, жоқтау, көрісу сияқты әдет-ғұрыптардың бәрі өлең-жырсыз, ән-күйсіз өткен емес. Мұның бәрі өлең жырдың адамның өмірлік серігі, рухани азығы болғанын дәлелдейді.

Қазақтың тұрмыс-салтымен байланысты айтылған «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар», жиын тойларда айтылатын қыз бен жігіт айтысы: жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтауда «Естірту», «Жоқтау», «Қоштасу» әндерінде мақал-мәтелдер мен шешендік сөздерде айтысы мен олардың толғау, терме өлеңдерінде көзделетін мақсат – біріншіден, ас пен тойды қызықты ету, халықтың көңілін көтеру болса екіншіден, адамның көңіл-күйіне сөз өнерінің құдіретті күшімен әсер етіп, жүрек тебіренісін туғызу, үшіншіден, жиынға қатысушы үлкені-кішінің бәріне ақыл-нақыл айту, ой салу, тәлім-тәрбие беру.

Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой-санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Сондықтан әрбір әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің салт-санаға әсер ететін тәрбиелік мәні зор.

Сондай салттардың бірі – баланың дүниеге келуімен байланысты салттар. Бала туғаннан кейін қырық күн өткен соң ел ішіндегі аузы дуалы қарияға немесе баланың атасына, әжесіне немересінің атын қойғызады. Кейде «Қырықтың бірі қыдыр» деп құдайы қонаққа да баланың атын қойғызатын сәттер болады.

Көбінесе молданы әкеп азан шықыртғыш, баланың атын қойдырған. Ат қойыстың өзінен де бүкіл бір халықтың ұлттық ерекшелігі, таным-түсінігі, ой-арманы ап-айқын көрініп тұрады.

Баланы туған күнінен бастап күн аралата тұзды сумен шомылдыру, маймен денесін сылау, өс-өс деп қол-аяғын керіп-созу, онда олеңмен:

Өс-өс! балам, өсе бер, Аяғыңды созайық.

Батыр бол – балуан білекті, Саусағыңды жазайық,

Батыл бол – таймас жүректі. Етті болсын балтырың,

Епті боп өс, жарқыным, өс-өс!

– деп тілек айту дәстүрлері сақталған. Ол жас нәрестенің дене құрылысының дұрыс өсуіне жасалған қамқорлық. Жас босанған әйелдің кейде емшек сүтінің аз болуы да мүмкін. Ондай жағдайда жас сәбиге биенің саумал сүтін аз-аздан беру, қойдың құйрығын сорғызу сияқты әрекеттер жасалған.

Қазақ баласын ағаш бесікке бөлеп өсіреді. Ағаш бесік көшпелі өмірге өте ыңғайлы. Бесік иіп кептірілген талдан жасалады. Екі басын қайың ағаштан да шауып жасауы мүмкін. Астына тақтай салып, дәрет жүретін жерді тесіп, ойып қояды. Оған киізден түбек жасап кигізеді. Баланы орайтын кеудеше, аяқ жақты қымтайтын көрпешеммен (оны жөргек деп атайды) орап таңып қояды, басына кішкене жастық салады. Баланың бесікте кіші дәретке отыруына ыңғайлы етіп қойдың асық жілігінен тесіп шүмек, үлкен дәретке арнап киізден түбек жасайды. Оған орта беліне дейін күл салады. Бала бөлеген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабады. Әр жабылған нәрсенің өзіндік мәні бар. Мәселен, ең бірінші етіп бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдар ілінеді. Тон, шапан жабу – ержеткенде бала халыққа қадірлі болсын деген тілек; жүген ілу – ат ұстайтын азамат болуын тілеу; кебенек, қамшы ілу – ел қорғайтын батыр болсын деген тілек.

Бесікке салғандарға бірнеше білезік, сақина, жүзік үлестіреді. Ал бесікке салған бәйбішеге таза матадан көйлек кигізеді.

Бесіктің бала тәрбиесіне ыңғайлылығы: біріншіден, көшіп-қонғанда түйеге артып жүруге қолайлы, екіншіден, баланы емізгенге өте ыңғайлы. Баланы жөргектен шешіп жатпай-ақ, ана бесікке асылып отырып та емізе береді. Тіпті анасы емізе отырып, мызғып та алады. Үшіншіден, бесік баланың денесінің тазалығына, ұйықтауына қолайлы. Баланың нәжісі (зәрі) денеге жайылмай шүмек, түбек арқылы кетеді. Денесі құрғақ болса, бала жылы жатып, тыныш ұйықтайды. Ал бала денесінің өсуі үшін ұйқы аса қажет. Бала 40 күнге дейін 22-23 сағат, 6 айға дейін 20-21 сағат, ал 1 жасқа дейін 18-20 сағат ұйықтайды. Ұйқысы тыныш баланың денесі тез өсіп жетіледі.

Қазақ баласының бесігі – құс төсек, жастық, жаялық, жөргек, қол бау, тізе бау, тізе жастық, бесік көрпе, шүмегі мен түбегі тазалық үшін ыңғайлы даярланған, екі басы доғаша иіліп жасылынған, құрау шабақтары нығыз киюластырылған, екі қос аяқтары дөңес табанды болып келеді және арқалығы өрнектелген.

Бесікке салу рәсімі көбінесе, баланы қырқынан шыққан соң кішігірім той ретінде өтеді. Бесікке салу рәсіміне шақырылған ауыл үйдің әйелдері шашуын, жол жорасын ала келеді. Баланы алғаш рет бөлеу рәсімі көп бала өсірген үбірлі-шүбірлі әйелге тапсырылады. Ондағы мақсат – сол кездегі жас келіншектердің де сол әйелге ұқсап көп баланы дүниеге әкеліп, оларды тәрбиелеп құрметті ана мәртебесіне ие болу.

Жарық дүниеге жаңа келген нәрестенің әсем әуен, күмбір күй, анасының үні қосылған дабыр арқылы сезім жүйесі ояна түседі. Шілдеханадағы шаттық, ойын-сауық нәрестені қоршаған балалар мен ересек адамдардың көңілін көтереді, бауырмашылдығын арттырады, өнерін өркендетіп, дарынын дамыта түседі.

Шілдехана жыры құтты болсын айту, бата беру рәсімінде жырланады:

Бөбектің бауы берік болсын  
Өскен сайын өрлесін  
Еш жамандық көрмесін  
Өзі жарық күн болсын  
Жасы ұзақ, мың болсын!

Соңғы кезде «Шілдехана» тойы бала туған соң жеті күннен кейін, немесе бала қырқынан шыққан соң өткізіліп жүр. Халық салтында шілдехана тойында ішімдікке жол беру – әрі обал, әрі күнә, әрі қылмыс болып табылады.

Бөбек туғаннан кейін жеті-сегіз айдан соң, әуелі еңбектеп, содан кейінірек қаз-қаз тұрып, қаз басып жүре бастайды. Бала тәй-тәй басып жүре бастаған кезде, тұсау кесу рәсімі жасалып, тұсау кесу жыры айтылады.

Тұсау кесу – әдет-ғұрыптық, ырым-рәсімдік қуаныш мәжілісінде айтылатын жыр. Көбінесе, бір жасқа толып, еркін жүре бастаған бөбектің басқан қадамы құтты болып, одан әрі жаны жамандық көрмей, жақсы жүріп кетуіне тілек білдіріп, оның ата-анасы қуанышқа ортақ жақын адамдарды жинайды да, сыйлы адамға бөбектің тұсауын кестіреді. Баланың тұсауы ала жіппен немесе қойдың тоқ ішегімен байланады да, тұсау кескен соң тұсау кесушіге сый-

сыяпат көрсетіліп, сыйлық беріледі. Тұсау кесілген соң баланы ақ жайма үстімен немесе қалың кілем үстімен жүргізіп:

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,  
Тай-құлын боп шаба ғой,  
Қадам бассаң мәз болам,  
Озып бәйге ала ғой.  
Күрмеуінді шешейін,  
Қаз баса ғой, шырағым,  
Тұсауыңды кесейін,  
Құтты балсын қадамын.  
Қаз-қаз, балам, қаз, балам,  
Өмірге аяқ баса бер,  
Тақымыңды жаз, балам,  
Асулардан аса бер,  
Қадамыңды қарайық,  
Жүгіре қойшы құлыным,  
Басқаныңды санайық.  
Желбіресін тұлымың  
Қаз-қаз, балам, жүре ғой,  
Елгезек бол, ерінбе,  
Балтырыңды түре ғой,  
Ілгері бас, шегінбе,

– деп, ата-ана қуаныш білдіріп, арман-тілегін айтады.

Бала 7 жасқа толған кезде әке-шешесі немесе атасы, әжесі қолынан жетектеп, мектепке (медресеге) оқуға апаратын болған.

Баланың мектепке баруын ауыл-аймақ болып қуаныштап, әйелдер анасына қайырлы болсын айтып, «тілашар» тойына арнап шашу шашады. Ата-анасы арнайы мал сойып, тойға келгендерді ет, қымыз, шай беріп сыйлайды. Қариялар кетерде оқуға барған жас балаға «хатты тез танып, кітапты көп оқып, Лұқпандай хакім, Атымтайдай жомарт болсын, 12 ғаламның тілін білсін» деп бата беріп, тілек тілейді.

Тоқым қағу тойы – 7-8 жасар бала нағашы жұрты бәйгеге мінгізген құнанына ашамай ерін ерттеп мініп, бірінші рет үйінен алысқа жолаушылап шығып, нағашы жұртына барады. Сонда әке-шешесі бір малын сойып, ауыл адамдарын шақырып, тоқым қағар тойын жасайды.

Әр халықта баланың дүниеге келуімен байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері, ырым-тыйымдары, рәсімдері ерекше. Дегенмен, кейбір шығыс халықтарында қазақ халқының дәстүрлеріне ұқсас рәсімдері де бар.

Өзбек халқына тән ерекшеліктердің бірі – қонақжайлылық пен жасы үлкенге құрмет көрсету. Өзбек халқының дәстүрлері мәдени үдерістер мен барлық тайпалар және халықтар дәстүрлерінің араласып келулерінің нәтижесінде сан ғасырлар бойы қалыптасты.

Өзбек халқындағы балаға қатысты салт-дәстүр, рәсімдердің шығу тарихы рулық патриархалды қатынастарға негізделеді. Салт-дәстүрлерінің көпшілігі отбасылық өмірмен, бала тәрбиесімен үйлену тойы, жерлеу дәстүрлерімен байланысты. Басты рөлді баланың дүниеге келуіне (бесік тойы, сүндет тойы) және отбасын құруға байланысты (атастыру, үйлену тойы) рәсімдері ойнайды. Олар ислам рәсімдерінен бастау алатын ежелгі тәжірибемен сабақтасады.

Ислам дінінің енуімен тұрмыстық-отбасылық дәстүрлері өзгеріп, өзбек халқының тұрмысына діни мұсылмандық салт-дәстүрлер енді. Жұма ортақ намазды шіркеу мешітінде атап өтетін мерекелік күн болып есептеледі. Мұндай діни рәсімдер қазақ халқында да кездеседі.

Патриархалдық салттар мешіттерде, базарларда және тек қана ер адамдар жиналатын шәйханаларда өз жалғасын тауып отырды. Мұндай рәсімдерде өзбек халқындағы әйел адамдардың қатысуына қатаң тыйым салынады.

Өзбек халқында бала тәрбиесінде елеулі орын алатын бірлестік – махалла әлі күнге дейін оң ықпал жасау күшін жойған емес.

Қазақ және өзбек халықтары дәстүрлеріндегі ұқсастықтардың басым бөлігі бесік тойы, сүндет тойы, құда түсу рәсімі мен үйлену той салттарында жиі кездеседі (*3-кесте*).

*3-кесте*

### **Қазақ және өзбек халықтары салт-дәстүрлерінің салыстырмалы талдауы**

<b>Дәстүр</b>	<b>Ұқсастығы</b>	<b>Айырмашылығы</b>
Бесік тойы	Бесік және сәбиге қажетті жабдықтарды сәбидің ата-анасы немесе нағашылары әкеледі. Рәсім соңында қонақтар сәбиді көру мақсатымен бөлмесіне келіп, сыйлықтар сыйлап, бесікке шекер мен кәмпиттер шашады.	Сәби туылғаннан 7, 9 немесе 11 күн өткенде өткізіледі. Әкелінген бесікті алдымен сәбидің атасы оң иығымен әкеліп, сәбидің әкесінің оң иығына салып береді. Ол бесікті сәбидің анасына апарды.



Сүндет той	Қарттар, имам (уағыздаушы) және ағайын-туғандар қатысуымен құран оқылады, балаға бата беріледі. Рәсім аяқталар алдында балаға ақша мен тәттілер тарту етіледі.	3, 5, 7, 9 жастағы, кей жағдайда 11-12 жастағы ер балаларға жүргізіледі. Дәстүрлі тағамы палау таратылуымен және алаудың жанындағы бимен аяқталады.
Құда түсу	Ата-ананың рұқсаты мен ақ батасын алғанда өткізіледі. Құдалар некелесу күнін белгілейді. Барлық келген дәнекерлерге шелпек пен орамал, тәттілер, сонымен қатар қалыңдық жағынан күйеу мен оның ата-анасына сыйлықтар таратылады.	Келген құдалар өздерінің келгендегі мақсаттарын айтқан соң, «шелпек сындыру» («нон сындириш») рәсімі басталады. Үйіне оралған соң, баланың ата-анасының қолынан сыйлықтар салынған табақшалар алынып, «сарпо құрар» рәсімі басталады (сыйлықтарды қарау).
Үйлену тойы	Үйлену тойы қарсаңында мешіт имамы жастарға «Хұтбаи никох» (некелесу дұғасын) оқиды, жастар құдай алдында ерлі-зайыпты деп саналады. Никох рәсімі аяқталғасын, әдетте олар АХАЖ бөліміне азаматтық некені тіркеуге барады. Той басталмас бұрын, қалыңдықтың ата-анасымен қоштасу рәсімі өткізіледі.	Той күні қалыңдықтың үйінде күйеу жігіт жағы дайындаған палау таратылады. Бұл палауды алдын ала жігіттің жеңгелері әзірлеп, қалыңдықтың үйіне жібереді. Үйлену тойының алдында қалыңдық пен күйеу жігітке сарпо киімі киіледі (сарпо – үйлену тойына арнайы сыйланған киім және аяқ киім). Үйлену тойының соңында күйеу жігіт қалыңдықты жастарға арналған бөлмеге дейін алып барады. Бөлмеде оны «янга» (қалыңдыққа жақын саналатын әйел, келіншек) күтеді. Қалыңдық күйеу жігітті перденің арғы жағында («гушанга») оты-

		рып күтеді. Біраз уақыттан соң күйеу жігіт достарымен қалыңдық отырған бөлмеге кіреді де, қалыңдықты көру үшін «янғаға» сұраған пұлын береді.
--	--	---

Баланың дүниеге келуі қырғыз халқының отбасы мен тегінде ең басты және қуанышты хабар болып саналады. Отбасындағы бала – тегі мен дәстүрінің жалғасы, халқының мәңгілік өмірінің кепілі. Сондықтан бала дүниеге келмес бұрын, жүкті әйелді үйдің барлық ауыр шаруасынан шектеп, ауылдан тыс жолда жалғыз жүруіне тыйым салады.

Әр түрлі теріс әсерлерден сақтану мақсатымен жүкті әйел, Құранның үзінділері жазылған бойтұмар, сонымен қатар аю тырнағы («аюу тырмағы»), үкі тырнағы («укунун тырмағы») секілді тұмарлар тағып жүреді.

Қырғыз халықтарында, қазақ халқы секілді туыстық атаулары әкелік жағынан сипатталады. Қазақ және қырғыз халықтарының балаға қатысты салт-дәстүрлерін салыстыра келіп, олардың рәсімдері арасында біршама ұқсастықтар мен өткізілу ерекшеліктерінің бар екендігін байқауға болады. Осы екі халықтардағы кейбір рәсімдердің әр халықтың өзіне тән өткізілу ерекшелігі мен ұқсастықтары *4-кестеде* көрсетілген.

*4-кесте*

#### **Қазақ және қырғыз халықтары салт-дәстүрлерінің салыстырмалы талдауы**

<b>Ұқсас дәстүрлер</b>	<b>Ерекше дәстүрлер</b>
Жаңа туған сәбиге ит көйлегін («ит койнок») кигізеді.	Баланың ит көйлегін алдымен ит терісіне тигізіп, сонан кейін сәбиге кигізеді.
«сүйінші» («суйунчу») – қуанышты хабарды жеткізгені үшін сыйлық алу.	Әйел адам балаға ат қоймайды.

<p>«көрімдік» («көрүндүк») – дүниеге келген сәбиді көру үшін сыйлык беру.</p>	<p>Сәбиді бесікке салатын қария: «Менің қолым емес, Ұмай ана, Фатима, Зухраның қолы. Ұмай ана, бесік иесін берік сақтап, тыныш ұйқы бер», – деп айтуы қажет («Менин колум эмес, Умай-эне, Батма, Зууранын колу. Умай-эне уйку бер, бешик ээси бек сақта»).</p>
<p>Дүниеге келгенінен 40 күн өткен соң, сәбиді бесікке 40 қасық суға шомылдырады.</p>	<p>Дүниеге келгенінен 40 күн өткенде, әжесі сәбиге 40 түрлі мата бөліктерінен тігілген «қырық көйлегін кигізеді».</p>
<p>Баланы көз тиюден сақтау үшін сәбидің бесігіне немесе киіміне тұмарлар байланады.</p>	<p>Майға 40 шелпек пісіріліп («май тоқоч»), 40 балаға таратылады.</p>
<p>«Тұсау кесу» («тушоо кесу») рәсімінде баланың аяғын ала жіппен (қара және ақ түсті екі жіңішке тоқыма жіппен өрілген жіпті баланың аяғына) байлап, кеседі.</p>	<p>Баланың тұсауын 8-12 жас аралығындағы балалар жарысынан жеңіске жеткен бала кеседі.</p>
<p>Ер балалар 3,5 немесе 7 жасқа толғанда ислам діні қағидасына сәйкес сүндетке отырғызылады.</p>	<p>Қыз балаларға 9-10 жасында шаш өру рәсімі өткізіледі. Қыздар бұл күні шашын қос өрімдерін тарқатып, 20 майда өрімге жеткізеді</p>
<p>Әрбір 12 жылда мүшел жас тойланады. (бірінші мүшел 13 жас – 12 жыл + баланың құрсақтағы 1 жылы)</p>	<p>Алғашқы мүшел жасында бала өзінің ескі киімінің бірін өзге адамға беруі шарт («кол кайыр») және қой сойып, таратуы қажет («садага чабуу»)</p>
<p>Құда түсу түрлері – «Бел құда» (дүниеге келмеген балаларды атастыру) және «Бесік құда» (сәби кезеңінде атастыру).</p>	<p>Үйлену тойы алдында қалыңдыққа «шаш өру» рәсімі болады. Бұл рәсім оның ересектік өмірге қадам басуының бір белгісі болды.</p>
<p>Күйеу жігіттің ағайындары қалыңдықты ауылдарына алып кететін күні қыз үйінде «Қыз ұзату» рәсімі өткізіледі.</p>	<p>Дәстүр бойынша қыз 1 жылдан соң, ата-анасының үйіне барып, сонда бірнеше күн болуы тиіс. («теркуле»)</p>

«Киіт» дәстүрінде күйеу жігіттің ағайындары әкелген киімдер мен сыйлықтар қалыңдықтың ағайындарына таратылады.	
Қалыңдыққа құн төлеу үшін оның ата-анасына «қалың» беріледі. Оған ең негізгі, мал және «9 табаққа» тағамдар немесе бұйымдар салып әкелінеді.	

Ата-баба дәстүрін қандай заманда өмір сүрсе де, бұлжытпай сақтауға тырысатын ұлттың бірі – жапон. Ғылымы мен техникасы қарыштап дамып, кез келгеннің миы жетпес ғажайып технологияларды өндіріске енгізіп, соның арқасында экономикасы өзге мемлекеттерден озық тұрған Жапонияның адам ресурстарына деген қатынасы таңданарлық. Баланың ержеткенге дейінгі рухани толысуы үшін жасалатын ғұрыптар Күншығыс храмдарында күні бүгінге дейін бұлжытпай орындалады деуге болады.

Ер баланың да, қыз баланың да ойнайтын ойыншығына дейін ұлттық нақышта жасалған. Бұл жүз ақынның өлеңін жатқа айту деген сөз. Феноменді ми қабілеті осылай дамиды. Жапондар бала тәрбиелеуде «ұл», «қыз» деп бөлмейді. Екеуін де қазақ халқы сияқты еркелетіп өсіреді. Күншығыс елі мен қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі бір ұқсастық – ер баланы ел қорғаны, қыз баланы келешек отбасы ұйытқысы болуға баулу.

Жапонияға жүз жылдан астам уақыт Еуропа мен Американың ықпалы зор болды. Бұны урбанизация тұрғысына ғана емес, рухани-моральдық жағынан да байқауға болады. Жетпіс жылдан аса отарлықтың зардабы қазақтың ұлттық болмысына қалай әсер еткенін бүгін көріп отырмыз. Әкесін сыйламайтын қыздар, атасын менсінбейтін келіндер соның нәтижесі. Жапондар ұлттық тұтастықты бекем ұстаудың арқасында ұл-қыз тәрбиесін де уысынан жіберген жоқ. Күншығыс елінде үлкенді сыйлау деген ұғым іс жүзінде жоғары деңгейде. Одан соң көрініс беретіні – ер адамды қадірлеу. Бұны бір жақты түсінуден аулақ болу керек. Ежелгі жапон салт-дәстүріне үңілсек, ер балаға самурай ерлік дәстүрін өнеге етіп, тәлім бергенін жапонның ұлттық әдебиетінен байқаймыз.


Қазақтың «батыр болар ма екенсің» дегені сияқты, жапондар ұлын ержүрек, ертеңгі ел қорғаны етіп тәрбиелеуге баса мән берген. Қазақ батырлары он үшінде жауға шапса, жапон самурайы он бесінде қолына қылыш алған.

Ежелгі жапонның ұлттық тәрбиесі рухани құндылықтарды бала жүрегіне құйып, бабалар жолымен жүруге бейімдеп, даналықтың бастауынан нәр беруге негізделген. Жапон ұлтының ер бала тәрбиесіндегі басты арқауы көне заманда ата-бабалар қалдырған философиялық еңбектерін, байырғы әдебиеттерді оқыту арқылы ер баланы жоғары саналы парасат иесі болуына ықпал еткен. Ер балаларды самурайлық ерлік жолымен тәрбиелеуге арналған мектептер ХХ ғасырға дейін Жапонияда көп болған. Ол мектептерде ер баланы батырлықтың қыр-сырына үйретіп, ел қорғайтын батыр болуға тәрбиелеп қана қоймай, жаратылыстану ғылымдарымен қатар әдебиет, музыка, риторика тәрізді пәндер оқытылған. Жапон халықтары бала тәрбиелеуде өзіндік ерекшеліктермен сипатталады (*4-сурет*).

Жапония капитализм дәуіріне қадам басқанда ұлттық мектептердің орнын еуропалық оқу орындары басты. Ұлт қаһармандары сол мектептермен бірге тарих қойнауында қалды. Сайго Такамори ел жадында әдебиет арқылы қалды. Техниканың дамыған заманында балаларды компьютерге таңа бермей, жапон халқы ерлік дастандарын да бала тәрбиелеуде жадынан шығармаған халық.

Бала тәрбиелеудің еуропалық дәстүрлері мен Қытайдың бала тәрбиелеу дәстүрлері арасында едәуір айырмашылықтар бар. Қытайдағы бала тәрбиесі мемлекеттің қамқорлығында болады, сондықтан баланы 3 айдан бастап балабақшада тәрбиелеу қалыпты болып саналады. 1 жарым жасқа келгенде олар балаға есеп шығару, ән салу, сурет салу мен хат тануды үйретеді. Бала тәрбиелеу қытайлықтар үшін аса маңызды шаруа, сабаққа ерте жастан табандылықпен қарайды. Балалар ерте шақтан адамдармен тез тіл табысқыш келеді. Тәрбиеде қолданатын әдістері балаларды тіл алғыштыққа тәрбиелейді.

Қытайлықтар үшін баланың дүниеге келуі – бұл үлкен мереке. Әсіресе, ер баланың дүниеге келуі қытайлықтар үшін аса маңызды болған. Ер бала дүниеге келгенде, ата-анасы баланы қуаныш нышаны болатын қызыл түсті киіммен сәндеп, туысқандары мен таныстарына баланы көрсетеді.



**4-сурет.** Жапон халықтарының бала тәрбиелеу ерекшеліктері

Баланың дүниеге келу рәсімін өткізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Сәбиді 3 күннен соң әулеттің үлкендері шомылдыруға кіріседі. Су құйылған ыдысқа отбасының ағайын-туысқандары алтын және күміс теңгелер, грек және жер жаңғақтарын, сондай-ақ лотос жапырағын, құрма, пісірілген жұмыртқаны салады. Осылардың барлығын

суға араластырғанда, қызыл рең береді, яғни қытайлықтар үшін – қуаныш түсі.

Қытайлықтар үшін баланың дүниеге келгенінен 1 ай өткен мерекесі ерекше тойланатын дәстүр. Бұл уақытта отбасының туысқандары мен жолдастары балаға алтын-күміс сылдырмақтар мен ұзақ өмір сүру Құдайы бейнесі бар базарлықтарын әкеледі.

Қытай қоғамының негізі жанұядағы әкеге, ер адамға деген құрметтен құралады. Дәстүр бойынша, бала тәрбиесі дүниеге келгеннен басталады. Басқа елдердегі қабылданған бала тәрбиелеу дәстүрлеріне қарамастан, Қытайда бала тәрбиесі өте қатал. Ұл балаларды тәрбиелеу қыздарды тәрбиелеуге қарағанда аса маңызды әрі ауыр: оларды сыпайылық пен адамгершілік тақырыбындағы әндерді жаттауға үйретеді. Ал қыз балалар үлкенді сыйлауды, енжар, сыпайы және үй шаруасының жұмыстарын білсе жеткілікті.

Мектепке дейінгі тәрбие әр түрлі формада іске асады, құрылымы мен салтында да айырмашылықтары бар. Арнайы білім беру ұйымдарымен қатар, балабақшалар қоғамдық бірлестіктер мен мекемелерде, жеке тұлғалардың атымен де жұмыс жасайды. Бірақ олардың барлығы бір қағидамен – тәрбиенің үйлесімді болуы және баланың дамуымен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие баланың жан-жақты дамуына негізделеді және баланың қабілетінің шыңдалуына жағдайлар жасалады. Сонан кейін бұл қағидалар мектептерде жалғасын табады. Қытайда бастауыш білім 6 жылға, орта білім 3 жылға созылады. Қытайда білім беру 6 жастан бастап барлық балаға міндетті.

Қазақтардың ата-бабаларының көршілес елдермен (монғол, татар, ұйғыр, қырғыз) мәдени қатынастарда болуы да отбасы тәрбиесіне өз ықпалын тигізгені даусыз. Сондықтан халықтардың әдет-ғұрпында, салт-дәстүрінде, тілі мен өнерінде, бала тәрбиесінде көптеген ұқсастықтар пайда болды.



### **Сұрақтар мен тапсырмалар**

1. Шығыс халықтарына тән отбасы тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері
2. Шығыс халықтарының отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлері

3. Шығыс халықтарының отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлерінің ерекшеліктері мен ұқсастықтары

4. А.Э.Измаиловтың «Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана» атты еңбегін оқып, талдау жасаңыз.



## Әдебиеттер

1. Измаилов А. Э. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1991.

2. Көпеев М. Ж. Қазақ шежіресі. Таңдамалы шығармалары 2-том. – Алматы, 1993.

3. Абдрашева Б. Ж. Ұлттық дәстүр-әлеуметтік институт ретінде. – Алматы, 2008.

4. Жұмабеков А. Қ. Түркі халықтарының жазба мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлер (VI-VIII ғғ.). – Шымкент, 2004.

5. Обычайи и обряды кыргызского народа ...

*www.orexca.com, www.easttime.ru*

6. Жарықбаев Қ., Қалиев. Қазақ тәлім – тәрбиесі. – Алматы, 1995.

7. Кемал М. Кабуснама. – Астана, 2002.



## Блум таксономиясы негізінде анықталған сабақ мақсаттарына сай семинар сабақтарының үлгі жоспарлары

### 1-тақырып: Отбасы педагогикасы ғылым ретінде

#### Мақсаты:

**Білімдік.** Отбасы педагогикасының негізгі ұғымдарын еске түсіреді. Отбасы педагогикасының құрылымы жайлы айтып береді.

**Дамытушылық.** Отбасы педагогикасының басқа ғылымдармен байланысын ашып көрсетеді, өзіндік шешім қабылдауға дағдыланады.

**Тәрбиелік.** Студенттер шағын топтар құрамында бір-бірінің пікірлерін тыңдайды, шығармашылық тұрғысынан қарым-қатынас құрып, өзара әрекеттеседі, мақсаттарға бірлесе жетуге тырысады.



#### Қарастырылатын сұрақтар:

1. «Отбасы педагогикасы» және оның негізгі ұғымдары. «Отбасы педагогикасы» курсының құрылымы.
2. Отбасы педагогикасының нысаны мен пәні. Міндеттері.
3. Отбасы педагогикасының басқа ғылымдармен байланысы.



#### Тапсырмалар:

##### ► Білім деңгейіндегі тапсырма

«Отбасы педагогикасы» ұғымына берілген анықтаманы еске түсіріңіздер. Отбасы педагогикасының нысаны мен пәні жайлы айтып беріңіздер.

##### ► Түсіну деңгейіндегі тапсырма

Отбасы педагогикасы мақсатын ашып көрсетіңіздер.

##### ► Қолдану деңгейіндегі тапсырма

Отбасы педагогикасының басқа ғылымдармен арасындағы байланысты ашып көрсетіңіздер.

##### ► Талдау деңгейіндегі тапсырма

Отбасы педагогикасы курсының құрылымдарын топтастырыңыздар. Кластер әдісі арқылы орындау.



► **Синтез деңгейіндегі тапсырма**

Отбасы педагогикасының негізгі міндеттерін сызба түрінде көрсетіңіздер (Жинақтау деңгейіндегі тапсырма).



► **Бағалау деңгейіндегі тапсырма**

«Отбасы педагогикасы ғылым ретінде» тақырыбына эссе жазыңыздар.

## **2-тақырып: Отбасы педагогикасының қалыптасуы мен дамуы**

### **Мақсаты:**

**Білімділік:** Отбасы тәрбиесінің тарихи дамуы туралы түсінік қалыптастырады.

**Дамытушылық:** Студенттер өз ойларын тиянақтап, дәлелдейді, өздерінің тәжірибесінен мысал келтіреді.

**Тәрбиелік:** Студенттер жұппен және топпен жұмыс жасайды, топ ішінде өз ойларымен бөліседі.



### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Отбасы тәрбиесінің тарихи даму аспектісі. Қоғам дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері

2. Қазақстандық ғалымдар мен зиялы тұлғалардың отбасы тәрбиесі туралы еңбектері мен көзқарастары

3. Қазақстандық отбасында қазіргі кезде кездесетін кризистік жағдайлар



### **Тапсырмалар:**

#### **► Білім деңгейіндегі тапсырма**

Ғалымдардың берген анықтамаларына сүйене отырып, отбасы тәрбиесі туралы ұғымдарға сипаттама беріңіз(дер)

#### **► Түсіну деңгейіндегі тапсырма**

Қоғам дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттеріне сипаттама беріңіздер.

#### **► Талдау деңгейіндегі тапсырма**

Қазақстандық ғалымдар мен зиялы тұлғалардың отбасы тәрбиесі туралы еңбектері мен көзқарастарына талдау жасаңыз.

#### **► Қолдану деңгейіндегі тапсырма**

Отбасындағы кездесетін кризистік жағдайлардың бала тұлғасының дамуына әсерін нақты дәлелдерге сүйене отырып дәлелдеңіз.

#### **► Синтез деңгейіндегі тапсырма**

Қазақстандық отбасында қазіргі кезде кездесетін кризистік жағдайларды схема ретінде көрсетіңіз.

### **3-тақырып: Отбасы әлеуметтендіру және тәрбиелеу субъектісі ретінде**

#### **Мақсаты:**

**Білімділік:** Студенттер «отбасы» және «отбасы тәрбиесі» туралы ұғымдарды пысықтайды, отбасының әлеуметтік институт ретіндегі тәрбиелеу мүмкіндіктерін бөліп қарастырады, оның мақсат міндеттерін, гендер, гендерлік тәрбие ұғымдарының мәнін, отбасы типтері туралы түсініктерін нақтылайды, тереңдетеді.

**Дамытушылық:** Студенттер «Отбасы» және «отбасы тәрбиесі» туралы ғалымдардың берген анықтамаларына талдау жасауға, отбасы тәрбиесі туралы өз пікірін беруге дағдыланады.

**Тәрбиелік:** Студенттер топ ішінде талқылауға қатынасып, бір-бірінің пікірлерімен санасады, топ мүшелерінің барлығы да тақырыпты меңгеру үшін бір-біріне жәрдемдеседі.



#### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. «Отбасы» және «отбасы тәрбиесі» туралы ұғым
2. Отбасы әлеуметтік институт ретінде. Отбасының тәрбиелеу мүмкіндіктері
3. Отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері
4. Отбасы типтері (түрлері)
5. Отбасындағы гендерлік тәрбие



#### **Тапсырмалар:**

##### **► Білім деңгейіндегі тапсырма**

«Отбасы» және «отбасы тәрбиесі» туралы педагог ойшылдардың берген анықтамаларын еске түсіріңіздер және атап беріңіздер.

##### **► Түсіну деңгейіндегі тапсырма**

Отбасының әлеуметтік институт ретінде тәрбиелеу мүмкіндіктеріне өз ойларыңызды білдіріңіздер.

##### **► Қолдану деңгейіндегі тапсырма**

Отбасының бір типін таңдап алу арқылы, сол түрін демонстрациялап көрсетіңіздер.(Топтық жұмыс)

► **Талдау деңгейіндегі тапсырма**

1. Қазіргі қоғамда отбасындағы гендерлік тәрбие қаншалықты деңгейде жүзеге асып отыр деп есептейсіздер? Ойларыңызды дәлелдеңіздер.

Болмаса

► **Синтез деңгейіндегі тапсырма**

Отбасында гендерлік тәрбие беру қажет/ қажет емес» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар.

► **Бағалау деңгейіндегі тапсырма**

«Отбасы әлеуметтік институт» тақырыбына эссе жазыңыз.

**4-тақырып: Отбасының қызметтері мен ұстанымдары**

**Мақсаты:**

**Білімділік:** Студенттер отбасының атқаратын қызметтерін, тәрбиелеу ұстанымдарын бірлесе отырып талқылайды, түсініктерін тереңдетеді.

**Дамытушылық:** Студенттер ғалымдардың отбасының қызметтері мен ұстанымдары туралы пікірлеріне талдау жасауға, отбасының қызметтері мен ұстанымдарының мәнін мысалдар келтіре отырып ашуға, отбасы тәрбиесіне өз пікірін беруге дағдыланады.

**Тәрбиелік:** Студенттер топ ішінде талқылауға қатынасып, бір-бірінің пікірлерімен санасады, топ мүшелерінің барлығы да тақырыпты меңгеру үшін бір-біріне жәрдемдеседі.



**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Отбасының қызметтері.
2. Отбасының ұстанымдары.



**Тапсырмалар:**

► **Білім деңгейіндегі тапсырмалар**

Оқулықтағы берілген мәліметтерден:

- отбасының қызметтерін;
- отбасында тәрбиелеу ұстанымдарын тауып, оқып зерделеніздер.

► **Түсіну деңгейіндегі тапсырма**

Ж. Б. Қоянбаев, Т. Б. Бегелиев, Р. Е. Әжібаев, Л. М. Панкова, И. В. Гребеншиков мен Т. А. Васильновалардың бойынша отбасы қызметін топтастырыңыз.

► **Қолдану деңгейіндегі тапсырма**

Отбасындағы тәрбиелеу ұстанымдарын басшылыққы ала отырып:

– ізгілендіру ұстанымына өмірден мысал құрастырыңыз.

► **Талдау деңгейіндегі тапсырма**

Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, отбасының ұстанымдарын сызба түрінде көрсетіңіз.

► **Синтез деңгейіндегі тапсырма**

«Бала тәрбиесінде белгілі бір ұстанымдарды басшылыққа алудың маңыздылығы» тақырыбына эссе жазыңыз.

## **5-тақырып: Отбасының құқықтық-нормативтік базасы**

### **Мақсаты:**

**Білімділік:** Студенттер Қазақстан Республикасының Конституциясындағы,

«Неке және отбасы туралы» Заңындағы, Балалардың құқығын қорғау туралы конвенциядағы, «Білім туралы» Заңдағы отбасы тәрбиесіне қатысты баптармен танысып, өзіндік пікір қалыптастырады.

**Дамытушылық.** Студенттер жоғарыда көрсетілген заңдар туралы білімдерін айқындайды, оларды күнделікті өмірде қалай қолдануға болатындығы туралы ойланады.

**Тәрбиелілік.** Студенттер шағын топтар құрамында бірлесе еңбектенеді, бірін-бірі үйретеді, ойларын тұжырымдайды, ортақ мәмілеге келеді.



### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. «Отбасы туралы» Заңының 27-бабы.
2. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының 52, 62-баптары.
3. Балалардың құқығын қорғау туралы конвенция.

4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы отбасы тәрбиесі туралы мәселелер.



### **Тапсырмалар:**

#### **► Білім деңгейіндегі тапсырма**

Қазақстан Республикасында отбасы мәселелері туралы қабылданған қандай заңдар бар? Атап беріңіздер.

#### **► Түсіну деңгейіндегі тапсырма**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «отбасы» туралы қандай мәселелер қарастырылғандығын түсіндіріп беріңіздер.

#### **► Қолдану деңгейіндегі тапсырмалар**

Неке және отбасы туралы заңымен балалардың құқығын қорғау туралы конвенциясындағы мәселелердің ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетіңіз.

#### **► Талдау деңгейіндегі тапсырмалар**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабымен танысып, мазмұнына талдау жасаңыз.

2. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10-тарауының 62, 63, 74, 77-баптарымен танысып, талдау жасаңыз.

3. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N345 Заңының төмендегі баптарын оқып, талдау жасаңыз.

#### **► Синтез деңгейіндегі тапсырмалар**

ҚР конституциясы, «Неке және отбасы туралы» Заңы, Балалардың құқығын қорғау туралы конвенция, ҚР «Білім туралы» Заңындағы отбасы мәселесі қарастырылған баптарды схема түрінде көрсетіңіз.

**6-тақырып: Отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздері**

#### **Мақсаты:**

**Білімділік:** Студенттер отбасы мүшелерінің бала тәрбиесіндегі рөлін, отбасының бала тәрбиелеудегі өмірлік маңызын анықтайды.

**Дамытушылық:** Студенттер тақырып бойынша өзіндік пікірлер қалыптастырады, туындаған мәселелерді өз бетімен шешуге және оны дәлелдеуге дағдыланады.

**Тәрбиелік:** Студенттер шағын топ құрамында бір-бірінің пікірлерін тыңдайды; шығармашылық тұрғыда қарым-қатынас құрып, өзара әрекеттеседі; ортақ мақсаттарға бірлесе жетуге тырысады.



### Қарастырылатын сұрақтар:

1. Ата-ана үйі (Қара шаңырақ).
2. Отбасындағы сүйіспеншілік – моральдық құндылық ретінде.
3. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі.
4. Бала дамытудағы ананың рөлі.
5. Немере тәрбиесіндегі ата мен әженің рөлі.
6. Ата-ана беделі. А. С. Макаренко ата-ана беделі туралы.
7. Отбасының бала тәрбиелеу дәстүрлері.



### Тапсырмалар:

Кезеңдері	Тапсырмалар
<b>Білім деңгейіндегі тапсырма</b>	Отбасы мүшелерінің рөлін атап беріңіз.
<b>Түсіну деңгейіндегі тапсырма</b>	«Қара шаңырақ», «Бедел» ұғымдарына берген түсініктеріңізді кесте жүзінде көрсетіп, қысқаша мазмұндап беріңіз.
<b>Қолдану деңгейіндегі тапсырма</b>	Беделдің түрлері туралы, олардың бір-бірінен ерекшеліктері жайында кесте құратырыңыздар.
<b>Талдау деңгейіндегі тапсырма</b>	Бала тәрбиесіндегі отбасы мүшелерінің рөлдерін бір-бірімен салыстырыңыздар.
<b>Жинақтау деңгейіндегі тапсырма</b>	Студенттерге «Өз үйім – өлең төсегім» тақырыбында эссе жазу.



<b>Бағалау деңгейіндегі тапсырма</b>	<p>«Сіздің ойыңызша қазіргі кезде отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлерін ұстану маңызды ма, емес пе?» деген пікірталас пен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады. Оқытушы сабақ соңында студенттерді критерийлер бойынша бағалайды.</p>
--------------------------------------	--

## **7-тақырып: Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас стилдері мен оны диагностиклау әдістері**

### **Мақсаты:**

**Білімділік:** Студенттер ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас стилдері мен оның бала психикасына әсері, ата-аналардың балаларымен арасындағы қарым-қатынасты түзету туралы білімдерін тиянақтайды.

**Дамытушылық:** Студенттер тақырып бойынша өзіндік пікірлер қалыптастырады, туындаған мәселелерді өз бетімен шешуге және оны дәлелдеуге дағдыланады.

**Тәрбиелік:** Студенттер жеке және шағын топ құрамында жұмыс істеу арқылы бір-бірінің пікірлерін тыңдайды; шығармашылық тұрғыда қарым-қатынас құрып, өзара әрекеттеседі; ортақ мақсаттарға бірлесе жетуге тырысады.



### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас стилдері және оның бала психикасына әсері.
2. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты зерттеу және түзету жұмыстары.



### **Тапсырмалар:**

#### **► Білім деңгейіндегі тапсырма**

Қарым-қатынастың қандай стилін білесіздер? Бұл мәселені қандай ғалымдар зерттеді?

#### **► Түсіну деңгейіндегі тапсырма**

Отбасында кездесетін қарым-қатынас стилдеріне сипаттама беріңіздер.

### ► Қолдану деңгейіндегі тапсырма

Ғалымдардың еңбектерне сүйене отырып, ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын реттейтін тренингтерді жүргізу әдістемесін ұсыныңыз.

### ► Талдау деңгейіндегі тапсырма

Отбасындағы қарым-қатынас мәселесін зерттеген кем дегенде екі ғалымның еңбектерін оқып, салыстырмалы талдау жасаңыз.

### ► Синтез деңгейіндегі тапсырма

Отбасындағы қарым-қатынастың бала психикасына әсерін өмірден мысал келтіріп, дәлелдеңіз.

## **8-тақырып:Отбасы тәрбиесінің мазмұны**

### **Мақсаты:**

**Білімділік:** Білім алушылар отбасы тәрбиесінің мазмұны туралы түсініктерін тереңдетеді.

**Дамытушылық:** Отбасы тәрбиесінің негізгі бағыттары туралы ойларын тиянақтайды, дамытады, тақырып бойынша өзіндік пікірлерін қалыптастырады.

**Тәрбиелілік:** Бір-бірінің пікірлерін тыңдауға; шығармашылық тұрғыда қарым-қатынас құрып, өзара әрекеттесуге үйренеді.



### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Отбасы тәрбиесінің мәні мен мазмұны.
2. Отбасында балаға адамгершілік тәрбие беру.
3. Отбасы жағдайында балаға құқықтық тәрбие беру.
4. Отбасында балаға эстетикалық тәрбие беру.
5. Отбасында балаға ақыл-ой тәрбиесін беру.
6. Отбасында баланы еңбекке баулу және кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу.
7. Отбасында балаға дене тәрбиесін беру мәселесі.
8. Жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлау мәселесі.



## Тапсырмалар:

### ► Білім деңгейіндегі тапсырмалар

1. Отбасындағы балаға тәрбие берудің негізгі бағыттарын атап көрсетіңіз.

2. Бала бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы отбасы мүшелерінің рөлін ашып көрсетіңіз.

### ► Түсіну деңгейіндегі тапсырма

А. С. Макаренконың тәрбие туралы айтқан пікіріне өз ойыңызды білдіріңіз (дер).

### ► Қолдану деңгейіндегі тапсырма

Отбасында балаға әр түрлі бағытта тәрбие берудің қажеттілігін нақты мысалдар арқылы дәлелдеңіз (дер).

### ► Талдау деңгейіндегі тапсырма

Жастарды болашақ отбасылық өмірге даярлау мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жасаңыз (дар).

### ► Синтез деңгейіндегі тапсырма

Отбасында баланың кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу жолдарын ұсыныңыз.

### ► Бағалау деңгейіндегі тапсырма

Бүгінгі сабақта айтылған мәселелерді негізге ала отырып, «Мен және отбасым» тақырыбында шағын эссе жазыңыз. Өз қалауыңыз бойынша топ алдында оқып беріңіз.

## 9-тақырып: Отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мәселесі

**Мақсаты:** Студенттер отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мәселелеріне өз пікірлерін білдіреді, отбасында мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу ерекшеліктерін, негізін анықтайды, бастауыш мектеп жасындағы балалардың даму деңгейіне мінездеме берген психологтардың сипаттамаларына талдау жасайды.



## Қарастырылатын сұрақтар:

1. Отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері.
2. Отбасында кіші мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мәселесі.



## Тапсырмалар:

### ► Білім деңгейіндегі тапсырма

1. Отбасында мектепке дейігі балаларды тәрбиелеу ерекшеліктерін еске түсіріңіздер.

### ► Түсіну деңгейіндегі тапсырма

«Отбасы - тәрбие негізі» тақырыбына өз ойларыңызды білдіріңіздер.

### ► Қолдану деңгейіндегі тапсырма

«Отбасында мектепке дейігі балаларды тәрбиелеу» тақырыбына эссе жазыңыздар.

### ► Талдау деңгейіндегі тапсырма

Психологтардың балаларды жас кезеңдеріне қарай бөліп, баланың анатомиялық-физиологиялық, психикалық, жалпы даму деңгейіне сәйкес берген сипаттамаларын басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың даму деңгейіне мінездеме беріңіздер.

### ► Синтез деңгейіндегі тапсырма

Н. Е Коневская, Ю. И Щербакова, С. Ф Жуйкова сынды ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ойлау үдерісінде кездесетін ерекшеліктерді схема түрінде көрсетіңіздер.

### ► Бағалау деңгейіндегі тапсырма

Жасалған схемаларды тексеріп, бағалау кестесі арқылы топ ішіндегі студенттерді бағалаңыз.

## 10-тақырып: Отбасында баланы мектепке даярлау

**Сабақтың мақсаты:** Студенттер баланы мектепте оқуға даярлау мәселесінің зерттеу жайын қарастырады; баланы мектепке даярлау мәселесімен шұғылданған Ресей, Қазақстан ғалымдарының еңбектеріне дайындық диагностика, әдістерін, отбасы жағдайында баланы мектепке даярлауға бағытталған әдістер мен жағтығу түрлерін айқындайды.



### Қарастырылатын сұрақтар:

1. Баланы мектепте оқуға даярлау мәселесінің зерттелу жайы.
2. Отбасында баланың мектепке даярлығын диагностикалау.
3. Отбасы жағдайында баланы мектепке даярлауға бағытталған әдістер мен жаттығу түрлері.



### Тапсырмалар:

#### ► Білім деңгейіндегі тапсырма

1. Баланы мектепке даярлау мәселесі жайлы әңгімелеп беріңіздер.

#### ► Түсіну деңгейіндегі тапсырма

Баланы мектепке оқуға даярлау мәселесін зерттеумен айналысқан Ресей, Қазақстан ғалымдардың еңбектерін топтастырыңыздар.

#### ► Қолдану деңгейіндегі тапсырма

Мектепке дайындық диагностика әдістерін ғалымдардың топтастыруы бойынша көрсетіңіз және демонстрациялаңыздар.

#### ► Талдау деңгейіндегі тапсырма

Баланы мектепке оқуға даярлау мәселесін зерттеумен айналысқан Ресей, Қазақстан ғалымдарының еңбектеріне талдау жасаңыздар.

#### ► Синтез деңгейіндегі тапсырма

Отбасы жағдайында баланы мектепке даярлауға бағытталған әдістер мен жаттығу түрлеріне байланысты схема құрастырыңыздар.

#### ► Бағалау деңгейіндегі тапсырма

1. Баланы мектепке оқуға даярлау мәселесіне өз тараптарыңыздан ұсыныс айтыңыз.
2. Сабақ барысында жасалған схемаларды қорғап, топ ішіндегі өз жұптарыңызды бағалаңыз.

### 11-тақырып: Отбасында бала тәрбиелеу әдістері

#### ► Мақсаты:

**Білімдік.** Отбасында бала тәрбиелеу әдістері туралы ұғыммен танысады. Отбасында бала тәрбиелеу әдістеріне талдау жасайды. Қазақ отбасының бала тәрбиелеу құралдар жайында түсінін қалыптастырады.

**Дамытушылық.** Қарастырылған тақырып бойынша өзіндік пікір қалыптастырады, өмірмен байланыстыруға үйренеді, өзіндік шешім қабылдауға дағдыланады.

**Тәрбиелік.** Студенттер шағын топтар құрамында ынтымақтастық тұрғысынан бірлесе әрекеттеседі, бір-біріне көмектеседі, бірін-бірі үйретеді.



### Қарастырылатын сұрақтар:

1. «Отбасында бала тәрбиелеу әдістері» туралы ұғым. Отбасында бала тәрбиелеу әдістерінің сипаттамасы.
2. Қазақ отбасының бала тәрбиелеу құралдары.



### Тапсырмалар:

#### ► Білім деңгейіндегі тапсырма

1. «Отбасында бала тәрбиелеу» ұғымын анықтаңыздар.

#### ► Түсіну деңгейіндегі тапсырма

2. Қазақ отбасындағы ежелден қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдерге сипаттама беріңіздер.

#### ► Қолдану деңгейіндегі тапсырма

Отбасы жағдайында бала тәрбиелеу барсында сіз (дер) қандай әдістерді қолданар едіңіз (дер)?

#### ► Талдау деңгейіндегі тапсырмалар

1. Қазіргі қоғамда қазақ отбасында бала тәрбиелеуде халық ауыз әдебиеті үлгілерін қолданудың артықшылығы неде?» деген сұрақ төңірегінде пікір таластырыңыздар.

2. Қазіргі кезде балаларды халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырудың басқа да жолдары дамып отыр. Бұл тұста радио, теледидардан берілетін хабарлардың мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланудың жолдарын анықтаңыздар.

#### ► Синтез деңгейіндегі тапсырмалар

1. «Отбасында ежелден қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдерді» схема арқылы көрсетіп беріңіздер.

2. Қазақ отбасы тәрбиесінің құралдарын топтастырып көрсетіңіздер.

## **12-тақырып: Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары**

### **Мақсаты:**

**Білімділік:** Студенттер ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру туралы ұғыммен танысады, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудегі білім беру ұйымдарының рөлдерін қарастыра отырып, олардың артықшылықтарын атап көрсетеді, шетелдердің отбасының педагогикалық мәдениетін көтеру тәжірибесі, ата-аналарды тәрбиелеудің, осы моделдерді шетелдік және отандық ғалымдардың топтастыруына баса назар аударады.

**Дамытушылық:** Студенттер ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары мен тиімді тәсілдерін іздестіреді, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудегі білім беру ұйымдарының қызметтеріне өз ойлары мен тұжырымдарын білдіреді, өзіндік шешім қабылдайды, проблема шешуге дағдыланады.

**Тәрбиелік:** Студенттер өздерінің және шағын топтардың жұмыстарын жоспарлайды, талқылауға қатынасып, бірін-бірі үйретеді, өзінің және бір-бірінің біліміне деген жауапкершілікті нығайтады.



### **Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру туралы ұғым.
2. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтерудегі білім беру ұйымдарының рөлі.
3. Шетелдердің отбасының педагогикалық мәдениетін көтеру тәжірибесі.



### **Тапсырмалар:**

#### **► Білім деңгейіндегі тапсырмалар**

- 1) Ата-ананың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру деген ұғымға байланысты өз ойыңызды айтыңыз.
- 2) Ата-ананың педагогикалық мәдениетін көтерудегі білім беру ұйымдарының рөлін анықтаңыз.

#### **► Түсіну деңгейіндегі тапсырма**

- 1) Отбасы мен білім беру ұйымдарының ынтымақтастығы мәселесі туралы жазылған кез келген бір мақаланы талқылаңыз.

2) Ата-ананың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру модельдерін топтастырыңыз.

► **Қолдану деңгейіндегі тапсырма**

1) Әр топ ата-ананың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру моделін топтастырғандарыңыз бойынша демонстрациялап көрсетіңіздер.

2) Шетел ғалымдарының (Томас Гордан, Эрик Берн, М.Фин, Хаим Джинот) отбасының мәдениетін қалыптастыру моделдері бойынша жүргізілген тәжірибелерін бағалаңыздар.

► **Талдау деңгейіндегі тапсырма**

1) Шетел ғалымдарының (Томас Гордан, Эрик Берн, М. Фин, Хаим Джинот) отбасының мәдениетін қалыптастыру моделдерін салыстырыңыз.

2) «Бала тәрбиесіне қатысты ата-аналарға көмек беру тек педагогикалық емес әлеуметтік мәселе» тақырыбы төңірегінде пікір таластырыңыздар.

► **Синтез деңгейіндегі тапсырма**

Өз тараптарыңыздан ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдарының моделін құрастырыңыздар.

► **Бағалау деңгейіндегі тапсырма**

Өз тараптарыңыздан жасалған ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдарының моделін қорғаңыздар және бағалаңыздар.

### **13-тақырып: Отбасын зерттеу әдістері**

#### **Мақсаты:**

**Білімдік:** Отбасын зерттеуге қарасты қазіргі кездегі көзқарастар жайлы айтып береді. Отбасын зерттеудегі нұсқаулық жоспар ретінде ұсынылған В. В. Котырло, С. А. Ладывир ғалымдардың сипаттамасын еске түсіреді. Отбасында баланы зерттеуге байланысты әдіс-тәсілдерге талдау жасайды.

**Дамытушылық:** Қарастырылған тақырып бойынша өзіндік пікір қалыптастырады, өмірмен байланыстыруға үйренеді, өзіндік шешім қабылдауға дағдыланады.

**Тәрбиелік:** Студенттер шағын топтар құрамында ынтымақтастық тұрғысынан бірлесе әрекеттеседі, бір-біріне көмектеседі, бірін-бірі үйретеді.





### Қарастырылатын сұрақтар:

1. Отбасын зерттеуге қарасты қазіргі кездегі көзқарастар.
2. Отбасының бала тәрбиелеу тәжірибелерін зерттеу.
3. Отбасы бала көзқарасымен.



### Тапсырмалар:

#### ► Білім деңгейіндегі тапсырма

1. Отбасын зерттеуге байланысты қазіргі кездегі көзқарастарды еске түсіріңіздер.

#### ► Түсіну деңгейіндегі тапсырма

2. Бақылау әдісіне сипаттама беріңіздер.

#### ► Қолдану деңгейіндегі тапсырма

3. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын сіздер қандай әдістің көмегімен зерттейсіздер?

#### ► Талдау деңгейіндегі тапсырма

4. Баланы отбасында зерттеу әдістемелеріне сипаттама беріңіздер. Олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын көрсетіңіздер.

Әдістемелер	Сипаттамасы
Суретті әдістеме	
«Менің отбасым» әдістемесі	
Ойын тапсырмалары	
Суреттерді түсіндіру әдістемесі	
Хикаяны аяқтау әдістемесі	
Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі	

#### ► Синтез деңгейіндегі тапсырма

5. Отбасын зерттеудің әлеуметтік әдістерін топтастырыңдар.



► **Бағалау деңгейіндегі тапсырма**

6. Отбасында баланы зерттеуге байланысты әдістеменің біреуін таңдап, соған орай тапсырмалар ойластырыңдар.

**14-тақырып: Шығыс халықтарының отбасындағы бала тәрбиелеу дәстүрлері**

**Мақсаты:**

**Білімдік.** Шығыс халықтарының отбасындағы бала тәрбиелеу дәстүрлері жайлы баяндайды. Шығыс халықтарының отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлерінің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтап, талдау жасайды.

**Дамытушылық.** Студенттер логикалық және шығармашылық тұрғыдан ойланады, өз ойларын дәлелдейді, проблема шешуге дағдыланады.

**Тәрбиелік.** Студенттер шағын топтар құрамында бір-бірлерінің пікірлерін тыңдайды, шығармашылық тұрғысынан қарым-қатынас құрып, өзара әрекеттеседі, ортақ мақсаттарға бірге жетуге тырысады.



**Қарастырылатын сұрақтар:**

1. Шығыс халықтарына тән отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері.
2. Шығыс халықтарының отбасында бала тәрбиелеу дәстүрлері, олардың өзіне тән ерекшеліктері мен ұқсастықтары.



## Тапсырмалар:

### ► Білім деңгейіндегі тапсырма

1. Шығыс халықтарына тән отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері жайлы айтып беріңіздер.

### ► Түсіну деңгейіндегі тапсырма

2. XI ғасырда (1082-1083) жарық көрген «Кабуснама» атты еңбекте ұсынылған шығыс ғұламаларының бала тәрбиелеу дәстүрлері жайындағы пікірлеріне өз ойларыңызды білдіріңіздер.

### ► Қолдану деңгейіндегі тапсырма

3. Топтарға бөлініп, қазақ халқының бала тәрбиелеуге қатысты салт-дәстүрлерін демонстрациялап көрсетіңдер.

### ► Талдау деңгейіндегі тапсырма

4. Қазақ халқы мен Жапон халықтарының бала тәрбиелеу дәстүрлерінің айырмашылығы мен ұқсастықтарын жайлы төмендегі Венн диаграммасына жазыңдар.



### ► Синтез деңгейіндегі тапсырма

5. Өтілген тақырып бойынша өз ойларыңды жинақтап, кестеге түсіріңдер.

Не білдім	Нені білгім келеді

### ► Бағалау деңгейіндегі тапсырма

6. «Шығыс халықтарының отбасындағы бала тәрбиелеу дәстүрлері» тақырыбына шағын эссе жазыңдар.



## ГЛОССАРИЙ

**Отбасы педагогикасы** – бұл отбасындағы бала тәрбиесі, оның ерекшеліктері мен потенциалдық мүмкіндіктерін зерттеуге, бала тұлғасын қалыптастыру туралы ата-аналарға ғылыми негізделген нұсқаулар дайындауға бағытталған ғылым.

**Отбасы педагогикасының нысаны** – тәрбиелеу институты ретінде отбасының қазіргі жағдайы мен негізгі даму тенденциялары.

**Отбасы педагогикасының пәні** – отбасында баланы тәрбиелеудің мәні мен механизмдері, оның тұлға дамуына әсері.

**Отбасы** – 1. Үй іші, бала-шаға, үйелмен. 2. Некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандардан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы.

**Отбасындағы тәрбие** – қажетті нәтижеге жету мақсатындағы ата-аналар және отбасындағы басқа да мүшелерінің балаларға әсер етуінің аталуы. Отбасы тәрбиесінің мазмұны демократиялық қоғамның басты мақсатымен анықталады, яғни жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру.

**Патриархалды отбасы** (грек. *pater* әке + *arche* бастау, билік) – отбасындағы билік ең үлкен ер адамға ғана тиесілі отбасы формасы.

**Дәстүр дегеніміз** – (латынша *trattio* – беру) тарихи қалыптасқан, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отыратын тәртіптер мен мінез-құлық ережелері.

**Эстетикалық тәрбие** – жаратылыс дүниесіндегі немесе өнер туындысындағы сұлулық пен әсемдікті қабылдап, ғибраттануға баулитын, адамның эстетикалық сезімін, талғамын қалыптастыратын тәрбие түрі.

**Гендер** – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы.

**Функциональдық даярлық** – баланың физиологиялық жағынан жетілгендігін (баланың салмағы, бойы өз жасына сай дамуы) жә-

не оның денсаулық жағдайын анықтайды. Оны балалар дәрігері анықтайды.

**Психологиялық даярлық** – баланың есте сақтау қабілеті мен зейін, ойлау, сөйлеу, оқуға деген қызығушылығы мен мотивін қамтиды.

**Тұлғалық даярлық** – баланың үлкендермен, құрдастарымен, өз-өзімен қатынасын орната білу біліктілігін қамтиды.

**Ақыл-ойының даярлығы**– бұл мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі.

**Отбасындағы бала тәрбиелеу әдістері** – бұл баланың тәртібі мен мінез-құлқына ата-ананың мақсатты тұрғыда ықпал ету амалдары.

**Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті** – тәрбие үдерісін қоғамдық талаптарға сәйкес ұйымдастыруға мүмкіндік беретін арнайы механизмдер мен құралдардың жиынтығы.



## Мұғалімдер мен ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге байланысты ұсынылатын материалдар

### Кемтар баланың құқын біл, ата-ана

**Н. Есенғазы.** Кемтар баланың құқын біл, ата-ана // Ақтөбе газеті, Отбасы және балабақша журналы, №1, 2011 жыл, *aktobegazeti.kz/?p=10881*

Кемтар бала — қоғамның жетімі емес, біздің қамқорлығымызға, аялы алақанымыз бен қолдауымызға зәру бейкүнә сәби ғана. Соңғы кезде ата-аналардың тарапынан кемтар балалардың құқына, емдеу, оңалту, т.б. мәселелерге байланысты сұрақ-арыздары көбейіп кетті.

*Оның бірнеше себебі бар:*

1. Біріншіден, ата-аналар кемтар балаларын емдеу, оңалту, тәрбиелеу, оқыту, әлеуметтік көмек көрсету, мүгедектіктің алдын алу, үйден оқыту, үйден әлеуметтік көмек көрсету, мүгедектікті тағайындау, қорғау, қамқорлау, қатарға қосу жөніндегі сұрақтарға жауап беретін Заңдарды, Үкіметтің қаулыларын, осы мәселемен тікелей немесе қосымша түрде айналысатын мекемелер жөнінде біле бермейді, осы білместіктің салдарынан бала зардап шегеді.

2. Аудандық білім бөлімі, бала құқын қорғау орындары, бала дәрігерлері, әлеуметтік қызметкерлер кемтар балалардың ата-аналарына дұрыс мәлімет, кеңестер бермейді, тіпті кейбіреуі ата-анаға кеңес бермек түгілі, бұл мәселе жөнінде өзідері терең білмейді.

3. Бұл тақырыпта үгіт-насихат жұмыстары жүргізілмейді, не нашар жүргізіледі. Осыған байланысты кемтар балалардың ата-аналарына көмек болсын деп, төмендегі мәліметтерді ұсынып отырмыз. Кемтар бала бағып отырғандар, ең болмаса, қандай заңға сүйенуі керек, қандай мәселе бойынша қайда бару керек, т.б. білсін деген ниет. Бұл мақала сәл де болса, сізге көмек болар деген үміттеміз, ата-ана.

1. Қазақстан Республикасының № 343 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы 11.07.2002 жылы шықты. Аталған Заңда көрсетілген-

дей, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім беру мекемелері әкімшіліктің қолдауымен, қадағалауымен жаңа туған баладан 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі, кемтар, мүгедек балалар мен жасөспірімдерді емдеу мен оңалту, тәрбиелеу мен оқыту, әлеуметтік қолдау көрсету және қатарға қосу мәселелерімен бірлесіп айналысады.

2. ПМПК ММ (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мемлекеттік мекемесі) аталған Заңның 8-бабы, 3-тармағын орындау мақсатында, облыс әкімнің қаулысы негізінде, облыстық білім басқармасы бастығының бұйрығы бойынша құрылады. Мектептер мен балабақшалардың, емханалар мен әлеуметтік қорғау мекемелерінің жолдамасымен немесе ата-аналардың өтініші бойынша тексеріске келген кемтар 18 жасқа дейінгі балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру жұмыстарын жүргізіп, қорытынды шығарып, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау мекемелеріне ұсыныстар жібереді.

3. ТДТ (түзеу диагностикалық топтар) — ПМПК мемлекеттік мекемесінің жанындағы бөлімдер. Кемтар баланың диагнозын, оқу бағдарламаларын анықтау, жеке баланың таным әрекетінің даму ерекшелігі (тілдік дамуы, зейін, ес, жұмысқа қабілеттілігі, психикалық жағдайы, т.б.) деңгейін анықтап, психологиялық-педагогикалық түзеу шараларын жүргізу үшін құрылған. ПМПК жолдамасы бойынша 3 жастан 16 жасқа дейінгі кемтар балалар 1 айдан 1 жылға дейінгі уақыт арасында күніне 4 сағат тегін қабылдауда болып, педагогикалық-медициналық-психологиялық көмек ала алады.

4. ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум) барлық мектептер мен балабақшаларда мектеп директоры мен балабақша меңгерушілерінің бұйрығымен кемтар балалардың құқығын қорғау, қамқорлау мақсатында құрылады.

5. Аталған Заңға байланысты, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 29.01.2003 жылы шыққан № 83 «Ерте жастағы балалардағы психологиялық-физиологиялық ауытқушылықтары скринингін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы 2009 жылдың 24-шілдесінде «Бүлдіршін жастағы балалардың психикалық-дене бұзылыстары скринингін ережесін бекіту туралы» № 379 бұйрығы шықты. Осы бұйрықта көрсетілгендей, 3 жасқа дейінгі балалардың диагнозын анықтап, ПМПК-ға тексеріске жібергендері жөнінде аудандық бас

педиатр облыстық ПМПК ММ-не 1-ші қосымшаға сәйкес ай сайын, 2-ші қосымшаға сәйкес тоқсан сайын мәліметтер береді.

6. Үйден оқыту мәселелері бойынша жергілікті емдеуші дәрігер денсаулық сақтау министрі бекіткен қандай аурумен ауыратын баланы қанша уақытқа дейін үйде оқытуға тиіс екендігі жөніндегі құжатқа сүйеніп анықтама береді. Үйден оқыту 3 бағдарлама бойынша жүргізіледі: 1 – жалпы мектептік бағдарлама (ақыл-есі сау балаларға арналған), 2 – көмекші бағдарлама (ақыл-есі кем балаларға арналған), 3 – арнайы бағдарлама (ақыл-есі тежелген балаларға арналған). Үйден оқитындарға емдеуші дәрігері анықтама береді, бірақ көмекші және арнайы бағдарламаны ПМПК мамандары ұсынады.

7. Мүгедектік жөнінде: егер емдеуші дәрігері кемтар баланың диагнозы мүгедектік алуға жататынын анықтаса, 088 формалы жолдама толтырып, МСЭК-ке жібереді, бірақ осыдан соң міндетті түрде ПМПК-ға тексеріліп қорытынды алуы керек, ПМПК қорытындысы болмаса, жолдаманы МСЭК қабылдамайтынын ескерген жөн.

8. ПМПК-ың ұсынысы бойынша әлеуметтік қызметкерлер мүгедек балаларға үйден әлеуметтік көмектер көрсетеді. Қадағалаушы – жергілікті әкімшілік пен әлеуметтік қорғау мекемесі.

9. Тамды көмекші мектеп-интернатына ПМПК-ың ұсынысы бойынша, ата-анасының келісімімен, облыстық білім басқармасының жолдамасымен ақыл-есі кем балалар қабылданады.

10. Жайсаң арнайы (ЗПР) мектеп интернатына ПМПК-ның ұсынысы бойынша, ата-анасының келісімімен, облыстық білім басқармасының жолдамасымен ақыл-есі тежелген балалар қабылданады.

11. ППТ (психологиялық-педагогикалық түзеу) кабинеті мемлекеттік мекемесі облыс әкімінің қаулысы негізінде, облыстық білім басқармасының бұйрығы бойынша құрылады. Кемтар балаларды ПМПК-ның ұсынысы бойынша, ата-анасының келісімімен, облыстық білім басқармасының жолдамасымен қабылдайды. ПМПК-ның ұсынысы бойынша кемтар балалар мектепте өз сыныптарында қатарларымен оқып жүріп, қосымша ППТК мамандарының көмегін алады. Балалардың бір бөлігі денсаулығына байланысты тек ППТ кабинетінің мамандарының ғана көмегін уақытша алады.

12. ППТ сыныптары мектеп директорлары бұйрығымен ашылады. Кемтар балалар ПМПК ұсынысы бойынша, ата-анасының



келісімімен, облыстық білім басқармасының жолдамасымен қабылданады. Кемтар балаларды бірыңғай бөліп, даралап тастауға болмайды. Оларды құрдастарымен бірге, көрсетілген бағдарлама бойынша оқытады, қатыспайтын сабақтары (химия, физика, информатика, шет тілі, т.б.) кезінде ППТ сныптарының мамандарының көмегін алады. Кемтар балалар саны аз болса, арнайы мұғалімдерге көрсетілген сағаттарына ғана еңбекақы төленеді.

13. Арнайы мамандар – логопед, дефектолог (олигофрено, сурдо, тифло мұғалімдер), психолог, әлеуметтік мұғалімдер болмаған жағдайда, мамандар табылғанға дейін тәрбиешілерді, бастауыш сыныптың және қазақ тілі мұғалімдерін арнайы курстардан өткізіп алуларына болады.

14. Кемтар балаларға 9-сыныпты бітіргеннен кейін куәлік берілгені дұрыс. Бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, көмекші мектептің куәлігі, арнайы бағдарламаны игергендерге арнайы мектептің куәлігі беріледі. Ал көмекші бағдарламаны игермегендерге анықтама ғана беріледі. Көмекші мектептің куәлігін алғандарды 9-сыныптан кейін жұмысқа орналастыру қажет, арнайы мектептің куәлігін алғандарды кәсіби техникалық курстарға оқуға жібереді.

Аталған Заң кемтар балаларды әлеуметтік қорғау, денсаулығын сақтау, педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды емдеу, оңалту, тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісіне байланысты мәселелерді шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.

Облыстық ПМПК мамандары облыстық білім басқармасының қолдауымен, облыстық денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мекемелерімен және қалалық ПМПК-мен бірге жылына 2-3 рет облыстық семинарлар өткізеді, аудандарға барып кеңестер береді, лекциялар оқиды. Республикалық, облыстық, аудандық газет-журналдар, теледидар, радио арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді, хабарландырулар береді, материалдар да жарық көріп жатыр. Бұған қоса қаншама қажетті оқулықтар баспадан шығып жатыр, интернеттен де керек материалдарды алуға болады.

Әлеуметтік мұғалім, психолог, логопед, т.б. кабинеттерін жабдықтау құралдарын, оқулықтарын және аталған мамандардың оқу курстарының кестесін төмендегі мекен-жайдан алуға болады:

Алматы қаласы, индекс 050008,  
Байзақов көшесі, 273 «а» (Шевченко көшесінің бұрышы),  
Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы  
(Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики и  
центр САТР),  
факс: 8(727)3944617, 3958329, 3944517, 39583296,  
электрон поштасы: [info@satr.kz](mailto:info@satr.kz) [npckp@mail.kz](mailto:npckp@mail.kz) [npckp@mail.ru](mailto:npckp@mail.ru),  
директор, педагогика ғылымының докторы Р. А. Сүлейменова,  
жауапты хатшы: 8(727)3958324, 3958329.

Толық мәліметтерді облыстық ПМПК мемлекеттік мекемесінен  
алуға болады:

Облыстық ПМПК-ың мекен-жайы:  
Ақтөбе қаласы, индекс 030012, Т.Рысқұлов көшесі, 200 «а».  
Аялдамалар: АПК, №20, 28 автобустарымен келуге болады, әскерилер  
институты аядамасы, оған №21, 47, 7 автобустары келеді.  
Телефондар: 8 (7132) 550284 (тіркеуші),  
басшы 8 (7132) 550422, 544114 (факс),  
e-mail: [aktobeoblpmpk@mail.ru](mailto:aktobeoblpmpk@mail.ru).

## **Мектеп жасына дейінгі балалардың танымүдерісінің дамуы**

Нигметжанова Г. К. Мектеп жасына дейінгі балалардың таным  
үдерісінің дамуы // Вестник КАСУ №1 – 2006.  
[vestnik-kafu.info/journal/5/179/](http://vestnik-kafu.info/journal/5/179/)

Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңыз-  
ды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту бас-  
ты міндет болып табылады:

- біріншіден, білім мен тәрбие беруге арналған дамытушы ор-  
таны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік  
ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына  
бағытталуы шарт;
- екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педа-  
гогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетіл-  
діруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағда-  
рын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және  
жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет.  
Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттан-

дыру және білім мен тәрбиенің балаға берілген үдерісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды;

– үшіншіден, балабақшада еңбек етуге толық жағдай жасалып, тәрбиелеу мен білім берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп, оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отыруы керек.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше. Даму барысы:

1. Зердесін дамыту
2. Эмоциясы мен сезімдерін дамыту
3. Күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту
4. Өзіне-өзінің сенімділігін, өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту
5. Танымдық үдерісін дамыту
6. Өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту
7. Өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту.

А. Едігенова бойынша баланың бүкіл өмір бойында оның даму үдерісі жүреді. Даму үдерісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. 6 жастағы балалар заттарды түсіне, түріне, көлеміне қарап ажырата бастап, олардың құрылысын, пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге, адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрселер оларды ойлантады.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың, құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі сұрағына

жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін.

В. С. Мухина бойынша мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларда мінез-құлық мотивациясы: мінез-құлықтың саналы регуляциясы күшейеді, мотивтер мен қажеттіліктер көлемі ұлғаяды, рухани және материалды қажеттіліктер сферасы кеңейеді, қарым-қатынасқа деген қажеттілік, жетістікке жету, басқарушылыққа қажеттілік сияқты әлеуметтік қажеттіліктер нығая түседі. Көп білу, басқалардан жоғары болу, өзі жасай алу сияқты қарапайым қажеттіліктер пайда болады.

Т. Рибоның айтуынша, баланың шығармашылық қабілеті тәжірибелілігіне байланысты дамиды деп тұжырымдайды. Мектеп жасына дейінгі кезең – қиялдың тез дамитын уақыты. Сондықтан қиялдың дамуын төрт ерекше кезеңдерге бөлуге болады (2 жастан 6-7 жасқа дейінгі аралықта):

1. Бірінші кезең баланың қабылдауының ерекшелігіне байланысты (бір заттан басқа бір затты көре бастауы);
2. Екінші кезең – қиялдың ойыншықтарды жандандыру құдіретінің байқалуы;
3. Үшінші кезең – ойындағы рөлдерге байланысты өзгеруі;
4. Төртінші кезең – бала қиялында өзіндік көркемдік шығармашылықтың басталуы (бейнелерді қайта құруы, жасауы).

О. М. Дьяченко мен А. И. Кирилованың тәжірибелік зерттеулерінде бала дамуында қиялдың екі түрі (сезімдік және танымдық) жүзеге асады. Танымдық қиялдың басты міндеті – ақиқат өмірдің белгілі бір түрде бейнеленуі. Сезімдік қиял, белгілі бір жағдайға байланысты қайшылық болғанда, баланың өзіндік «Мені» қалыптасқанда және оның құрастырудағы бір механизм болады. Е. Е. Кравцованың зерттеуінде қиялдың даму қызметінде үш түрлі компонентті бөліп көрсетті:

1. Көрнекілікке сүйену;
2. Өткен тәжірибесін қолдану;
3. Ерекше ішкі позицияны қолдану.

Осы үш компоненттің қолдануында халық ертегісінің айрықша орнын анықтап, зерттеуге мән берілді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде қиял – қоғамдық тәжірибені меңгерудегі алғышарттары болып келеді, өйткені балалар қоршаған ортаны, адамгершілікті, эстетикалық идеяларды өзіндік көз-

қараспен қабылдайды. Баланың қиялы ересектерге қарағанда әлсіз. Л. С. Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, «Бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Қиялда болатын барлық образдар, қаншама таңғажайып болып көрінгенмен де, баланың өмірден көрген-білгенінен негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдаумен түсіндіргенде, бізге үлкендерге күтпеген таңқаларлықтай болып естіледі».

С. Л. Рубинштейннің айтуынша «Қиял – бұл образдық форманы іске асыру, өзгеріске енгізу» деп түсіндіреді. Л. С. Выготский мен А. Н. Леонтьев қиялдың ерекшелігіне қарай оған арнайы психикалық үдеріс деп қарауға мән береді.

Атақты психолог Л. С. Выготский баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады деген қорытындыға келеді.

Қазіргі кездегі психологтар мен педагогтар баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркемдік әдебиетте нақтылау, өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни, еркіндік беру керектігін айтады. Сонымен қиялдың дамуы төмендегідей үш компоненттен тұрады:

- бірінші дәрежеде қиял қоршаған болмыспен байланысты, дайын нәтижені ойластыруға мүмкіндік береді;
- екінші дәрежеде баланың өткен тәжірибесімен байланысты, бірақ сонда да заттық байланыстың рөлі бар;
- үшінші дәрежеде қиялдың дамуы балаға ақиқаттан қиялдың қозғалысының жоғарғы формасы – ой – пікірден оның іске асуына байланысты.

Сонымен, қорыта айтқанда, біздің тәжірибемізге негіз болған 5-6 жастағы балалардың құрастырған ертегілері мен қызықты әңгімелері ұйымдасқан түрде мағыналы, жүйелі, өз бетінше еркін жүргізілген жұмыс, қиялдың дұрыс дамуына апаратын көп жолдың бірі болды деп есептейміз. 6 жасар бала өз қиялында алуан түрлі жағдайлар құра алады және баланың өзі сонда әртүрлі жағынан көрінеді. Ойын барысында қалыптаса отырып, қиял басқа да іс-әрекет түрінде өте алады. Тілі және қиялы жақсы дамыған бала қызықты сюжетті тез арада жанынан ойлап шығара алады. Қиялдың үздіксіз жұмысы – баланың айналадағы әлемді танып-білуінің және игеруінің маңыздылығы, бұл жеке тәжірибе аумағынан шығудың әдісі.

В. С. Мухина теориясы бойынша өзінің бастамалары жағынан баланың қиялы сәбилік шақтың соңында пайда бола бастайтын сананың белгілер функциясымен байланысты. Белгілер функциясын дамытудың бір желісі заттарды басқа баламалармен және олардың бейнелеулерімен алмастырудан тілдік, математикалық және басқа белгілерді пайдалануға, ойлаудың логикалық формаларын меңгеруге әкеледі. Екінші желі нақтылы бұйымдарды, оқиғаларды қиял арқылы толықтыру мен алмастыру мүмкіндігінің пайда болуы мен кеңеюіне, жинақталған түсініктердің материалынан жаңа бейнелер құруға жетелейді.

Баланың қиялдауы ойын үстінде қалыптасады. Алғашқы кезде қиял заттарды қабылдаудан және ойын іс-әрекеттерін орындауынан ажыратылмайтындай. Ойын үстінде қалыптасқан қиял мектепке дейінгі бала іс-әрекеттерінің түрлеріне де ауысады. Бала сурет салғанда, ертегілер мен тақпақтарды ойлап шығарғанда қиял неғұрлым айқын байқалады.

Сондай-ақ мектепке дейінгі шақта зейіннің, естің, қиялдың дамуында ұқсастықтар бар. Егер сәбилік шақта өзінде қабылдау мен ойлау іс-әрекеттері ретінде анықтауға болатын бағдарлау іс-әрекеттерінің ерекше формалары ретінде бөлінсе, мектепке дейінгі кезеңде мұндай іс-әрекеттер үздіксіз күрделілене және жетіле түседі, ал зейін, ес, қиял ұзақ уақыт жеке сипат ала алмайды. Бала бірде-неге назар аударарлықтай, көргені мен естігенін жадында сақтарлықтай, бұрын қабылдағанының аумағынан шығарлықтай арнайы іс-әрекеттерді игере білмейді. Мұндай іс-әрекеттер тек мектепке дейінгі кезеңде қалыптаса бастайды.

В. С. Мухина бойынша мектепке дейінгі бала әрекетінің жаңа түрлерін, үлкендердің оған қойған жаңа талаптарын игерудің ықпалымен баланың алдында бір нәрсеге зейінін шоғырландыру және оған зейін қою, материалды есте ұстау және оны жаңғырту, ойынның, суреттің т.б ой желісін құру сияқты жаңа ерекше міндеттер пайда болғанда ғана бетбұрыс жасалады. Осы міндеттерді шеше білу үшін бала үлкендерден үйренген тәсілдердің қандай да біреуін пайдаланады. Міне, сонда ғана зейіннің, естің, қиялдың арнайы іс-әрекеттері қалыптаса бастайды.

Мектепке дейінгі кезеңде баланың зейіні төңіректегі заттарға және осылар арқылы орындалатын іс-әрекеттерге қатысты ынтамен сипатталады. Бала бір нәрсеге ынтасы өшпей тұрған кезде ғана

зейінін шоғырлайды. Жаңа бір нәрсе пайда болысымен-ақ баланың зейіні лезде соған ауады. Сондықтан балалардың ұзақ уақыт бір іспен шұғылдануы сирек болады.

Д. Б. Эльконин пікірінше, мектепке дейінгі кезеңде балалар іс-әрекетінің күрделенуіне жалпы ақыл-ой дамуының ілгеруіне байланысты зейін күшті шоғырланып, тұрақтылыққа ие болады. Мысалы, мектепке дейінгі кезеңдегі кішкентайлар бір ойынды 30-50 минут ойнайтын болса, 5-6 жасқа жеткенде ойынның ұзақтығы 1,5 сағатқа дейін созылады. Мұны ойында адамдардың күрделірек іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының бейнеленуімен және ойынға үнемі енгізілетін жаңа ахуалдардың қолдау табуымен түсіндіруге болады. Балалар суреттерді көргенде, әңгіме, ертегі тыңдағанда зейін тұрақтылығы арта түседі. Мысалы, мектепке дейінгі шақтың соңында суретті көру ұзақтығы екі есе артады, мектепке дейінгі кішкентайға қарағанда алты жасар бала суретті жақсырақ түсінеді, оның өзіне қызықты жақтары мен егжей-тегжейлерін бөліп алады.

Бірақ мектепке дейінгі кезеңде зейіннің негізгі өзгеруі баланың алғаш рет өз зейінін меңгере білуінде, оны саналы түрде белгілі заттарға құбылыстарға бағыттай білуінде және кейбір тәсілдерді пайдалана отырып, соларға зейін қоя білуінде. Мектепке дейінгі шақ ішінде өз зейінін ұйымдастыру үшін сөзді пайдалану күрт өседі. Мұны, атап айтқанда, мектепке дейінгі ересектер үлкеннің нұсқауы бойынша тапсырманы орындағанда мектепке дейінгі кішкентайларға қарағанда нұсқауды 10-12 рет жиі қайталады. Сонымен, баланың мінез-құлқын реттеуде сөздің маңызының жалпы өсуіне байланысты мектепке дейінгі шақта ықтиярлық зейін қалыптасады.

В. С. Мухина мектепке дейінгі шақта балалар ықтиярлы зейінді меңгере бастаса да, бүкіл мектепке дейінгі балалық шақта ықтиярсыз зейін басым болып қала береді. Балаларға өздері үшін бір текті әрі тартымы шамалы іс-әрекетке зейін қою қиынға түседі, сонымен бірге ойын үдерісінде немесе әсерлі сезімге бөлерліктей тапсырмаларды шешерде олар едәуір ұзақ уақыт бойы ықыласты болып жүреді. Мектеп жасына дейінгі бала зейінінің ерекшелігі мектепке дейін оқыту ықтиярлы зейінге үнемі күш салуды талап ететін тапсырмалар бойынша құрылуы мүмкін емес себептердің бірі болып саналады. Сабақтарда пайдаланылатын ойын элементтері, іс-әрекеттің нәтижелі түрлері, іс-әрекет формаларын жиі өзгерту балалардың зейінін айтарлықтай жоғары деңгейде ұстауға мүмкіндік береді.

Сенсорлық даму, бала заттардың түсін, пішінін, мөлшерін және олардың кеңістіктегі орналасуын айырып қана қоймай, оларды мөлшеріне қарай сәйкестендіріп (үлкен, кіші, аз, көп) анықтай алады.

Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Егер 6 жасар бала ойынмен айналысқан болса, ол алаңдамай 2, тіпті 3 сағат ойнай береді. Алайда, бұлай зейінді шоғырландыру – баланың айналысқан нәрсесіне қызығушылығынан туындайды. Балаға зейінін тәрбиелеуде көмектесу қажет. Үлкендер сөз нұсқаулары арқылы баланың зейінін ұйымдастыра алады. Оларға біркелкі жалықтыратын және тартымдылығы аз іс-әрекетпен айналысу өте қиын. Зейіннің бұл ерекшелігі сабақтарда ойын элементтерін енгізуге және іс-әрекет түрлерін жеткілікті ауыстырып отыруға негізгі себеп болып табылады.

К. Д. Ушинский «Балаға оқуды қызықты ете білу керек және сонымен қатар, оларды қызықтыра қоймайтын тапсырмаларды да бұлжытпай орындауды талап ету керек, бұл жұмысты орындағанда бір жағын басым етіп жібермей, екі жағын теңестіру арқылы еріксіз зейінді тудырып отырумен қатар, балада белсенді зейін шамалы болғанына қарамастан оны жаттықтырып отыру керек», - деп көрсетеді. Оқушылардың зейінін дұрыс қалыптастыруға мұғалімнің жеке басының үлгі-өнегесінің маңызы да зор.

В. С. Мухина бойынша мектепке дейінгі шақ есте сақтау мен еске түсіру қабілеттілігінің пәрменді дамуымен сипатталады. Адамдар, оқиғалар есте сақталатын кезең мектепке дейінгі шақта анықталмаған мерзімге ығысады. Шындығында, бізге сәбилік шақтағы оқиғалардан бірденені еске түсіру қиын немесе мүлде дерлік мүмкін болмаса, мектепке дейінгі балалық шақ көптеген әсерлі сәттерді есте қалдырады. Бұл әсіресе мектепке дейінгі ересектерге тән. Мектеп жасына дейінгі баланың есі негізінен ықтиярсыз сипатта болады. Бұл бала көбіне өзінің алдына бір нәрсені есінде қалдыру үшін саналы мақсаттарды қоймайтындығын көрсетеді. Есте сақтау мен еске түсіру баланың еркі мен санасына байланысты өтеді. Бұл екеуі де іс-әрекет арқылы жүзеге асады әрі іс-әрекеттің сипатына байланысты болады. Бала іс-әрекетте неге зейін қойса, оған не әсер етсе, не қызық болса, соны ғана есінде сақтайды.



Заттарды, картиналарды, сөздерді ықтиярсыз есте сақтаудың сапасы, баланың осыларға қаншалықты әсерлі іс-әрекет істеуіне іс-әрекет үдерісінде оларды егжей-тегжейлі қабылдау, ойластыру, топтастыру қандай дәрежеде өтетіндігіне байланысты. Мысалы, суреттерді жай ғана қарап шыққанда оларды баланың есінде сақтау анағұрлым нашар балады, ал осы суреттерді, өз орындарына, мысалы, бақшаға, ас үйге, балалар бөлмесіне, қораға дәл келетін жеке заттарды қою ұсынылғанда бала оларды есінде жақсы сақтайды. Ықтиярсыз есте сақтау баланың орындайтын қабылдау және іс-әрекеттерінің жанама қосымша нәтижесі болып табылады.

Мектепке дейінгі жастағылардың ықтиярсыз есте сақтауы мен ықтиярсыз еске түсіруі – ес жұмысының бірден-бір түрі. Бала бірдеңені есте сақтау немесе еске түсіру жөнінде алдына әлі мақсат қояды, ал бұл үшін арнаулы тәсілдерді қолдануды білмейді. Мысалы, үш жастағы балаларға суреттер тобының біреуін сұрағанда балалардың басым көпшілігі өзін мүлде бірдей ұстады. Суретке көз жүгіртіп өткеннен кейін бала оны шетке ығыстырып қойып, үлкен адамнан басқа суретті көрсетуді сұрады. Кейбір балалар бейнеленген заттар жөнінде әңгімелеп беруге тырысты, суретке байланысты өткен тәжірибенің жағдайларын еске түсірді («Көзілдірікті көзге киеді. Мынау- көбелек, құрт деп аталады». «Қарбыз. Мен, анам және әкем – үшеуіміз үлкен қарбыз сатып алғанбыз, алқоры одан әлдеқайда кіші», тағы осындайлар). Әйтсе де есте сақтауға бағытталған балалардың ешбір іс-әрекеттері байқалмады.

В. С. Мухинаның пікірінше есте сақтау мен еске түсірудің ықтиярлы формалары мектепке дейінгі естияр шақта қалыптаса бастайды және мектепке дейінгі ересектерде жетіледі. Ықтиярлы есте сақтау мен еске түсіруді меңгерудің неғұрлым қолайлы шарттары ойын үстінде жасалады, бала өзіне алған рольді жақсы орындап шығу есте сақтау шарты болған кезде жасалады. Мысалы, сатып алушының рөлін алған бала дүкеннен белгілі заттарды сатып алу жөніндегі тапсырманы орындаушы ретіндегі баланың есте сақтайтын сөздерінің саны үлкен адамның тікелей талабы бойынша есінде сақтауға тиісті сөздерден көп болып шығады.

Естің ықтиярлы формаларын меңгеру бірнеше кезеңнен тұрады. Олардың біріншісінде әлі қажетті тәсілдерді меңгере алмай тұрып бала есте сақтау мен еске түсіру міндетінің өзін бөле бастайды. Мұнда еске түсіру міндеті бұрын бөлінеді, өйткені бала алды-

мен дәл еске түсіруді, елестетуді қажет ететін ахуалдарға кездеседі. Бұған дейін ол нені қабылдап, жасағанын көрсететін іс-әрекетті білуі керек. Есте сақтау міндеті еске түсіру тәжірибесінің нәтижесінде пайда болады.

В. С. Мухинаның айтуынша, есте сақтау мен еске түсірудің жолдарын бала өз ойынан шығара алмайды. Ондай жолдарды белгілі түрде баланың есіне үлкендер салады. Мысалы, үлкен адам балаға тапсырма бергенде оған осы арада дәл оны қайталап беруді талап етеді. Үлкен адам баладан бір нәрсе сұрағанда, оның еске түсіруіне бағыт береді: «Сосын не болады?», «Жылқыға ұқсас сен тағы қандай жануарларды көрдің?» Тағы сол сияқты. Бала біртіндеп қайталай білуге, түсіне білуге, материалды есте сақтау мақсатында байланыстыра білуге, еске түсіргенде байланыстарды пайдалана білуге үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың кейбіреулерінде эйдетикалық ес деп аталатын көру есінің ерекше түрі байқалады. өзінің айқындығы мен дәлдігі жағынан эйдетикалық естің бейнелеріне жуықтайды: бұрын қабылданған бір нәрсені есіне түсірген бала соны көз алдына қайтадан көріп тұрғандай болады. Эйдетикалық ес – жас шағының құбылысы. Мектепке дейінгі жаста осындай есі бар бала, кейінірек, мектепке оқыту кезеңінде, әдетте өзінің бұл қабілеттілігін жоғалтады.

Мектепке дейінгі жас – естің қарқынды даму жасы. Ес – бала үшін маңызды оқиғалар мен мәліметтерді жаданда қалдырады және сақтайды.

Сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ойлау үдерісіне тоқталсақ, ойлау – тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Баланың сау психикасының ерекшелігі – танымдық белсенділігі. Ойлау – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ақыл-ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша көп сұрақтар қояды және оның сұрақтары соншалықты алуан түрлі болады. Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да ойлайды. Бейнелі ойлау – 6 жасар бала ойлауының негізгі түрі. Әрине, ол жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту басымырақ болады. Мұның өзі осы жастағы балалардың естері еріксіз жақсы дамиды. Ерікті естері жаңа ғана қалып-

тасады. Сондықтан жақсы қабылдап алған заттардың түсін есінде жақсы сақтайды. Көру және есту елестері көрген нәрселердің мазмұнымен байланысты болады.

Мектепке түсу балалардың логикалық есін дамытуда үлкен роль атқарады. Оқушылардың есін тәрбиелеуде де мұғалім олардың жас және дара ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жүргізеді. Кіші мектеп жасындағы балаларды оқу тәсілін өз бетімен таңдап ала алмайтындықтан мұғалім үйге тапсырма бергенде, материалды қалай оқу керектігін балаларға ұдайы ескертуі керек. Бұл жөнінде оқулықтардың бәрінде мәтінді қалай оқу, тапсырманы қалай орындау керектігі айтылған. Бірақ баланың назары кейде бұған жөнді түсе қоймайды. Мұғалім мұны қатты ескерген жөн.

Мектепке дейінгі балалық шақта заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасындағы байланыстар мен қатынастарды бөлу мен пайдалануды талап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді баланың шешуіне тура келеді. Ойында, сурет салуда, құрастыруда, жапсыруда, оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бала үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қана қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қызықтырған мәселелерді түсіну үшін өзіндік эксперименттер жасауға кіріседі, құбылыстарды бақылайды, оларды талқыға салып, қорытындылар жасайды. Мектепке дейінгі балалық шақтың соңында кейбір механикалық физикалық және басқа байланыстар мен қатынастарды түсінуді, осы байланыстар мен қатынастар туралы білімді жаңа жағдайларда қолдана білуді талап етеді. Осы жастағы балалардың жылдың соңына дейін абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дами түседі. Бірақ тәжірибе түрінде, бала затты көрмей тұрса, берген сұраққа толық жауап бере алмайды. Бала ойлаудың барлық операцияларын жақсы қабылдауға тиіс.

Балалардың ойлауын дамытуда мектептегі оқу-тәрбие үдерісі шешуші роль атқарады. Бала ойлауын дамыту үшін мұғалім тиісті жұмыстар жүргізіп отыруы тиіс. Ой тәрбиесі адамның психологиясын жан-жақты етіп тәрбиелеумен ұштасып жатады.

Таным әрекетінің бірі – қабылдау. Тілдік мәліметтерді және жазылымдағы қатысымдық тұлғаларды ұғыну қабылдаудан басталады. Тілді меңгеру барысында тіл үйренуші есту, көру, сезу арқылы дыбыстарды, сөздерді, сөйлемді қабылдауға үйренеді. Бала қоршаған ортаны жақсы қабылдауға тиіс.

Д. Б. Эльконин бойынша кіші мектеп жасындағы балаладың танымдық үдерістердің дамуына келсек, олардың оқу ісіндегі қабылдауы – формамен түстерді тану және атауға келіп тіреледі. Мысалы, түрлі түсті құмыра салу үшін, олар форма, көлем жағынан әртүрлі болып келеді. Төменгі сыныптарда оқитын балалардаң қабылдауында төмендегідей ерекшеліктер болады:

Олар әлде де болса құбылыстарды тұтас зат күйінде жөндеп қабылдай алмайды. Мәселен, ол заттың өзіне ұнағанын, олардың көзге бірден көрінетін сыртқы белгілерін қабылдауға ұмтылады. Мұндай қабылдауда белсенділік жағы аз болады. Үшінші сыныптан бастап балалардың қабылдау саласындағы қателер азая бастайды. Оқушы заттың негізгі белгілерін байқай алатын болады. Қабылдауда анализ бен синтез қатар жүреді. Бала әр заттың өзіндік белгісін ұққысы келеді, оның мәніне ішкі, сыртқы құрылысына, жасалу принципіне зә сала бастайды. Қабылдау үдерісінің күрделене түсуі балаларда байқай алу қабілетінің көрінуімен ұштасады. Алайда, байқаудың қарапайым элементі бірінші сынып оқушыларында да бар. Байқау – белсенді ой-әрекетінің балада дамып келе жатқандығының көрінісі.

Мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын педагогтар мен тәрбиешілер, ата-аналар балалармен жылдың қай мезгілінде болмасын далаға шығып, серуендегенде, әртүрлі ойын ойнағанда осы ойланту әдісіне баса көңіл бөлуі қажет. Бала бойына ерекше әсер етіп тұрткі болатын айналадағы өлі және тірі табиғаттардың сан түрлі құбылыстары.

К. Д. Ушинский – баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. Сондай-ақ, кімде-кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой қабілетін дамытуы тиіс, – деп көрсетеді.

Онтегенездің бастапқы кезеңдерінде қарым-қатынас бала өмірінде аса маңызды функция атқарады. Бала мен ересектің қарым-қатынасы білім, іскерлік, дағдыны біреудің жай қасында емес, өзара әсерлесу нәтижесінде, өзара баю мен өзгерудің күрделі үдерісі.

Бала өзіне берілетін басқаның тәжірибесін белсенді түрде ой елегінен өткізіп, өңдеп пайдаланады. Психолог ғалым Б. Спок ересек адамның жанұяда және бейтаныс адамдармен қарым-қатынас тиімді

құра алуы, мектепке дейінгі кезеңде басқа балалармен жасаған қарым-қатынастың тиімділігімен анықталатынын тұжырымдаған. Ол бала басқа балалармен қарым-қатынас барысында өз құқығын қорғауға т.б жатқызады. Қарым-қатынас жасаудың адам өміріндегі қоғамдық-әлеуметтік және психологиялық негізі ең алдымен адамның күнделікті тіршілік қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен байланысты екендігі айқын.

Мектепке дейінгі балалар әдетте ойынды, сурет салғанды жақсы көреді, ересектермен және өзі қатарлы балалармен лезде тіл табысып кетеді. Мектепке дейінгі шақтың әсіресе, алғашқы үш жылы психологияда «қауіпті» кезең аталып, өзіне зерттеушілердің үлкен зейінін аударуда. П. Бадалян «...осы уақытта сәби арнайы үйрету мен тәрбие көрмесе, кейін ол өте қиынға түсіп, тіпті кеш болуы да мүмкін» деген. Дер кезінде тәрбие мен үйрету көрген бала бес жасында еш қиындықсыз таза сөйлей білуі тиіс.

Сонымен мектепке дейінгі жас – ерте онтогенез кезеңіндегі ең ұзақ және күрделі психикалық даму көрінісі болып табылады. Мұның өзі психологиялық зерттеулердің объекті ретінде қосылды және ол ғылыми әдебиеттерде оқиғалардың әр алуандығылығы ретінде көрсетіледі.

Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Л. С. Выготский пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үдерістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Атақты психолог ғалымдары Л. С. Выготский, А. И. Леонтьев, А. С. Запорожец, Л. Д. Венгер, Д. Б. Эльконин, Е. И. Игнатьева, Ю. К. Бабанский, И. Я. Лернер т.б. зерттеушілердің еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының қалыптасуына әсер ететін әртүрлі іс-әрекеттердің ішіндегі ең маңыздысы шығармашылық белсенділіктің сапалығына назар аударады. Алайда мектепке бару қарсаңында баланың психологиялық даму деңгейінде жекелей өзгешеліктер өсе түседі. Бұл өзгешеліктер мынадан көрінеді:

балалар бір-бірінен ақыл-ой, адамгершілік және жекелей дамымен ажыратылады. Олай болатын болса, балаларға психологиялық қолдау жасау білім беру мекемелерінің (балабақша, мектеп) ең негізгі міндеті болып табылады.

### **Ата-аналардың өзін-өзі диагностикалауы**

Бала көбінесе мектепке келгенде ғана алғашқы рет психологпен кездесетінін ескере келіп, қарапайым байқау мен жауаптардың нәтижесінде өзін өзі тексеруге болатын, американдық психолог Джеральдина Чейни әзірлеген сұрақтарды ұсынамыз. Ата-аналар мұны өздері де жүргізе алады.

#### *Таным дамуын бағалау*

- Бала негізгі ұғымдарды меңгерді ме, мысалы оң (сол), үлкен (кіші) т.б.?
- Жіктеудің ең жеңіл түрлерін бала түсінуге қабілетті ме, мысалы, дөңгелейтін заттар, дөңгелемейтін заттар?
- Қарапайым оқиғалардың соңын шеше ала ма?
- Бала кем дегенде үш нұсқауды есінде сақтап, орындай ала ма?
- Бала алфавиттің бас және кіші әріптерінің көпшілігін атай ала ма?

#### *Баланың негізгі тәжірибесін бағалау*

- Балаңыз сізбен бірге поштаға, жинақ кассасына, магазинге барды ма?
- Балаңыз кітапханада болды ма?
- Балаңыз ауылда, хайуанаттар паркінде, мұражайда болып көрді ме?
- Сіздің балаңызға үнемі кітап оқып немесе әңгімелер айтып беретін мүмкіншілігіңіз болды ма?
- Балаңыз бір нәрсеге аса қызығушылық байқата ма, сүйікті ісі (хобби) бар ма?

#### *Тіл дамуын бағалау*

- Балаңыз өзін қоршаған негізгі заттарды атай ала ма?
- Үлкендердің сұрағына жауап беру балаңызға оңай тие ме?
- Әр түрлі заттардың: щетканың, шансорғыштың, тоңазытқыштың қандай қызмет ететінін балаңыз түсіндіре ала ма?

- Балаңыз заттың қайда тұрғанын: үстелдің үстінде немесе үстелдің астында тұрғанын түсіндіре ала ма?

- Өзімен болған оқиғаны немесе әңгімені айтып беруге балаңыздың шамасы келе ме?

- Балаңыз сөзді анық айта ма?

- Грамматика тұрғысынан балаңыздың тілі дұрыс па?

- Жалпы әңгімеге қатысуға, үй спектаклінде ойнауға, бір жағдаятты көрсетуге балаңыздың қабілеті бар ма?

*Сезімдік (эмоциональдық) даму деңгейін бағалау*

- Балаңыз көңілді ме?

- Балаңызда бәрін істей алатын өзінің адамдық бейнесі қалыптасқан ба?

- Балаңызға қалыпты күн тәртібі өзгергенде басқа жағдайға «ауысу», жаңа мәселені шешу оңайға түсе ме?

- Балаңыз өз бетімен жұмыс істей ала ма, бір тапсырманы орындағанда басқа балалармен жарысқа түсуге қабілетті ме?

*Қарым-қатынас жасай білуін бағалау*

- Басқа балалармен ойынға араласа ма, өз ойыншықтарын, т.б. бере ме?

- Қажетті жағдайда кезек күте ала ма?

- Сөзін бөлмей, өзгелерді тыңдай ала ма?

- Дене дамуын бағалау

- Балаңыз жақсы ести ме?

- Жақсы көреді (көру қабілеті) ме?

- Белгілі бір уақыт өткенше тыныш отыруға қабілеті бар ма?

- Қозғалыс дағдыларының координациялауы дамыған ба, мысалы, доп ойнай ала ма, секіре ала ма, баспалдақпен жоғары-төмен түсе ала ма?

- Баланың қызығушылығы мен сергектігі байқала ма?

- Балаңыз дені сау, қарны тоқ, дем алған болып көріне ме?

*Көргенін айыра білуі*

- Балаңыз ұқсас және ұқсас емес заттардың бірдей қасиеттерін таба ала ма? Мысалы, басқаларға ұқсамайтын картинаны таба ала ма?

- Балаңыз әріптер мен қысқа сөздерді ажырата ала ма?

*Көргенін есте сақтай білуі*

- Егер үш картинадан тұратын серияны көрсетіп, сосын біреуін алып тастап көрсетсе, біреуінің жетіспейтінін байқай ала ма?

- Бала өз атын және тым болмаса күнделікті өмірде кездесетін алты заттың атын біле ме?

*Көргенін қабылдай алуы*

- Баланың картиналардың сериясын дұрыс ретпен қоюға қабілеті бар ма?
  - Сөздердің солдан оңға қарай оқылатынын біле ме?
  - Өздігінен, біреудің көмегенсіз он бес элементтен басқатырғыш (головоломка) жасай ала ма?
- Балаңыз картинаны түсіндіре ала ма: негізгі ойын, байланыстарын аша ала ма?

*Есту қабілетінің деңгейі*

- Балаңыз сөздерді ұйқастыра ала ма?
- Әр түрлі дыбыстардан басталатын сөздерді айыра ала ма?

Мысалы: қол - сол,

- Үлкен адамдардың артынан бірнеше сөз немесе цифр қайталай ала ма?
- Балаңыз негізгі ойын жоғалтпай, оқиғалардың ретін сақтап, әңгімелеп бере ала ма?

*Кітапқа көзқарасын бағалау*

- Балаңызда кітапты өзі көргісі келетін ойы бола ма?
- Дауыстап оқып бергенде зейін қойып, ынтамен тындай ма?
- Сөздер туралы сұрақтар қоя ма?

Ал енді, балаңызды мектепке дайындығын өзіңіз тексеріп көріңіз. Ол үшін, балаңыз мектепке барғанда психолог қоятын сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің балаңыз мыналарды орындай ала ма:

1. Өзіне қажетті нәрсені саусақпен көрсетіп емес, сөздердің көмегімен айта ала ма: кэмпит, куртка, балапан?
2. Байланыстыра сөйлей ала ма, мысалы «Маған ..... көрсетші»?
3. Оқып берген нәрсенің ойын (мағынасын) түсіне ме?
4. Атын анық айта ала ма?
5. Мекен жайы мен телефонын есте сақтай ма?
6. Қарындашпен немесе бормен жаза ала ма?
7. Құрастырылған әңгімеге сурет салып, не суреттелгенін түсіндіріп бере ала ма?
8. Шығармашылықпен өзін көрсетуге пластилинмен, бояумен, қарындашпен жұмыс істей ала ма?



9. Ұшы доғал қайшымен өзін жарақаттап алмай, түзу қия ала ма?

10. Берілген нұсқауларды тыңдап, орындай ала ма?

11. Біреумен сөйлескенде зейінмен тыңдай ала ма?

12. Алынған тапсырманы орындау үшін, тым болмаса он минут ойлана ала ма?

13. Оған дауыстап оқығанда немесе әңгімелегенде қуана ма?

14. «Мен бәрін де істей алатын адаммын» дегенді дұрыс бағалай біле ме?

15. Үлкендер тақырыпты ауыстырғанда, бейімделе ала ма?

16. Өзін қоршаған заттарға қызығушылық таныта ма?

17. Басқа балалармен тіл табыса ала ма?

Соңында, балаңыз екеуіңіздің қарым-қатынасыңызды бағалайтын келесі сұрақтарға шын көңіліңізбен жауап беріңіз:

1. Балаңыз өзіңізге ұнай ма?

2. Балаңыз сөйлегенде тыңдайсыз ба?

3. Балаңыз сөйлеп тұрғанда, сіз оған қарайсыз ба?

4. Балаңыздың айтып тұрғанының мәнділігін сездіруге тырысасыз ба?

5. Баланың сөзін түзейсіз бе?

6. Балаңызға қателік жасауға рұқсат бересіз бе?

7. Балаңызды мақтайсыз ба? Құшақтайсыз ба?

8. Қосылып бірге күлесіз бе?

9. Күнде балаңызға кітап оқып беруге және әңгімелесуге көңіл бөлесіз бе?

10. Балаңызбен қосылып әр түрлі ойындар ойнайсыз ба?

11. Балаңыздың қызығушылығы мен әуестілігін мадақтайсыз ба?

12. Балаңыздың тым болмаса 1-2 жеке кітабы бар ма?

13. Үйде балаңыздың өзінің бұрышы бар ма?

14. Газет, журнал, оқып, балаңызға үлгі көрсетуге тырысасыз ба?

15. Өзіңіз оқыған кітаптың қызықты жерін балаңызбен, отбасымен талқылайсыз ба?

16. Балаңыз ауызын ашқанша, ол үшін айтып беруге тырысасыз ба:

– тіс дәрігерінде;

– дүкенде?

- Балаңызбен теледидар көресіз бе?
- Балаңызға теледидардан көргенінің мағынасы туралы сұрақ қоясыз ба?
- Балаңыздың теледидар көретін мүмкіншілігіне шек қоясыз ба?
- Балаңыздың шектен шықпай, өз сезімін сыртқа шығару үшін, «бұлшық етін сынауға», мысалы, ойнағанда сазбалшықты қысуға, илеуге, лақтыруға мүмкіндігі бар ма?
- Балаңызбен серуенге шығуға тырысасыз ба?
- Балаңызды театрға, хайуанаттар бағына, мұражайға апарасыз ба?

**Кілт:**

Әрбір «*үнемі*» деген жауапқа өзіңізге 4 ұпай,

«*кейде*» – 2 ұпай,

«*ешқашан*» – 0 ұпай.

Барлық ұпайларды қосыңыз. Егер қосынды:

88 ұпай болса – тамаша;

44 ұпай – жаман емес;

22 ұпайдан аз болса – ойланыңыз.

**Сынып жетекшісінің ата-аналармен атқаратын жұмыстарының мазмұны мен міндеттері**

Бакиянова Б. Ж., Молдахметова Н. Т. «Сынып жетекшісінің ата-аналармен атқаратын жұмыстарының мазмұны мен міндеттері» // Вестник КАСУ. – 2006. – №1.

В. А. Сухомлинский оқушылардың ата-аналарымен жұмыс істеудің мазмұнына ерекше назар аударып: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақытты беруі мүмкін», – дейді. Олай болса, отбасы мектеп пен бірге тәрбиелік органың тұтастай негізгі ықпал ету факторларын жасайды. Сондықтанда педагогикалық әрекетте мектептің жалпы міндеттерінің көлемінің кеңдігіне қарамастан ата-аналармен жұмыстың маңызы ерекше.

Қазіргі мектепте жағдай көптеп өзгеруде: оқу және тәрбие үдерісінің құрылымы мен мазмұны, соған сай мұғалімдер мен оқушылардың көзқарасатары олардың өзара қарым-қатынасы сабақтың ұйымдастыру формаларымен өткізу технологиясы көптеген оқу пәндерін оқытудағы жаңа көзқарас сонымен қатар сыныптан тыс тәрбие жұмысын мектепті басқару ісі біртіндеп демократиялық бағытты ұстануда яғни, педагогикалық әрекеттегі үшбұрыш – мұғалім – оқушы – ата-анаға қатысты жағдайда жаңа демократиялық қарым-қатынасқа ие болды. Олай болса осы қарым-қатынасты реттеп отыратын әкімшілік басқару жүйеде ендігі жерде келмеске кетті.

Бүгінде мектептің ата-аналармен жұмысының кейбір дәстүрлі түрлері өзінің маңызын жоюда: ата-аналар жиналысы, ата-аналар лекториясы мен университеттері, ата-аналардың ашық күні, ата-аналардың жұмыс орындарымен байланыс, баланың отбасына бару, т.с.с.

Түйіні шешілмеген мәселелерді шешуде мұғалімдер мен оқушылар ата-аналармен оқушылар өзара байланыссыз жалқы қалып отыр. Әсіресе, мұндай жағдай мұғалімдердің ата-аналармен ынтымақтастық қарым – қатынасына кері әсерін тигізуде.

Бүгінде бала тәрбиесінде олардың бір-біріне айтар ақыл кеңесі ауадай қажет болып отыр. Сондықтан да ата-аналар балаларды тәрбиелеу ісінде мектеп пен қарым-қатынас, тікелей байланыс жасауды басты міндетіміз деп есептеуі тиіс, өйткені, олардың өз балаларын тәрбиелеудегі жетістіктері сынып, мектеп ұжымдарының оқу-тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Бұл жағдай оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын, сапасын және тиімділігін жақсарту үшін отбасы мен мектептің **ынтымақтасып** жұмыс істеулерін қажет етеді.

Мектептің ата-аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі осы екі жақтың байланысымен **әрекет бірлігінің** тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен **сынып жетекшісі** қамтамасыз етеді. Ол мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыруда жетекші қызмет атқарады. Мектептің баланы тәрбиелеуге қатысты саясатын отбасының түсінуі, соның жұмысына байланысты. Мұндай жағдайда отбасының негізгі тапсырыс беруші және баланы тәрбиелеуде мектеп пен одақтас ретінде қарастырған жөн. Сондықтан да сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысын

негізінен мектеп пен ата-аналар және балалардың өзара қарым-қатынасымен әрекетінде бірлікке, ынтымақтастыққа қол жеткізу, ол үшін баланың дамуына жағымды көңіл күй мен жағдай жасау. Оны нәтижелі шешу мүмкіндігі, егерде тәрбие жұмысының негізінде сол ынтымақтастық әрекет орын алған жағдайда ғана болады. Ол үшін өзара сенім мен құрмет, өзара көмек пен қолдау, бір-біріне шыдамдылық көрсету ынтымақтастықтың негізіне айналуы тиіс.

Дегенмен, мектеп оқушыларымен жұмыс істеу көп ізденуді, еңбек етуді қажет етеді. Әсіресе, сынып жетекшісіне жүктелер **жауапкершілік** мол. Оны оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады. Сол үшін де ата-аналармен қоян-қолтық жұмыс істеуі мақсатты түрде өте ұзақ мерзімді қажет ететін үдеріс. Ол үшін, жанұяны және оның отбасы тәрбиесіндегі ерекшеліктері мен жағдайын жан-жақты әрі жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Олай болса сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмыс істеу қажеттілігі неде:

- баланың өмірін ұйымдастыруда, оның тәрбиесіне қатысты мәселелерді шешуде ортақ көзқарастың болуында баланың отбасы мен мектеп жағдайындағы дамуын және әлеументтенуін тиімді ұйымдастыру мақсатында тәрбиенің бірыңғай ұстанымдарын қоюда;

- баланың әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық даму жағдайын ескере отыра, тәрбиенің мақсаты және міндеттері дұрыс анықтау, оларды жүзеге асырудың болуында;

- баланың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін тәрбиелік ықпалды тиімді және нәтижелі ұйымдастыруда;

- балаға мектеп пен мектептен тыс тәрбие мекемелерінің, ата-аналармен жұртшылықтың педагогикалық қолдануын ұйымдастыруда;

- баланы әртүрлі ортада, әртүрлі жағдайда жан-жақты жақсы танып білуі үшін;

- балаға ықпал етудің жалпы тәсілімен техникасын ойластыруда, әртүрлі өмір жағдайында оның тұлғасына әсер етуде күш жігерді біріктіру үшін;

- сынып жетекшісі, оқушылар және ата-аналардың жағымды көңіл күйін өзара жағымды түсіністік пен ынтымақтастық қарым-қатынасын орнықтыруда.

Осыдан барып мектеп пен отбасы тәрбиесінің жағымды факторларға негізделген өзара қызметінің маңыздылығы түсінікті.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

1. Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату. Ондағы мақсат: отбасының, оның мүшелерінің өзара қарым-қатынасы мәдениет деңгейі, отбасының жеке басқа ықпалы ата-ананың педагогика білім дәрежесінің жай-күйін анықтап, кеңес беріп, оларды бала тәрбиесіне ортақтастыруды көздейді.

2. Отбасы мен мектептің балаға қоятын талаптарының бірлігін қамтамасыз ету. Ондағы мақсат өмір сүріп отырған қоғамға сай белгілі бір мінез құлық нормалары балаға үйрету, жаттықтырудың жүйелілігін, тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сол сыныптағы дәріс беретін мұғалімдерді ата-аналармен ортақ іске ұйымдастыру.

3. Ата-аналар ұжымын құру. Бұл күрделі әрі жауапкершілігі мол маңызды міндет. Бұл бағытта ата-аналар комитетін құру, оның жұмыс жоспарын жасау, оларды мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатыстыру, атқарылатын істерге талдау жасап отыру т.б. жұмыстарды міндеттейді.

4. Ата-аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру. Ол үшін ата-аналардың жаппай педагогикалық білім алуларын ұйымдастыру. Бұл бағытта баспасөз беттерінде, радио, көгілдір экран арқылы, педагогикалық білімдер жетілдіру университеттерінде лекторияларды, семинарларға, ғылыми практикалық конференцияларда, ата-аналар жиналыстарында педагогикалық білімдерін насихаттау.

Ата-аналармен атқаратын жұмыстарында сынып жетекшісінің қызметі.

Сынып жетекшісі жоғарыда аталған міндетіне сай 5 қызметті атқаруы тиіс.

1. Ата-аналарды сыныптағы оқу тәрбие үдерісінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстыру. Сынып жетекшісі ата-аналар жиналысының бірінші отырысында осы мәселеге қатысты өзінің ұстанымы мен педагогикалық көзқарасын баяндайды. Оның мақсаты және міндеттерімен, соған сай әрекет ету бағдарламасы және тәсілімен тәрбие жоспарымен таныстырады. Ата-аналармен бірлесіп оны жүзеге асыру жолдары қарастырады. Осындай отырысқа

сол сыныпта сабақ беретін пән мұғалімдерін және мектеп әкімшілігінде шақыру мүмкіншілігі қарастырылады. Мұғалімдер өздері жүргізетін пәндердің ерекшеліктері, мазмұнымен әдістемесі және оқушылардың үй тапсырмасын орындау жұмыстарынан қатысты мәселелерімен ата-аналарды таныстырады.

2. Ата-аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру. Сынып жетекшісі бұл бағытты ата-аналардың педагогикалық және психологиялық білімдер жүйесін меңгеруіне, балалар әлеуметтік ортадағы мінез-құлқын жақсы білуіне сай, оларға ағартушылық қызмет жүктейді. Қазіргі мектеп жағдайында ата-аналардың жалпы білім деңгейі сөзсіз артуда бұл олардың педагогикалық көзқарастарында қателіктің болмауынан сенімін орнықтырады. Дегенмен педагогикалық және психологиялық зерттеу нәтижесі ата-аналардың психологиялық педагогикалық мәдени деңгейлерінің төмендігіне үнемі назар аударады. Сол үшін, бүгінгі таңда қоғамның және ата-аналардың оған деген сұранысы күннен-күнге артуда.

Осы орайда, әрбір сынып жетекшісінің алдында тұрған міндет ата-аналар және мектеп жағдайына тура келетін жұмыс істеу формаларын таңдау. Сондықтан, мұнда мектеп тәжірибесінде ата-аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарына қатысты өзін-өзі ақтаған кейбір дәстүрлі формаларды атаймыз.

3. Ата-аналарды балалармен бірге әрекетке қатыстыру.

Мұнда тәрбиелеу ортасын кеңейту, оқушы тұлғасының дамуына ықпал ету өрісін арттыру, сабақтан тыс тәрбие әрекетін ұйымдастыру, осы әрекеттер барысында мұғалімдер, ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынасын жақсартуды көздейді. Мектеп тәжірибесінде ата-аналарды балалармен бірге әрекетке қатыстырудың әр түрлі формаларын қолданады:

– сабақтан тыс әр түрлі тәрбиелік шараларға қатыстыру (мәдени жорық, саяхат, кеш, спорттық жарыстар, т.с.с.);

– жалпы мектеп көлемінде өткізілетін дәстүрлі шараларға қатыстыру (мектеп бітірушілермен кездесу, соңғы қоңырау, жаңа жыл шыршасы, халықаралық әйелдер мейрамы, наурыз, оқушылардың жазғы демалысы өткізу т.б.);

– балалардың сабақтарына, олимпиада, кештерге, апталықтарға, ата-аналардың ашық есік күніне, т.б.;

– мектептің кәсіптік бағдар жұмыстарына қатысу (еңбек адамдарымен кездесу, өндіріске саяхат, кәсіби бағдар бөлмесін жабдықтау жұмыстары);

– өздерінің мамандықтарына сай факультативтік және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру;

– балалардың аула клубтарын құруға;

– мектептің немесе сыныптың жөндеу жұмыстарына, ауланы көгалдандыру қатысу, кітапхана қорын молайтуға, көрмелер ұйымдастыруға;

– мектептің немесе сыныптың әртүрлі шараларын ұйымдастыру және оларды өткізуге өндіріс және фирмалар арқылы материалдық көмек сұрау т.б.

4. Отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңес беру. Бұл бағытта кейбір отбасында бала тәрбиесіне қатысты туындап отырған мәселеге байланысты көмек көрсету, ақыл-кеңес беру.

5. Ата-аналар белсенділерімен жұмыс және ата-аналардың әртүрлі қоғамдық ұйымдарымен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуі. Сынып жетекшісінің бұл бағыттағы жұмыстары ата-аналардың комитетін құрып, оның мүшелеріне белгілі бір бағытта тапсырмалар беру, олардың жұмыстарын ұйымдастыруға кеңес беру, қолқабыс көрсетуден басталады.

Кейбір ата-ана өз балаларының сыныпта атқарып жүрген қоғамдық жұмыстарына барынша қолдау көрсетеді. Мысалы, баласы спорттық шараға, мәдени жорыққа жауапкер болса, оның ата-анасы да өз мүмкіндігінше баласына қолдау көрсетіп, оған қажетті материалдарды табуға көмектесіп отырады. Мұндай ата-аналарды сынып өміріне араластырып отыру да сынып жетекшісінің осы бағыттағы жұмысына жатады.

Сонымен бірге сынып жетекшісі бұл бағытта ата-аналардың жалпы мектеп көлеміндегі және аумағындағы қоғамдық ұйымдарымен де мектепке қатысты жалпы мәселелерді ортақтаса шешуде бірлесе жұмыс жүргізеді (ата-аналар комитеті, кеңесі, құқық қорғау мекемелері т.б.).

## **Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізетін жұмысының формалары мен әдістері**

Ата-аналардың өз балаларының жан дүниесін жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыру үшін, бала тәрбиесіне қатысты білімі және біліктерін ұдайы көтеріп отыруы қажеттілігін өздері түсінуі тиіс. Сол үшін де мектептің, сынып жетекшісі ата-аналар педагогикалық жұмыс жүргізуі, оның бағытын дұрыс ұйымдастырып отыруы міндеттеледі.

Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде «**Ата-аналарды тәрбиелеу**» деген ұғым пайда болды. Ондағы көзделген мақсат ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық кеңес, оқуды ұйымдастыру, соған сәйкес олардың педагогикалық білімдерін жетілдіры отыруды көздейді. Ғалымдардың айтуынша, әр елде сонымен қатар отандық педагогикада жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде сай ата-аналар балаларын тәрбиелеу барысында айтулы қиыншылықтарға кездеседі. Сондықтанда олар мұғалімдердің ақыл-кеңестерін, практикалық көмектерін аса қажет етеді. Олардың ұйымдастыруындағы ақыл-кеңес тек отбасы жағдайы сәтсіз ата-аналарға ғана қажет емес. Сонымен бірге отбасы тәрбиелі ата-аналарға да керек. Себебі: қоғамның қарқынды дамуы осы бағытта жаңа талаптар қоюда. Сондықтан, ата-аналарға бала тәрбиесінде, біріншіден, педагогикалық білімдерді жинақтауға, екіншіден, олардың өздерінің тәрбиелі және дамуын міндеттейді. Егерде мектеп пен ата-аналардың тәрбиешілік өзара әрекетін бірлікте ұйымдастырса, бұл шешімін табатын міндеттер. Ол мектеп тәжірибесінде мұғалімдердің ата-аналармен кездесуін, ата-аналар жиналысын ұйымдастыру, ата-аналар комитетін құру, ата-аналар белсенділерімен жұмыс істеу, ата-аналар үшін әңгімелер мен дәрістер ұйымдастыру, конференция өткізу секілді жұмыстар барысында атқарылады.

### **Ата-аналар жиналысы**

Ата-аналар жиналысы мектеп бойынша жылына екі рет, сыныптар бойынша төрт рет өткізіледі. Жиналысты дұрыс ұйымдастырып өткізуге ата-аналар комитеті мен ата-аналар белсенділері және мектеп басшылары сынып жетекшілерімен бірдей жауап береді. Ата-аналар жиналыстарында оқу-тәрбие жұмысы қаралады, оның



сапасын жақсартудың негізі жолдары белгіленеді. Кейбір ата-аналар отбасылық тәрбие жайлы есеп береді. Жиналыстарда сынып жетекшілері ата-аналарды сынып ұжымының оқу-тәрбие жоспарымен, ал мектеп басшылары оқушылар және ата-аналар комитетінің іс-жоспарларымен таныстырады.

Мектеп өмірінде тақырыптық ата-аналар жиналыстарын өткізіп отырудың зор тәрбиелік мәні бар. Мұндай жиналыстардың мақсаты – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық білім мен тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, ой қорыту.

### **Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

/Күні, айы, жылы. уақыты/

Кімдер қатысты .....

Тақырыбы .....

/Немесе/ Күн тәртібі:

1) .....

2) .....

3) .....

Жарыссөзге қатысқандар:

.....

Қабылданған шешім:

.....

Төраға: ...../

Хатшы: ...../

### **Ата-аналардың ашық күні**

/Күні, айы, жылы. уақыты/

Кімдер болды?

.....

Кімдер арнайы шақырылды?

.....

.....



## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Отбасы педагогикасы ... саласына кіреді
  - A) әлеуметтік педагогика
  - B) биология
  - C) этнография
  - D) этика
  - E) химия
  
2. Отбасындағы бала тәрбиесі, оның ерекшеліктері мен потенциалдық мүмкіндіктерін зерттеуге, бала тұлғасын қалыптастыру туралы ата-аналарға ғылыми негізделген нұсқаулар дайындауға бағытталған ғылым:
  - A) отбасы педогогикасы
  - B) тәрбие теориясы
  - C) физиология
  - D) психология
  - E) дидактика
  
3. Отбасы педагогикасының нысаны:
  - A) адам тәрбиесі
  - B) тәрбиелеу институты ретінде отбасының қазіргі жағдайы мен негізгі даму тенденциялары
  - C) бала тәрбиелеудегі әке мен шеше келісімі
  - D) әке мен ананың ақылы
  - E) баланы тәрбиелеу туралы көзқарастар
  
4. Отбасында баланы тәрбиелеудің мәні мен механизмдері, оның тұлға дамуына әсері:
  - A) отбасы педагогикасының нысаны
  - B) отбасы педагогикасының пәні
  - C) отбасы педагогикасының құралы
  - D) отбасы педагогикасының әдісі
  - E) баланы тәрбиелеу дәстүрлері

5. Отбасы педагогикасының негізгі міндеттері:

- A) жаңа адамды қалыптастыру, қоғам, табиғат туралы білімді меңгерту
- B) көзделген нәтижеге жету мақсатында жасалатын ықпал
- C) болашақ педагогтарды отбасы және неке институтының пайда болу тарихымен, отбасы жүйесінің қызмет ету заңдарымен таныстыру
- D) баланы барлық жағдаймен қамтамасыз ету
- E) баланы кәмелеттік жасқа дейін тәрбиелеу

6. Әр түрлі отбасы типтерімен жұмыс жасаудың негізгі әдіснамалық принциптерін түсіндіру және отбасымен өзара әрекет жасаудың негізгі әдістерімен таныстыру:

- A) отбасы педагогикасының нысаны
- B) отбасы педагогикасының негізгі мақсатының бірі
- C) отбасы педагогикасының негізгі құралдарының бірі
- D) отбасы педагогикасының негізгі әдістерінің бірі
- E) отбасы педагогикасының негізгі міндеттерінің бірі

7. XVI ғасырда балаларды отбасында тәрбиелеу және шаруашылыққа баулу туралы жазылған жинақтардың бірі:

- A) Пчела
- B) Златоуст
- C) Христиандық өмір
- D) Кодекс
- E) Домострой

8. Отбасында бала тәрбиесін ұйымдастыруға көңіл беріп зерттеген ғалымдар

- A) К. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой, П. Ф. Лесгафт
- B) Ю. Гагарин, Л. Н. Толстой, Ю. Янцен
- C) Н. К. Юркевич, Л. Н. Толстой, П. Ф. Лесгафт
- D) Т. Қ. Оспанов, Б. Бөрібаев, Қ. Ж. Қожахметова
- E) Л. Н. Толстой, Н. И. Юриеевич

9. «Отбасының беріктігі, жұбайлардың бір-бірінің, ең бастысы балалардың алдындағы жауапкершілігіне де байланысты..» - деген пікірдің авторы:

- A) Нұрсұлтан Назарбаев
- B) Олжас Сулейменов
- C) Сәкен Сейфулин
- D) М.Жұмабаев
- E) Абай Құнанбаев

10. «Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі» еңбегінің авторы:

- A) Ж. Б. Қоянбаев
- B) С. Қалиев
- C) Қ. Қожахметова
- D) М. Оразаев
- E) С. Ұзақбаев

11. Қазақ халқының отбасылық тәрбиесін зерттеу қажеттігін ең алғаш көтерген ғалым:

- A) М. Ғабдуллин
- B) Ж. Балапанов
- C) М. Әуезов
- D) Т. Қ. Оспанов
- E) С. Бектуров

12. Қоғамдық (мектептегі) тәрбие үйдегі жеке тәрбиеге карағанда көбірек құдіретке ие деген пікірдің авторы:

- A) Дж. Локк
- B) Клод Адриан Гельвещий
- C) М. Квинтилиан
- D) Р. Оуэн
- E) И. Г. Песталоцци

13. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр қайсысы 6 жастан 4 жас кезеңіне бөліп қарастырған ғалым:

- A) Дж. Локк

- В) Клод Адриан Гельвеций
- С) М. Квинтилиан
- Д) Я. А. Коменский
- Е) И. Г. Песталоцци

14. 6 жасқа дейінгі балалар ға арналған мектеп:

- А) аналық мектеп
- В) ана тілі мектебі
- С) латын мектебі
- Д) гимназия
- Е) гимназия

15. «Ата-аналардың басты қателігі – олардың ең алдымен өздерін тәрбиелеп алмай, балаларын тәрбиелеуге тырысатындығы» деген пікірдің авторы:

- А) К. Д. Ушинский
- В) П. Ф. Лесгафт
- С) Л. Н. Толстой
- Д) Н. И. Юриеевич
- Е) А. С. Макаренко

16. «Адамның жеке қара басы біреудің жеке басының қалыпташуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек» деген пікірдің авторы:

- А) К. Д. Ушинский
- В) П. Ф. Лесгафт
- С) Л. Н. Толстой
- Д) Н. И. Юриеевич
- Е) А. С. Макаренко

17. Балаға отбасында гувернерлер басшылығымен жеке тәрбие беру мәселесін жақтаушылардың бірі:

- А) Дж. Локк
- В) Клод Адриан Гельвеций
- С) М. Квинтилиан
- Д) Я. А. Коменский
- Е) И. Г. Песталоцци

18. Отбасылық тәрбиеге қарағанда қоғамдық тәрбиеге басты мән берген ағартушы философтардың бірі:

- A) Дж. Локк
- B) Клод Адриан Гельвеций
- C) М. Квинтилиан
- D) Я. А. Коменский
- E) И. Г. Песталоцци

19. «Отбасыдағы екіжүзділік қарым-қатынас адамдарды адамгершіліктен аластайты. Балалар жаңа негіздегі мемлекеттік жүйелерде тәрбиелеуі қажет» деген пікәрдiң авторы:

- A) Дж. Локк
- B) Клод Адриан Гельвеций
- C) М. Квинтилиан
- D) Я. А. Коменский
- E) И. Г. Песталоцци

20. Отбасылық тәрбиені қоғамдық тәрбиеге қарсы қоймай керісінше отбасы тәрбиесінің артықшылық жақтарын пайдалануды ұсынған педагогтардың бірі:

- A) Дж. Локк
- B) Клод Адриан Гельвеций
- C) М. Квинтилиан
- D) Я. А. Коменский
- E) И. Г. Песталоцци

21. 1898-1910 жылдар аралығында П. Ф. Каптеревтің редакциялық басшылығымен жарыққа шыққан еңбек:

- A) Отбасы тәрбиесінің энциклопедиясы
- B) Ата-аналар үйірмесі
- C) Тәрбие туралы ойлар
- D) Ақылды тәрбиелеу туралы
- E) Домострой

22. «Кемшілігі бола тұрса да, үйдегі тәрбие мектепте берілетін білімдер мен ептіліктерден әлдеқайда пайдалы» деген пікiрдiң авторы:

- A) Дж. Локк

- В) Клод Адриан Гельвеций
- С) М. Квинтилиан
- Д) Я. А. Коменский
- Е) И. Г. Песталоцци

23. 1884 жылы Петербургте отбасы тәрбиесінің тәжірибесін зерделеп, оның теориясын жасауды өз мақсаттары етіп құрылған топ:

- А) Ата-аналар комитеті
- В) Ата-аналар жиналысы
- С) Ата-аналар үйірмесі
- Д) Ақылды тәрбиелеу туралы
- Е) Педагогикалық көмек

24. Ресейде отбасы тәрбиесіне қатысты 1 Жалпыресейлік съезд ... жылы болды:

- А) 1918
- В) 1912
- С) 1900
- Д) 1905
- Е) 1910

25. Отбасы тәрбиесінде кездесетін мынандай сәтсіздіктер мен қиыншылықтардың бірі:

- А) ата-ана беделі
- В) қоғамдық қажеттіліктер
- С) баланың және жасөспірімнің дене және психикалық үдерістерінің қарқынды дамуы
- Д) отбасында балаға назар аударудың тапшылығы
- Е) жақсы әрекеттерге сыйлық беру

26. Бала өсіп-жетілу барысында ... дағдарыстық кезеңдерден өтеді:

- А) 5
- В) 3
- С) 4
- Д) 2
- Е) 8

27. Ата-ананың табиғи құқығы:

- A) балаларды оқыту
- B) балаларды қорғау және тәрбиелеу
- C) балаларды үйлендіру
- D) балаларды жеткізу
- E) балаларды асырау

28. Бала «құқығы туралы конвенция» ... қабылданды:

- A) 1989 жылы 20 қараша
- B) 1989 жылы 20 наурыз
- C) 1989 жылы 10 тамыз
- D) 1989 жылы 20 ақпан
- E) 1989 жылы 20 қаңтар

29. «Бала құқығы жайлы конвенция» мына ұйымның аса маңызды құжаты:

- A) ҚР-ның
- B) ТМД-ның
- C) КСРО-ның
- D) БҰҰ Бас Ассамблеясының
- E) ҚазГУ-дың

30. Баланың негізгі құқығының бірі:

- A) демалуға құқығы
- B) отбасында өмір сүру және тәрбиелеу құқығы
- C) ойынға құқығы
- D) ата-анасымен қарым-қатынасқа құқығы
- E) достарымен араласуға құқығы

31. «Неке мен отбасы, аналық, әкелік және балалық мемлекет қамқорлығының аясында» – деген ҚР-ның Конституциясының ... тарауында белгіленген:

- A) 27
- B) 23
- C) 25
- D) 10
- E) 12



32. Балаларды қорғау мен тәрбиелеу құқығы ... міндеті:
- A) апа
  - B) әпке
  - C) ата
  - D) ата-ана
  - E) бауыр
33. Неке мен отбасы, ана, әке және бала ... қамқорлығында болады:
- A) мемлекет
  - B) отбасы
  - C) жеке
  - D) некедегі
  - E) түрлі мекемелердің
34. Еңбекке жарамсыз ата-аналарына қамқорлық жасауы тиіс:
- A) мемлекет
  - B) кәмелетке толған, еңбекке жарамды балалары
  - C) кәмелетке толмаған балалары
  - D) мектеп жасындағы балалары
  - E) еңбекке жарамсыз балалары
35. БҰҰ Бас Ассамблеясының аса маңызды құжатының бірі:
- A) ата-ана құқығы туралы конвенция
  - B) әке туралы конвенция
  - C) бала құқығы туралы конвенция
  - D) отбасы құқығы туралы конвенция
  - E) бала өмірі туралы конвенция
36. Ата-бабаларымыздың өз шығу тегінің тарихын білуді мақсат еткен заң:
- A) Қасым ханның қасқа жолы
  - B) Есім ханның ескі жолы
  - C) Жеті атасын білу
  - D) ҚР Ата заңы
  - E) Жер туралы заң

37. Баланың рухани дамуына әсер ететін жүйе:

- A) отбасы
- B) ана
- C) әке
- D) тәрбие
- E) табиғат

38. Отбасы тәрбиесі:

- A) баланы тәрбиелеу
- B) баланы оқыту
- C) көзделген нәтижеге жету мақсатында ата-ана тарапынан жасалатын ықпал
- D) баланы барлық жағынан қамтамасыз ету
- E) салауатты өмір салтына тәрбиелеу

39. Қазақ халқында ерекше құрметтелетін адамшылық қасиеттің бірі:

- A) ұялшақтық
- B) жасықтық
- C) ар-ұят
- D) балалық
- E) көңілшектік

40. Қоғамның әрбір отбасының мемлекеттік заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруын талап ететін тәрбие түрі:

- A) адамгершілік тәрбиесі
- B) дене тәрбиесі
- C) патриоттық тәрбие
- D) ақыл-ой тәрбиесі
- E) құқықтық тәрбие

41. Құқықтық тәрбиенің нәтижелі болуы:

- A) отбасының дәстүрлерді сақтауына байланысты
- B) отбасының әлеуметтік жағдайына байланысты
- C) отбасының зиялылық деңгейіне байланысты
- D) отбасының құқықтық сауаттылығына байлаысты
- E) отбасының тәрбиелік әдіс-тәсілдеріне байланысты

42. Бала бойында сұлулық сезімдерін қалыптастыруға бағытталған отбасы тәрбиесінің бір түрі:

- A) адамгершілік тәрбиесі
- B) дене тәрбиесі
- C) эстетикалық тәрбие
- D) ақыл-ой тәрбиесі
- E) құқықтық тәрбие

43. Отбасында адам зиялылығының негізі:

- A) дене тәрбиесі
- B) рухани тәрбиесі
- C) адамгершілік тәрбиесі
- D) ақыл-ой тәрбиесі
- E) патриоттық тәрбие

44. Халық шаруашылығының түрлі салаларында еңбек етуге баулу отбасы мына тәрбиесіне жатады:

- A) адамгершілік тәрбиесі
- B) дене тәрбиесі
- C) патриоттық тәрбие
- D) ақыл-ой тәрбиесі
- E) еңбек тәрбие

45. Болашақ мамандық таңдауға дайындау отбасының мына тәрбие бағыты арқылы жүзеге асады:

- A) еңбек
- B) кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу
- C) ақыл-ой
- D) адамгершілік
- E) рухани

46. Қазақ халқында экономикалық тәрбие беру мынадай әдіс арқылы жүзеге асырылды:

- A) өнеге көрсету
- B) жаңылтпаш айту
- C) өлең жаттату
- D) ән айту
- E) спортпен шұғылдану

47. Экономикалық тәрбие беретін қазақ ертегісі:

- A) «Мақта қыз бен мысық»
- B) «Аяз би»
- C) «Алтын сақа »
- D) «Арыстан мен түлкі»
- E) «Тазша бала»

48. Ата-бабамызды ертеден бастап экономикадан хабардар еткен заң:

- A) Жеті жарғы
- B) Қасым ханның қасқа жолы
- C) Есім ханның ескі жолы
- D) ҚР Ата заңы
- E) Жер туралы заң

49. «Шығыс шықпай, кіріс кірмейді» деген мақалдың мағынасы мына тәрбиеге бағытталған:

- A) эстетикалық
- B) экономикалық
- C) патриоттық
- D) адамгершілік
- E) дене

50. Экологиялық тәрбиенің мақсаты:

- A) Жер-Анаға құрмет
- B) ата-анаға құрмет
- C) мұғалімге құрмет
- D) үлкендерге құрмет
- E) кішіге ізет көрсету

51. «Көк шөпті жұлма» деген тиым сөзі мына тәрбие түріне негізделеді:

- A) мәдени
- B) адамгершілік
- C) экологиялық
- D) ақыл-ой
- E) дене

52. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты:

- A) салауатты өмір салтына тәрбиелеу
- B) еңбек қорлыққа тәрбиелеу
- C) ақыл-ойын тәрбиелеу
- D) адамгершілікке тәрбиелеу
- E) отан сүйгіштікке тәрбиелеу

53. Баланың өмір сүру және тәрбие алатын негізгі ортасы:

- A) отбасы
- B) мектеп
- C) балабақша
- D) үй
- E) дала

54. Қазақ отбасы тәрбиесі құралдарының бірі:

- A) жүгіру
- B) мақал-мәтел
- C) найза ату
- D) бәйге
- E) ештеңе

55. Қазақ тәрбиесіндегі тұспалдап сөйлеудегі мақсат:

- A) сөйлеуге баулу
- B) күреске баулу
- C) адамның көңілін қалдырмау
- D) шеберлікке баулу
- E) тілмаштыққа баулу

56. Силастықтың керемет бір үлгісі:

- A) айтыс
- B) тұспалдап сөйлеу
- C) жарыс
- D) қағытпа сөйлеу
- E) мазақтау

57. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер қатарына жататын әдіс-тәсілдердің бірі:

- A) ымдау, қас-қабақпен білдіру

- В) қозы баққызу
- С) атқа міну
- Д) ғибрат айту
- Е) мысал келтіру

58. Қазақ отбасына тән ерекшеліктер:

- А) баланың отбасында тәрбиелену
- В) баланы кәмелеттік жасқа дейін тәрбиелеу
- С) отбасы мүшелерінің жанжалдасу
- Д) үлкенді сыйлау
- Е) ерлі-зайыптылар арасындағы ерікті келісім

59. Қазақ арасында ертеден келе жатқан дәстүдерің бірі:

- А) шежіре үйрету
- В) неке қиғызбау
- С) жастай некелестірімеу
- Д) қызды қамап ұстау
- Е) үйленгенге дейін күйеу балаға қызды көрсетпеу

60. «Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі» атты еңбектің авторы:

- А) М. Әуезов
- В) А. Байтұрсынов
- С) М. Дулатов
- Д) С. Қалиев
- Е) С. Кенжеахметұлы

## ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ

<b>Сұрақ</b>	<b>Жауаптар</b>	<b>Сұрақ</b>	<b>Жауаптар</b>	<b>Сұрақ</b>	<b>Жауаптар</b>
<b>1.</b>	A	<b>21.</b>	A	<b>41</b>	D
<b>2.</b>	A	<b>22.</b>	A	<b>42</b>	C
<b>3.</b>	B	<b>23.</b>	C	<b>43</b>	D
<b>4.</b>	B	<b>24.</b>	B	<b>44</b>	E
<b>5.</b>	C	<b>25.</b>	D	<b>45</b>	B
<b>6.</b>	E	<b>26.</b>	A	<b>46</b>	A
<b>7.</b>	E	<b>27.</b>	B	<b>47</b>	A
<b>8.</b>	A	<b>28.</b>	A	<b>48</b>	A
<b>9.</b>	A	<b>29.</b>	D	<b>49</b>	B
<b>10.</b>	A	<b>30.</b>	B	<b>50</b>	A
<b>11.</b>	A	<b>31.</b>	A	<b>51</b>	C
<b>12.</b>	C	<b>32.</b>	D	<b>52</b>	A
<b>13.</b>	D	<b>33.</b>	A	<b>53</b>	A
<b>14.</b>	A	<b>34.</b>	B	<b>54</b>	B
<b>15.</b>	C	<b>35.</b>	C	<b>55</b>	C
<b>16.</b>	A	<b>36.</b>	C	<b>56</b>	B
<b>17.</b>	A	<b>37.</b>	A	<b>57</b>	A
<b>18.</b>	B	<b>38.</b>	C	<b>58</b>	D
<b>19.</b>	B	<b>39.</b>	C	<b>59</b>	A
<b>20.</b>	E	<b>40.</b>	E	<b>60</b>	E



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. – Алматы, 2000.
2. Қоянбаев Ж. Б. Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. – Алматы, 1990.
3. Педагогика дәріс курсы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2003.
4. Кузьмишина Т. Л. Семейное воспитание: запреты и наказания. – М.: МГППУ, 2009.
5. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы, 1966.
6. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. VIII-IX кластарға арналған факультативтік курс // Құр. С. Қалиев, М. Ж. Смайылова, М. Оразаев, А: РИК, 1990.
7. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. – Алматы. 2012. – 94, 150, 210, 238, 281-293 б.
8. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың бізге беймәлім 220 түрі. – Алматы, «Санат», – 1998.
9. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы, 1993.
10. Жұмаханов Ә. Семьяда балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. – Алматы, 1985.
11. Жақыпов Ж. Баланы семьяда тәрбиелеу. – Алматы, 1987.
12. Төлеубекова Р. К. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. – Алматы: РБК, 1994.
13. Васильева А. К. Структура семьи. – М., 1988.
14. Көбеев С. Отбасындағы бала тәрбиесі. – Алматы, 1966.
15. Азаров Ю. П. Семейная педагогика: Педагогика Любви и Свободы. – М., 1993.
16. Хямяляйнен, Ю. Воспитание родителей. Концепции, направления и перспективы / Ю. Хямяляйнен – М.: Просвещение. 2003. – 270 с.
17. Лесгафт П. Семейное воспитание ребёнка и его значение... Лесгафт П. Ф. Избранные педагогические сочинения. – М., 1988. – С 18-19, 24-114, 137-138.
18. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы, «Қайнар», 1996.
19. Макаренко А. С. Книга для родителей. Соч. в 7 т. – М., 1957. Т. 6.



20. Макаренко А. С. Лекции о воспитании детей – М.: Правда, 1985.
21. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы – Алматы, 1996.
22. Капенова А. А. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру – Алматы, 2009.
22. Көпеев М. Ж. Қазақ шежіресі / Таңдамалы шығармалары 2-том. – Алматы, 1993
23. Ауталипова У. И. Психология детско-родительских отношений в конфликте: Учебное пособие. – Алматы: ТОО «Фортресс», 2004. – 141 с.
24. Варга А. Я. Структуры и типы родительского отношения: Автореферат дисс. канд. пед. наук. – М., 1986 – 23 с.
25. Бегалиев Т. Б. Педагогика. Лекциялар курсы. – Тараз, 2002.
26. Ковалев С. В. Подготовка старшеклассников к семейной жизни. – М., 1991.
27. Хрипкива А. Г., Колесов Д. В. Ұл есейсе, қыз өссе. Мұғалімге арналған кітап. – Алматы: Мектеп, 1988.
28. Нүсіпбекова М. И., Жүнісова Қ. Ш. Педагогикалық сыр-сандық. – Алматы: Кітап, 2003.
29. Дуброва В. П. Теоретико-методические аспекты взаимодействия детского сада и семьи: Учебное пособие. – Минск, 1997.
30. Каптерев П. Ф. Детская и педагогическая психология. – Воронеж, 1999
31. Минияров В. М. Психология семейного воспитания (диагностико-коррекционный аспект). – М., 2000.
32. Зверева О. Л. Родительские собрания в ДОУ: Метод. пособие / О. Л. Зверева, Т. В. Кротова. – М.: Айрис-пресс, 2006.
33. Выготский Л. С. Собрание сочинений. В 6-ти томах, Т. 4 – М.: «Педагогика», 1984.
34. Хямяляйнен Ю. Воспитание родителей: Концепции, направления и перспективы: Книга для воспитателей детского сада и родителей. – М.: «Просвещение», 1993.
35. Мұқанов М. М. Жас және педагогикалық психология. Тәрбие психологиясы. – Алматы, 1982. – 76 б.
36. Очерки психологии детей. (Младший школьный возраст)/ Под ред. А. Н. Леонтьева и Л. И. Божович. – М., 1950.
37. Типологические особенности умственной деятельности младших школьников. / Под ред. С. Ф. Жуйкова. – М., 1968.

38. Люблинская А. А. Бастауыш мектеп окушысының психологиясы жөнiнде. – Алматы, 1981.
39. Кравцова Е. Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. – М., 1991. – С. 152.
40. Божович Л. И. Избранные психологические труды. – М., 1995. – С. 6-51.
41. Мухина В. С. Детская психология. – СПб., 1992.
42. Эльконин Д. Б. Психологические аспекты проблемы готовности к обучению в школе. – М., 1971., ч. 1. С. 9-61.234.
43. Пиаже Ж. Экспериментальная психология. Вып. 5. – М.: Прогресс, 1975.
44. Гуткина Н. И. *Психологическая готовность к школе* Спб.: Питер, 2004. – 208 с: ил. 4-е изд., перераб. и дополн. – Серия «Учебное пособие».
45. Непомнящая Н. И. Становление личности ребенка 6-7 лет/ Науч.-исслед. ин-т общей и педагогической психологии Акад. пед. наук СССР. – М., 1992. - 160 с.
46. Выготский Л. С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991. – С. 412.
47. Кольцова М. М. Ребенок учится говорить. – М.: «Сов. Россия», 1973.
48. Авраменко Н. К. Подготовка ребенка к школе. – М., 1972.
49. Марлова Г. А. Подготовка детей к школе в семье. – М., 1976.
50. Анастаси А. Психологическое тестирование. Т.1. – М., 1982. С. 114-119.
51. Леонтьев А. Н. Психическое развитие ребенка в дошкольном возрасте. – М-Л., 1948.
52. Запорожец А. В. Подготовка детей к школе. Основы дошкольной педагогики / Под редакцией А. В. Запорожца, Г. А. Марковой. – М., 1980.
53. Люблинская А. А. *«Детская психология»* Учебное пособие для студентов педагогических ин-тов. – М., «Просвещение», 1971.
54. Овчарова Р. В. Практическая психология в начальной школе. – М., 1996.
55. Қойбағаров Қ. Баланы мектепке даярлау. – Алматы, 1965. – 56 б.
56. Шерьязданова Х. Т., Суркова Т. И. Педагогу остиле общения с детьми. – Алматы, 1996. – С. 145.

57. Баймұратқызы Б. [және т.б.] Отбасында баланы мектепке дайындау: ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқау. – Алматы: Шартарап, 2000. – 192 б.
58. Сәтімбекова М. С., Жұмабекова Ф. Н. және т.б. Отбасында баланы мектепке дайындау. – Алматы: Шартарап, 2000.
59. Сәтімбекова М. С., Жұмабекова Ф. Н. және т.б. Отбасында және балабақшада баланы мектепке дайындау. Бағдарлама. – Алматы: Шартарап, 2000.
60. Бекмагамбетова Р. К., Тотанова А. С., Ким О. В., Закирьянова Н. Е. Подготовка ребенка к обучению в школе в условиях семьи. – Алматы, 2013.
61. Таубаева Ф. З. Демеуова Л. Н., Жүндібаева Т. Н. Отбасы жағдайында баланы мектепке даярлау. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2013.
62. Стыбаева А. Ш. Первичная психологическая адаптация детей 6-7 лет к условиям школы. – Тараз, 2003.
63. Ермекбаева Л. К., Нығметова Қ. Н. Баланың мектепке психологиялық даярлығын айқындау. – Алматы, 2003.
64. Сүлейменов, П. М. Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы. – Алматы, 2011.
65. Гребенников И. В. Школа и семья. – М., 1985.
66. Скоркина Н. М. Методическое разработки родительских собрании. – Волгоград, 2002.
66. Винник Д. В. Разговор с родителями. – М.: «Класс», 1995.
67. Спиваковская А. С. Как быть родителями: О психологии родительской любви. – М., 1986.
68. Әбенбаев С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 1987.
69. Атемова Қ. Т. Отбасында баланың іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары. – Алматы, 2002.
70. Венгер Л. А., Венгер А. Л. Домашняя школа. – М., 1994.
71. Ковалев С. В. Психология современной семьи. – М., 1988.
72. Семья глазами психолога. – М., 1995.
73. Семья и психолог. – Воронеж, 1996.
74. Измаилов А. Э. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1991.
75. Абдрашева Б. Ж. Ұлттық дәстүр-әлеуметтік институт ретінде. – Алматы, 2008.

76. Жұмабеков А. Қ. Түркі халықтарының жазба мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлер (VI-VIII ғғ.). – Шымкент, 2004.
77. Жарықбаев Қ., Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.
78. Кемал М. Қабуснама. – Астана, 2002.

### Қосымша әдебиеттер

1. Асанов Ж. Отбасы тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 2007. – №4.
2. Қалиғожин А. Отбасылық тәрбие // Сынып жетекшісі, 2003. – №3.
3. Нұғыспанова Ш. Отбасындағы бала тәрбиесі // Бастауыш мектеп, 2005. – №1.
4. Қыстаубаева Н. Отбасындағы ата-ана мен баланың қарым-қатынас мәдениеті // Бастауыш мектеп, 2001. – № 3.
5. Иманбекова Б. И. Тұлға қалыптастырудағы отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерін арттыру жолдары // Білім әлемі, 2000. – № 3.
6. Майғаранова Ш. Баланы отбасында рухани дамытудың кейбір қырлары // Бала мен балабақша, 2007. – №1.
7. Венгер Л. А. Психологическая готовность ребенка к школе // Вопросы психологии, 1984. – №4.
8. Агафонова И. Н. Психологическая готовность к школе в контексте проблемы адаптации // Начальная школа, 1999. – № 1.
9. Тәжібаев Т. Т. Баланың психикасының дамуы туралы // Бастауыш мектеп, 1990. – 21-22 б.
10. Орақбаева М. К. Баланы мектептегі оқуға дайындаудың психологиялық бағыттары // Вестник КАСУ, 2005. – №1.
11. Мұқархан К. Ата-аналар жиналысы // Тәрбие құралы, 2006. – №4.
12. Б. Байболова Баланы бірлесе тәрбиелейік // Қазақстан мектебі. – 2008. – №2
13. Молдахметова Н. Жаңа үлгідегі ата-аналар жиналысы // Бастауыш білім, – 2006. – №6.
69. Бекенова Ә. Бала тәрбиесіндегі жаңаша жұмыс тәсілдері // Отбасы және балабақша, 2009. – №2.

## Анықтамалық әдебиеттер

1. Қазақ тілі сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік түсіндірмелі сөздігі) // Құрас.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1016 б.
2. Молдағалиев Б. А., Маденова Л. М., Жароллаев Ж. Ж., Қажымова Қ. Р. Психологиялық-педагогикалық сөздік. Екінші басылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2011. – 136 б.
3. Жарықбаев Қ. Б., Сангилбаев О. С. Жантану атауларының түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 203 б.
4. Психологиялық-педагогикалық сөздік. Екінші басылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2011. – 136 б.
5. Нұрғалиев Р. Философиялық сөздік. Алматы. «Қаз. энциклопедиясы бас редакциясы», 1996. – 342 б.
6. Патриархальная Семья (большая Семья) – Социологический словарь – ...  
*enc-dic.com/sociology/Patriarhal...*
7. Аберкромби Н., Хилл С, Тернер Б. С. Социологический словарь, 2008. – С.22.  
*voluntary.ru/dictionary/874*
8. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 274 б.

## Нормативті әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Дидар» баспасы, 2005. – 174 б.
2. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
*www.bala-kkk.kz/normativnyye\_pravovye.../zakon\_o\_brake\_i\_seme/*
3. Бала құқықтары туралы конвенция.  
*www.bala-kkk.kz/normativnyye.../konvencija\_o\_pravakh\_rebenka/*
4. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.  
*www.bala-kkk.kz/normativnyye...akty/zakon\_o\_pravakh\_rebenka/*
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы //Егемен Қазақстан. – 15.08.2007.

6. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы  
[kzgov.docdat.com/docs/80/index...](http://kzgov.docdat.com/docs/80/index...)

### Интернет көздері

1. Куликова Т. А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. – М.: Издательский центр «Академия», 1999.  
[psymania.info/femil/kulikova/vospitanie.php](http://psymania.info/femil/kulikova/vospitanie.php)
2. Бегалиев Т. Б., Әжбаева Р. Е. Отбасылық тәрбие, оның тарихи негіздері. – Мәліметтер сайты »... [Malimetter.org](http://Malimetter.org) > Әр түрлі тақырып.
3. Садакбаева Венера Бисенбаевна. Отбасындағы қарым-қатынастың бала дамуына психологиялық әсері ...  
[kzdocs.docdat.com/docs/index...копия](http://kzdocs.docdat.com/docs/index...копия)
4. Ильина Т. М. Современные актуальные проблемы психолого-педагогического сопровождения родителей детей дошкольного возраста. Статья.  
<http://rod-akodemiya/narod/ru/>
5. Березина Т. А. Воронина О. И. Психолого-педагогическое сопровождение родителей будущих первоклассников.  
[twirpx.com/file/11368/](http://twirpx.com/file/11368/)
6. Программа психолого-педагогического сопровождения первоклассников ....  
[86sch12-nv.edusite.ru/DswMedia/pril...](http://86sch12-nv.edusite.ru/DswMedia/pril...)
7. Айқынбаева Г. Қ. Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі баланы мектепке оқуға даярлау мәселесі ...  
[kk.convdocs.org/docs/index-39181.ht...](http://kk.convdocs.org/docs/index-39181.ht...)
8. Педагогическая культура родителей как компонент воспитательного потенциала семьи.  
[libsid.ru/semeynaya-pedagogika/... копия](http://libsid.ru/semeynaya-pedagogika/...)
9. Педагогическая культура родителей...  
[infospy.ru/Articles/article\\_storyid... копия.](http://infospy.ru/Articles/article_storyid...)

## МАЗМҰНЫ

<b>Алғы сөз.....</b>	<b>4</b>
Отбасы педагогикасы ғылым ретінде.....	9
Отбасы педагогикасының қалыптасуы мен дамуы.....	15
Отбасы әлеуметтендіру және тәрбиелеу субъектісі ретінде.....	34
Отбасының қызметтері мен ұстанымдары.....	47
Отбасының құқықтық-нормативтік базасы.....	63
Отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздері.....	70
Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас стилдері мен оны диагностикалау әдістері.....	93
Отбасы тәрбиесінің мазмұны.....	107
Отбасы жағдайында балаларды тәрбиелеу мәселесі.....	122
Отбасында баланы мектепке даярлау.....	146
Отбасында бала тәрбиелеу әдістері.....	180
Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары.....	188
Отбасын зерттеу әдістері.....	210
Шығыс халықтарының отбасындағы бала тәрбиелеу дәстүрлері.....	223
Блум таксономиясы негізінде анықталған сабақ мақсаттарына сай семинар сабақтарының үлгі жоспарлары.....	240
Глоссарий.....	259
Мұғалімдер мен ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге байланысты ұсынылатын материалдар.....	261
Тест сұрақтары мен кілті.....	289
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	303

**ЖҮНДІБАЕВА Т. Н.**

# **ОТБАСЫ ПЕДАГОГИКАСЫ**

*Оқулық*

Басуға 03.09.2014 қол қойылды. Қағазы офсеттік.  
Қаріп түрі «Times». Пішіні 60x90<sub>1/16</sub>. Баспа табағы 19,5.  
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыс бойынша – 1300 дана.  
Тапсырыс № 3/129-14.

ISBN 978-601-225-695-6



9 786012 256956



## ЖҮНДІБАЕВА ТҰРАРХАН НҰРМҰХАНҚЫЗЫ



Педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының аға оқытушысы.

1976-1984 жылдар аралығында Алматы облысы Көксу ауданындағы Талапты орта мектебінде, 1984-1988 жылдары Жаркент педагогикалық училищесінде білім алған.

Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын 1993 жылы қызыл дипломмен бітіріп, 1993-1998 жылдары І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтында оқытушы қызметін атқарған.

1998-2001 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік университетте аспирантурада оқыды.

2002-2009 жылдары Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетінде, 2009-2013 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде аға оқытушы.

2 оқу құралы, 3 типтік бағдарлама, 20-дан астам ғылыми мақалалары жарық көрген.

2012 жылы «Разработка типовых образовательных учебных программ по подготовке педагогических кадров с учетом перехода на 12-летнюю модель обучения» атты жобаға қатысып, жобаны жүзеге асыру мақсатында п.ғ.д., профессор Р.К.Бекмағамбетовамен бірге 5B010300 – Педагогика және психология, 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандықтары үшін жаңа білім беру бағдарламаларын жазды. 2012-2015 жылдары «Модернизация и развитие учебных программ по подготовке и образовательного менеджмента в странах Центральной Азии» атты халықаралық ТЕМПУС жобасы бойынша жұмыстар атқаруда.

Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми жобалар конкурсына қатысып, «Модернизация процесса воспитания детей дошкольного возраста в условиях казахстанской семьи» тақырыбындағы жоба бойынша 01.04.2013-31.12.2013 аралығында жұмыстар атқарды.

2014 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі 6D010000 – «Білім беру» диссертациялық кеңесінің Ғалым хатшысы.